Kindergarten, school, parents, television involve children in economic and political life very early, although, of course, mainly from the school they begin to find about politics, forming a certain attitude to it. Then comes the environment of their own parents, co-workers, colleagues, etc. There is an initial perceptions by people the political categories, which leads to the gradual formation of an individual relationship to the phenomena of political life.

American scientists D. Iston and J. Denis distinguish the following four stages of political socialization of the child:

- as the politicization of the term "perception" of the child's emerging feelings of political life. A crucial role plays at this stage the parents, their attitude to politics, reactions and feelings caused by it;

- personalization of politics. The child establishes the first direct relationships and contacts with the political sphere through the identity of some of the most famous political figures and, above all, with the president in this stage;

- the idealization of power, political leaders assigns only positive quality, and on this basis, the formation of steady emotional relationships to politics;

- institutionalization of acquired properties, meaning the change of conscious of children to different representation of authority and to become selfish as a transpersonal vision of politics.

Such a model of political socialization reveals the mechanism of permanent integration into the inner world of a child of the political system of society in all its complexity. Graphically, this model can be represented by concentric circles radiating in the center of which is an outstanding personality, the same person with whom the child first feels the sensations of a political nature. Namely in this way is represented the process of politicization of the child in American political culture. This follows from the concept of authority and its relationship with the individual.

Swiss psychologist Jean Piaget has proved in his work "Selected Psychological Works", that at fifteen years are appeared the most important change in political thinking as a comprehension of abstract moral and political principles.

Such type of models of political socialization are offered by French scientists. Thus, A. Persheron showed the particularity of French model of political socialization based on a special study that conducted among the children and teenagers from 10 to 15 years of the two communes of Paris.

According to the results of interviews for the political power in terms of "President", "laws" and "police" was perceived by people as a strong, but distant and abstract reality, against which there is a some distance and indifference. In the matter of President (at the time of General de Gaulle) is not marked a personalized relationship. It was usual relation to the authority (35 per cent of respondents claimed that the president "rules", "command", "controls"). The most part answered that, he commands the country. Most of American contemporaries in contrast to such kind of attitude of French children and teenagers, supposed that, the President take care of them, thus exposing the very definite sense perception of the personality of the president: about 14 percent of respondents were positive ("Hero," "Big Man", "great responsibility") and 7 percent of them were negative ("arrogant," "old").

The investigations have been made in France showed that, the key concepts of political culture in childhood are words such as the flag, the republic, the freedom, equality, fraternity, nationality, state. They are followed by what is called a concept that expresses the political institutions: the vote, elect, the laws, the citizen, democracy, etc. All these terms are positive, which is comparable with the perception of the position of president in American political culture.

We are interested in the findings of French scientists, based on the analysis of the social vocabulary of French children and teenagers. The concepts of social class, capitalism, the bourgeoisie, the trade union, political party, extremist, left, right, moderate and others cause the most negative emotions towards politics in general and political conflicts in particular. It is regarded as a characteristic feature of the national political culture. In this case the concept of war, illegal, violence, power, taxes will not accept the most of the surveyed children and teenagers.

At the same time, the children of working class are close to a positive perception of the dictionary

associated with the class struggle, political parties and ideologies. Another interesting fact is that general knowledge about the politics to mind of children of working class differed little from the level of knowledge similar to children of higher status, professional people, and exceeded the level of political awareness among children from families of middle management status, civil servants and businessmen.

The notable differences between children are depending on the orientation to left or right. Children are sympathetic to the left are widely used such kinds of words as parliament, democracy, strike, union, communism and a foreigner. The child who is close to right give preference to the words as wealth, the bourgeoisie, the far right, the minister, the forces of order, an American. The third group of children and teenagers did not recognize the policy and did not want to integrate into the system, showed a strong hostility to the words of the vote, a strike, the party, trade union, deputy, administration.

French sociologists have concluded that, in France the children realize the meaning of the national community and republican values quite early. At the same time it is strongly influenced by the ideology and social status of children and adolescents [2]. There are no the first two phases of political socialization as a personalization and idealization of authority as a rule among French children and adolescents that inherent in American political culture. The perception of politics among French children is characterized by a massive refuse from the conflict understanding of the policy.

The Changes in the political life of France after 1969 contributed to the overall picture to some of the perceptions of children and young people of this country's politics and power. Sociologists have noted the growing influence of patriotic feelings. The number of supporters of both the left and right have increased. At the same time nearly a quarter of children do not consider themselves neither to left nor to right and poorly perceived political system.

In general, the features of the primary stage of political socialization, in my opinion, consist in the fact that a person has to adapt to the political system and cultural standards, while they are not still have an understanding of their nature and significance.

The policy preferences and settings are formed in childhood are more stable. The process of values' radical change are formed by political culture( is known as re-socialization) is painful and may be accompanied by a sharp interpersonal conflicts and even the destruction of the personality structure.

The most important stage of political socialization is the adulthood. This is the secondary stage of political socialization.

The secondary stage of political socialization occurs at the level of large groups and institutions. The secondary agents are a formal organization, institutions acknowledgment: representatives of the school administration, army, state, etc. The second stage of individual's political socialization begins when a person moves from the emotional - sensitive perception of the political life to his understanding and understanding of his place in the political life of society.

According to this it should be noted that, although the basis of political orientation are laid in childhood and adolescence, however, and in adulthood, people are not excluded from the process of socialization. This is due to the explainable circumstances. Firstly, changes in all spheres of public life are made so fast that a person doesn't have a chance to foresee what will expect the world and his country even in the nearest 20 years. Secondly, society has become so diverse that creates so much difficulties to a person in determining the choice. In Third, the social and political mobility increases significantly, both geographically and vertically. For example, a child (boy), socialized in a social environment can be (and indeed is) in a different socio-political environment as an adult. Fourthly, institutions (agencies) that are responsible for the political socialization of children and young people (family, school) are more specialized in other areas of knowledge and at the same time less specialized in political life than those who exercises political socialization during adulthood (for example political parties).

The secondary stage of political socialization is characterized by the fact that this phase is associated with the expansion of independent political experience of the person and also his ability to make individual political judgment, to process information, to form attitudes and follow to their social roles. In the second phase of socialization the person can resist to the pressure of a group and express the ability to the individual review of ideological positions, re-evaluation of cultural norms and traditions. The reverse socialization plays here definite role that characterized by the influence of the person on the selection and acquisition of knowledge, norms, methods of interaction with the government.

The isolation of stable patterns of political behavior of the individual that shows the level of political maturity, independence, ability to be responsible for its own political choices are characteristics of the stage of secondary socialization. At this stage of socialization, the nature of political interaction between the authorities and the individual may be based on dialogue, consensus and conflict between them. This is due to the type of



political culture, dominant in the society, its homogeneity and the existence of different subcultures within it.

The political elite pays great attention to different stages of political socialization. This is explained by two opposite reasons: the need to bring the political views of people according to the spirit of the time or desire to protect these views from the effects of time. The political system of the former USSR could have been to protect the political views of people from the effects of time for a long time.

As a means of socialization can be here the social norms. The action of social norms consists of generally: a) the establishment of types (samples) having socially significant behavior and b) to establish the boundaries within which individual behavior is the implementation of the objectives of society, and beyond that against them.

The rule of law plays an important role in the socialization of the individual, it is due to the fact that the rights mediate the major economic and social relations, directing them to develop and improve in accordance with objective laws governing the functioning of society. Through influencing on social relations, the law thus in some measures determines the whole process of socialization.

Further, the law influences on every citizen and sometimes even more direct impact. They determine the extent of possible human behavior, giving citizens the freedom of creative activity, the ability to satisfy the personal needs and interests, and ensure the participation of the individual in shaping the conditions of his own life by providing the possibility of incorporating it into the existing system of social relations. However, the law sets simultaneously measure of binding behavior which every citizen should keep to ensure the normal functioning of society and each of themembers. The set of basic rights and obligations enshrined in the Constitution of the state.

The immediate impact of the law on the socialization of the individual may be in different forms: by establishing the legal status of the individual, by giving the terms of the specific, subjective rights and legal obligations of participants and relationships by bringing the legal liability of persons who breaks the rule of law.

One of the important means of individual's socialization is an art as a complex social phenomenon and a pre-determining way to communicate and form social consciousness and a special area of social activities included in the system of social division of labor is characterized by a specific network of institutions and also at a certain period with own economic and technical base.

Acting as a factor of socialization, the art is interconnected with other social phenomena. Moreover, other elements of society as a means of socialization, influence on the person along with art and also through it (the fabric woven works of art, for example, public interest, attitudes, philosophical, moral and other ideas).

It should be noted that all works of art, existing as a unity of opposites of the material and ideal, objective and subjective, real and unreal are interpreted differently by people. The historical movement of society, moreover, imposes on them also their temporal interpretation.

The process of influence of art on the individuals is carried out indirectly, through formal and informal groups, institutions, education and training. This is especially noticed in the early stages of socialization in childhood and adolescence. The first tales, toys, books are imposed by family and social environment. Besides, the process of socialization is mediated by social relations and the nature of all institutions governing the artistic process.

A huge role in the political socialization plays the media [3]. They are able to influence on the maximum number of people in the shortest amount of time.

The implementation of political socialization in the actions and thoughts of a person can be represented in the following way: interest to political information that is implemented in the search for the information and its consumption, the habit of political assessment of what is happening in the world, country, nearest environment, which requires the latitude of the political outlook, the need for systematic political knowledge, implemented in the education and self-education, search for meaning of life, their own place in the real political diversity of the world, the desire and ability to protect their political, civil position.

As socialization involves a certain "adaptation" to a changed conditions of human life that: 1) the process of political socialization takes place continuously throughout the life of the individual. According to the accumulation of social, political experience, there is a permanent modification or hardening of attitudes of the individual, 2) political socialization may take the form of overt or covert transfer of experience.

In my opinion, the process of political socialization solves the problem as the transferring to new generations of the main elements of political culture.

In general, we distinguish three main systems of political socialization. They usually have a complex effect on the person.

The system of direct and purposeful socialization. It includes directly related to the human elements of

government, political institutions, political parties, organizations and social movements. In the young age for the political socialization the most important things are children's, adolescents' and youth political organization.

The system of spontaneous socialization includes the informal unions that carry elements of the counterculture in relation to the prevailing political culture. As a rule, this specific group is within the youth culture.

Thus, from all the above stated, we can make a conclusion that the political socialization starting from early childhood continues throughout adult life, since the original submission acquired and also the orientation, attitudes and skills do not remain changed forever and they can be corrected, changed in adulthood and even in old ages depending on various factors and especially under the influence of personal socio-political experience and socio-political institutions. Political socialization is the involvement of personality in politics and functioning on it. The person acquires knowledge of representation associated with the existing political system that generates his attitude toward it in this process.

1. Иванов С.П. *Социализация личности*. – СПб., 2010. – С. 15.
2. *Социологические исследования общественной жизни: французский опыт*. – Ростов-на-Дону, 2009. – С. 76.
3. *Политкорректность в СМИ Казахстана: поиск гармонии*. – Алматы, 2007. – 456 с.

### Түйін

Мақалада әлі де ғылыми әдебиеттерде жеткілікті зерттелмеген тұлғаның саяси әлеуметтенуінің ерекшеліктері мен проблемалары қарастырылған. Сонымен бірге дискуссиялық мәселелерге көңіл бөлінген.

### Резюме

В статье рассматриваются особенности и проблемы этапов политической социализации личности, которые еще недостаточно изучены в научной литературе. Вместе с тем уделено внимание и дискуссионным вопросам.

## САЯСИ ҒЫЛЫМДАҒЫ «САЛЫҚ САЯСАТЫ» КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

**Н.Б. Сейсенова** – *Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының саяси ғылымдарының кандидаты, доцент,*

**А.Б. Сейсенова** – *саяси ғылымдарының кандидаты*

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі жаңа салық жүйесінің қалыптасуы әлеуметтік және пси-хологиялық қолайсыз жағдайларда өтті. Салық заңдарында көптеген түпкілікті анықталмаған жағдай-лар болды, тәжірибеде Қазақстанда болмаған терең теориялық зерттемелердің қажеттілігін көрсетті. Осыған орай, саясаттану – тұрақты даму сипаты бар бүгінгі заман ғылымы. Күн сайын оның катего-риялық болмысы да жан-жақты толыға түсуде. Бірақ болмыстың кеңейе түсуі саясаттану жөніндегі негізгі және екінші қатардағы түсінігімізді біржақты бағалауға негіз бола алмайды. Саясаттану түсінігінің бірыңғай анықтамасы жоқ болғандықтан көптеген зерттеушілер саяси құбылыстар мен процес-терді түсіну кезінде елеулі теориялық-әдістемелік түзетулерге жүгінулеріне тура келеді. Сол себептен саяси ғылымда қанша саясаткер болса, сонша анықтамасы бар деген түсініктің қалыптасуы бекер емес. Оның саясаттанудың күллі болмыс-бітіміне, сондай-ақ салық саясаты түсінігіне де толықтай қатысы бар.

Қазіргі саяси ғылымда салық саясаты түсінігін айқындауда көптеген методологиялық және теория-лық көзқарастар қалыптасқан. Ол отандық және шетелдік саясаттануға да қатысты. Бүгінге дейін салық саясатын саясаттану тұрғысынан зерттеу жұмыстарына ғалымдар енді мән беруде. Біздің пайымдауымыз бойынша, елімізде нарықтық экономиканың қарыштап дамуы, мемлекеттегі салық саясатының қалыптасуы мен дамуын, оның мәнін барынша кең тұрғыда ашып көрсету қажеттігін туындатып отыр. Сонымен бірге нарық қатынастарының дамуы біздің бұрынғы түсініктерімізді қайта ой елегінен өткізіп, оны жаңа басқаша мазмұнмен толықтыруды талап етуде. Біздіңше, бірінші кезек-те оның “саясат” ұғымына толық қатысы бар деп ойлаймыз. “Саясат” ұғымы саяси ғылымдағы күрде-лі категория екендігіне күмән келтіруге болмайды. Шетелдік және отандық ғалымдардың көптеген түсініктерді осы ұғыммен байланыстыруы тегін емес. Мысал ретінде сыртқы және ішкі саясат, эконо-микалық саясат, қаржы саясаты, салық саясаты т.б. ұғымдарды алсаңыз, саясаттың біздің өмірімізге қаншалықты терең еніп отырғанына

көзіміз жете түседі.

Сонымен бірге Қазақстандық ғалым және мемлекет қайраткері Н.З. Нығматулин саясаттану бүгін-де экономика, әлеуметтану және құқық секілді қоғамдық ғылымдар алдында өз “үстемдігін” едәуір “жоғалтқан” деген пікірді алға тартады. Оның пікірінше мынадай дәйектемелер ұсынылады. Саяси экономика – экономикалық өмірдің саяси аспектілерін зерттейтіндіктен, оның экономикалық пәндер қатарына жататындығы еш дау туғызбайды. Мұндай жағдайда логикалық тұрғыдан алғанда, экономикалық саясат қазір орын алып отырғандай экономикалық емес, саясаттанудың зерттеу тақырыбы болуы тиіс. Оның көптеген жағдайда экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі ретінде “озбырлық-пен” тартып алып, әлеуметтік саясат ретінде зерттеп жүрген экономистерге, сирек болса да әлеумет-танушыларға, арақідік саясаттанушыларға да қатысы бар. Өкінішке орай, біздің еліміздегі саяси зерт-теулер қоғамдық өмірді демократияландыру, билік қатынастары мен сайлау барысын дәстүрлі зерт-теумен тұйықталып, саясаттың экономикалық, әлеуметтік және басқа маңызды бағыттары тасада қалып немесе басқа ғылымдардың өкілдеріне “бұйырып” жатыр, құқықтық тұрғыдан алғанда, біздің-ше, бұл дұрыс емес [1].

Бірінші кезекте “саясат” және “экономика” ұғымдарының бір-бірімен тығыз байланысқан қоғам-ның маңызды екі саласының көрінісін айқындап отырғанын байқауға болады. Саясат пен экономика екі дербес қызмет түрі ретінде өзара іс-қимыл, өзара бір-біріне етене ену, өзара байланыс жағдайында тұрақты өмір сүреді. Бүгінгі күннің қоғам өмірінің көптеген құбылыстарын интеграциялық көзқарас тұрғысынан ғана зерттеуге болады, онда саяси- экономикалық және әлеуметтік көзқарастар бір-бірі-мен тығыз ұштасып жатыр. Мысал үшін, айталық, оны біздің өміріміздің тұрақты қайшылыққа кезі-гіп жататындығынан экономикалық міндеттерді шешуде қиындықтардың туындауымен байланысты-руға болар еді. Әдетте мұндай қарама-қайшылықтар мен жанжалдардың тамырларын саясат алаңын-да өрістейтінін ұмытпауымыз керек. Ал көптеген саяси мәселелердің тамыры экономикалық саладан бастау алады. Нақ осы саясатта – саяси шешімдерде, саясат субъектілерінің қызметінде күллі қоғам-ның немесе оның жекелеген жіктері мен топтарының экономикалық мүдделері нақты үлгі ретінде көрініс беріп жатады. Сондықтан саясат пен экономика арақатынасының адамзат өміріндегі мәселе-сінің принципті тұрғыдан алғанда дүниетанымдық және әдістемелік маңызы бар. Экономика мен сая-саттың өзара байланысы экономикалық және саяси көзқарастар бірлігінің негізінде көптеген үлгіде көрініс береді. Елдегі саяси тұрақтылыққа, әдетте, әлеуметтік-экономикалық факторлар әсер етеді. Басқа әсерлерін де жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, экономикалық жағдай – саяси тұрақтылық-тың маңызды алғышарты, оның қатарына елдің экономикалық даму жағдайын, өмір сүру деңгейін және басқада ұйымдастыруларын жатқызуға болады. Ендеше барлық саяси бағдарламаларды жүзеге асыруда, алдымен экономикалық жағын қамтамасыз етіп алуды талап етеді. Бұл жағдай саяси партия-лардың қызметіне, сайлау науқанын өткізуге, саяси билік жүйесінің заңды деп танылуына байланыс-ты. Бірақ, бүгінгі таңда мемлекеттерде оған қажетті саяси алғышарттар туындамаса өз кезегінде эко-номикалық қайта құруларды жүзеге асыру мүмкін емес. Саясаткерлер шешетін экономикалық мәсе-лелер, барлық күрделі проблемалардың толықтай жиынтығы ішінде барынша жоғары үлеске ие бола-ды. Бұл тұрғыда мемлекеттік бюджеттің өзі биліктің жоғары өкілетті органында қаралып, бекітілеті-нін еске салсақ та жеткілікті.

Нарықтық экономика даму жолындағы мемлекеттердің саяси және экономикалық жүйесінің өзара іс-қимылының жиынтығы өте кең және сан-алуан болып келеді. Экономикадан қол үзген саясат пен саяси қызмет шынайы әлеуметтік мазмұнын, өзінің базистік негізін жоғалтады. Экономика саласы-ның дамуын көп жағдайда саяси орта – саяси басқару мен саяси режим үлгілері, саяси биліктің сипа-ты мен оның қаншалықты заңды деп танылуы, азаматтың қоғам дамуының деңгейі, елдің саяси көш-басшысының қабілеті, саяси элитаның құрамы, елдің саяси жүйесінің, партиялық жүйесінің даму дәрежелері және басқа факторлар айқындайды.

Бірақ өз кезегінде барлық саяси процестер экономикалық жағынан тиісті дәрежеде қамтамасыз етілмесе, қоғамның саяси жүйесі қалыпты деңгейде өмір сүре алмайтынын ескерген жөн. Сондықтан қоғамның саяси және экономикалық жүйесінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігі – барлық мем-лекеттердің дамуының барлық кезеңдеріне тән жан-жақты құбылыс болып табылады [2].

Алайда, саясатты айқындауда марксизм ілімін жақтаушылардың көзқарасы бойынша экономика-лық саясаттың бір ғана маңызды көзі ретінде қарастырылады. Әдетте, олар экономикалық қажеттілік-тердің саясатқа әсерін қалыптан тыс асыра алға тартып, саясаттану ғылымының өзіндік дербестігін ескерусіз қалдырады. Мұны Лениннің “Саясат дегеніміз

экономиканың жиынтық көрінісі” деген анықтамасынан айқын байқауға болады. Мұндай көзқараста саясат қоғамдық өмірде өзіндік ерекше-лігін, дербестігін жоғалтып, шектеулі ой өрісінің шырмауынан шыға алмай қалады. Ал шындығында ол саяси субъектілердің еркіне тәуелсіз объективті экономикалық заңдылықтармен өмір сүреді. Эко-номикаға басқа анықтама берушілердің пікірін елемей, экономиканың қоғам өмірінің барлық маңыз-ды салаларындағы және саясаттағы әсерін жоққа шығару ұғымын білдірмейді. Себебі, онда азамат-тық қоғамды құрайтын барлық адамның нақты іс-қимылы жан-жақты көрініс береді. Жеке тұлғаның табиғи болмысына жасалған талдау, экономика деңгейі қандай болса, азаматтық қоғам да сондай деңгейде болады деген пікірге тоқтауға негіз қалайды. Бұған қосымша айтарымыз, социализмнің тотали-тарлық билікке сүйенген саяси жүйесінің тарихи тәжірибесінен саясатқа тек бір экономиканың ғана күшті ықпал етіп қоймағанына көз жеткіземіз. Сондықтан, саясаттану ғылымның көзқарасы ретінде экономика мен саясаттың өзара қарым-қатынасын қоғам өмірінің сан қырлы және тең құқылы өзара іс қимылы бірлігінің жемісті көрінісі ретінде қарастырған тиімді болады [3].

Кейбір ғылыми бағыттар экономика мен саясаттың өзара іс-қимылының мүлдем қарама-қайшы тұжырымдамаларын алға тартумен ерекшеленеді. Осы ұстанымдағы теоретиктердің пікірінше, саясат пен экономиканың өзара қарым-қатынасының табиғаты көптеген факторларға байланысты болады. Мысалы, кез-келген мемлекеттің, адамзат тарихының әртүрлі даму кезеңдерінде белгілі себептерге байланысты не саясат немесе экономика жетекші орынға шығып отырған. Осы себеп-салдарды ашып көрсету мәселені дұрыс түсініп, баға беру үшін маңызы айрықша. Бүгінгі күнгі қоғам өмірінің көпте-ген құбылыстары – қоғамдық-саяси және экономикалық процестердің жүзеге асуына тек қана эконо-микалық, саяси баға беруге болады.

Ескере кететін жәйт, саясатқа қоғамның күрделі және көпбағыттағы құбылысы ретінде мән берген, әр дәуір кезеңдерінде Платон, Әл-Фараби, Аристотель, Цицерон, Н.Макиавелли, Т.Гоббс, Джон Локк, Конфуций, Ш.Монтескье, Мо-Цзы, Т.Пейн, Т.Джефферсон, А.Токвиль және басқа да ойшылдар айрықша назар аударып отырған.

Демек, саясат адамзат қызметінің айрықша саласы болып табылатындақтан, қоғам дамуын адам үшін қолайлы келісілген жағдай жасауға қол жеткізуге болатындай мақсатқа жұмылдыра алады. Көп-шілік санасында саясат, әдетте, белгілі бір процесті басқару деген ұғым ретінде сіністі болған. Оның ғылыми тұрғыдағы ұғымын алғаш рет енгізген Аристотель саясатты – “жалпы игілікке” және “бақыт-ты өмірге” қол жеткізетін қауымдастықтың өркениетті үлгісі деп таниды. Н.Макиавеллидің пайымда-уынша, ақылды мемлекет билеушісі елде лауазым иелері мен жеке адамдардың қылмыс жасауына мүмкіндік бермейтіндей тәртіп орнатуы тиіс деп санайды. Ол қол астындағыларды шенеуніктердің тонауынан қорғап, ренжіткен адамдарды сотқа шақыруға жағдай жасайды. Қол астындағыларды қам-қорлыққа алмайтыны былай тұрсын, оларды татуластыру жолдарын іздестіру орнына қайта өзі бас болып тонайтын билеуші жақсылықтың белгісі емес. Ал, керісінше, елдегі тыныштықты қамтамасыз еткен билеуші жоғары биліктің (яғни, өзінің) беделін нығайта түседі [4]. Н.Макиавелли, Т.Гоббс, Д.Локк және жаңа дәуірдің К.Маркс, М.Вебер сияқты ойшылдары саясатты экономикаға (К.Маркс), құқыққа (Т.Гоббс) және моральға (Аристотель) тәуелді дей отырып, саясатты өзінің ішкі ерекшелік-тері бар адамзаттың өмірлік қызметінің дербес саласы деп санайды. Кейінгі дәуірдегі ірі қоғам қай-раткерлері мен саяси ойшылдары да саясаттың экономикалық тұрғыдан алғандағы мазмұнына тығыз қатысты болатындығы туралы өз пайымдауларын білдірген. Осы, мысал ретінде келтірілген пайым-даулар бір-бірін өзара толықтыра түсіп, саясат секілді күрделі және жан-жақты құбылысқа бір немесе кең тұрғыдан алғандағы түсінік шеңберінде де жалпылама сипаттама беруге болмайтындығына көз жеткіземіз. Осыған байланысты белгілі неміс социологы Макс Вебердің (1864-1920) саясатқа қатыс-ты көзқарасы, пайымдауы негізді болғандықтан, біз үшін маңызды деп санаймыз. Оның пікірінше саясат өте кең мағыналы, өзіндік басқаруы бойынша қызметтің барлық түрін қамтитын ұғым. Банкі-лердің валюта саясаты, Империялық банкінің дисконт саясаты, ереуіл кезіндегі кәсіподақтардың сая-саты туралы айтқанда, қаланың және селолық қауымның саясаты, корпорация басшылығының басқа-ру саясаты, тіпті, ең соңында өз жұбайын ұтымды билеуге ұмтылатын ақылды әйелдің саясаты тура-лы неге айтпасқа?! Басқаша айтқанда, саясат – мейлі

ұмтылыстың немесе билік бөлінісіне қатысуға ықпал ету-дің көрінісін білдіреді” [5].

Саясат – тамыры қоғамның саяси жүйесінде жатқан әлеуметтік қызметтің үлгісі. Ол белгілі қоғам-дық топтардың – таптардың және ұлттардың (марксизм) немесе мүдделі топтардың биліктің

көмегі-мен өз мүдделерін жүзеге асыруға деген қарсыласуының көрінісі ретінде түсіндіріледі (А.Бентли, Д.Трумэн т.б.). Егер қазір таптар арасындағы күрес маркстік саясат түсінігі ретінде көп жағдайда өзі-нің ықпалын жоғалтса, мүдделі топтардың теориясы кеңінен таралып, дамып келеді. Қоғамның саяси жүйесінің негізгі мәселелері мен проблемалары – саяси билікпен: оның мәні, принциптері, үлгілері, негізгі көздері, ресурстары, саяси институттары, биліктің заңдылық мәселелері мен оны жіктеп бөлу мәселелері және тағы басқаларымен ұштасып жатыр. Биліктің саяси жүйе қызметінің басты тетігі мен құралы екенінде күмән жоқ. Американың белгілі ғалым-социологы Т.Парсонс биліктің саяси жүйеде-гі осынау шешуші мәнін ақшаның қоғамдық өмірдің экономикалық саласындағы алатын орнымен салыстырады. Ал мемлекет болса, саяси институт ретінде қоғамдағы саяси билік пен басқаруды ұйымдастырудың үлгісі болып табылады. Қоғамдық дамудың ұжымдық мақсаттарын айқындау, шешімдер қабылдау, тұрақтылықты сақтау және ресурстарды бөлу саясаттың негізгі міндеті болып табылады [6].

Көптеген жағдайларда саясат, сондай-ақ, стратегиямен байланыста болады. Бүгінге дейін көптеген ойшылдар мен теоретиктер Аристотель заманындағы секілді саясатты барлығына қоғамдық тәртіпті орнатуға бағытталған “күш-жігер” деп бағалаумен келеді [7]. Осылайша, саясаттың негізгі мәні мен алға қойған адамдардың бірлескен тұрмыстық қауіпсіздігі ретінде қоғамның тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады. Платонның атап өткеніндей, саясат – бірге өмір сүре білудің көрінісін айқын-дайды. Түптеп келгенде, адамзат қауымдастығы саясаттың көмегімен жалпы игілікке қол жеткізуге талпынады, өзінің дамуына қолайлы жағдай жасау үшін оған ұжымның күш-жігерін үйлестіріп, бағыттайды.

М. Вебер, Н.Макиавелли саясатты “билік” анықтамасы ретінде билікке келу және оны тиімді пай-далану үшін қажетті немесе оған қатысуға ұмтылатын құрал деп түсінеді. Саясатты билікке бағытталған қимыл ретінде түсіндіру интуициялық пайымдаулармен толықтырылады. Олар билікті жүзеге асыратын институттар мен ұйымдарға, ең алдымен билік тұтқасы – мемлекетке басты назар аудара-ды. Сондықтан саясатты белгілі әлеуметтік топтар мен лидерлердің мүдделері үшін билікке жетуге, оны қолда ұстай отырып, пайдалануға саналы түрде бағытталған іс-қимыл деп бағалауға болады. Вебердің пікірінше, капитализм өз бастауын бірнеше дәулетті адамдар қаржыларын біріктіріп, эконо-миканы жаңаша ұйымдастыруға жұмсағаннан бастаған. Алғашқы экономикалық түсінікпен салыс-тырғанда, жаңа протестанттық ұғым бойынша, ол ақшаны жинау, капиталды қорландыру еді. Соның негізінде экономика ілгері дамиды. Вебер капитализмді экономикалық жүйе немесе техникалық дамудың нәтижесі ғана деп қарамайды. Капитализм ол ерекше ұйымдастырылған, өзіндік мәдениеті, экономикасы және өзіндік саяси жүйесі бар өркениеттің тұрпаты деп пайымдаған.

Американың ірі социологы Т.Парсонстың анықтауы бойынша, саясат ұжымдық мақсаттарға тиім-ді қол жеткізуге бағытталған ұйымдастыру әдістерінің жиынтық жүйесі болып табылады. Бұл анық-тамаға сәйкес саясат өзін-өзі сақтап қалуға бейім тұратын және маңызды қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыратын дербес жүйе болып саналады. Кейбір мамандар саясатты «ғылым» деп, кейбіреу-лері «өнер»деп бағалайды. Екеуінің де пікірі дұрыс [8]. Ал шетел ғалымы М.Фридманның пікірінше саясат, әсіресе, шешімдер қабылдау тұрғысынан алғанда ғалымнан гөрі өнерге жақынырақ. Бұл көз-қарас түпкілікті мақсаттардың негізге алынатын бірлігін айқындауға мүмкіндік береді.

Саясат түсінігінің өте күрделі категория екендігінде күмән жоқ. Бүгінгі оқырман саясат жөнінде әртүрлі, кейде бір-біріне қарама-қайшы анықтамаларды кезіктіре алар еді. Біздің пайымдауымызша неғұрлым сәтті анықтамаларды “Политология сөздігінен” кездестіруге болады. Саясатқа “ең бастысы, билікке қол жеткізуге, оны ұстап тұруға, нығайтуға, жүзеге асыруға бағытталған қоғамның саяси саласындағы әлеуметтік қызмет” деген сипаттама берілген [9]. Осы анықтаманы саясаттың қуатты тірегі бар қызмет “иесі” ретінде саяси билікке сүйеніп, қоғамның саяси “алаңында” туындап, қоғам-дағы олардың барлық салаларды қамтитын ықпалды күш екендігімен толықтыру қажет. Саясат – адамзаттың өмір сүруінің, қызметінің, оны өмірлік саласының маңызды, негізгі бөлігі болып табыла-ды. Сондықтан саяси дүниені барлық қоғамдық институттар мен қатынастардың жиынтығы ішінен бөліп алып зерттеу ауыр, дегенмен, өте қажет көкейтесті міндеттердің қатарына жатады.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды, саясат қоғамның барлық өмір саласына батыл енуде. Мемлекет, билік пен билік қатынастары саяси дүниенің діңгегін құрайды. Ол саясаттың, саяси институттардың мәнін, мақсатын, күллі саяси дүниені түйсінудің басты кілті болып табылады. Сая-саттың құрылымдық және жүйелік белгілері бар, олар саяси үстемдік пен басқару,

үстемдік пен ынтымақтастық, биліктің құрылуы мен саяси теңсіздік, әртүрлі мемлекеттік саяси жүйе шеңберінде басқару тетігін, адамдардың билік институттарымен қатынасын, саяси жүйенің бірлігін, өмір сүру қабілетін, іркіліксіз қызметін, саяси коммуникациялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін қамтамасыз ету сияқты белгілерді түгел қамтиды. Адам – саясаттың орталық субъектісі, ал саясат – адамдардың бір-бірімен арадағы қызметінің функциясы болып табылады. Ол адамдар қандай болса, саясат та сондай. Саясат – қоғамды қайта құру, мемлекетті тұрақтандыру бағытындағы стратегиялық жоспарларды саналы түрде белсенді жүзеге асырудың жанды көрінісі болып табылады. Саясаттың басты атрибуты – мемлекет, оның қызметі өмір сүріп отырған қоғамдық құрылымның тепе-теңдігі мен тұрақтылығын сақтауға бағытталады.

Әдетте, саясат жанжалдар орын алған жерден бастау алады. Қоғамның барлық мүшелерін біріктіруге жасалған қадам саяси татулықтың бастауы болып саналады. Ол қоғамның барлық мүшелерінің мүдделерін бір арнаға тоғыстырып, оларды татуластыру үшін қызмет жасау мақсатында өмір сүреді. Мемлекет саясат бар жерде өмір сүреді, бірақ саясаттың мемлекеттен тысқары жерде де өмір сүруі мүмкін. Осы екеуінің жанды үйлесімі мен бірлігінің мәні сол, мемлекет саяси билік пен билік қатынастарының басты субъектісі болып табылады.

Салық ұғымы болса мемлекет қауіпсіздігінің бір көрінісі. Ол сонымен қатар мемлекеттік мүліктер мен займдардан түсетін табыспен ерекшеленеді. Салық – салу мемлекеттің ежелден келе жеткен құқығы, сондықтан ол біржақты түрде белгіленеді, алайда салықты белгілеу мен оны мәжбүрлеп өндіріп алу арасындағы қайшылық сырт көзге біліне бермейді. Салықтар мен оның қызметі шынайы бизнеске негізделеді, яғни мемлекет салық саясатында салық қатынастарының объективті заңдылық-тарын пайдаланады. Мемлекет салықтарды белгілей отырып, ең алдымен өзіне жүктелген міндеттерді шешудің материалдық базасын жасайды, ол мемлекеттің қаржы саясатының бір бөлігі ретінде салық саясатының құралы арқылы жүзеге асырады. Саясаттың мәні мен маңызы, әсіресе, өтпелі тарихи кезеңдерде, адамдардың өмір сүруі, олардың идеалдары, құндылықтары, дүниетанымдық көзқарастары, бағдарлары, тағысын-тағылар түбегейлі өзгеріске ұшырайтын кезеңдерде арта түседі. Қазір біздің еліміз нақ осындай түбегейлі өзгерістер алдында тұр. Қоғамды рухани және зияткерлік тұрғыдан түбегейлі өзгерту үшін әлеуметтік, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар жүйесін қайтадан ой елегінен өткізіп, қайта құру мәселесі айрықша жаңа мәнге ие болады, олардың қатарында саяси дүниені зерттейтін саяси ғылым лайықты орын алады. Қоғам өміріндегі саясаттың мәнін ашып көрсетуде шетел зерттеушісі Р.Аронның саясаттың қоғамдағы басымдығы туралы айтқан тұжырымдамалық ойлары үлкен қызығушылық туғызады. Шындығында, адамдардың қоғамдағы өмірі саяси өмірмен біте қайнасып жатыр. Қоғам өмірін ұйымдастырылған биліксіз көз алдымызға елестете алмаймыз. Қоғамдағы адам өмірі басқа адамдармен қарым-қатынас тұрғысынан алғанда шегі жоқ құбылыс. Саясаттың, саяси феномендер мен процестердің мәнін ашып көрсету үшін алдымен қоғамның түр-сипатын, оның сүйеніп отырған әлеуметтік негіздерін айқындап алуымыз қажет. Раймон Аронның пікірінше, “техника деңгейіне экономикалық күштердің дамуы немесе қоғамдық байлықтың бөлінуі дәрежесіне қарай қоғамға тұтастай баға беру, сол сияқты қоғамның барлық ерекшеліктерін мемлекеттік билікті ұйымдастырудан бөліп қарау дұрыс емес” [10]. Мемлекет саяси жүйенің негізгі институты ретінде өмірлік қызметтің әртүрлі салаларында қоғам мүддесін қорғай отырып, тиісті рухани, әлеуметтік, құқықтық, экономикалық, салық т.б. саясатты қалыптастырып, жүзеге асырады. Үкіметтің экономикалық саясатты жүзеге асыру жөніндегі нақты қимылы түптеп келгенде оны шешуге бағытталған. Салық және бюджет саясаты мемлекеттің экономикалық саясатының шешуші буыны болып табылады. Ол республиканың табысты жинау мен шығындарды тиімді басқаруда макроэкономикалық пропорцияларды реттеу қабілетінің құралы ретінде көрініс береді. Сан-алуан пікірлерді бір арнаға тоғыстырғанда, саясатты әлеуметтік топтар мен жеке адамдардың өздерінің пікірлер қайшылықтарына қарамастан, мемлекеттік биліктің көмегімен қоғам үшін қажет және міндетті шешімдер қабылдауға бағытталған іс-қимыл бірлігі деп түсінуіміз керек. Елдің белгілі бір кезеңге арнаған саяси бағдарын айқындағанда, белгіленген экономикалық бағдарламалардың материалдық жағынан жеткілікті қамтамасыз етілуі мен халықтың тарапынан жаңа саяси бағытты қолдау деңгейін ескеру қажет. Саяси бағдарды анықтауда елдің экономикалық даму деңгейі мен онда орныққан саяси режим қызметімен үйлесімді түрде айқындалуы маңызды болып табылады.

Саясат пен саяси идеологияны экономикамен өзара байланысы тұрғысынан қарағанда, олардың бір-бірімен тікелей емес, аралық қатынастар-әлеуметтік қатынастар арқылы байланысатынын ескеру қажет. Әртүрлі топтар өздерінің әлеуметтік мүдделерінің экономикалық мазмұнына қарай

мемлекеттік институттар мен биліктің басқа да құрылымдарын саяси құрал ретінде әртүрлі акциялар ұйымдас-тыруға итермелеуі мүмкін. Еңбекшілердің әлеуметтік сұранысын қанағаттандыру үшін саясатшылар экономикалық талаптармен санасуға мәжбүр болып, ол қабылданатын шешімдер мазмұнынан көрініс табады. М.Фридман саясат пен экономиканың өзара іс-қимыл проблемасын зерттей отырып, эконо-микалық еркіндіктің қажеттілігін, бірақ оның саяси еркіндік үшін жеткіліксіз екендігін айтады. Оның соңғысы, өз кезегінде, ұзақ мерзімге арналған экономикалық еркіндігін көрсетеді.

Қоғам – бұл, ең алдымен адамдар бірлігінің одағы. Қоғамның саласы қоғам өмірінің адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға өздерінің еркі, ерік-жігері арқылы қолтаңбасын қалдыра алатын сол қоғамдағы адамдардың саласымен айқындалады. Қоғамды құрайтын егемен халық, осыған сәйкес мемлекеттің құрылуы мен қоғамның егемендігі мемлекет егемендігіне айналады, бірақ ол қоғамды толығымен “жұта” алмайды. Осы тұрғыда мемлекеттің басты мақсаты – қоғамды қорғау екендігін баса айтуымыз керек. Осы дәстүрді ұстанатын ойшылдар мемлекеттің қоғамды алмастыру үшін емес, оны басқару үшін орнайтынын айтып, мемлекет қоғамның құралы, оның көмегі арқылы қоғамдағы саяси билік пен әлеуметтік процестерді басқару үлгісі қалыптасады деген пікірді алға тартады. Осы-лайша, тұтастай алғанда, саясаттың, саяси феномендер мен процестердің мәнін ашып көрсету үшін олар әрекет жасайтын қоғамның түрін, саяси режимді, әлеуметтік негіздер мен жағдайларды айқын-дап алу қажет.

Егер қоғам адаммен бірге пайда болса, ал азаматтық қоғам адамзат қоғамының белгілі бір даму кезеңінде ең алдымен, батыс өркениетінде туған тарихи феномен болып табылады. Адамзат қоғамы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, этникалық, діни және басқа әртүрлі жүйелердің өзара бай-ланысы мен өзара іс-қимыл көрінісін айқындайтын болса, ал азаматтық қоғам, жеке адамдардың, тап-тардың, топтардың, коорпорациялардың, діни қауымдастықтың, институттардың кешенін құрайды, бұлар мемлекеттің тікелей өзіне қатысты болмағандықтан олардың өзара іс-қимылы азаматтық құқық арқылы реттеліп отырады. Мемлекеттің белгілі бір қатысуынсыз азаматтық қоғам өзін-өзі ұйымдас-тыратын және өзін-өзі реттейтін қоғам өмірінің ең қуатты бір саласына саналады. Азаматтық қоғам әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени кеңістік сияқты, онда мемлекетке және бір-біріне тәуелсіз жеке-леген адамдар өз-ара іс-қимыл жасайды. Сондықтан азаматтық қоғамды ұлттық, діни және басқа салт-дәстүр, үйреншікті әрекет, моральдық-этникалық нормалар, құндылықтар тағы басқалар тұрғы-сынсыз көз алдымызға елестете алмаймыз. Ол әлеуметтік байланыстар жүйесін орнықтырып, онда адамдардың экономикалық, саяси, әлеуметтік, кәсіби, мәдени, діни және басқа мүдделері қалыпта-сып, жүзеге асырылады. Осы тұрғыдан келгенде, экономика мен саясат азаматтық қоғамның қызме-тін атқарады. Азаматтық қоғамға экономикалық және саяси жүйелердің мәндік және жүйелік құры-лымының сипаттамалары тәуелді болады. Саясат ұғымын қоғамдағы феномендер, институттар, олар-дың ұйымдастыру үлгілері мен қатынастарының тұрғысынан түсінуіміз керек. Олар әдетте түпкілікті билік пен оның беделі, ондағы тәртіпті орнықтыру мен сақтау және басқа да маңызды мақсаттар көрі-нісін айқындайды.

Енді “Экономикалық саясат” ұғымының мәніне тоқталайық. Экономикалық саясат түсінігі өте кең ұғым. Ол салық, қаржы, несие және басқа саясат түрлерінің шағын жүйесін қамтиды, өкінішке орай, қазіргі саяси және экономикалық әдебиеттерде олардың құрылымдық және жүйелік сипаттамалары жеткілікті түрде ашып көрсетілмеген. Экономикалық саясаттың нақты өмірдегі белгілерін айқындау-дың күрделілігі сол, ол белгілі бір мақсатқа жету жолында (дағдарыс жағдайынан шығу, елдің эконо-микалық даму қарқынын жеделдету) көптеген шаруашылық салалары – меншік институтының, қар-жы, несие, ақша салымы, салық жүйесі, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, инвестиция т.б. құрылымдар-дың мүдделерін қозғайды. Олардың әрқайсысын жеке дара қарастырғанда экономикалық саясат өмір-де бюджет-қаржы, қаржы-несие, салық, құрылымдық, өнеркәсіп, аграрлық, инвестициялық, аймақ-тық, конъюктуралық, сыртқы экономикалық қызмет түрінде нақтыланып, жүзеге асырылады. Аталған бағыттар экономикалық саясаттың жалпы құрылымында қосымша жүйелер ретінде көрініс береді.

Қаржы саясаты өз кезегінде экономикалық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ол мемлекеттің қаржы саласындағы өз қызметі мен міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі мақсатты шаралар жиынтығының көрінісін айқындайды. Ол ұлттық валютаның тұрақтылығы мен құндылығын, жылдық инфляцияның бірнеше пайыздан аспайтын деңгейін сақтауды, ең төменгі салықтандыру жағ-дайында мемлекеттік бюджет тапшылығы мен қарызын болдырмауды, банк пен сауда арасындағы пайыздың аз ғана айырмашылығы жағдайында ұзақ мерзімді инвестиция

үшін несиенің қол жетімді болуын барынша көздейді. Бюджеттің саяси функциясы қоғамда туындаған көптеген жанжалдарды жоюға ықпал жасайды. Экономикалық саясат туралы материалдарда нарыққа көшетін өтпелі кезеңде-гі экономикалық саясаттың, сондай-ақ экономикалық саясатқа әсер ететін экономикалық факторлар-дың ерекшеліктері туралы деректерді кездестіруге болады. Қаржы жалпы экономикалық категория ретінде жекелеген шағын категориялер жиынтығын құрайтын болғандықтан (салық, бюджет т.с.с.) ақша-несие, салық, бюджет саясатын дербес тұрғыда бөліп қарастыруға болады. Ақша – несие саясатын әртүрлі кезеңдерде туындайтын өндіріс дағдарысын әлсіретуге, инфляцияны ауыздықтауға, төлем баланстарын теңестіруге т.с.с. бағытталған шаралар жүйесі ретінде қарастыру керек. Негізгі мақсат – өндірістің қоғамдық деңгейін толық еңбекпен қамту және инфляцияның жойылуын қамтама-сыз етуге жеткізу болып табылады.

Өз кезегінде батыс ғалымы Вальтер Ойкон экономикалық саясатты экономикалық процестерге ықпал жасайтын мемлекеттік шаралар жиынтығы деп түсіндіреді. Оның пікірінше экономикалық саясаттың шешуші міндеті болып саналады. Ал, Х.Гирштің пікірінше экономикалық саясат экономика-лық процестердің барысын тәртіпке келтіріп, оған ықпал етуге немесе оның барысын алдын-ала айқындауға бағытталған шаралар жиынтығын білдіреді.

Неміс ғалымы Х.Раептің түсіндіруі бойынша “экономикалық саясат белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуді көздейтін экономикалық процестерге ықпал жасайтын мемлекеттік шаралар жиынтығы” болып табылады.

“Экономикалық саясат” түсінігіне жасалған талдау, қазіргі саяси және экономикалық ғылымдарда оны айқындау тұрғысында әртүрлі кең де және тар да ұғымдардың қалыптасқанын көрсетіп отыр. Ал жалпы түрде алсақ, экономикалық саясат мемлекеттік ауқымдағы барлық экономикалық проблема-ларды шешуге бағытталған іс-қимыл бағыты болып табылады. Бұған қосымша айтарымыз, экономи-калық саясат түсінігі елдің саяси басшылығы ескі дәстүрдегі консервативті саясат жүргізген кезде де қолданыла береді. Барлық жағдайда да ел басшылары белгілі бір революциялық, реформалық немесе консервативтік т.с.с. экономикалық саясатты жүргізбеуі мүмкін емес. Біздің түсінігімізде, экономика-лық саясат – саяси институттардың экономика саласындағы процестерді реттеу үшін жүргізетін шаралар жүйесі болып табылады. Көптеген дамыған елдердің экономикасы нарық жүйесіне бейім-делген. Өйткені, экономикасы бар елдерде рынок қатынастарын жетілдіруге ұмтылыс жасауда. Бұл тұрғыдан алғанда экономикалық саясаттың объектісі ретінде жәй ғана экономика емес, шаруашылық жүргізудің нарықтық қатынастары да көрініс береді.

Нарықтық экономикаға көшудің аса маңызды бағыттары ақша-несие және банк реформасын жүргізу, ұлттық валюталарды нығайту, салық, қаржы тәртібін күшейту, басқарусыз кеткен инфляцияны болдырмау, шетел инвесторларын тарту, әлеуметтік және экономикалық құқықтық реформа жүргізу қажеттігі туындайды. Шаруашылық жүргізудің нарықтық жүйесін зерттеу А.Смиттің “Табиғатты және халықтар байлығының себептерін зерттеу” атты еңбегінен бастау алады (1776 ж.) Осы ілімге сәйкес адамның өндірістік мүмкіндіктерінің табиғи шектеулігі нарықтың объективті туу салдары болып табылады. Шектеулі өнімділік – бұл мейлі қызметіне қатысты адамға немесе оның еңбек құра-лына, затына, жағдайына байланысты айтылсын өндіріске тән кез-келген фактордың белгісін айқын-дайды. Сондықтан нарықтық экономика адам мен қоғамның шектеусіз сұраныстарын қамтамасыз ету мақсатында шектеулі (материалдық, қаржылық, еңбек) ресурстарды пайдалану жөніндегі шарушалық ғылымы деп сенімді түрде айтуға болады.

Р.Аронның атап өткеніндей, “... саясат” сөзі бірінші мағынасында қауымдастық алдында тұрған бір проблемаға немесе проблемалар жиынтығына қатысты адам немесе адамдар тобы жүзеге асыра-тын бағдарламалар, іс-қимыл тәсілдері болса, екінші мағынасында бұл сөз қоғамдық өмір саласында-ғы әртүрлі саяси бағыттағы күштердің бәсекелестігі мен қарама-қарсылығы болып табылады. Саясат сала ретінде өзіндік мақсаттары, мүдделері, керек десеңіз, өзіндік дүниетанымы бар жеке адамдар немесе топтардың ішкі күресінің жиынтығы болып кіреді [10]. Ендеше, саясат қоғамдық жүйенің бас-қару құрылымы бола отырып, экономикаға бағыттаушы есебінде ықпал етеді. Ол үйлесімді дамуды қамтамасыз ету мақсатында экономикалық саланы қоғамдағы басқа салалармен түйістіреді. Деген-мен, осы жағдайда саясат өз принциптері мен құндылықтарын басшылыққа ала отырып, өзінің әдісте-рі мен құралдарын пайдаланатындықтан, оның экономикаға араласуы өте салмақты әлеуметтік зар-даптарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Дәстүрлі тұрғыда саясаттың экономикаға араласуы этатизмнің әр түрлі формаларында іске асады. Бұл –



экономикаға толықтай мемлекеттік-биліктік бақылау мен эконо-номиканың және оның жеке салаларының дамуы үшін мемлекеттің қолайлы жағдайлар жасауы мүмкін. Тәуелсіз ашық қоғамда экономика тек экономикалық ынта (стимул) негізінде дамып, экономика-лық қатынас агенттерінің мүдделерін толық құқықтық қорғау қамтамасыз етіледі және мұнда мемлекеттің экономикаға араласуы, билік әдістерін қолдануы өте аз мөлшерде болуы қажет. Мемлекеттің экономикаға шектеулі түрде араласу концепциясы қазіргі экономикалық саясаттың маңызды бөлігі. Қаржы экономиканың өзегі болып табылады, өйткені онда қоғамның жинаған әлеуметтік энергиясы сақталынған. Мемлекет салық саясатын, оның мөлшерін, басқада жеңілдіктер, салықтандыру тәсілдерін енгізе отырып, өз қызметін жүзеге асыруға қажетті мемлекеттік қаржыны қамтамасыз етеді, өндірістің прогрессивті түрлерін ынталандырып, керісінше, экономиканың теріс құбылыстарын тежейді, белгілі бір әлеуметтік топтардың мүдделері үшін ұлттық табысты қайта бөледі.

Салық – мемлекеттің негізгі қаржы көзі, сондықтан салықты тиімді басқару мемлекетті басқару-дың негізі болып табылады. Тиісті қаржыландырусыз – мемлекетті дамытудың маңызды бағыттарын қамтамасыз ету мүмкін емес, демек, мемлекеттің өз қызметін неғұрлым толық орындауын қамтама-сыз ету үшін дамыған экономика қажет. Дамыған экономика, дамыған мемлекеттік билік органдары, сауатты және дәйекті ойластырылған салық саясаты арқылы мүмкін болады. Біздің елімізде салық жүйесінің қалыптасу кезеңі аяқталған жоқ, сондықтан сауатты салық саясаты туралы айтуға әлі ерте. Нарық экономикасында салықтар маңызды орын алатындықтан, қоғамдық өндірісті дамыту талаптарына жауап беретін жақсы жолға қойылған салық жүйесіз нарық экономикасының тиімді қызметін қамтамасыз ету мүмкін емес. Салық саясатының табиғаты іс-әрекетпен нақтыланбаған ізгі-ниетпен жанаспайды. Сондай-ақ ол экономикалық белсенділікке аз араласып, салық жинауға аз шығын жұмсау кезінде бір ғана салық түсімдерін қамтамасыз ету міндетімен шектеліп қана қоймайды. Салық саясаты, сондай-ақ, әділдікті талап етеді. Мысал үшін айтсақ, экономикалық қызмет түріне байланысты болмайтын жанбасылық салық оның классикалық үлгісі болып табылады. Қандай жұмыс істеген-дімізге де, немен айналысқаныңызға да қарамастан салық төлейтін боламыз. Бүгінгі таңда салықтың табиғатын, оның қызмет ерекшеліктерін қоғамдық не жеке өндірісті тиімді дамыту мүддесіне де, халық қазынасын арттыруға да, тиімді болатын тәсілдерді игеру мәселесін бұрынғы кездегіден де жақсы білу қажет. Салық жүйесін сауықтыру, оны дұрыс қолдану мәселесі барлығын мазалайтын басты проблема. Бүгінде көштен қалмай келе жатқан өндіруші – кәсіпорындардың сәттілігі салық жүйесінен емес, оның әрқайсысының өз бағыттарына қарай салықты дұрыс таңдай білудің нәтижесінде мүмкін болып отыр. Сондықтан, пайда мен салық, зейнетақы мен сақтандыру қорларына аудармалар, акциялар мен облигациялар мөлшері, өндіріс пен әлеуметтік саланы инвестициялау т.б. мәселе-лер барлығымызды да толғандырып отыр. Мұндайда тек салықтың жалпы қоғамдық байлықты құрайтын жеке табыстар жиынтығы жөніндегі түсінігі ғана өзгеріссіз қалатынына күмән келтірмейміз.

Бүкіл дүние жүзінде салық саясаты экономиканы мемлекеттік реттеудің маңызды заңды тетігі болып табылады. Оның маңыздылығы егеменділікті нығайтумен қатар тұрады. Салық саясатындағы басым бағыттарды өзгерту арқылы мемлекет тұрақтылығы қамтамасыз етіліп отырған. Реформаларды жүргізу кезінде салық саясатының мәні тіпті арта түседі. Осы кезеңде жіберілген елеулі кемшіліктер тепе-теңдіктің бұзылып, нарықтық тетіктің дамуын, дағдарыстан шығу қарқынын тежейді. Бұдан шығатын қорытынды, реформа кезінде салық саясатының басым бағыттарын дұрыс таңдап жүзеге асыру – мемлекет қызметінің басты проблемаларының бірі болып табылады. Салық саясаты мемлекетті басқарудың негізгі тәсілдерінің бірі. Мемлекеттік бюджетке тұрақты қаржы түсімін, мемлекет пен азаматтардың саяси, әлеуметтік, экономикалық мүдделерінің ұштасуын қамтамасыз ету салық саясатының міндеттері болып саналады. Салық саясаты қоғамдағы салық мәдениетінің деңгейі мен жағдайына байланысты айқындалады. Салық алу – мемлекеттің ертеден келе жатқан қызмет түрі, оның өмір сүруінің, саяси, әлеуметтік, сондай-ақ экономикалық жағынан дамуы мен гүлденуінің негізі. Тарихта салықсыз өмір сүрген мемлекет болған емес. Себебі, мемлекеттің қоғам қажеттілігін қанағаттандыру жөніндегі қызметін жүзеге асыру үшін қаржы қажет, ал оның салық арқылы жеткілікті түрде жиналатыны белгілі. Салық саясаты азаматтар мен мемлекеттің мүдделерін біріктіруі қажет. Салық саясатындағы әділдік пен жариялылықтың болуы, халықты салықтан түскен қаржының қайда және қандай мақсатқа жұмсалып жатқанынан хабардар ету салық саясатының өте маңызды құралы болып табылады. Мемлекеттің әрбір азаматы мұны білуге құқылы. Салық мемлекеттің алға қойған қызметін жүзеге

асыруға қатысты шешімдерді қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан, салықтың мәні мемлекетке қажетті қаржылар мен шығындарын зерттемейінше қаралмайды. Мұндай саясатты дискрациондық фискальды саясат және дискрациондық емес фискальды саясат деп атайды. Оның алғашқысы үкіметтің еңбекпен қамту деңгейінің, инфляция қарқынының, өндіріс көлемінің өзгеруіне сәйкес мемлекет шығындары мен салық көлемін мақсатты өзгерту туралы шешімін айқындайды. Ал, екіншісі мемлекет бюджетіне түсетін салықтарды реттеп, автоматты түрде азайтуды немесе өсіруді көздейді.

Көптеген экономикалық сөздіктерде “салық саясаты мемлекеттің салық саласындағы жүргізетін шаралар жүйесі болып табылады” делінген. Осындай анықтама қазіргі экономикалық сөздіктерде, монографияларда, кейбір қазақстандық және ресейлік экономистердің оқулықтарында сақталып отыр. Ал, шындығында салық саясаты салық саласының шаралары шеңберінен алыстап кеткенін мойындамасқа болмайды. Оны жүргізу кезінде мемлекет экономиканы ұйымдастыру жөніндегі жұмысты белсенді жүргізе отырып, өндіріс дамуын реттейді, сондай-ақ инвестициялық саясатқа ықпал жасайды. Т.Ф. Юткин салық саясатында “билік және басқару органдарының салық заңдарын мақсатты қолдауды айқындайтын құқықтық іс-қимыл кешені” деген анықтама береді [11]. Ресейдің белгілі экономисі Д.Г. Черник “салық саясаты мемлекеттік реттеудің негізгі құралы және ол жеке кәсіпкерлікті дамытуға қаржылық ықпал жасайды” деп есептейді [12]. “Мемлекеттің салық саясаты мемлекеттің экономикаға араласуының түрін, дәрежесін және мақсатын айқындай отырып, ондағы жағдайға байланысты өзгеріске ұшырап отырады”. Осы себептен салық саясаты өте күрделі құбылыс болып табылады. Мемлекеттің азаматтардан салық түрінде қаржы ресурстарын жинау қажеттілігі мен олардың іскерлік белсенділігін жоғалтып алуына жол бермеу, азаматтардың кәсіби ісінің алға басуы-на кедергі келтірмеу, бейнелі түрде айтқанда “таяқтың екі ұшы” секілді ұғымды білдіреді. Бұл салық заңдылықтары арқылы реттеледі.

Салық саясаты – қайсыбір мемлекет болмасын салықтандыруға тікелей немесе жанама түрде әсер ететін салық заңдылықтарының жиынтығы мен басқа заңдылық актілерінің шеңберінде конституция белгілеген құқықтар мен міндеттерді орындау кезіндегі салық қатынастарына қатысушылардың стра-тегиялық бағыттары мен тактикалық іс-қимылы болып табылады. Салық саясатын жүзеге асыру барысында мемлекеттің дербестігі көрініс береді. Мемлекет салық саясатын өзгерту арқылы, салық тетігін икемді қолдана отырып, экономикалық дамуды ынталандыруға немесе оны “ауыздықтауға” мүмкіндік алады. Бұл “салық саясатын мемлекеттің салық саласында жүргізетін шаралар жүйесі ретінде қарастыру” болып табылады. Салық саясатында өндіріс үшін салық ауыртпалығын біртіндеп жеңілдету, инвестициялық қызметті ынталандыру, экономикалық өсімді тұрақтандыру және кәсіп-керлердің белсенділігін арттыру үшін салық жүйесін жетілдіру қажет. Сол себептен кейбір ғылыми еңбектерде салық саясаты мемлекетті қаржы саясатының құрамдас бөлігі ретінде салық саласында жүргізетін шаралар жүйесі болып қаралады. Оның негізінде қоғамның сол кезеңдегі дамуын сипат-тайтын басым теориялық тұжырымдамалар жатыр. Олардың ықпалымен мемлекеттің экономикалық бағдары қалыптасады.

Қазақстанның саясаттану энциклопедиясында салық саясатына мемлекеттің өзінің қалыпты қыз-меті, сондай-ақ, ресурстарды қайта бөлу арқылы өндірісті ынталандыру үшін қаржы жинаумен байла-нысты міндеттерді тиімді шешу жөніндегі шаралар жиынтығы ретінде анықтама берілген. Бұл анық-тамаға сәйкес, мемлекеттің басты қызметі – елдің барлық экономикалық агенттерінің табыстары мен шығындары арасындағы өзара байланысын қамтамасыз ету болып табылады деген пікірге келуге болады. Салық саясаты мемлекеттік басқарудың саяси және экономикалық аспектілермен тығыз бай-ланысты. Нарықтық экономикасы бар мемлекеттің салық саясаты, негізінен, шаруашылық нысандары мен үй шаруашылықтарының экономикалық белсенділігіне, осы белсенділікті ескеретін экономика-лық саясаттың сипатына байланысты болады. Салық саясатын тиімді пайдалану – мемлекет тарапы-нан экономиканы жанама басқару мен бақылаудың қуатты тетігі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды:

Біріншіден, қазіргі саяси ғылым зерттеу саласында кең өріс алып, саясаттанудағы зерттеудің жаңа әдістері мен үлгілерін іздестіру үстінде келе жатқанын көрсетеді.

Екіншіден, салық саясатының күрделі бағыттары мен ықтимал зардаптары мемлекеттің саяси және әлеуметтік жағдайына байланысты болады.

Үшіншіден, салық саясатын саясаттанулық көзқарас тұрғысынан былайша сипаттауға болады: салық саясаты мемлекеттің экономикалық қызметтің реттеу мен бақылау, бюджетке қаржының

уақы-тында түсуін қамтамасыз ету, оларды әділетті түрде қайта бөлу, әлеуметтік қорғаудың әділ жүйесін қалыптастыру жөніндегі іс-қимылының көрінісін айқындайды.

Төртіншіден, бұл түсініктің табиғи болмысы мен мазмұнын зерттегенде жеке табыстардың жалпы ұлттық қаржылық қорға-бюджетке шоғырлануының логикалық құбылыс ретіндегі мәніне дәйекті түрде ену қажеттігін түсінуіміз керек. Салықтың қоғамның өмірлік қызметін қамтамасыз ететін процестердің бірі ретінде философиялық мәнін негізге алатын болсақ, оның шеңберінде экономикалық теорияның айрықша саласы – салықтандыру туралы ғылымның дамитынын ескеру керек. Салық саясаты мемлекеттің салықты реттеу саласында жүзеге асыратын шаралар кешенін білдіреді. Ол эконо-микалық саясаттың шешуші буыны, макроэкономикалық құбылыстарды реттеудің айрықша құралы болып табылады.

Бесіншіден, салық – философиялық және экономикалық категория, сондай-ақ, ол бір мезгілде мемлекет қазынасы – бюджетті толтыру мақсатындағы заңдылықпен бекітілген құқықтық өзара қатынас-ты

саясаты реттеу-ші категорияға жатады. Оның және қоғамның экономикалық негізі арасында өзара тығыз байланыс бар. Салық саясаты бір жағынан алғанда, экономикалық қатынастардың туындысы, ал қоғам саясатты жасайды, бірақ жүргізуде еркін емес, өйткені ол экономикамен тығыз байланысты, екінші жағынан салық саясаты қаржы саясаттың құрамдас бөлігі ретінде экономикалық базис негізінде туып дамиды, оның белгілі бір дербестігі: арнайы заңдары мен даму логикасы бар. Осыған орай ол экономикаға, қаржы жағдайына кері ықпалын тигізуі де мүмкін. Бұл ықпал әртүрлі деңгейде көрініс береді: бірінші жағдайда саяси шараларды жүргізу құралымен экономиканы дамытудың қолайлы жағдайы қалыпта-сады, басқа жағдайда даму тұйыққа тіреледі.

Алтыншыдан, салық саясаты мемлекеттік басқарудың саяси және экономикалық белгілерімен тығыз байланысты. Мемлекеттің салық саясаты көптеген факторларға, әсіресе, олардың қатарында әртүрлі экономикалық агенттердің экономикалық белсенділігіне, нарық жағдайына, оның ішінде еңбек нарығына т.б. байланысты болады. Нарық экономикасы дамыған демократиялық мемлекеттер-де салық саясатын тиімді пайдалану мемлекеттік органдар тарапынан экономиканы жанама басқару мен бақылаудың қуатты құралы болып есептеледі.

Жетіншіден, салық саясатын қалыптастырудың ғылыми көзқарасы оның қоғам дамуының заңды-лықтарына сәйкес болуын, қаржы теориясының қорытындыларын тұрақты түрде ескеріп отыруын талап етеді. Бұл талаптың бұзылуы экономикада үлкен шығындарға әкеп соқтырады. Батыс пен біздің ел тарихынан мұны айқын аңғаруға болады. Осылайша салық саясаты қоғамның барлық өмірін қам-титын, салық жүйесі арқылы жүзеге асырылатын қаржы саясаттың маңызды буыны болып табылады, ол заң билігі белгілеген атқарушы билік жинайтын салықтардың барлық жиынтық көрінісін, оның құрылу әдістері мен принциптерін айқындайды.

Салық саясатының мемлекетте алынатын салық түрлерінің жиынтығы, олардың құрылу үлгілері мен әдістері, салық қызметінің органдары ретінде басқа да анықтамалы бар. Бұл қоғамның даму деңгейі мен бағыттарына сәйкес өзгеріске ұшырап отырады.

1. Нигматулин Н.З. *Эволюция и современные приоритеты экономической и социальной политики в Казахстане*. – Алматы, 2001. – 194 с. (С. 7).

2. *Курс политологии: Учебник*. – 2-е изд., испр. И доп. – М.: ИНФА – М., 2002. – 460 с. (С. 287).

3. Ленин В.И. *Полн. собр. соч.* Т. 42. – С. 278.

4. Макиавелли Н. *Государь* – М.: Планета, 1990. – 78 с.

5. Вебер М. *Политика как признание и профессия. Антология мировой политической мысли*. – М.: Мысль, 1997. – Т.2. 6.

6. Parsons T. *The Social System*. – New-York: Holt, Rinehart & Winston, 1996/ – P. 215.7.

7. *Философия политики (под ред. Бессонова Б.Н.)* кн. 1. – М. 1994 8.

8. Парсонс Т. *Общий обзор*. – В кн.: *Американская социология*. – М.: Мысль, 1972. – 450 с.

9. *Политологический словарь*. – М.: Луч, 2004. Т. 1. – С. 168.10.

10. Арон Р. *Демократия и тоталитаризм*. – М., 1993. – С. 29.11.

11. Юткин Т.Ф. *Налог и налогообложение*. \ \ Учебник – ИНФРА – М., 2000. – 429 с., 12.

12. *Налоги и налогообложение. Под ред. Романовского М.В., Врублевской О.В.* – СПб.: Питер, 2000. – 528 с.

## Түйін

Бұл мақалада салық саясатының теоретико-методологиялық аспектілері қарастырылған

## Резюме

В статье посвящена анализу теоретико-методологических аспектов исследования налоговой политики.

## Summary

This article is dedicated to the analysis of theoretical and methodological aspects of research on tax policy.

### THE MAIN PRIORITIES OF THE POLITICAL MODERNIZATION OF KAZAKHSTAN'S SOCIETY IN THE GLOBALIZATION PROCESS

**N.B. Seisenova** – *candidate of political science, assistant professor of political science and social and philosophical disciplines' department of the Institute of Masters and PhD of KazNPU named after Abai*

In the XXI century to adequately respond to the challenges of globalization, Kazakhstan is being become further movement in the direction of the first mature modernity, that is, formation of an open society, a significant rise in industrial production and the welfare of the people, the statement free of the dictates of the state of the market economy, strengthening the foundations of representative democracy and guarantees the rights and freedoms of citizens, the statement of ideology of the social center and then post modernity, the most important attributive features of them are the following: 1) establishment of the economic system, based on the production and use of intellectual capital as their most important goal, the introduction of important new criterion for assessing the progressivity introduced technological innovations, in addition to providing traditional (only economic) and environmental considerations, and also supposing the answer to the question whether these innovations contribute to the expansion of sphere of freedom and individual self-realization, or a source of new dangers and slavery, 2) expansion of direct democracy and self-management, 3) establishment of the ideology of humanism as opposed to the social center, 4) recognition of a polycentric and multiplicity of value structures and mental worlds of humanity and human rights, etc. The speed, success and the "price" of the social costs of moving these boundaries is being symbolized by the terms "mature modernity" and "postmodernity" is in a large extent will depend on the type of economic, political and socio-cultural policies implemented by the modern political and economic elites [1].

In the XXI century in the conditions of the globalization and modernization of the world system as a whole the role of value orientation increases dramatically compared to previous eras in various parts of the world. There is also high risks of the catastrophic outcome values with political modernization provoked infidels "moves" managerial elites in the space of modernization and globalization processes. At first, there is the line in terms of unprecedented in the history, the giant logistical, financial and human resources. Secondly, increasing the uncertainty (entropy), the most world-system, the unpredictability of the future, provoked by the weakening of (partial loss) of control over the use of scientific and technical advances, environmental and natural disasters ( A. Giddens, U. Beck), confrontation and clashes of civilizations and ethnic groups (S.Huntington), etc.

Allthevalue-increasing role in social development dimension, in the processes of modernization and globalization of the world, requires a careful study of their mentality and way of thinking, the structure of consciousness, values and ideologies of the ruling, the balance of forces, the palette of opinions. This is especially true for the CIS countries, making their historic choice in the pivotal period. The successful promotion of these boundaries will largely depend on the type of the modernization strategy, implemented at the present stage.

At a time when Kazakhstan is implementing such an ambitious modernization project, namely the annual message of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in 1997, 2004, 2005, 2006, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011 years that we have discussed above shows that political modernization in the value dimension in a rapidly changing world of globalization and largely determine the vector of development of Kazakhstan's society. In other words, the purpose, form, pace and nature of the modernizing reforms in the country depend, in particular, on the value orientation of Kazakhstan on their perception of democratic values and civil society, rule of law.

In general, the process of political modernization and globalization in accordance to the Kazakhstan's society we can say the following, first drawn into a grand reform along Western lines and secondly, the social consciousness of Kazakh society actively promoted the idea that the foundation of civilization a market economy, private property and democracy and thirdly, that the Western civilization is the standard of the world civilization process.

It should again be noted that, these views are based on certain postulates of Euro centrism, which was created in the XIX century, in order to justify the colonial interests of Western countries by some European scientists. According to this theory, the West is the only civilization that took place in its development "right path" (the highway), which must necessarily go through all the rest culture and civilization. At the end of this road all the world will have one and the "correct" economic system and social structure of the type of the West.

Today we see how under the banner of globalization, there is a relentless destruction of a very special and in many ways remarkable civilizations and cultures of many nations, including Eastern ethnic groups in the modern globalization process.

The difference between East and West are clearly seen in the values of social order. If everything is focused on the individual in the West, the culture in the East tend to be more well-ordered communities. Key principles of the East is not the individual rights and social obligations (in relation to a wide range of general goods, and various members of society), not freedom, but the ultimate goal of obedience and authority, religious or secular, rather than maximizing wealth - serving one or more gods or general ideas, determined by the secular state. The regulatory position, advocated by the East may be called as an "authoritarian communalization."

These values of social order laid in the foundations of Sino-Confucian and the Arab-Islamic civilization as well as in many philosophical and religious teachings of the East.

These values are also incorporated in the government documents of some Muslim countries of Southeast Asia. In particular, the President of Singapore in the eighties of last century, in contrast to the global expansion of Western culture has put forward four basic values of the Asian civilization, which was incidentally based on the three religions such as Confucianism, Islam and Hinduism:

- at first, it puts the community above the own "I" (individual freedom in Europe is higher than the community);
- secondly is to support the family as the main structural element of society (in the West, the family moves to a secondary plan, encouraged civil marriages, that doesn't require anything from spouses);
- thirdly, resolves the major issues through consensus rather than controversy;
- fourth, to comply racial, religious tolerance and harmony.

In general if we talk about the general conclusions of the above statements, we can say that the West is in the conditions of the anarchy, materialism, hedonism and lust, their citizens are focused only on himself and terribly far from the feeling of community and authority.

Summing up the results of analysis of civilizational differences between East and West, it can be said that, human civilization is not only the achievement of the West, but the rest of the world. In the West really should recognize the right to be the founder of the market economy and political democracy, but they are, these values are not more of what they represent. Western values in any case only a certain part, albeit an essential part of human experience. If the West has created a market economy institutions and political freedoms, the East developed the idea of state responsibility for the development of society and the corporate values of group. Consequently, different cultures can learn from each other. Such mutual learning can occur in the form of borrowings and adaptations. In other words, the world can and should learn much from the important lessons of non-Western cultures, on the development of domestic politics and economics, international relations. This is especially important in matters of respect for authority, the obligations in relation to the common good, to establish social ties are important for full development of the state and society.

1. *Портер М. Установки, ценности, убеждения и микроэкономика процветания // Культура имеет значение: каким образом ценности способствуют общественному прогрессу. – М.: Московская школа политических исследований, 2002. – С. 5.*

2. *Ltvi-Strauss C / Antropologiaestructal: Mito, sociedad. – Mexiko: Siglo XXI Eds. – С. 332.*

3. *Там же. – С. 338.*

4. *Там же. – С. 296.*

5. *См.: Фукуяма Ф. Конец истории и последний человек. – Нью-Йорк: FreePress, 1992; Мандельбаум М. Идеи, которые покорили мир: мир, демократия и свободный рынок в XXI веке. – Нью-Йорк: PublikAffairs, 2002; Закария Ф. Будущее свободы: Либеральная демократия у нас и за рубежом. – Нью-Йорк: WWNorton, 2003.*

### **Түйін**

Бұл мақалада автор элеуметтік-саяси ғылымда әлі де толығымен ашылмаған, ғаламдану үрдісіндегі қазақстан-дық қоғамның саяси жаңғыруының негізгі басымдылықтарын қарастырды.

### **Резюме**

В данной статье автор рассматривает основные приоритеты политической модернизации казахстанского

общества в процессе глобализации, которые в социально- политической науке еще не изучены.

### Resume

In this article the author analyzes the main priorities of the political modernization of Kazakhstan's society in the process of globalization which in the social and political science has not yet been studied.

## LEGITIMATION OF KAZAKHSTAN'S POLITICAL POWER IN THE CONTEXT OF THE POLITICAL SYSTEM MODERNIZATION PROCESSES

**L.H. Matakbaeva** – *assistant professor of political science and socio-economic disciplines, the Institute of Masters and Doctoral PhD KazNPU named of Abay, Almaty, Kazakhstan*

Intensive modernization processes taking place in Kazakhstan have updated the issue of the legitimization of existing as well as newly-created institutions. The legitimization of the political power is of special importance. It is represented by intensifying the authority of the Parliament and the consolidation of the role and functions of political parties. These political institutions are able to maintain internal unity of the country, what is, in fact, its internal legitimacy.

The occurrence of the modern political process shows, that every model of government should mature in the depths of society itself that different approaches to understanding the legitimization of power exist in countries with different levels of civilized development. We need joint efforts of government and society to respond adequately to the challenges of folding time. The modernization of the post-Soviet area is determined not only by political will and economic decisions, as the possibility of social adaptation to it. In our opinion this is the legitimacy, which is manifested in the positive evaluation, the public acceptance of authority, recognition of its right to manage and consent to obey. Legitimate power is associated with the presence of the authority of government and its matched value concepts of the majority of citizens, consensus of society on the fundamental political values.

Modernization of all aspects of Kazakhstan's society makes it necessary to giving legitimize to the existing and newly created institutions. The collapse of totalitarianism caused necessity of the formation of political institutions, communicating the different actors of society. This led to the actualization of legitimization of the political power in the Republic of Kazakhstan.

This is due to the fact that the processes of modernization in the new independent states caused search for their own development model, the creation of institutes, which can maintain internal unity of the country, internal legitimacy of power structures.

This article analyzes the legitimization of the political power in the Republic of Kazakhstan in the context of the political system modernization.

The process of legitimization of the Republic of Kazakhstan relates to the transfer of authority from the society to his particular organization- the state and its structures. State of the Republic of Kazakhstan remains specificity, like all post-Soviet republics. It usually includes different formed corporate-distribution of socio-political structure and uses the traditional subsystem of relations (communal, caste, tribal, clan, etc.). Incessantly reproduced symbiosis of government and partly transforming elite groups is extremely difficult for modernization. However, it should be noted, that the legitimate state power in Kazakhstan implements strategic progress toward democracy and generates an algorithm of democratic reforms, being in a competitive political area. "Internal content of the political transformation should be considered not as a transition of the political system to a completely new level in the direction of its liberalization, as well as a its adaptation form to happened intra-societal environmental changes, which are characterized by a partial regression toward the resuscitation of patriarchal political ties based on the institutions of clan politics, parochialism, patron-client Interaction".

The efficiency of every political system is determined by the availability of basic institutions, which provide social reproduction and the socialization process. The main problem of post-Soviet Kazakhstan is the so-called "anticipatory institutionalization." Virtually all political institutions do not exist as institutions, as well as offices. It turns out that, formally, we have a parliament, but do not have a truly representative government, or we have parties, but do not have a party system. Corporate-distribution type of social orientation of the individual, social oppression and creative passivity of many segments of the population, their lack of legal culture or a specific "non-Western" understanding of it and prevalence inherited from the past set of traditional views are the direct result of conservation of such features of statehood.

In Kazakhstan the process of modernization of the political system is implemented in the following directions. First, it is the enhanced functional powers of the Parliament. Second, the development and strengthening political power role and its functions. Third, it is the development of civil society, the creation of political institutions, which can maintain internal unity of the country, its internal legitimacy.

Changing social structure in Kazakhstan is accompanied by tangible political, economic and social turmoil, searching and testing various development options. The political system is in the incessant development, gradually moving toward the formation of civil society. Statistics of the political development of Kazakhstan is a sovereign dynamic. Constitution was adopted twice (one constitutional crisis), parliamentary elections were held six times, there were two parliamentary crisis (the parliament was dissolved twice), the government was replaced eight times, presidential elections were held twice. In May 2008 the transition from presidential to a presidential-parliamentary form of government was proclaimed on the basis of changes in the Constitution of Kazakhstan. Firstly, the political processes led power structure of the Republic of Kazakhstan to the need to address both the traditional and new sources to provide necessary support for its operation. It has contributed to the expansion of political area, against which political power is exercised. Simultaneously a variety of political solutions were developed and adopted in a short time. Secondly, it should be noted that under the present conditions of development of Kazakhstan international community plays a significant role. This community reacts sensitively to the transformations that occur in the country, and puts the provision of different support indirectly dependent on the extent to which level of the authorities conform to standards of legitimacy by that community, without taking into account the internal features of the country.

Political power creates the conditions for the consolidation of civil society and in some cases just does not interfere with these processes, because they mature only in people's daily lives, just from everyday experience. "Political modernization is increasing the ability of the political system adapts to new patterns of social purpose incessantly and successfully and to create new types of institutions provided not only control over resources, but also the channels for effective dialogue between government and public" [1].

This means formation an entirely new political system, the creation of civil society, the availability of the media and political rivalry between different political parties. In economics, this is the formation of market relations, economic industrialization.

Stages of post-Soviet transformation of Kazakhstan's society are also stages of legitimation of political power in the Republic of Kazakhstan. Since 1990, Kazakhstan is looking for an effective form of government, construction of the political system. This process isn't the single event. Construction of the political system is incessant renewed, representing the consensus of society with the principles, norms and institutions of the established political system. Therefore, modernization should be based on the recognition, acceptance and support of the population. This kind of recognition and support enhances level of the legitimacy. In Kazakhstan the construction and operation of centralized and concentrated state power passed from 1991 to 2001. Gradual work on the decentralization of deconcentration of state power began since 2001.

The legitimacy of the government largely depends on the perfect forms of rule. Model of a presidential republic led the country out of post-Soviet economic and political chaos. M.Kasymbekov notes that "...the system interrelation and interaction between the president and the legislative, executive and judicial branches of government is not a frozen construction of power. It shows a high level of ability to adapt and improve, in connection with the requirements of time [2].

In Kazakhstan, as a transitional period, it became necessary to change the presidential form of government towards a serious consolidation of the role of representative government. Transition from the presidential and presidential-parliamentary form of government was made on the basis of changes in the Constitution of Kazakhstan. There are the transfer of certain powers of the Head of State Parliament, the redistribution of some authority in favor of the duties and responsibilities of Parliament.

Its known, that parliament as a specific socio-political, legal institution have to realize the interests of various sectors and groups of society, develop a common will of the people. However, the Kazakh parliament has not grasped their function yet due to the fact that Kazakhstan parliament is a relatively new institution in the political system of Kazakhstan society. The concept of "parliament" was officially approved in 1995 the Constitution, the transition from the "Soviet" model of parliament to the new model started just then.

According to the Constitution of the Republic of Kazakhstan, the Parliament consists of two chambers: the Senate and the Majilis, acting on a permanent basis.

Further evolution of the Institute of parliamentarism in Kazakhstan is a part of the presidential system of government. In May 2007 changes and amendments to the Constitution became a new stage in the further modernization of political and legal system of the Republic of Kazakhstan, which means the strengthening of the role and authority of representative government. Constitutional amendments aimed at further democratization and political modernization of the country, regardless of their point character. Legitimacy of Parliament extended to the entire political system, it is due to the fact that the quality of the legislative acts affects the legitimacy of the legislative branches. Constitutional changes in 2007 provided the necessary powers of the legislative branch, represented by the Parliament, to create a legal framework for further

development of society. The formation of parliamentary traditions, which in Kazakhstan was not in the past, and the legitimation of state power independent of Parliament, from his productive legislative activity.

Consolidation of the political weight and authority of representative bodies mean more in the role of political parties and the Majilis (lower house of parliament). Party box is a huge layer of civil society, which is in Kazakhstan, and virtually all post-Soviet states, is in a state of permanent form, experiencing the endless series of changes, and even decay. The party expresses such fundamental principles of democracy as political pluralism, representation, election, functioning of the legislative and executive power is ensured by the parties. The parliamentary elections in 1999, 2004, 2012 presidential elections in 1999, 2005, 2011 had a significant impact on the development of the party system of the republic. The past years of independence have shown the movement of party construction toward the formation of a multiparty system with a dominant party which is capable for a long time to ensure a successful reform of the country.

The merger of four pro-presidential political parties under the auspices of the "Otan" party in one political party "NurOtan" was held in 2006. NurOtan party, having a majority in the representative bodies at all levels and effective organizational vertical, transforms into a serious and a monolithic political power. One of the major advantages of the party is that the authoritative and capable of public works community leaders, mayors of areas represented in it. The party has the most extensive organizational structure: 16 branches, 220 offices, 9 809 primary Party organizations in virtually all areas and major towns. The Party implements a great legislative work in Parliament. Seven committees Majilis in charge of various aspects of the political, social and economic life continuously operate there. The main feature of the party "NurOtan" its positioning as a party of Kazakhstani people. The main advantage of the leading party "NurOtan" is a program of socio-economic development, which essentially is a government program of action. In fact, the party "NurOtan" ideologically and organizationally fills a niche all of the existing power hierarchy. In this case, the main difference between the ideology of «NurOtan» is its positioning as the party of all Kazakhs. Seven out of ten registered political parties participated in elections to the Majilis in 2007, but only the People's Democratic Party "NurOtan" took place in Parliament. The present situation of one party created a conceptual and ideological vacuum, which negatively affected the state mechanism and society. Subsequent actions of power structures indicate the possibility of creating a legal mechanism to form a parliament with the participation of at least two parties. According to added paragraph 1-1, article 97-1 of the law "On Elections" the second most voted party goes to Majilis, even if it won't be able to overcome the seven percent barrier. For example, amendments to the Law "On political parties" involve facilitation of formation and registration of political parties, reducing the quantitative qualification from 50 to 40 thousand people, regional qualification respectively, from 700 to 600 people. Deadline for registration of the Party increased from two to four months. Amendments, saving 7% threshold for parties in the lower house of parliament, guarantee getting of the second installment in the Majilis in any electoral factors.

In Jan. 15, 2012 parliamentary elections were held, involving seven parties. In the parliament passed three parties. This is the People's Democratic Party "Nur Otan" Democratic Party "Ak Jol", the Communist People's Party of Kazakhstan. Thus, the republic was formed multi-party parliament with an absolute dominance of the National Democratic Party "Nur Otan".

Past elections earlier this year marked a number of political motives. First, it has become a landmark in the development of Kazakhstan's democracy, as happened updated Majilis and the government. These elections were the second in the history of the republic when the voters voted for a platform of political parties, not celebrities. In – the second, became a multi-party Parliament Majilis. Thus, the country institutionalized parliamentary opposition, in other words, foundation of parliament political weight increasing mechanism has started. The strategic question is maturing social foundations of the formation of two-party system. This process could not be speed up. In this case, it should be emphasized that the election of 2012 is only a step toward bipartisanship, but not the two-party system. The main task of the newly elected Majilis - the formation of a new pluralist system in the highest legislative and representative body of the country. Elections to the Majilis indicate the formation of a new strategic balance in the party system.

Historical experience shows that the political system that objectively tending toward authoritarianism and efficient enough to stabilize the regime and resolving the constitutional crisis, it appears increasingly less effective the further advancement of civil society. The power structures in Kazakhstan recognize this. Presidential system of government has demonstrated the highest efficiency during the transition from a totalitarian to a democratic regime and this system has led the country out of the post-Soviet economic and political chaos.

As a conclusion, it should be noted that radical reforms process taking place in the country, which means changes of political system and establishing of a new system of checks and balances. Legitimization of



political power occurs in conditions of national ideology absence, the institutional weakness of political parties, the prevailing influence of the executive branch. However, marked changes qualitatively transform the political system of the state, ensuring the continuity of the political process, increase the responsibility of all political powers in the country, increasing the legitimacy of government.

1. Pugachev V. *Foundations of Political Science*, – M., 1996.

2. Kasymbekov M. *Institution of the presidency as an instrument of political modernization*, – Astana: Astana, 2002.

### Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасындағы интенсивтік модернизациялық үдерістердің ерекшеліктері ашып көрсетілген. Саяси биліктің легитимділігі Парламенттің өкілеттіктерін кеңейту, саяси институттардың қалыптас-тыруы, саяси партиялардың ролі мен міндеттерін нығайтуы туралы сөз қолғалған.

### Resume

Intensive modernization processes, taking place in the Republic of Kazakhstan made legitimacy problem of existing and newly creating institutions more urgent. Legitimacy of the political authority in the Republic of Kazakhstan in such spheres as increasing Parliament powers, consolidation of role and functions of political parties, forming political institutions, which are able support internal unity of the country and its internal legitimacy is analyzing in this article.

### Резюме

В статье анализируется специфика легитимации политической власти в Республике Казахстан, которая выражается в усилении полномочий Парламента, укреплении роли и функций политических партий, формировании политических институтов, способных поддерживать внутреннее единство страны, ее внутреннюю легитимность.

## ӨТКІР СӨЗ ӨЗЕКЖАРДЫ МӘСЕЛЕЛЕРМЕН ҮНДЕСУІ КЕРЕК

**Ж.Кенжалин** – «Қазақ газеттері» ЖШС-нің бас директоры,  
Редакторлар кеңесінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты

### 1. Тәуелсіздік және толғауы тоқсан тіршілік

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қоғамдық-саяси өмірімізге жаңа мазмұн әкелді. Тың көзқарас үстемдік алып, соны ойлау мәдениеті қалыптаса бастады. Бұл – қуанарлық жай.

Бірқалыпты сарынға түсіп алып, ескі сүрлеумен келе жатқан жолаушыңыз кілт тоқтай қалып: «Осыным дұрыс па?» – деген сауалға жауап іздей бастады. «Не істедік, не қойдық?!»

Қазақ елі тәуелсіздігінің алғашқы бес жылы еркіндік эйфориясымен өтті. Оны ешкім жоққа шыға-ра алмайды! «Бостандық алдық! Егемен болдық! Өз еркіміз өзімізде! Бізге енді ешкім бұғау сала алмайды!» – деп бөркімізді аспанға атумен болдық.

Одан кейінгі он жыл «нарықтық экономиканың қылбұрауынан қайтсек құтыламыз» деп басты тау-ға-тасқа ұрумен өткіздік. Кеңес өкіметі кезінде теперіштің талай құдайын тартқан Алаш баласы бұл қиындықты да жеңе білді. Ол енді айтуға ғана жеңіл. Ал ақиқатында, олар кезеңнен арқа еті арша, борба еті борша болып шықты. Бірақ қиындықты жеңіп шықты.

Шаруашылықты жүргізудің жаңа механизмі қалыптасып болғанша ел іші жабайы нарықтың өз заңымен өмір сүрді. Амал қанша?.. Басқа түскен соң баспақшыл боласың. Қорқыту, үркіту, тонау, бұзақылық, әлімжеттік, сыбайласқан қылмыстық әрекет секілді түсініктердің ықпалында өмір сүру қалыпты жағдайға айналды...

Жетпіс жыл бойына «үкімет өлтірмейді» деген сеніммен өмір сүрген ел іші жаңа жағдайдың талаптарына шұғыл бейімделе алмай, далбасалап қалды. Жоғарыдан «енді өзінді-өзің асыра, өз күнің-ді өзін көре біл» деген талап келгенде бар жиған-тергенінен айырылып, жер соғып қалған ауылдар әлі күнге дейін есін жия алмай жатқаны шындық...

Ел ішінде сол ауыл-аймаққа шын жаны ашитын адам болмағандықтан, бір заманда сүттей ұйып отырған ауыл дәулеті ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Сөйтіп, көз алдымызда халық жиған дәулет есебінен байыған алаяқтар, ұйымдасқан қылмыскерлер тобы өсіп шықты. Олар өздерін бет-аузы шімірікпестен «жана жағдайға бейімделген іскерлерміз» деп есептеді. Жетімді жылатып, ел ішінде әдейі іріткі салу, ауыл-елдің бетке шығар қаймақтарын бір-біріне қасақана айдап салу – бұлар-дың өмір сүру қалпына, дағдысына айналды.

Істің көзін білетін жігіттердің соңынан ит жүгіртті. Сөйтіп, бір заманда берекесі шалқып, қой үсті-не бозторғай жұмыртқалаған заман кешіп отырған ауылды пәтуасыз жұртқа айналдырды да

жіберді.

Осынау құбылыспен күресу естияр азаматтарға оңай соққан жоқ. Біз өтпелі кезеңнің өзіне ғана тән жағдайын сипаттағанда «соның бәрін – ауырлықты көтеретін ер-азаматтар болмай қалды» деп отыр-ған жоқпыз. Қоғамшыл, көпшіл, «малымнан жаным садаға» дей білген азаматтар бой көрсеткені – шындық. Олар бірақ санаулы еді. Қайсыбірі, ақиқатын айтайық, сол ауырлыққа шыдас бере алмай, морт кетті. Ал қайсыбірі қысастық пен қиындықтың қылкөпірінен шаршамай-шалдықпай өтіп, ел құрметіне бөленіп отыр. Бұл да бүгінгі күннің ақиқаты!

Елдік сөз айту – қиын, ал ел басқару өнердің өнері екенін бүгінгі таңда берекелі іске ел бастап, шаршы топта сөз қайрап жүрген азаматтар тағдырынан айқын байқаймыз. Аманат жүгін, ел сенімін арқалаған азаматтардың жанқиярлық еңбегінің арқасында Қазақстан бүгінгідей дәулеті асқан, мерейі асқақтаған елдер қатарынан көрініп отыр!

Бұл – әрине, Елбасы – біреу, өзгелері оған тіреу болғанда ғана жүзеге асқан шаруалар!

Біз Тәуелсіздік жылдарында Қазақ елі тарихында бұрын-соңды болмаған табыстарға қол жеткіздік. Оны бізден ешкім тартып ала алмайды. Бұл туралы күні кеше ғана баспасөзде жарияланған «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Тәуелсіздігінің Декларациясында» егжей-тегжейлі айтылған. Ал алынба-ған асулар, атқарылмаған шаруалар одан да зор. Олар орындалғанда «бабалар аманатына адалдық көрсеттік» деп айтар едік.

Біз бүгінгідей мерекелі күні жеткен жетістігімізді айтып, мақтана аламыз. Ал бірақ сонымен қоса, кезек күттірмес шешуін күткен тиісті мәселелерді де қаперден шығармауымыз керек.

Елбасының жылма-жыл халыққа арнайтын Жолдаулары біздің оң-солымызды таразыға тартатын безбеніміз секілді болып келеді. Ілгеріде, нарықты экономиканың өтпелі, өлара кезеңіндегі бетпе-бет келген қиындықтарды тілге тиек еттік. Міне, сол тұста Елбасы ұстанған бағыт, оның халыққа арнал-ған Жолдаулары қиындықтарды жеңуімізде шешуші роль атқарғаны сөзсіз.

Экономикасы мен мәдениеті дамыған өркенді елдер қатарынан көрінеміз десек, ең алдымен, өзі-міздің ішкі мәдениетімізді жөнге салып, ауызбірлікті ел болудың қамын жасауымыз керек. Бұл неден көрініс табуы қажет? Ашығын айтайық, ел ішінде сыбайлас жемқорлық, әлі де болса, жалынан ұстат-пай тұр. Бұл әлеуметтік кесел болып отыр. Мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін осы дертпен күрестің жаңа механизмдерін жүзеге асыру керек.

Біздің ата-бабаларымыз бейнетқорлықпен күн кешкен. Тіпті кешегі кеңестік дәуірдің өзінде де осы бір атадан балаға мұра болар, асыл қасиеттің талай үлгілері болғаны ақиқат. Ал бүгінде, өкінішке қарай, осы қасиет көмескіленіп бара жатқан секілді. Жастар арасындағы масылдық пиғыл өзге ортаға да шарпуын жайып, меңдеп бара жатқаны жасырын емес.

Сөзуарлық пен саясатшылдық кейбір азаматтардың өмір сүру ғұрпының сәніне айналды. Оның үстіне іс басында отырған әкімқаралардың бюрократизмі, сөзбұйдашылдығы елдің ішін діңкелетіп бара жатқаны – тағы шындық.

Елге жаны ашитын, қоғамшыл азаматтардың бастамаларын тұншықтыру секілді жымысқы әрекет-терден әлі толық арылып болған жоқпыз. Мұндайлар ұлттық мүдде мен рухани құндылықтар туралы бас қатырып жатпайтыны – тағы ақиқат.

Біз өзімізге өзіміз жанымыз ашыса, ұрпақ қамын ойласақ, осылайша, әр нәрсені өз атымен атауы-мыз қажет. Мұның бәрі елжандылық пен отаншылдық секілді қасиеттерді бойға сіңіруге бағытталған жұмыстардың жеткіліксіздігінен деп білеміз. Ал оның орнына жағымпаздық пен жарамсақтық, жан-тықтық, құлдық психологиясы меңдеп бара жатқанын жасыруға болмайды. Құрғақ даңғаза мен әсіре-науқаншылдық байыпты, байламды іске тұсау болар дерт – міне, осылар.

Ел іші осының бәрін көріп-біліп отыр. Жиырма жылдық жанталастан соң бүйірі бұлтиған әкім-қаралардың елге мойын бұрарына үмітті. Астана айтуын айтады-ақ, ал бірақ айтылған сөз жергілікті жерде жартыпатшалық орнатқан дөкейлердің зердесіне жетсе ғой, шіркін!..

«Ауыл – алтын бесігіміз!» «Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» деп те ұрандатып қоямыз. Бүгінде атқа мініп жүрген қазақтардың денінің тамыры – ауылда. Ауылға әл бітсе – елдің өркен-дегені, сондықтан ендігі бетбұрысты ауылға бағыттау керек. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытып, оны ел игілігіне айналдыру қажет. Қазір күнкөріс қамымен қала базарларында қаңғырып жүрген қазақтар-ды елге қайтарып, өздерінің төл кәсібінен нәсіп табуға жол ашу қажет. Енді бір бес-он жылда пробле-маның көкесі азық-түлік тапшылығына байланысты болары сөзсіз. Сонда, міне, ауыл, елдің мұқтажы-мен тікелей есептесетін жағдаймен бетпе-бет келетін боламыз.

Ал ақиқаттан айналып өте алмайтынымыз рас. Осы мәселелер төңірегінде БАҚ, әсіресе қазақ тілінде шығатын басылымдар шыр-пыр болып жазуындай жазып-ақ жатыр. Айталық,

«Экономика» газетінде білікті маман Амантай Қалымбергеновтың Қарағанды облысында Ақтоғай агроқалашығын ұйымдастыру жөніндегі проблемалық мақаласы жарияланды. Алайда осы өркенді іске селт етіп қуана қоштай қойған не министрлік, не әкімшілік болмады. Жақсы бастамалардың бағы ашылмай, су аяғы құрдымға кететіні бір бұл емес. Ащы да болса, ақиқат – осы.

Жуырда Елбасы «Велотрек – Сарыарқа» спорттық кешенінде Қазақстандағы аса маңызды нысан-дардың тұсаукесерін өткізіп, жыл қорытындысында жақсы жаңалықты жария етті. Соның бірі – біз әлгінде ғана тілге тиек еткен ауылшаруашылығының өнімдеріне қатысты нысан. Шығыс Қазақстанда тері илейтін зауыт ашылғалы отыр! Семей қаласында бой көтерген бұл зауытта италиялық қондырғы-лар орнатылған екен. Енді ауыл-аймақтың түкпір-түкпірінде сасып-бықсып жататын мал терілері бұдан былай ортақ кәдеге асатын болады. Шіркін, осы игілікті іс бұдан бес-он жыл бұрын қолға алынғанда ғой деп ойлайсың. Қайтесің енді, «ештен кеш жақсы».

Жер қойнауындағы қазына әйтеуір бір түгесіледі. Бар игілікті сонымен ғана байланыстыруға бол-майды. Ауыл шаруашылығын өркендетіп, өндірістің өркен жаюына күш салуымыз қажет. Ол үшін елін сүйген ерлер керек!

Ал ерлер жоқ емес, бар! Солардың ынта-жігерін құм етпей бастамаларының бағын ашайық. Іс басында отырған әрбір азамат адалдықтың, тазалықтың бәйгесінде бақ сынасын!

Ел дәулетін, халық несібесін көздің қарашығындай сақтайтын, келер ұрпақ үшін аялап-мәпелейтін кез келді! Бүкіл ғалам қазір дағдарыстың екінші кезеңінің алдында тұр! Кәрі құрлық Еуропа, азуын айға білеген Америка жанталас үстінде. Англия Еуроодақтан шығудың қамын жасап, қағыну-сілкіну үстінде.

Біз де етек-жеңімізді жиып, қолда барды ұқсатып жұмсап, ұқыптылық пен үнемділіктің жолын таңдайық. Есеп пен бақылау күшейтілуі керек. Ол тек қана «Нұр-Отан» атқаратын шаруа емес. Ілгері-дегідей бүкіл ел бойынша халықтық бақылау қозғалыстарын құрған абзал!

Бұл – зымыранша жүйткіген қазіргі уақыт талабы! Ал оның үдесінен көріну – біздің әрқайсысымыз үшін үлкен міндет!

Туған топырағымызды сүйейік, Алаш арыстары қасық қанын сарп еткен қыран қанат Қазақ елін сүйейік!

## **2. Ұлу жылы үмітімізді үкілесін**

Алаш баспасөзінің қарлығашы саналатын «Қазақ» газеті өзінің алғашқы нөмірі шыға бастағаннан-ақ тікелей оқырмандарына арқа сүйеді. Соның мұңын мұңдады, жоғын жоқтады. Алатаудан – Арқаға, Алтайдан Атырауға дейін көсіліп жатқан Ер Түрік жерінде Елдік сананы қалыптастыруға, Ұлттық мұратты ұлықтауға үндеді. Сөйтіп, бірде – намыс найзағайы болып от шашса, енді бірде – бұлт үйіріп күркіреді. Енді бірде – «елім» деп еміреніп, елжірей білді.

Ол осы бір үрдісте жеке-дара шапқан жоқ. Өзімен қарайлас, ниеттес әріптестерімен тонның ішкі бауындай араласып, мақсатты істе тізе қоса білді. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып қимылдады. Ағалық танытып, егіздің сыңарындай болған «Айқапқа» әр кез көз салып, бағыт-бағдар беріп отырған жайы тағы бар еді. «Қазақ» нөмір аралатып болса да, өз беттерінде «Сарыарқа», «Алаш», «Бірлік туы» газеттерінде ел тынысынан жазылып жүрген мәселелерге байланысты өз пікірін білдіріп отыруды да ұмытқан жоқ. Олардың таралымы, шығарылымы, оқырмандарға жетуі жайы-нан да мәлімет беріп тұрды.

1915 жылы «Айқаптың» қаржы тапшылығынан жабылуына байланысты өкініш білдіріп, арнайы мақала арнады. Біз жоғарыда атап өткен қай-қай газет болса-дағы оқырмандардың күшімен, солар-дың газет-журналдарға жазылуынан түскен қаражат есебінен шығып тұратыны белгілі. Сондықтан өз оқырмандарына сөз арнаудан «Қазақ» еш жалықпаған, ауқатты кісілерге сөз салған. Алаш баласының намысын қайраған.

Осы бір дәстүрден арада бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, қазақ баспасөзі танған емес. Бүгінде ата газет – «Егемен Қазақстан» басы болып, «Ұланға» дейінгі аралықтағы басылымдар әр жыл сайын таралым данасы біреуге көбейсе де қуанады. Алдындағы малы егіздеп төлдегендей бөркін аспанға атады.

Өйткені газет таралымы бір данаға өссе, журналист пақырыңыз «тағы бір қазақтың жүрегіне жол таптым-ау» деп мақтанады, марғаяды. «Айтқан сөзіміздің бағасы болғаны-ау» деп серпіледі. Онысы – дұрыс. Қазіргідей жаһандану дейтін үрдістің көмекейіне жұтылып кетпей өзіндік қалпыңды, рухыңды сақтап қалуға иненің жасауындай болса да үлес қосуға үндейтін бір күш бар болса, ол – газет сөзі.

Осыны тереңінен ұғынған және оны өз оқырмандарына ұғындыруға тырысқан «Қазақ газеттері» ЖШС-на қарасты мерзімдік басылымдар Қоян жылын ойдағыдай қорытындылап, Ұлу

жылына көп үміт артып отыр. Оның басты көрсеткіші – үстіміздегі жылдың баспасөзіне жазылу науқанының сәтті аяқталғаны.

Әрине, бәрі де сәтті болды дегенімізбен тақтайдай жолдың сайрап жатпағаны – тағы шындық. Газеттер мен журналдардың межелі тұстан көрінуі бұл шаруаға шын жанашырларымыздың білек сыбана кірісуінің арқасында ғана мүмкін болды.

Осы шаруаға Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Жамбыл, Алматы облыстарындағы іс басында отырған азаматтар: «Бұл да – менің төл міндетім. Егер мен болмасам бұл мәселені кім шешеді» деген ниетпен кірісті. Сөйтіп, олар бұл жұмысқа өзгелерді қауымдастырып, қоғамдастырып тарта білді. Нақты нәтижеге жеткенше тыным таппады. Міне, озар елдің өресіндегі болар елдің өрендері, осылайша, мінез көрсетті!

Шыны керек, бұқаралық ақпарат құралдары бүгінде теңдессіз идеологиялық, саяси-қоғамдық жұмыстың өріс алуына немесе оны тұншықтырып, жөргегінде жойып жібере алатын арсеналға айнал-ды. Бұл – ақиқат.

Ал газеттер мен журналдар осы бір мылтықсыз майданның жүзі лыпыған ақ алмасы екендігіне шәк келтіруге болмайды. Сондықтан оның тұтқасын кім ұтаса, соның қаруы қамал бұзады. Бұл – ақ пен қарадай шындық. Және ол біз ашып отырған жаңалық та емес. Бұл – сәт сайын мың құбылған бүгінгі ғалам үдерісінің ғибратынан түйген тұжырым.

Кешегі өткен кеңестік заманның идеологиялық қамту жұмысының бір арнасы – осы баспасөзбен жұмыс, оны тарату, биліктің халықпен байланысын баянды ету бағытында БАҚ-ты мейлінше тиімді пайдаланумен тікелей байланысты еді.

Әр дәуірдің өзінің озығы болады, тозығы болады. Шынын айту керек, өткен уақыттың бәріне топырақ шашу оны терістеу парасаттылық емес. Оның тозығын сыпырып тастап, озығын алып зама-на үрдісіне сай пайдалану да – білгірліктің белгісі.

Баспасөзге жазылуды ұйымдастыру, оны әрбір көкірек көзі ояу азаматтың міндетті ісі ете білу үлкен шеберлікті қажет етеді. Біз сөз басында ұлт үнжариясы «Қазақ» газетін шығарушылардың, оның жанашырларының баспасөзге жазылу мәселесіне қандай талап қойғанын айттық. Соның озық үлгісін кешегі кеңес дәуірінде идеология майданының тізгінін ұстағандар шеберлікпен пайдалана біл-ді. Бұл шаруаға олар бұқаралық сипат берді. Соның нәтижесінде бүкіл ел көлемінде идеологиялық қамту шаралары жүзеге асты. Сендіру, иландыру мәселесі жүз пайыз болмағанымен сексен, тоқсан пайыздың төңірегінде орындалып жатқаны – ақиқат. Бұл-ақпарат құралдарын биліктің тиімді пайдаланудың арқасында ғана мүмкін болған шаруалар.

Нарықтық экономика басталғалы бері газет-журналға жазылу әркімнің өз ісі деген пиғыл өріс алды да, бұл шаруада иесіздік пайда болды. Соның салдарынан газет-журнал оқымайтын ұрпақ өсіп шықты. Абайды, Сәкен, Ілияс, Мағжанды білмейтін, тіпті бүгінде билікте отырған кісілердің аты-жөнін білмейтін күйдіргілердің бар екені жасырын емес...

«Ештен кеш жақсы» дейді халық даналығы. Сондықтан бір жылдары экономиканы жоспарлаудан ат-тонымызды ала қашып, кейін айналып үйіріліп индикативті жоспарлауға келгеніміз секілді, баспа-сөзге жазылу бағытында да міндеттеу, жоспарлау саясатын жүзеге асыру қажет. Бұл – уақыттың өзі талап етіп отырған мәселе.

Әрине, ғаламда БАҚ-тың электрондық жүйеге көшуіне байланысты «газеттер мен журналдардың сайттық нұсқасын пайдалану жөнінде тәжірибелер бар емес пе» деген сауал туады. Рас, қазір Астана мен Алматыда, еліміздің бірқатар ірі-ірі қалаларында мерзімді басылымдарды оның сайттық нұсқасы арқылы оқу етек алып бара жатқаны мәлім. Бұл жұмысты, әрине, өрістете түсу керек. Қазіргі ғылы-ми-техникалық прогресстің озық үлгілерін пайдалану – кезек күттірмес мәселе. Бірақ бұл шаруа түбе-гейлі шешілгенше, әрбір қазақ отбасы оның мүмкіндігін барынша пайдалану жағдайына жеткенінше газет-журналды жылдар бойғы қалыптасқан дәстүр бойынша жазылу арқылы таратудан бас тартуға болмайды ғой. Шалғайдағы елді мекендерді «басылымдардың электрондық нұсқаларымен қамтама-сыз етеміз» деп жүріп, тәжірибедегі бар дәстүрден бас тартпаған жөн. Қажетінше, бұл шаруаны қатар өрістету керек.

Қазақ қоғамындағы газеттер мен журналдардың бұқара арасындағы тәрбиелеушілік ролі, ағарту-шылық миссиясы әлі кемімек емес. Бұл бағытта атқаратын шаруалар шаш етекпен! Сондықтан оны бағалау қадір-қасиетіне жету – іс басында отырған кісілердің азаматтық парызы. БАҚ – бағалай білсе-ңіз, қуатты қару, ал оны уыстап ұстай алмасаңыз осып түсер алмас қылыш.

Біз мақаламыздың басында мәселені тереңінен түсінетін кісілердің облыстарын айттық. Онда «баспасөзге жазылу – бүкілхалықтық іс» деп қараушылық жоғары екендігін және қосып жаздық. Ал бірақ бұл мәселеге теріс ыңғайымен қарайтын өңірлер де бар екені байқалып қалып отыр.

Айталық, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары. Бұл – тұтастай өз қандастарымыз тұратын өңірлер. Был-тырғы жылы, мәселен, Қызылорда облыс бойынша «Ана тілі» газетіне «Қазпошта» мекемесі арқылы 204 адам ғана жазылса, ал екінші жарты жылдықта оған 24 адам қосылып жыл бойына 228 оқырман ғана газетті қолына алып тұрды. Осы жағдайды ескеріп, мәселенің алдын алу үшін биылғы жылдың жазылым науқанына байланысты ерте бастан қамдандық. Дүркін-дүркін жазылым науқаны кезінде тілшілерімізді іс-сапарға жіберіп, осыған орай хаттар жолдадық. Облыстағы жағдайдың сын көтер-мейтіндігін айтып, облыс әкімінің кеңесшілеріне хабарластық. Ержан Уайспен ежелден таныс-білісті-гіміз бар еді, соны алға салып, жағдайды айттық. Обалы нешік, Ерекең бұл мәселеге шұғыл мән бере-тіндігін және дереу жергілікті жерлерге тапсырма беретіндігін айтып, пәтуаластық.

Мәселеге облыс әкімшілігінің назарын аударту үшін «Ана тілі» газеті екі рет материал жариялады («Құлдыққа бой ұрғандық па? Қызылордада Қытай жазулары бой көрсетіп жатыр» №43, 27 қазан-2 қараша, 2011 жыл, «Сыр азаматтарының мұнысы несі?» №45, 10-16 қараша, 2011 жыл). Осы екі жариялымда да әңгімемізге өзек болып отырған мәселе айтылған.

Қазір енді Республика бойынша жазылым деректерін қолға алып, сараптап отырмыз. Өкінішке қарай, Қызылордадағы жағдай сол күйінше қалған. Ежелгі Сыр елі мен жыр елінде биыл 243 оқырман ғана «Ана тілін» алып тұратын болады. Ащы да болса, ақиқат – міне, осындай...

Бұл жерде біз Сыр өңірін мекен еткен жалпақ жұртты кінәлап-күстәнәлап отырған жоқпыз. Мәсе-ле – жергілікті жерлерде осы бір мәселеге мән берілмегендігінде, атқамінерлердің оралымсыздығын-да болып отыр.

Әрине, «Қызылордадағы жағдай осындай болған екен» деп көш тоқтап қалмайды, өмір үдерісі өз заңымыен алға жылжи бермек.

Ұлу жылы қазақ тарихында үлкен үдерісті шаруалар қолға алынған жыл болып енген. Бұл жылдың қадір-қасиеті әуезе-әфсаналардың өзегіне айналып, оны құт-береке жылына айналдырудың ырым-жоралғылары жасалған. Сондықтан да бізде биылғы жылды жақсы тілекпен, оң ниетпен бастасақ деп отырмыз.

Ұлу жылы үмітімізді үкілесін!

1. *Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Тәуелсіздігінің жиырма жылдығы декларациясы // «Ана тілі», №50-51, 15 желтоқсан, 2011 жыл.*

2. *Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасы Пре-зиденті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Ана тілі», №5, 2-8 ақпан, 2012 ж.*

### **Резюме**

В статье рассматриваются актуальные вопросы становления и развития СМИ Казахстана за годы Независимости, на примере изданий, входящих в ТОО «Қазақ газеттері».

Анализируются проблемы подписки на газеты и журналы в условиях доминирования электронных СМИ и Интернета на медиарынке. Высказываются предложения по совершенствованию работы изданий в освещении планов и задач, поставленных перед страной Президентом и Правительством РК.

### **Resume**

This article is about actual problems of emergence and developing of Mass media in Kazakhstan since it became independent. The author investigates this issue on the examples of printed media which are included in JSC “Kazakh gazetteri”.

Also there is given a profound analysis in problems of subscription on newspapers and magazines in cause of the rivalries with TV and Internet. Additionally, author presents some ideas to improve these printed media according to the plans and tasks which have been given by President and Government of Kazakhstan.

## **THEORETICAL ASPECTS OF STUDY OF PARTY SYSTEM**

**T.K. Auelgazina** – *Doctor of political science, professor of chair of political science & social-philosophical disciplines of Institute for Master and PhD programs*

Depending on the situation of political parties in the political system, the interaction between them, such as political parties themselves formed the party system. E.Vyatr defined under the party system a set of relations between the legally functioning political parties, which is manifested in competition or in a joint struggle for

power or the exercise of power does not include either government institutions or non-partisan interest groups or other organizations of this type [1, p. 330-332]. It includes part of the party system, all legally existing political parties, including those that are very minor role because of its small size and weak effects, as well as anti-systemic Party, because they are in a relationship with the other parties fighting the system and thereby constitute part of it, although dysfunctional in relation to the whole system. Thus, party systems are a set of stable relations and relations of parties of various types with each other, as well as with government and other institutions of government.

Types of party systems differ in quantitative and qualitative criteria. In modern political science is the most common typology, based on the number of parties. On quantitative criteria consider the typology proposed by Duverger and Russian political analysts, V.P. Pugachev and A.I. Soloviev.

Thus, the number of active parties in the country highlights the following Duverger party systems:

- One-party, in which the current party is deprived of a competitor that could lead to her struggle for power;
- Two-party with two relatively equal values on the popularity of the competing parties;
- The number of multi-parties for more than three.

In contrast to this classification, the typology proposed by Pugachev and Soloviev, enables more detail to consider the party system. In turn, they emit a one-party (non-competitive) and multi-party system (competitive, adversarial) [2, p. 127].

Non-competitive one-party system - is that where the only party monopolizes political power. The party in a one-party system provides communication between leaders and masses, while Parliament and the electoral mechanisms or eliminated, or deprived of their true meaning. Characteristic of authoritarian and totalitarian regimes, and is widespread in developing countries.

There are two types of one-party system:

1) The despotic characterized in that it excludes even the nominal existence of other parties. In fact, these parties are part of the state apparatus. An example is the Communist Party.

2) Democratic species takes place, where in fact the current one party system disguised as a multi-party system, which is artificial. In her State Party exercises a total ideological and organizational control. Party satellites are integrated, as a rule, in organizations such as national or popular front. Their activity is tightly regulated.

Competitive or adversarial multi-party system - one where there are many parties, including opposition parties vying for power. It is divided into a system with one dominant (dominant) party and bipartisan multiparty an.

System with the dominant party - is a system in which for many years, despite the availability of basic democratic procedures and multiple parties, one party regularly wins elections and is dominated by the power structures. For example, the Social-Democratic Workers' Party of Sweden from 1932 to 1976 alone or in coalition, led in power. And in the last thirty years, this party is most often sought electoral success, getting the right to form a government.

Bipartisan (bipartisan) system - is a system in which the real struggles for power in the state are only two political parties. One of the parties in an election receives a majority of seats in Parliament forms the government, or leads to power and became President of the ruling. The other is the opposition. While in opposition, it monitors the activities of the ruling party, constructively criticize it and can not usurp the power in the country. The concept of "bipartisanship" does not mean that in a given society, there are only two political parties. There may be more, but the real contenders for power are the only two major, and the other party does not prevent them operate alternately.

There are two kinds of two-party system:

1) The classic version, in which the two major parties receive 90 percent of the vote, in connection with what other parties are denied access to power.

The classic version of bipartisanship may be "hard" and "flexible".

An example of a rigid two-party system is the existing system of governance in the UK. When making important political decisions all the deputies from each of the major parties - Labour or Conservative - to vote strictly in accordance with the decisions of the party. Violation of party discipline is punished severely enough.

Flexible two-party system exists in the United States. There congressman can vote for more freedom and less take into account the position of the party leadership.

2) The system of "two and a half parties," or "two plus one party," or "two plus" in which close to two major parties appear a third, less severe, but able to influence the outcome of the struggle for power. Supporting one of the major parties, such third party influences on the final success of one of the strengths of the parties and thus defines the contours of the government coalition. Such a system exists in Canada, Austria, Germany and other

countries.

Multiparty system - a system in which more than two parties are able to exert a strong influence on the political process, but none of them are able to govern itself, which leads to the formation of coalition governments that rely on heterogeneous and changing the parliamentary majority.

Such a party system tends to seek consensus and compromise, since neither party has any clear political domination. These inter-party agreements may be concluded for a period of electoral campaigns, as well as in Parliament to create a ruling coalition and form a coalition government. Each of these types of party systems has their advantages and disadvantages. Thus, the experience of Japan, Syria, Spain and other countries shows benefits in favor of a multiparty system with a monopoly of the ruling party. Politically stable development of the Netherlands, Denmark, Belgium, Austria and some other states favors the dominant party without multinational. Bipartisan model, steady in the U.S., UK, Canada, Australia and some other countries, gives citizens a choice, the government - change of course, society - stability, but also hinders the emergence of the political market of new parties. If it works in societies with shared core values, almost brings socio-cultural contradictions to the acute political confrontation. Where a "third party" can still make significant adjustments to the established political order (it selects a significant share of votes in party, preferred by 70-80% of voters), in a society formed all the prerequisites for a stable political middle.

However, despite the fact that existing in a State Party is easy to calculate a quantitative method of typology of party systems is not perfect: showing the number of party institutions, he does not reveal how many parties actually included in the process of government decision making. Therefore, a typology of party systems on the quality characteristics of the parties is preferable. Quantitative typology describes the way of the party, established in the developed democracies: Australia, Japan, Western Europe, the USA, the typology proposed by American political scientist of Italian origin Sartori to classify party systems in developing countries - Latin America, Asia and Africa. It gives a more complex classification based on the ideological distance ("polarity") between the parties. In his major work "The parties and party systems," Sartori offers seven-classification [3, p. 46]:

- A system with one party;
- System with a hegemonic party;
- System with the dominant party;
- Two-party system;
- System of limited pluralism;
- System of extreme pluralism;
- atomized system.

In essence, we are talking about different types of single-party and multiparty system.

One-party system is characterized by a monopoly of power by one party. Creation of other parties is prohibited by law. In this system, the party merges with the state. Major policy decisions are made by senior party leaders, the role of government officials in the main executive.

Experience with single-party systems in the XX century has shown their inefficiency and anti-democratic. The monopolization of power to the one party inevitably leads to voluntarism and the predominance of command and control in the long run - to the exclusion of citizens from politics. One-party system existed under the totalitarian regime in the USSR and Nazi Germany, Albania, Romania. They now exist in North Korea and Cuba. System with the party-hegemony, there is at present in China, who until recently was in Mexico and most countries in Eastern Europe.

Here "kvazimnogopartiynost" also creates a tendency for merging of party and state apparatus, although not to the same extent as in the one-party system. As a variant of one-party system, the system does not provide sufficient opportunities to express different ideas and interests that led to its crisis.

System with the dominant party, a long stay in power for one party in the presence of ineffective opposition. These were the Liberal Democratic Party of Japan and the Social Democratic Party of Sweden. In India, the dominant party is the Indian National Congress.

The system of domination can form a stable single-party government, but carries the danger of inertia and stagnation for the ruling party.

Two-Party System (bipartizm) suggests that the country has two strong parties, each of which is capable of self-acceptance of authority and its implementation as a result of the election. These parties are periodically replacing each other in power.

Bipartizm not exclude the existence in the country and other, less influential parties. They also participate in the political process, but can not actually claim to power. The classical model of two-party system has developed in the U.S., where the alternate at the helm of state power the Democratic and Republican parties. In

Great Britain after World War II and up until May 2010 a power struggle played out between the Conservatives and Labour.

Sartori classification system should be supplemented "the two parties and a half." For it is also characterized by competition between the two major parties, but none of them can not win an absolute majority in the elections to Parliament and to form the Government should enter into a coalition with a third party. This party plays the role of the balance of advantage for one of the leading parties. Such a system exists in Germany, where leading CDU / CSU and the Social Democratic Party of Germany (SPD) to form a government, just joined the unit with the Free Democrats. Such a system also exists in Canada, Australia, where the "third" parties have the opportunity to act as a regulator power. Recent elections in the UK also showed a tendency to a possible transition from the classical bipartisan to the "two and a half" parties.

Bipartism allows for relatively stable government as it creates a one-party government, free from the instability of coalition agreements. Opposition parties are here in line with the same basic values.

Two-party system simplifies the process of articulating and aggregating interests, since each of the competing parties seeks to summarize the requirements of different social groups in order to maximize their electoral base. However, the two-party system has been criticized for being debarred from participation in decision making minor parties, expressing the demands of the minority. The main symptom of a system of limited or moderate pluralism is the competition of several political parties, each of which is not in a position to win the most seats in Parliament and implement their own political power.

Typically, when such systems is acute problem of searching for allies and partners to build coalitions. In temperate pluralism, ideological differences between the parties are small. The system of moderate pluralism exists in countries such as Austria, Belgium, and the Netherlands, where three or four competing parties. The system of extreme (polarized) pluralism exists in countries such as Finland, Romania, etc. It has several features.

First, it involves parties who are opposed to the current system. These parties hold diametrically opposing ideologies - Trotskyism, anarchism, fascism, and others.

Second, it operates several political parties, united in two or more large blocks. These units contribute to the consolidation of political forces, to overcome fragmentation of the political process.

Third, access to government formation is possible only for parties of the center - right and left. The ends of the same party who are opposed to the current system can not take part in the formation of the Government.

Finally, for the atomized party system characterized by the existence of tens and even hundreds of parties (Malaysia, Bolivia). This system is ideologically diverse.

Practice has shown that there is no uniform standard in assessing the effectiveness of various party systems, although the most important reason to compare their activity is provided by the political system, sensitivity to social demands and needs of the population, including in decision-making process as many as possible powerfully important interests of the citizens, the ability of people to the democratic control over the activities of the ruling elites.

1. Vyatr E. *Sociology of political relations*. – M.: Progress, 1979. – 463.

2. Pugachev V.P., Soloviev A.I. *An introduction to political science*. – M.: Aspect Press, 2001. – P. 284.

3. Sartori J. *Parties and Party Systems: A Framework for Analysis // the theory of parties and party systems: A Reader / Comp Isayev. B.A.* – M.: Aspect Press, 2008. – P. 45-51.

### **Түйін**

Мақала саяси ғылымдағы өзекті мәселелердің бірі болып саналатын – қоғамдағы партия жүйесінің алатын орны мен рөлін ашып көрсетуге арналған. Осы орайда аталған мақалада саяси зерттеудің нысаны болып табылатын партия жүйесі мәселесінің мәні мен мазмұны ашылады. Сонымен қатар, автор партия жүйесінің теориялық негізін де талдап көрсетеді.

### **Резюме**

Статья посвящена одной из актуальных проблем в политической науке – место и роли партийных систем в обществе. А также в статье освещаются понятие и основные принципы партийных систем. Автор дает научный анализ теоретических подходов к изучению данной проблемы.

### **Summary**

Article is devoted to one of the important problems in political science - the place and role of party systems in society. Also in the article highlights the concept and basic principles of party systems. The author provides a scientific analysis of the theoretical approaches to the study of this problem.



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ТҮЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНЕ ӘСЕРІ

*Т.Қ. Әуелғазина – с.ғ.д., Магистратура және PhD докторантура институты, «Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер» кафедрасының профессоры Абай атындағы ҚазҰПУ*

**«Елдің қарқынды индустриалды-  
инновациялық даму бағдарламасы  
мемлекеттің құрылысымен тең»  
Қазақстан Республикасының  
Президенті Н.Ә. Назарбаев**

Жуырда Қазақстан ғылым-білімінің қара шаңырағы Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және PhD докторантура Институтының Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы ұжымының ұйымдастыруымен «Қазақстанның инновациялық саясатының түлғаның әлеуметтенуіне әсері» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелде Қазақстанның инновациялық саясатын жүзеге асыруға түлғаның әлеуметтену үдерісінің алатын әсеріне саясаттану, әлеуметтану, философия, мәдениеттану және дінтану ғылымдары негізінде ғылыми талдау жасалды.

Саяси ғылымдарының докторы, «Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер» кафедрасының профессоры Т.Қ. Әуелғазина дөңгелек үстел мәжілісін ашып, аталған іс-шараның еліміздің инновациялық саясатының басымдық бағыттары мен технологияларын жүргізудегі түлғаның әлеуметтену үдерісінің алатын орнын кешенді түрде талдауға арналып отырғандығын атап өтті. Толқын Құдайберген-қызы «инновация» ұғымының жаңару, жаңашылдық деген мағынаны беретініне тоқтала келіп, Қазақстан Республикасының жаңаруы жағдайындағы мемлекеттік құрылымның барлық саласында инновациялық зерттеулер жүргізу бүгінгі қоғамның сұранысы екендігіне ерекше назар аударды.

**Р.Б. Әбсаттаров – философия ғылымдарының докторы, профессор:** – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл толған бүгінгі кезеңде қазақстандық қоғамда еліміздің индустриялық-инновациялық әлеуетін құрып, нығайтуға бағытталған шаралар жүйесін жүзеге асырудың маңызы зор. Себебі біздің заманымызда әлемдік қауымдастықтың алдыңғы қатарлы мемлекеттері индустрияландыру мәселесіне қайтадан үлкен назар аударып, инновациялауға екпін түсіруде. Яғни, әлемнің үлкен елдері, батыстың дамыған мемлекеттері, Қытай мен Ресей, Жапония осы істе барған сайын алға басып, өздерінің инновациялық өнімдерін кеңінен таратуға көшті. Сондықтан біздің еліміз де оны тек тұтынушы болып қалмауы тиіс. Қазақстанда инновациялық даму мәселесіне үлкен көңіл бөлу қажеттілігі туындап отыр. Осы орайда қазақстандық қоғамда «Қазақстанның инновациялық дамуына шолу» бағдарламасы қабылданып, инновациялық жобаларды қаржыландыруға бағытталған банктер мен Ғылым қоры, Ұлттық инновациялық қор АҚ, ҚазАгроИнновация, венчурлық қорлар, өңірлік тех-нопарктер, коммерцияландыру офистері, салалық конструкторлық бюролар, Технологиялар транс-фертінің халықаралық орталығы секілді даму институттары және жаңалыққа ынтық кәсіпкерлер тобы елімізде инновациялық дамуға қажетті құрылымдарды құруға атсалысуда. Мәселен, 2011 ж. желтоқ-санда Астана қаласында өткен «Инновациялық Қазақстан – 20 жылдық тәуелсіздік жолынан кейінгі болашаққа көзқарас» атты Инновациялық форумның жұмысы аясында Инновациялық жобалар көр-месінің ашылып, оған Қазақстанның барлық аймақтарынан жинақталған және экономиканың түрлі салаларын қамтитын 68 жобаның қойылуының маңызы ерекше болды.

Еліміздегі «Ұлттық инновациялық қор» АҚ 2003 жылы құрылған болатын. Қор өз қызметін Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық мемлекеттік бағдарламасын орындау аясында жүзеге асыруда. Қор жұмысының басты мақсаты – еліміздегі инновациялық белсенділікті арттыруға және жоғары технологиялық, ғылымды қажет ететін өндірісті дамытуға ықпал ету болып табылады.

Бұл ретте республикамызда бәсекеге қабілетті өнім шығаратын өндірістерге басымдық беру, индустриялық-инновациялық дамудағы өңірлердің ролін күшейту қажеттігі аса маңызды мәселелердің қатарында.

Әрине, үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыруда бәсекелестік

жүгі-нің басым салмағы өңірлердің үлесіне тиеді. Себебі инновациялық саясаттың табыстылығын өңірлік дамудан тысқары қарастыру мүмкін емес. Сондықтан да олар «Инновациялық өсім нүктелеріне» айналуы тиіс. Бірінші кезекте кәсіпорындарды жаңғыртуға, экономиканың басым секторларына инвестиция тарту, арнаулы экономикалық және индустриялық аймақтарды, ұлттық инновациялық жүйені, көліктік логистиканы дамыту, энергия тиімділігін арттыру, минералдық-шикізат ресурстарын тиімді пайдалану, шикізаттық емес экспортты жылжыту міндеті алға қойылады. Аталған көкейтесті міндеттерді жүзеге асыруда әр қазақстандық азаматтың белсенділігі мен ынталылығының мәні ереше.

**З.И. Ашимова – саяси ғылымдарының кандидаты:** – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзгерістер менеджменті негізінде еліміздің дамуын нақты жоспарлай отырып, «Әуелі – экономика, содан кейін саясат» деген ұстанымды негізге алды. Сондықтан биылғы жылы Президент өз Жолдауында мынадай нақты бағыттағы формулаларды ұсынды: «Біз бүкіл Қазақстанды алып құрылыс алаңына айналдырып, мыңдаған жұмыс орнын құрамыз. Тұрғын үй, ірі кәсіпорындар құрылысы төңірегінде құрылыс индустриясы, металлургия, өңдеу өнеркәсібі дамитын болады».

Осы айтылғандардың негізінде Қазақстанның барлық өңірлерінің өкілдері елдің өсуі мен дамуы үшін нақты бағыттарды табуға мүмкіндігі бар.

Жолдауда бүгінгі күннің ең өзекті мәселелері көтеріліп қана қоймай, оларды шешу жолдары да нақты көрсетілген. Президент Нұрсұлтан Назарбаев адам капиталын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Атап айтсақ, халықты еңбекпен қамту есебінен жұмыссыздықты жою, жалдамалы пәтерлерді көптеп қолданысқа енгізу арқылы қазақстандықтар үшін қолжетімді баспанаға қол жеткізу мүмкіндігін туғызу, дені сау, білімді ұрпақ өсіру, бұқаралық спортты дамыту – осының бәрі адам капиталын көтеруге негізделген шаруалар.

Жаңа Жолдаудың бұрынғы жолдаулардан ерекшелігі елімізді әлеуметтік дамудың сапалы әрі күр-делі жолына салуы екендігі сөзсіз. Осы орайда республикамызда өмірдің жаңа сапасын жасау үшін, Қазақстанның барлық өңірлерінде ел экономикасының алдыңғы қатарлы кластерлерінің индустриялық-инновациялық жобаларын іске асыру үшін керектігі алға қойылып отыр. Міне, осындай міндет-тер жүйесін іске асыруда тұлғаның әлеуметтену үдерісінің маңызы зор.

**Т.Қ. Әуелғазина – саяси ғылымдарының докторы, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры:** – Өз ісінің білгірі мен кәсіби маман ғана кез келген даму үдерісінің негізгі күші екені. Осы орайда алдымызда тұрған көкейтесті міндеттердің бірі – қоғам мүшелерін республика өміріндегі маңызды өзгерістерді өмірге ендіруге қабілетті, саяси сауатты, саяси белсенділігі жоғары инновациялық тұлға етіп қалыптастыру болып табылады. Бұл ретте қоғамдық жүйедегі тұлғалардың инновациялық санасы мен көзқарасын, инновациялық мәдениеті мен ұста-нымдарын жетілдіруде әлеуметтену үдерісінің мәні ерекше.

Әлеуметтену үдерісі деп – тұлғаның қоғамдағы ілімдер мен құндылықтарды, ережелер мен мақсат-мұраттарды қабылдап, соның негізінде санасы мен мәдениетін дамыту, белгілі бір ұстанымдар мен міндеттерді жүзеге асыру, өзінің әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдық іс-шараларға белсене қатысу және өз тәжірибесін кейінгі ұрпаққа жеткізу арқылы әлеуметтік тұрғыда қалыптасуын айтамыз.

Іс жүзінде саяси әлеуметтену үдерісі жеке тұлғаның балалық шағынан бастап оның бүкіл саналы өмірінде жалғасады. Тұлғаның әлеуметтену үдерісі екі түрлі жолмен жүзеге асырылады. Біріншіден, бұл – мәдениет ережелерінің жиынтығын көрсететін аға ұрпақтың тәжірибесін жаңа ұрпақ өкілдеріне жеткізуі болып саналады. Ол отбасындағы тәлім-тәрбие, білім беру жүйелері, БАҚ және т.б. арқылы беріледі. Екіншіден, бұл – тұлғаның жаңа, бұрын өзіне мәлімсіз болған ілімдер мен ұстанымдарды, іс-тәжірибелерді игеруі. Шынайы өмірде екі бағыт түйісіп, бірін бірі толықтырады. Сөйтіп, тұлға өзінің әлеуметтенуі кезінде өмір сүріп жатқан қоғамдағы қоғамдық-саяси қатынастардың сипатын, өмір тәжірибесін, оның ерекшеліктерін, қолданыстағы ережелерді, саяси құндылықтар жүйесі мен әдет-дағдыларды, бейнелер мен рөлді меңгерумен қатар, оларды өзінің ұстаным, қағидасына сәйкестендіріп жаңартады. Нәтижесінде, тұлға әлеуметтік тұрғыда жетіліп, түрлі қоғамдық ұйымдар мен қозға-лыстардың, топтардың жұмысына белсенді түрде қатыса бастайды. Тұлғаның меңгерген құндылықтары мен бағыт-бағдарлары және қалыптасқан әдет-дағдылары оның белгілі бір әлеуметтік рөлді атқа-рып, мінез-құлқының орнығуына мүмкіндік береді. Осылайша, қоғам тұлғаның әлеуметтену үдерісі арқылы оны азаматқа айналдырса, ал әлеуметтенуші тұлға мемлекеттік құрылым мен қатынастардың дамуына шығармашылық тұрғыда ықпалын тигізіп, қоғамдық қатынастарды жаңартады.

Қоғамдық құрылымда тұлғаның әлеуметтену үдерісі қоғам өмірінің саяси, әлеуметтік, рухани, эко-номикалық, құқықтық, мәдени, діни, демографиялық сияқты бар саласымен тығыз ықпалдасатын мемлекеттік саясат арқылы жүзеге асырылады. Осы орайда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі-не 20 жыл толған бүгінгі кезеңде еліміздің индустриалдық-инновациялық саясаттың ауқымды міндет-терін іске асыру әр қазақстандық азаматтың белсене атсалысуын талап ететіні белгілі. Сондықтан тұлғаның әлеуметтенуі мәселесін инновациялық саясатты жүзеге асырумен байланыстыра қарастыру-дың маңызы айрықша.

**С.Е. Нұрмұратов – ҚР БҒМ Ғылым Академиясының Философия және саясаттану институтының директорының орынбасары, философия ғылымдарының доктторы, профессор:** – «Ел-басымыздың үстіміздегі жылғы халыққа арнаған Жолдауындағы басымдыққа ие индустриалды-инно-вациялық мәселелер еліміздің барлық жерлерінде қызу талқыланып жатыр. Ол қоғамның дамуына сындарлы бағыт беріп отыр. Елімізде жасалып жатқан іс-шаралардың барлығы халқымыздың бірлік-те, ынтымақта бейбіт өмір сүруіне қолайлы жағдайларды жасаумен астасып жататындай. Осындай идеологиялық ұстанымның бүгінгі таңда қажет екеніне көз жеткіземіз. Еліміз осы тарихи кезеңге де-йін қол жеткізген құндылықтар жүйесін, жетістіктерін, мәдени мұрасын барынша ұқыптылықпен сақ-тауы керек және оны сонымен қатар келесі ұрпаққа сабақтастықпен жеткізе де білу керек. Бұлардың барлығы бізді отансүйгіштікке, жауапкершілікке қарай итермелейді. Әркім өз ісіне шебер болмаса, оның сапалы орындалуына жауапты болмаса өркениетті елдер қатарын қосылу қиындау соғары анық.

Президент еліміздегі жас кадрларды дайындау ісіне үлкен маңыздылық берді. Кәсіби тұрғыдағы білікті мамандардың көбеюі, олардың техника мен технологияны игеруі қазіргі экономикалық бәсеке-лестік белең алып отырған заманда өте маңызды екені анық. Сондықтан да бұл жайт қазіргі кезде қоғамдағы әр азаматты, оның ішінде әсіресе, жастарды ойландыру керек.

Бүгінде әлемдегі дамыған елдердің барлығы дағдарысқа түсіп жатыр. Осындай дағдарысқа төтеп беру үшін, Қазақстан халқы зияткерлік қоғам құруымыз керек. Зияткерлік қоғам дегеніміз – әрбір қоғам азаматының өзінің білімі мен күш-жігеріне сенуі. Түп мәнінде интеллектуалды ұлтты, зияткер-лік қауымдастықты қалыптастыру еліміздің рухани әлеміндегі басты қадамдарының қатарына жата-ды. Білімділік пен ағартушылықты аңсаған өткен ғасырлардағы қазақ зиялыларының арманы да осы еді. Жай ғана сауатты ұлт емес, өзінің зияткерлік деңгейі жоғары халыққа айналу ниетіміз бар. Жаңа ғасыр жаңаша міндеттер қояды және соған да сәйкес келуіміз керек. «Қазақ, орыс және ағылшын тіл-дерін еркін меңгерген, әлеуметтік жағынан белсенді, мобильді, өзгерістерден қорықпайтын ұрпақ» қалыптастыру қажет екендігін Елбасы бұрынғы жиындарда айтып жүргені белгілі. Осы идеяның бас-ты бағдары, іргетасы әрбір қазақстандық жас буынның ешкімнен кем емес, оқшауланбаған өркениетті елдердің азаматтарындай болғанын қалауда деген ойдамыз.

Қазіргі таңда елімізде 149 әртүрлі деңгейдегі жоғары оқу орындары бар екені статистика бойынша белгілі. Ал, енді олардың 94-і жеке меншікке жатады. Егер шындыққа тікелей қарап, нақты деректер-ді келтіретін болсақ, онда еліміздегі көптеген жеке меншік жоғары оқу орындардың деңгейі сын көтермейді, оларда берілетін кәсіби білім заман талабына сай емес десе де болады. Қолына диплом ұстаған жас маман көп жағдайда білікті маман болуға дайын болмай шығады. Формальды түрде жоғары білімділер санын көбейту өкінішке орай әлі де жалғасуда. Сондықтан осы салада қоғамымыз-ды рухани және интеллектуалдық биіктерге көтеретін біршама сапалы өзгерістер керек. Өйткені, зияткерлік жолға түсу қоғамымызда бірнеше алдыңғы қатарлы мектептер мен өнеге болатын универ-ситеттерді құрумен шектелмейді. Ол нағыз интеллектуалдық секіріс жасайтын жалпы халықтық қоз-ғалысқа айналуы тиіс. Оған тек ғана білім беру саласы ғана емес, сонымен қатар өнер де, дәстүрлері-міз де, діни ұйымдар да атсалысуы керек деген пікірдемін. Әрбір азамат заманауи техниканы меңге-ріп қана қоймай ақпараттар ағынында тұлғалық мағынада пайдалы деректерді алуға үйренуі тиіс. Бұл өз кезегінде жастардың тәрбиесі мәселесін өзектендіре түседі. Еліміздің жастары тұтынушы психоло-гияның жетегінде кетпей нағыз әмбебап, толыққанды азаматтар болып өскенін қалаймыз.

Сонымен, инновациялық қоғам дегеніміз – әр азаматтың өзінің біліміне, мүмкіндігі мен қабілетті-лігіне сенімді болуы. Неғұрлым қоғамда белсенді азаматтар көбірек болса, солғұрлым зияткерлік тезі-рек қоғам орнайтыны анық. Осы мағынада атқарылатын әрбір шығармашылықтың әрекеттің барлы-ғын қолдау керек. Өнер адамы да, ғалым да, іскер азамат та ел бірлігі үшін не атқарса да биік деңгей-де насихатталғаны жөн. «Жұмылып көтерген жүк жеңіл» дейді дана халқымыз. Сондықтан ұлттық зияткерлікті дамыту жолында атқарылатын қадамдардың барлығы

баршаның ортақ ісі екені анық дей келіп, Серік Есентайұлы ұлт зиялысы Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» атты өлеңін алдыға тартып, жастарды қоғамның барлық саласына қызу жұмылдыру керек деп жастарға үлкен сенім артты.

**М.С. Садырова – социология ғылымдарының докторы, профессор:** – XXI ғасыр – білім ғасыры екендігі баршаға мәлім. Сондықтан бүгінде «білім экономикасы» ғаламдық дамудың тегеурінді тетіктерінің біріне айналды.

Бұл ретте қазақстандық білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі мен жаңа мазмұндағы жүйесінің басты міндеті – қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді қажет жағдайда пайдалану икемділігін меңгерген, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдайтын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бұл міндетті жүзеге асыру жас ұрпақты іс-әрекетті атқарушы объектіден жеке тұлғаның өзін-өзі басқару мен орындауға қабілетті субъекті деңгейіне дамыту арқылы мүмкін болады.

Осымен байланысты Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне кіру мақсаты көзделіп, еліміздің дамыған елдермен қатар тұра алатын өркениетті ел ретінде танылып, олармен білімі мен ғылымы, мәдениеті мен технологиясы теңесуі үшін маңызды істер атқарылуда. Аталған мақсатқа жету үшін білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үдерісін жетілдіру, жас ұрпақтың танымдық қабілетін дамытудың негізінде сапалы деңгейге көтерілудің көкейтестілігі айрықша. Білімді жеке тұлғаға бағыттау, жас жеткіншектердің өзін-өзі тануын, өзін-өзі тәрбиелеуі мен ақыл-ойын дамытуын жүзеге асыру, яғни, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың міндеттерді жүктеп, жаңашыл іс-әрекетке жетелейтіні сөзсіз жайт. Бұл ретте республика-мызда халықаралық стандарттар негізінде білім беретін Назарбаев Университеті мен Зияткерлік мек-тептердің қызметінің өрістеуі елімізде жаңа технологиялар құруға ықпал ететін инновациялық-интел-лектуалдық кластерлерді қалыптастырудың алғашқы қарлығаштары болып табылады. Қазіргі кезең-дегі еліміздегі ең өзекті мәселенің бірі – бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандар дайындау. Сондықтан бүгінгі күні жоғары оқу орындарының білімді, білікті, саналы азаматтар тәрбиелеуі аса зор қоғамдық қажеттілік. Яғни, еңбек нарығындағы бәсекеге сәйкес инновациялық тұлға қалыптасуы керек.

Бұл міндет білім алушы жастардың шығармашылықтарын арттырып, өздігінен білім алуға және алған білімін іске асыра білуге үйретуді міндеттейді.

**Қ.Е. Юсупов – Саясаттану және әлеуметтік-экономикалық пәндер кафедрасының «Әлеумет-тану» мамандығының PhD докторанты:** – Қазіргі кездегі адам мен қоғамның өз мүмкіндіктерін дамыту инновация арқылы жүзеге асып жатыр. Бүгінде күнделікті өмірде «индустриалды-инновациялық даму» термині кеңінен қолданылуда. Өйткені Қазақстан үшін инновацияның рөлі жоғары болып отыр. Қоғамның түрлі салаларында жүргізіліп жатқан сан алуан инновациялар іс жүзінде біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының алғышарты болып табылады. Осыған байланысты еліміздің 2003 ж. 2003-2015 жылдарға арналған Индустриалды-инновациялық даму Стратегиясын, 2010 жылы Қазақстан Республикасының Үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың 2010-2014 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын қабылдауының мәні зор.

Сонымен бірге, қоғамдық құрылымда инновацияларды дамыту бағытында Инновациялық форум, инновациялық жобалар бойынша Республикалық конкурстар, дөңгелек үстелдер және т.б көптеген конкурстар мен іс-шаралар жиі өткізілуде. Аталған шаралар Қазақстан қоғамының инновациялық әлеуетінің өсуіне және осы идеялардың жастар арасында қызығушылықтарының артуына әсері зор. Себебі түрлі сипаттағы үдерістерге қатысу арқылы тұлғаның әлеуметтенетіні белгілі.

Ал, инновациялық тұлға көшбасшылық дағдысымен, жаңалықтарды енгізуге деген қабілеттілігінің жоғары болуымен анықталады. Осы орайда инновациялық тұлға қоғамдағы әртүрлі инновацияларға терең ұмтылып, әрдайым жаңалыққа жаны құмар болып, әр нәрсеге терең қызығушылық таныта біледі. Инновациялық мінез-құлықты жұмысшының құндылығы өте жоғары, ал әлеуеті аса жоғары деңгейде болатыны анық дей келе, болашақта әрбір азаматтың бойында инновациялық тұлғаға тән мінез-дер қалыптасса деп ойлаймын.

**Ә.И. Шалтықов – саяси ғылымдарының докторы, профессор:** – Қазақстан Республикасының дамыған 50 елдің қатарына кіру міндетін алдына негізгі мақсат етіп қойып отырғаны баршаға мәлім. Бұл ретте аталған мақсатқа жету бүкіл Қазақстан азаматтарының маңызды мақсатына айналуы керек. Осы орайда Қазақстан Республикасының шетелдермен инновациялық

ынтымақтастық орнатуының стратегиялық мәні ерекше. Мәселен, мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2011 ж. ақпанда Германия Федеративтік Республикасына барған ресми сапарында канцлер Ангела Меркельмен кездесіп, ұзақ мерзімді мемлекетаралық келісімге қол қойды. Осы сапарда жалпы инвестиция көлемі 4 млрд. Еуро-ны құрайтын шамамен 50 шақты экономикалық құжат ресімделді. Іс жүзінде аталған барлық жобалар Қазақстан аумағында алдыңғы қатарлы неміс білімі мен технологиясы қолданылатын 30 жаңа өндіріс орнын құруды қарастырады.

Ал, Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастық нәтижесінде біздің елімізде 2,3 млрд. доллардың жаңа 12 жоғары технологиялық жобасы іске асырылады. Күні бүгінге дейін алты жоба бойынша 375 млн. доллар игерілді. Өскеменде француз аэробустарына қажетті тетіктер шығарылуда. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры осы елден 4 миллиардтан астам доллар инвестиция тартып отыр. Бұл да Елбасының осы елге 2010 ж. ресми сапарының шапағаты. Болашақта қазақ-француз қарым-қатынасының әлі де берері мол.

Сол сияқты Қазақстан мен Корея арасында 1992 жылы басталған дипломатиялық қарым-қатынас та күні бүгінге дейін сәтті жалғасып келеді. Екі ел арасындағы стратегиялық әріптестік, тұрақты қарым-қатынас нәтижесінде байланыс аясы кеңі түсті. Қазақстанда жүздеген біріккен кәсіпорындар ашылып, бұл елден миллиардтаған доллар инвестиция тартылды. Ал, ежелден көршілес жатқан Қытай мен Ресейден құйылып жатқан инвестиция көлемі қазір бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерілді. Сондықтан Қазақстан әлемдік рейтингтерде жоғары ұстанымдарды иелену үшін әлемдік өркеніеттің инновациялық жобаларын ескере отырып, дамуының маңызы ерекше.

**С.Қ. Шілдебай** – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент: – Қазір Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистратура және PhD докторантура Институты экономика мен құқық, қаржы мен ақпараттық технология, филология, педагогика, саясаттану, элеуметтану, философия т.б. салалардағы біліктілігі жоғары мамандарды даярлауда жетекші білім ошағының бірі болып отыр. Мамандарды даярлау педагогикалық, экономикалық, гуманитарлық және жаратылыстану мамандықтары бойынша жүзеге асырылады.

Еліміздің кәсіби біліктілігі жоғары мамандарға деген сұранысын қанағаттандыруға, жас буынды қазынасы мол ғылымға баулуды мақсат тұтқан университет мемлекетіміздің мүддесіне сай тұрақты дамуда. Оған оқу ордасының бүгінгі тыныс-тіршілігі куә. Профессорлық-оқытушылық құрамның сапасы мен саны өсіп келеді. Ғылыми зерттеулер көбеюде, олар республиканың ғылыми орталарында жоғары бағаларға ие болуда. ҚР білім және ғылым министрлігі тарапынан жыл сайын өткізіліп жатқан аралық мемлекеттік бақылаудың нәтижелері, түлектердің жұмысқа орналасуы, жұмыс берушілердің ризашылықтары – университет жұмысының жемісті жүріп жатқандығының айқын көрінісі. Бұл ретте университетте жыл сайын инновациялық білім беру технологиялары енгізіліп келеді.

**Қ. Матжанова – Саясаттану және элеуметтік-экономикалық пәндер кафедрасының «Дінта-ну» мамандығының магистранты:** – Еліміздің сындарлы саясатының арқасында қазақстандық қоғамда инновациялық үдерістерге негізделген білім беру ісі жолға қойылып, сапалы білімге үлкен көңіл бөлінуде. Халқымыз «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп жайдан-жай айтпаған. Білімнің дамуы – бұл қоғамның алға жылжуы, адамзат өркениетінің өнегелі өлшемі. Сондықтан да бүгінгі таңда білімге қойылып отырған талап биік. Қазіргі заманда ақыл-ой бәсекесі ерекше маңызды. Соның ішінде білім саласында болып жатқан жасампаз өзгерістердің мәні зор. Жаңа технологиялар, инновациялық өзгерулер, компьютерлік басқару секілді жаңа заман талаптары білім деңгейін жоғары сапаға көтеруді күтеді. Бұл орайда еліміздің жас ұрпақ өкілдерінің көштен қалуына еш болмайды. Бүгінгі жастар – ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің басты көрсеткіші болып табылады.

**Автордан:** Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл толған бүгінгі кезеңде еліміздің индустриялық-инновациялық саясатының ауқымды міндеттерін іске асыру әр қазақстандық азамат-тың белсене атсалысуын талап ететіні белгілі. Сондықтан тұлғаның элеуметтенуі мәселесін инновациялық саясатты жүзеге асырумен байланыстыра қарастырудың маңызы айрықша. Индустриалды-инновациялық дамуға, жаңғыртуға, зияткерлік элеуметтің өсуіне бағытталған еліміздің магистральдық бағыты экономиканы нығайтудың, қоғам тұрақтылығының, халықтың әл-ауқатының артуының, бола-шаққа деген сенімнің кепілі болып табылады. Осы орайда Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясының қабылданып, жүзеге асырылуы – тәуелсіз Қазақстанның кемел келешекке ұмтылғандығының айғағы екендігі сөзсіз. Сондықтан мұндай сипаттағы дөңгелек үстелді өткізу

ұстаздар мен шәкірттердің арасындағы ғылыми сабақтас-тықты жүзеге асыруға мұрындық болумен қатар, олардың кәсіби қарым-қатынасы мен тәжірибелерін өзара алмасуына мүмкіндік беретіндігі сөзсіз жайт, – деп қорытындылады.

В качестве вывода этого раздела используем концептуальную идею выхода из существующего глобального кризиса, предложенную нашим Президентом Н.А. Назарбаевым в известной статье «Ключи от кризиса» [102]. Согласно его размышлениям, в будущем будет сформирован совершенно новый мировой капитал – «мировое саморастущее богатство, основанное на новой бездефектной мировой валюте». Для понятного определения этого нового мирового богатства, естественно, необходимо новое, правильное, адекватное его содержанию обозначение. Президент предположил, что наши потомки, используя красивое древнегреческое слово «акме» (обозначающее высшую стадию развития чего-либо), радикальный новый уклад мира могут называть словом «акметализм» или «акме-капитал», или «акметал».

Данный не тривиальный подход с введением нового концепта для будущей стадии развития мира, по замыслу Главы государства, позволит нам с практической стороны лучше подготовиться к его наступлению, глубже уяснить и понять, в чем заключается сущность обновления мира, позволит использовать новые инструменты обновления и навигации.

В этом контексте выделим, что новая модель социальной политики, по-нашему глубокому убеждению, формируется не за один год, а на протяжении длительного периода, путем преодоления и устранения определенных проб и ошибок. Значительный вклад в формирование современной модели социальной политики, на наш взгляд, вносит сформированный десять лет

назад руководством нашего государства специальный резервный Национальный фонд. Средства этого фонда пополнялись за счет откладываемой части доходов от экспорта сырья. Фонд был создан как для развития человеческого капитала (потенциала нации), формирования сбережений для будущих поколений, так и для выполнения стабилизационных функций в условиях кризисов. В настоящее время он подтверждает свою значимость и перспективность в полной мере, поддерживая в достаточно устойчивой динамике реализацию основных экономических и социальных программ.

А самое главное, с социальными проблемами современности невозможно будет справиться, если не будет интеграции, как глобальной, так и региональной. И приоритетным направлением всех анти-кризисных мер, безусловно, является сохранение внутривластной стабильности и общенационального согласия в республике.

1. Ашимбаев М.С. *Политический транзит: от глобального к национальному измерению.* – Астана, 2002. – 304 с.

2. Назарбаев Н.А. *Ключи от кризиса // Российская газета.* – 2009. – 2 февраля.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОЛОГИЯ ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ САЛАСЫ РЕТІНДЕ

**Г.Г. Кожантаева** – ҚазҰПУ-нің «Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер» кафедрасының 2 курс магистранты

Жалпы экология техника-антропогендік қызмет үдерісінде елеулі түрленуге ұшырамаған табиғи экожүйе шеңберіндегі өзінің тиімді және эвристикалық маңыздылығын айқындаған болатын. Биологияның бір саласы ретінде дами отырып, экология өзінің бір бағытты іргетасын көтеріп отырды.

Дегенмен де социумның өндірістік-шаруашылық және әлеуметтік, мәдени қызметі тарихи қалыптасқан экожүйенің түбегейлі өзгеру үрдісіне себепші болды. Өркениеттің материалдық-энергетикалық қажеттіліктерінің көбеюі адамзаттың «организм-орта» жүйесіндегі табиғи құбылыстар мен үдерістерді деформациялай отыра биосфераның табиғи биомассасының көп бөлігін қайта өңдеуіне әкеліп соқтырды.

Биосфера негізінен алғанда түгелдей дерлік техника-антропогендік қызметке (биосфераның «әлеу-меттенуі») қосылды. Сонымен қатар биосфера «бумеранг принципі» шеңберінде қоғам елеуге мәж-бүр болатын (социумның «экологияландыру») тұрақсыздануды туғыза отырып, өркениетке әсерін тигізеді және де пайда болған «организм-адам-орта» жүйесі «организм-орта» дәстүрлі жүйесіне қарағанда табиғи және жасанды (әлеуметтік) үдерістердің тоғысуы болып саналады.

Экологияда бағыттар мен стереотиптердің ауысуына деген қажеттіліктер сезілді. Экологияның биологизмі социомәдениеттік динамиканың есебімен толықтырылуы қажет болатын. Бұдан «кішіден» «үлкен экологияға», «жоғары қабаттан» «терең экологияға» өту қажеттіліктері жөнінде түсінік-тер туындады. Бұл жердегі ойдың мәні дәстүрлі экологияның анализ жасау саласын кеңейту керектігі жөнінде, яғни тек қана тірі организмнің табиғатпен өзара қарым-қатынас заңдылықтарын әшкерлеп қана қоймай, сонымен қатар адам феноменіне, оның табиғи орта мен өзара қатынасының ерекшелік-тері мен өзгешеліктеріне назар аударуы тиіс [1, с. 220].

Экологиялық парадигманың ауысуы шетел ғылымындағы XX және XXI жүзжылдықтардағы болып жатқан түбегейлі өзгерістерге сай келеді.

Біріншіден, тек макро және микроәлем емес, сонымен қатар мегаәлемде таралған ғылымның объектісі елеулі түрде кеңеюде. Бұл танымның эмпирикалық, теориялық және интуитивтік деңгейле-рінің өзара байланысын, танымдық үдеріс пен ондағы аксиологиялық элементтердің «субъективтен-діру деңгейінің» артуын болжайды.

Екіншіден, жеке ғылымдық көзқарастардан жекелігін жоғалтпай, керісінше оларға сүйене отырып, сонымен қатар болмыстың интегративті елесіне бағытталатын әлемнің жалпығылымдық картинасына ауысуын үдетеді.

Үшіншіден, сызқты емес, екіге тармақтанғандық, динамизм тән ойлаудың синергетикалық стилі қалыптасады. Оның негізінде субъектінің танымдық үдеріс (объектіге) құрылымына иманентті кіру-ден шығатын танымдық қызметтегі антропты принципі дамиды.

Ғылымдағы бұл үрдістерді есепке алсақ, «жаңа типтегі» экология теориялық құрулардағы және

тәжірибелік ұсыныстардағы «адами контексті» есепке алуға тырысып, өзінің интегративті қабілетті-ліктерін динамикалық түрде іске асыруда. Алайда экологияның «социологизациясы» мүлдем конъюнктуралы емес.

Әлеуметтік экологияның табиғи түбірін адамды танудағы аристотельдік-антикалық ғылым шеңбе-ріндегі биологиялық білім бастауларынан шартты түрде табуға болады. Дегенмен де тек XIX-XX ғғ. шетелде табиғи ортадағы адамның түрлендіру рөлі түсінігінің шынайы алғышарттары қалыптаса бас-тады [1, с. 222].

Қоғам мен табиғатқа деген әлеуметтік экологияның ұсынатын әдіс-амалы елеулі түрде интеллект-туалды талап ретінде көрінгенмен, ол дуализм жеңілдігі мен редуционизмнің дамымағандығынан қашады. Әлеуметтік экология олардың арасындағы ерекшеліктерді, бір жағынан өзара сіңісу дәреже-сін елемей, табиғаттың баяу түрде белгілі кезеңмен қоғамға трансформациялануын көрсетуге тырыса-ды. Біз өзіміздің алғашқы инстинктерімізбен бірге сүтқоректілер қатарында болсақ та, бірақ біз олар-ды институцияландырып, әртүрлі қоғамдық формалардың арқасында сол арқылы еріп отырдық.

Алайда әлеуметтік экология тек қана осындай табиғатқа қамқорлық секілді сыртқы сұрақтарды тудырып қана қоймай, сонымен қатар бұл әдістерді тудырған мәселелер және уақыт аралығындағы жинақталған аса маңызды табиғат пен қоғамның әрекеттесуінің әртүрлі тәсілдері мәселесін де қояды.

Өзімізге тән қабілетіміз болса да, біз табиғат және қоғамдық эволюцияның өнімі болып саналамыз. Біз органикалық дифференциалдану мен даму дәуірінің жалғастырушысы ретінде есептелеміз. Бар-лық өмірдің күрделі формалары ретінде біз табиғи эволюцияның бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар біз оның мұрагері және табиғи көбеюдің өніміміз.

Әлеуметтік экологияның қазіргі экология ғылымына тигізген аса маңызды пайдасы – социумды табиғатқа қарсы қоятын негізгі факторлар бастапқы табиғи емес, ішкі қоғамдық дамудан пайда болды деген жорамалы, яғни табиғат пен қоғамның бір-біріне қарсы екі лагерьге бөлінуі қоғамның бөлінуі салдарынан туындап отыр. Бұл «адамзат» кең ұғымымен бүркелетін ертеден келе жатқан адамдар арасындағы жанжалдар болып табылады.

Алайда бұл көзқарас түгелдей дерлік экологиялық және әлеуметтік теорияға қайшы келеді. Қазіргі заманғы экологиялық қозғалыстардың либералдар, консерваторлар және марксистермен бөлісетін танымдағы тұрақты идеяларының бірі – табиғаттың адамды билеуін талап етуі туралы тарихи сенім болып табылады. Бұл әлеуметтік теориялардағы нақты белгіленген ұғым. Әлеуметтік идеологиялар-дың көпшілігі адамзаттың басымдылық ұғымын өздерінің құрылысында бірінші орынға қояды. Клас-сикалық кезеңнен қазіргі таңға дейін өндірістің алғашқы тәсілі іспеттес және табиғи әлемді жүген ретінде табиғаттан адамның «тәуелсіздігі» адамның адамға тәуелділігін қалыптастырады. Сол себеп-ті, ғасырлар бойы табиғи әлемді тәуелді ету үшін бір адамдардың басқа адамдарды бағындыру қажет-тігі дәлелденіп келді [2].

Негізінен әлеуметтік экологияның пайда болуы мен дамуы әлеуметтану, экономикалық ғылымдар, саясаттану, психология және тағы басқа сынды әртүрлі гуманитарлық пәндер өкілдерінің қоршаған орта мен адамдардың өзара әрекеті проблемаларына қызығушылықтың артуының қалыпты нәтижесі болып табылады. Әлеуметтік экология термині американдық зерттеушілері, әлеуметтік психологияның Чикаго мектебінің өкілдері Р.Парк пен Е.Берджес есімдерімен байланысты. Олар бұл терминді 1921 жылы қалалық ортадағы халық жүріс-тұрыс теориясы бойынша жұмыстарында алғаш рет қолданған болатын. Авторлар бұл терминді «адам экологиясы» түсінігінің синонимі ретінде пайдаланды.

Әлеуметтік экологияның анықтамаларының бірін өзінің жұмысында 1927 жылы Р.Мак-Кензил бер-ген болатын. Ол әлеуметтік экологияны селективті (сайлаушылық), дистрибутивті (бөлінушілік) және аккомодациондық (үйренушілік) күштер әсер ететін территориялық және адамның уақытша қарым-қатынасы туралы ғылым ретінде сипаттап берді. Әлеуметтік экология пәнінің бұндай анықтамасы қалаішілік агломерацияларда халықтың аймақтық бөлінуін зерттеуде негіз болуға сәйкес келетін еді.

Айта кететін жәйт, әлеуметтік мән ретіндегі адам мен өзінің тіршілік ету ортасымен өзара қарым-қатынасын зерттеудегі ерекше бағытты айқындауда әлеуметтік экология термині қолайлы болса да, әуел бастан «адам экологиясы» ұғымын қолдаушылар шеңберіндегі батыс ғылымында әлі де өз үйле-сімін таппады. Бұл әлеуметтік экологияның өзінің негізгі бағыты, пәніне сәйкес дербес, гуманитар-лық болып қалыптасуына белгілі қиыншылықтар тудырды. Мәселе мынада. Адам экологиясы шеңбе-рінде параллельді түрде әлеуметтік-экологиялық мәселенің дамуымен

қатар онда адам тіршілік әреке-тінің биологиялық аспектісі дамыды. Бұл уақытқа дейінгі ұзақ кезеңді өткерген және соның арқасын-да ғылымда категориялық және лауазымды жоғары әдіснамалық аппаратпен елеулі түрде дамыған адамның биологиялық экологиясы ұзақ уақыт дерлік гуманитарлық әлеуметтік экологияны озық ғылыми әлеуметтің назарынан «таса» ұстады. Бірақ та әлеуметтік экология аз уақыттай қала эколо-гиясы ретінде дербес дамыды.

Гуманитарлық сала өкілдері тарапынан әлеуметтік экологияны биоэкология ықпалынан шығару талпынысына қарамастан, әлеуметтік экология бірнеше онжылдықтар бойына соңғысы тарапынан елеулі әсерді басынан өткерді. Нәтижесінде әлеуметтік экология түсініктерінің көп бөлігін, өзінің категориялық аппаратын өсімдіктер мен жануарлар экологиясы, сонымен қатар жалпы экологиядан алды. Сонымен бірге Д.Ж. Маркович белгілегеніндей, әлеуметтік экология өзінің методологиялық аппаратын әлеуметтік дистрибуцияның экономикалық теориясы, әлеуметтік географияның кеңістік-уақыттық әдісін игеруімен бірте-бірте жетілдіріп отырды.

Соның нәтижесінде әлеуметтік экология дамуының маңызды алға басушылығы және оның био-экологиядан жекелену үдерісі осы ғасырдың 60 жылдары болды. Бұл жерде маңызды рөл 1966 жылғы болып өткен әлеуметтанушылардың дүниежүзілік конгресіне тиесілі. Одан әрмен әлеуметтік эколо-гияның жедел дамуы 1970 жылы Варнада өткен әлеуметтанушылардың кезекті конгресінде әлеумет-тік экология мәселелеріне орай шешім қабылданған болатын. Осылайша Д.Ж. Маркович көрсеткенін-дей, негізінен әлеуметтік экологияның өз алдына дербес ғылым саласы болып қабылдануы мойында-лып және де оның тез дамып, оның пәнінің нақты түрде анықталуына әсер етілді.

Бұл кезеңде ғылыми бөлімнің өзіндік саласына біртіндеп иемденуші оның елеулі түрде мақсатта-рының тізімі кеңейе бастады. Егер де өзінің қалыптасу уақытында әлеуметтік экология зерттеушіле-рінің күші негізінен биологиялық қауымдастыққа тән экологиялық қатынастар мен заңдардың ана-логтарының таралмаған адамзат популяциясының жүргізуінде іздеуге салынса, 60 жылдардың екінші жартысынан бастап қарастырылатын мәселелер шеңберін адамның биосферадағы орны мен рөлін анықтау, оның өмір сүруі мен дамуының үйлесімді жағдайын айқындаудағы тәсілдерді өңдеу, био-сфераның басқа компоненттерімен өзара қатынастарының үйлесімділігі мәселелері толықтырды. Әлеуметтік экологияға соңғы екі онжылдықты қамтыған гуманитарлау үдерісі мәселелерінен басқа, оның қарастыратын мәселелер шеңберіне функционалданудың ортақ заңдарын табу мәселесі және қоғамдық жүйенің дамуы, әлеуметтік-экономикалық даму үдерістеріне әсер ететін табиғи факторлар-ды зерттеу және бұл факторлар әрекетімен басқару тәсілдерін іздеу кірді.

Әлеуметтік экологияның қалыптасуының қазіргі кезеңіндегі зерттеушілердің алдында тұрған маңызды мәселелерінің бірі болып оның пәнін ұғынудағы бір бағыттылықтың болуы болып табыла-ды. Адамдардың өзара қатынастарының әртүрлі аспектілерін зерттеу ісіндегі жетістіктегі айқын алға басушылыққа, сонымен қатар екі-үш онжылдықта пайда болған әлеуметтік-экологиялық проблемати-ка бойынша жариялым санының көптігіне қарамастан, бұл ғылыми білімнің нақты нені зерттейтіндігі жөнінде бұрынғыша әртүрлі көзқарастар бар. А.П.Ошмарин мен В.И.Ошмаринаның «Экология» атты анықтамасында әлеуметтік экология анықтамасының екі түрі берілген: тар мағынасында оның аста-рында ғылымды «адами қоғамның оны қоршаған табиғи ортамен әрекеттесуі» деп түсінсе, ал кең ма-ғынасында ғылымды «жеке адам мен адами қоғамның табиғи, әлеуметтік және мәдени ортамен әре-кеттесуі» деп ұғынған. Бұл жерде көрсетілген жағдайларға сәйкес «әлеуметтік экология» атағына тал-пынушылар, яғни әртүрлі ғылымдар жөнінде сөз болып отыр. Әлеуметтік экология және адам эколо-гиясы анықтамаларының өзара салыстырылуы да аз көрсеткішке ие емес. Сол дерекке сүйенсек, соң-ғысының анықтамасы: «1) адами қоғамның табиғатпен әрекеттесуі туралы ғылым; 2) адами тұлғаның экологиясы; 3) адамдық популяцияның экологиясы, соның ішінде этностар туралы білім». «Тар мағынасында» ұғынылатын әлеуметтік экология анықтамасы мен адам экологиясы интерпретациясының бірінші түрінің тұтастай дерлік ұқсастығы айқын көрінеді. Бұл ғылыми білімнің екі саласын нақты теңдестіруге деген ұмтылыс бұрынғыша шетелдік ғылымға тән, бірақ бұл отандық ғалымдардың дә-лелденген сындарына жиі ұшырайды. Адам экологиясы пәнінің бұндай түсіндірілуімен В.А. Бухвалов, Л.В. Богданова және кей зерттеушілер келіседі, бірақ бұл оймен Н.А. Агаджанян, В.П. Казначеев және Н.Ф. Реймерс мүлдем келіспейді. Олардың ойынша, бұл тәртіп антропожүйені биосферамен, сонымен қатар адами қоғамның ішкі биоәлеуметтік ұғымымен әрекеттесуінің елеулі түрде кең шеңберін қамтиды. Адам экологиясы пәнінің былай түсіндірілуі оны кең мағынасында ұғы-нылатын әлеуметтік экологияға теңестіре түседі. Бұндай жағдайдың

орын алуы қазіргі уақытта олардың әрқайсысының жинақталған эмпирикалық материалдарының, әлеуметтік-экологиялық және антропоэкологиялық зерттеулердің әдістері мен технологияларының ортақ қолданылуының өзара толысуы салдарынан бұл екі пәннің тұрақты жақындасу тенденциясы көрінуде [3].

Әлеуметтік экологияның мәнін ашуда жаратылыстану, қоғамдық және техникалық ғылымдардың теориялық мәліметтерін методологиялық негізде қолдану қажет. Осы жолмен дами отырып, әлеуметтік экология қазіргі кезеңде ғаламдық экологиялық жағдайдың себебін, мәнін, формасын жан-жақты көрсете алады. Әлеуметтік экологияның объектісі қоғам мен табиғаттың өзара әрекеті болып табылады. Ол «қоғам-адам-техника-табиғи орта» қатынасында методологиялық жағынан нақтылана түседі. Бұл ғылым пәнінің екі жағы бар: гносеологиялық және нормативтік. Біріншісі қоғам мен табиғаттың жалпы заңдарынан байқалады, зерттеулер көрсеткендей әлеуметтік-табиғи, релятивті-статистикалық мәнде болады. Әлеуметтік экология пәнінің екінші жағы практикалық бағытымен бейнеленеді.

Осыған сәйкес, әлеуметтік экологияның мәнін былай ұғынуға болады. Әлеуметтік экология қоғам мен табиғаттың әртүрлі қарым-қатынасын зерттейтін ғылым. Әлеуметтік экология «қоғам-табиғат» жүйесіндегі қатынасты оңтайландыру мен үндестіруде қоғамның практикалық қызметі үшін біртұтас негіз болады. Әлеуметтік экологияның негізгі принциптеріне табиғатты игерудің тиімді, оның табиғатқа тигізетін зиянды әрекетінің неғұрлым аз жолдарын қарастыру, техниканың шығаратын зиянды қалдықтарын жою, табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуін үйлестіру, экологиялық тазалығы жоғары жаңа технология өндіру мәселелерін жетілдіру саяды.

Экологиялық перспективалар биология ғылымдарына (мысалы, медицина, медициналық эпидемиология саласында), архитектура мен жобалау психологиясына, сондай-ақ адам географиясына елеулі ықпал етеді. XX ғасырдың соңына қарай тіршілік өрісіне адам қызметінің әсері жөніндегі алаңдаушылық жаңа әлеуметтік-саяси экологиялық қозғалыстардың пайда болуына, сондай-ақ «жасылдар» проблемалары дейтіннің көбеюіне апарып соқтырады. Осы мәселелердің бәрі де әлеуметтанушылық зерттеулердің тақырыбына айналады [4, 341 б.].

Қорыта айтқанда, әлеуметтік экологияның қалыптасуына экологиялық және адами факторлардың әсері ықпал етті. Қоғам өзінің санасын, ғылыми білімін, табиғи мұраларын, техникалық инновацияны өздерінің және табиғи әлемнің игілігі үшін пайдаланбайынша, барлық экологиялық мәселелер әлеуметтен шығып отырады.

1. *Общая и социальная экология /под общ. ред. Урсула А.Д., Молдовы А.Н. – М.: РАГС, 2006. – 408 с.*
2. *Букчин М. Реконструкция общества: на пути к зеленому будущему. – Нижний Новгород: Третий Путь, 1996. – 190 с. <http://slavya.ru/eco/reconstr/rec00.htm>*
3. *Ситаров В.А., Пустовойтов В.В. Социальная экология. – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 280 с. [http://adhdportal.com/book\\_636\\_chapter\\_2\\_Peredmova.html](http://adhdportal.com/book_636_chapter_2_Peredmova.html)*
4. *Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б.*

### Түйін

Мақалада әлеуметтік экологияның ғылым ретінде қалыптасуының кей аспектілері қарастырылып, әлеуметтанулық талдау беріледі.

### Резюме

В статье рассматриваются некоторые аспекты становления социальной экологии как науки, также дается социологический анализ.

### Summary

In article are considered some aspects of the formation to social ecology as sciences, is also given sociological analysis.

## СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ФОКУС ТОПТЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ)

С.Ж. Иманбаева – Абай атындағы ҚазҰПУ

Біз үшінші мыңжылдықтың табалдырығын аттап, қарқынды өзгеріп тұратын қоғамда өмір сүріп



отырмыз. Қоғамдағы саяси, экономикалық, рухани салалардың маңызды өзгеріске ұшырауы салдары адамдардың ісі мен құндылық бағыттарының, психологиясының түпкілікті өзгеруіне алып келді. Бүгінгі таңдағы негізгі мәселе қазіргі заман жастарының сана-сезіміндегі болып жатқан өзгерістерді меңгеру. Осындай болып жатқан өзгерістер жағдайында құндылықтарды дәріптеу қажеттігі туындап отыр, бәрінен де құндылықтық құлдырау осы әлеуметтік топтың сана-сезімінде көрініс табуда.

Отбасылық құндылықтар бұл, бәрінен бұрын адамның тұлғалық құндылықтары және де «әрбір адамның өмірінде оның тұлғалық құндылықтары толық көрініс тауып, жүзеге асырылған сайын ол адамның өзін соншалықты бақытты сезінуіне де негіз болатын себептер арта түсіп, ол өзін бақытты сезінеді, сондай-ақ ол өзінің өміріне қанағаттанады» [1]. Зерттеушілер индивидтің құндылықтар жүйесінен отбасылық құндылықтардың шығып қалуын, отбасылық "біз"-дің бұзылуын және де бірін-ші орынға қазіргі кездегі көптеген елдеріне тән, отбасынан тыс "мен"-нің шығуын әрдайым назарда ұстап келеді.

Егер де, батысеуропалық елдерде бұл индивидуализм құндылықтарының кең таралуымен, мінез-құлықты ұтымды реттеуіштердің нормативті реттеуіштерден басым түсуімен түсіндірілсе, ал Қазақстанда отбасының құндылықтары мен отбасының өмір салтының бірінші кезекке шығуы тек тұрақты қоғам-дағы мінез-құлықтың орнықты нормаларымен және принциптерімен ғана байланысты емес, сондай-ақ бұл қазіргі Қазақстандағы барынша өткір, күрделі проблемалардың көрінісі де болып табылады.

Сол себепті, қазіргі жастардың отбасы құндылықтарының қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу мақсатында, жаңа әлемдегі отбасының қалыптасу бағытындағы студент жастардың бүгінгі көзқарастары-на **талдау жасай отырып фокус топтан сұхбат алынды\***.

Қазіргі кезде отбасын құру студент жастар үшін қаншалықты маңызды, өмір құндылықтары рей-тингісінде отбасы құндылығы, олардың құндылықтық ұстанымы мен әлеуметтік әрекетінің ерекшелігі мен сипатын анықтау мақсатында пікірлер тыңдалды. Сұхбатқа қатысушылардың барлығы, тіпті отбасында бала тәрбиелеп отырған студенттер бір ауыздан отбасын құру өте маңызды мәселе екенін айта отырып, дегенмен де бірінші орында отбасын құруды ойламайтындықтарын, себебі ең алдымен жоғары білімді, білікті маман болып, материалдық жағдайларын орта деңгейде болса да жақсартып алғандарын қалайды.

Сұхбатқа қатысушы: *«Отан – отбасынан басталады» дейді, сондықтан да әр азамат отбасын құрып, өмірге ұрпақ әкелуді өзіне ғана қатысты деп қарамауы тиіс, отбасын құру мемлекет алдын-дағы жауапкершілікті талап етеді. Республикамызда әлеуметтік мәселелерді шешу үшін әр түрлі бағдарламалар жүргізіліп, қыруар қаржылар бөлінуде. Қандайда бір әлеуметтік мәселенің пайда болып, шиеленісуі еліміздегі отбасының тыныс-тіршілігімен тамырлас екендігі бәрімізге белгілі.*

*Мен «отбасын құруым керек» деп ойланып көрмейтін, жасым жиырма үште, жоғарғы оқу орнын өте жақсы аяқтап, қазір магистратурада білім алып жатырмын. Бүгінгі қоғамның сұранысына орай ағылшын тілін қосымша оқудамын. Мақсатым – білімді маман болып, еліміздің ертеңі үшін талмай еңбек ету. Дегенмен де, егер болашақ жұбайымды кездестірsem, некеге тұрмас бұрын оның бойында нағыз ер азаматқа лайықты мінез-құлықты көргім келеді, яғни жоғары білімді, табысты жұмысы бар, материалдық тұрмысы жағынан қамтамасыз етілген т.б. Ал, ата-анасы ішімдікке құмар (бұндай отбасында тұлғаның дұрыс қалыптаспауы мүмкін), тұрмыс деңгейі менен төмен, өткен өмірінде қылмыскер, ішімдікке, темекіге әуес болса отбасын құрудан мүлде бас тартар едім.*

Сұхбатқа қатысушылар ішінде махаббатқа күмәнмен қарайтындар кездесті, олардың пікірінше ер азаматтардың көпшілігі қыздардың бар болмысына ғашық болмайды, бастысы «байдың қызы» болу керек (тіпті ол жігіттің білімі, материалдық жағдайы болмаса да) деп есептейді. Яғни, қыздардың «кәрі қыз» атануы да, жас отбасылардың ажырасуының басты себебінің бірі де осы көзқарасқа бай-ланысты. Сонымен қатар, дінінің және ұлтының басқа болуы бақытты отбасын құруға еш кедергі кел-тірмейді деп есептейді.

Демек, сұхбат берушілердің пікірінше отбасының рөлі қаншалықты маңызды болғанмен де некеге отырып, өмірге ұрпақ әкелу жақын арадағы жоспарларында жоқ. Ал, отбасылы студент жастардың материалдық жағдайларының төмендігі отбасындағы бүгінгі таңдағы басты мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі болды.

Статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек, Қазақстандағы 14 пен 29 жас арасындағы жастар саны 4,5 миллионнан асып жығылады, соның ішінде елімізде 800 мыңға тарта студенттер бар,

яғни жастар-қоғамның біршама динамикалық бөлігі бола отырып, болашақ әлеуметтік шындықты қалыптастыру-шы әлеуметтік топты құрайды [2]. Еліміздің тірегі жастарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, «Ауылға жолдама», «Қол жетімді баспана», «Жұмыспен қамту-2020» т.б. бағдарламаларын жүзеге асыру бағытында мемлекет көпбағытты саясатты белсенді жұмыс жүргізуде. Дегенмен де, қазіргі студент жастардың пікірінше, бұл бағдарламаның нәтижелері әлі де жеткіліксіз, сол себепті олар болашақтары үшін тынбай білім алуды, қомақты қаржы табуды бірінші орынға қойып отыр. Ал, сұх-батқа қатысушылардың негізгі өмірлік құндылықтарды таңдау кезінде отбасын құруды, баланы ден-саулықтан кейінгі екінші орында таңдайтындықтарын мәлімдеді, білім алуды үшінші орында, өмір мәні, қызықты жұмыс, мансапқа жету, ауқаттылық, адал дос, қуатты мемлекет, дінге сенушілік т.б. құндылықтар кейінгі орындарда екендігін атап өтті.

Демек, менің ойымша бүкіл әлемдегі сияқты, біздің елде де отбасы институтының дағдарыс кезеңін бастан кешіруі жастардың құндылықтық бағдарының өзгеруіне байланысты, яғни олар үшін отбасы құндылығы маңызды болғанымен де, жаһандық даму үдерісіне байланысты негізгі мақсат бірнеше тілді меңгерген білікті маман болып, табысты жұмысқа орналасу.

Еліміздің өркендеуіне білімді де білікті жастардың қосар үлесі ұшан-теңіз, ал сол өркениетті ұрпақ отбасында әлеуметтенеді, тұлға болып қалыптасады. Бүгінгі отбасы елдің болашақ ұрпағының тұлға-лық қасиеттерін қалыптастыратын қоғамның ең маңызды институты екені белгілі. Отбасының құлды-рауы тұлғалық құндылықтардың құлдырауы болып саналады, отбасының тұрмыс қалпының құнды-лығының құлдырауы: некенің мотивтерінің әлсіреуімен, некені кейінге қалдырумен, некеге тұру жасының өсуімен, азаматтық неке (некесіз бірге тұру) мен ажырасудың көбеюімен, отбасы өмірінің тұтастығы мен бала туу кезеңінің алшақтығымен, әлеуметтік ауытқушылық пен отбасындағы бала санының азаюымен, жаңа ұрпақтың отбасында әлеуметтенуінің нашарлауымен, ең бастысы жыныс-тық қарым-қатынастардың ретсіздігімен байланысты.

Білім алу мен жұмысқа орналасу отбасылық өмірдің барлық деңгейі бойынша алғашқы кезектегі мәселелер болып табылады. Осы орайда, баспана, студенттерге отбасылық жатаханаларда бөлме алу-дың тиімді жүйесін құру арқылы жас отбасылар санын арттырудың маңызы зор екенін фокус-топ жүргізу нәтижелері көрсетті.

Некеге дейінгі мінез-құлық және некелік серікті таңдау саласында болашақ отбасының, оның өмір салтының, ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастарының негіздері қаланады. Некеге дейінгі мінез-құлық құрылымына кіретін құндылықтар, кең мағынасында алғанда биологиялық, психологиялық және мәдени құндылықтық бағдарларды қамтиды. Бұл құндылықтық бағдарлар қарама-қарсы жыныс өкілінің қызығушылығын тудырады және негізгі мақсат – отбасын құруды көздейтін қызметтің бағы-тын қалыптастырады; ал тар мағынасында алғанда, әр түрлі жиынтық-сатылар бойынша бөлінетін бірқатар көрсеткіштерді қамтиды [3].

Зерттеушінің пікірінше, жиынтық-сатылар әр түрлі жолмен толығыуы мүмкін, олардың кейбіреулері болмауы да мүмкін, бірақ олар мыналарды қамтиды: тұлға үшін – некелік серікті тікелей сипаттай-тын және оған деген қарым-қатынасты (махаббат, ынтызарлық, дене тартымдылығы, қоғамдағы мәр-тебе, социомәдени өлшемдер және т.б.) сипаттайтын бірқатар құндылықтар, отбасы үшін – ұрпағын, тегін жалғастыру мүмкіндіктерімен, туысқандық байланыстарын кеңейтумен, дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың ізімен жүріп, ата-аналық отбасының өмір салтын жалғастырумен айқындалатын құнды-лықтық бағыт-бағдарлар; қоғам үшін – ұлттық, діни, қауымдық әдет-ғұрыптармен және салт-дәстүр-лермен арақатынастағы индивидтің мінез-құлқы. Некеге дейінгі мінез-құлықтың барлық сатыларында стереотиптік және стереотиптік емес құндылықтық бағыт-бағдарлар болады.

Стереотиптік бағыт-бағдарларға мыналар жатады: некелік серігін өзінің әлеуметтік ортасынан таң-дау, яғни шамамен материалдық жағдайы, білім деңгейі бірдей, бірыңғай ұлтты, бір дінді ұстанатын; жалпыға бірдей мойындалған некеге тұру жасы, ерлі-зайыптылардың жас айырмашылығы; қамқор болудың ортақ белгілері, тойға дейінгі және той кезіндегі әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің сақта-луы; некелік серікті таңдау барысындағы ата-аналарының, туыстарының және достарының пікірі. Стереотиптік емес құндылықтық бағыт-бағдарларға, ең алдымен некелік серікті өзінің ата-анасының отбасынан айтарлықтай ерекшеленетін отбасынан таңдау жатады, сондай-ақ стереотипті бағдарларға қайшы келетін бағыт-бағдарлар жатады.

Адамзат дамуының әрбір кезеңінде некеге дейінгі мінез-құлық жүйесі сол дәуірдің мәдениеті қой-ған талаптарға жауап беріп отырды, соның элементі болды. Өткен кезеңдерде қоғам әдет-

ғұрыптар-дың көмегімен өскелең ұрпаққа жыныстық жетілудің әр түрлі кезеңдерінде белгілі бір жөн-жоралғы-ларды үйрете отырып, оларды қандай да бір функцияларды орындауға әзірледі. Қоғамда әлеуметтік ұдайы өндіру механизмі сақталды, соның арқасында стереотиптік құндылықтық бағыт-бағдарларды қалыптастыру мен реттеу іске асырылды.

Қазіргі кезде жастар арасында некеге дейінгі сексуалдық қатынастар нормаға айналуға, студент-тер арасында алғашқы сексуалдық тәжірибе аясы тар мақсат болып табылса, және де отбасын құру-мен ешқандай байланысы болмаса, некеден тыс жыныстық қатынасқа ғана емес, сондай-ақ кездейсоқ секске немесе тұрақты серіктестен басқамен сексуалдық қатынасқа, гомосексуалдық қатынастарға да сұхбатқа қатысушылар пікірінше барынша төзімді, бұл бір жағынан махаббаттың, адалдықтың, неке-ге дейінгі адалдықтың құнының түсуін, ал екінші жағынан дәстүрден, сексуалдық тәжірибеден бас тарту тартымдылыққа ие болып отырғанын айғақтайды.

Бұдан басқа, сұхбатқа қатысушылар жыныстық қатынасқа түсу жасының төмендегендігін де алға тартады, оның себебі: төмен контрацептивті мәдениет, арнайы медициналық, консультативтік, психо-логиялық қызмет көрсету орындарының санының аз болуы және жасөспірімдердің, әсіресе, ірі қала-лардан тыс жерлердегі жасөспірімдердің сексуалдық сауаттылығын көтеретін бағдарламалардың аз болуы, кәсіби білімге, арақ ішудің кең таралуына және нашақорлық пен зорлық-зомбылықтың артуы-на байланысты жасөспірімдермен пікір алысатын ересектердің тиісті білімінің жеткіліксіздігі деп есептейді.

**Сұхбатқа қатысушы:** *Некеге тұру үшін алдын-ала дайындық ретінде бүгінгі жастар, әсіресе студент жастар арасында «азаматтық неке» деген түсінік кең тарауда. «Азаматтық некеге» өз басым қарсы емеспін, өйткені бұл жастардың бірін-бірі толық танып-білудің, тұрмыстық қиын-дықтарды бөлісудің алғашқы сатысы деп санаймын.*

Мәселе, осындай некенің түрін кім қалай қабылдайды. Сұхбатқа қатысқандар арасында әр түрлі пікірлер талқыланды. Азаматтық неке жастарды тұрақсыздыққа, жауапкершіліктің жоқтығына, неке-сіз жыныстық қатынас салдарынан баланың туылуы немесе жасанды түсік тастауға т.б. жағымсыз жәйттерге ұрындырады деп қарсы екендерін де айтты.

Бұл Қазақстан халқының сексуалдық-эротикалық мәдениетінің төмендігімен байланысты, бұл ескі әлеуметтік проблемаларды шиеленістіріп, жүкті болып қалу, баладан бас тарту, сексуалдық зорлық-зомбылықтың артуы, жезөкшелік және т.б. сияқты жаңа әлеуметтік проблемаларды туындатады.

Сонымен қатар, сұхбатқа қатысушы студент жастардың елеулі бөлігі шет елдік өмір салтына елік-теп, ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген қазақстандық отбасының құрылымының өзгергенін айтып, некесіз жыныстық қатынас жастар арасында анайы есептелмейді деді. Соның салдарынан қазіргі кезде көп қыздар оң жақта отырып «өзім үшін туып алдым» деп некесіз бала туып, балаларын жалғыз өздері тәрбиелеп, асырап жатыр. Тіпті жас қыздар егде ер адамдардың ашынасы болғанға да қымсынбайды. Ең қорқыныштысы кейбір жігіттердің өз балаларының бар екендігінен білмейді, білсе де жауапкершілікті сезінбейді. Заңды некеге отырмаған жастар бір-бірінен ешнәрсе талап ете алмайды.

Қазақ халқы әрқашан да «Қызға қырық үйден тыйым» деп қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөл-ген. Сондықтан да қызы бойжете бастағанда күйеу іздеп, ұлы ержеткенде қалыңдық айттырған, бұл жастардың келеңсіз жайттарға ұрынбай, ар тазалығын сақтап, болашақта дені сау ұрпақ әкелудіңкепі-лі болды. Қатысушылар некеге дейінгі қарым-қатынас әр жастың жеке көзқарасы бойынша қалыпта-сады, ал ата-ана, жеңге, достар пікіріне көбінесе мән берілмейтінін айтты. Дегенмен де, көптеген отбасы мәселесін салт-дәстүрлер мен құндылықтар негізінде шешуге болады, әсіресе әке мәртебесін көтеру, үлгілі жеңгелердің әңгімесін тындау жастар тәрбиесіне ерекше әсер етеді.

Туысқандық саласында тұлға әр түрлі жоспарланған құндылықтармен өзара байланыста болады. Сонымен бірге, ол (туысқандық) оларды күрделі түрде безендіреді және бір жерге топтастырады. Мұндай құндылықтарға аяушылық, қайғысына ортақтасу, өзара түсіністік, көмекке келуге дайын болу, туысқандардың бір-бірі үшін жауапкершілігі және т.б. жатады.

Туысқандық байланыстар мен қатынастар – адамзат мәдениетін құрудың өзгермейтін тірегінің бірі. Бұлар сабақтастық заңын жүзеге асыра отырып, тәжірибені, дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды үнемі аға ұрпақтан жас ұрпаққа берудің механизмі ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, бұлар отбасының пайда болуының және оның дамуының сарқылмайтын қайнар көзі болып табылады.

**Сұхбатқа қатысушы:** *Дәстүрлі отбасылық құндылықтар ертеден салт-дәстүрге негізделген қазақ отбасында қалыптасқан белгілі бір ұстанымдар. Атап айтсақ, жеті атаға толмай қыз алыс-пау, яғни қан тазалығы, ата-ана тарапынан жар таңдап, атастыру, қалың мал төлеу, «қызға қырық үйден тыю», жас отбасылардың ата-анасымен бірге тұруы т.б. Жалпы этномаман ретінде қалың мал төлеу, атастыру сияқты дәстүрлерге қарсымын. Жар таңдауға үлкен мән беріп, ата-анамның, құрбылырымның пікірін тыңдаймын, бірақ шешімді өзім қабылдаймын. Жеті атаға толмай қыз алыспауды қолдаймын, себебі қан тазалығы болашақ ұрпақтың денінің саулығы деп ойлаймын. Сүйек жаңғырту, бесік құда, бел құда болғандарды кейде естіп жатамын, екі жас келісін берсе дұрыс. Әмеңгерлік мүлде жойылып бара жатыр, «тоқал» болу кең етек жаяуда, бірақ ол болашақта өз кемшіліктерінің жемісін көрсететініне сенімдімін, ағайын арасында татулық, бірлік кеміп бара жатыр, ал бәйбіше мен тоқал балаларының қарым-қатынасы қандай дәрежеде болады?*

Отбасылық қатынастардың көпшілігі бірегей және қайталанбас қатынастар, бұл адамның сезімдерін жетілдіруге мүмкіндік жасайды. Болашақтағы қуаныш пен қайғының негізі, шынайы және жалған құндылықтарға бағдар ұстанудың негізі көбіне отбасында қаланады. Соған қарамастан, дәл осы отба-сында адам алғаш рет сүйіспеншілік, аяушылық білдіру, жауапкершілік, борыш және т.б. сияқты құндылықтармен кездеседі.

Отбасылық қатынастардың негізін қалайтын және оны күшейтетін отбасылық дәстүрлердің ықпалы. Бұлар мәдениет пен рухани өмірді ұдайы өндіруде, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуде, қоғам мен тұлғаның дамуында маңызды рөл атқарады. Дәстүрлер жүйесі арқылы жас ұрпақ қоғам жасаған қатынастар мен тәжірибелерді әлеуметтік тұрғыдан мұраға алып отырады.

Сондықтан да, елімізде отбасы және неке институтын нығайтуға бағытталған шараларды жүзеге асыру үшін отбасы құндылықтары мен әдет-ғұрыптарды жаһандық өзгерістермен байланыстыра отырып шешімін табу қажет. Дәстүрлі отбасы мәртебесін нығайтып және қолдау арқылы көптеген проблемаларды шешуге болатыны белгілі.

Сұхбатқа қатысушылар қазіргі кезде заңды некедегі ерлі-зайыптылар мен олардың балаларын құрайтын ерлі-зайыптылық, яғни нуклеарлық отбасы ғана болашақ ұрпақтың әлеуметтенуіне дұрыс ықпал жасай алады, ал бір отбасында бірнеше ұрпақтың өмір сүруі (кеңейген отбасы) көзқарастардың сәйкес келмеуінен туыстық қарым-қатынасшиеленісіп, жас отбасының ажырасуының бірден-бір себебі болуы мүмкіндеп есептейді. Сонымен қатар, азаматтық некені қалайтындар да кездесті, бірақ бала-ның болмауы шарт деп есептейді, жалғыз өзі өмір сүргісі келетін отбасын құрған сұхбатқа қатысушы пікірінше некеге отыратын жар таңдау процесіне алдын-ала әлеуметтік-психологиялық дайындық қажет, отбасылық құндылықты толық түсінбейінше дүниеге баланың келмегені дұрыс деп есептейді.

Сонымен қатар, отбасындағы ер адамның беделінің жоғары болуы, бала тәрбиесінде тек ананың ғана емес әке рөлінің болуы, көп әйел алушылықтың болмауы, білім деңгейі мен жас айырмашылығының сақталуы отбасы татулығының кепілі болып саналады. Бақытты отбасын құру үшін ерлі-зайыптылардың ортақ қағидалары негізінде сенім мен адалдық қажет.

Қоғамның кейбір әлеуметтік таптары мен жіктерінде отбасын құрудағы ерлі-зайыптылардың құндылықтарын және олардың кәсіби мүдделерін өзінде ойдағыдай үйлестіретін, "қол жеткізуші мәрте-беге", яғни таңдап алған мамандық бойынша мансапқа бағдар ұстанумен байланысты отбасының жаңа типі құрыла бастайды. Бұл тип "бикарьералық отбасы" деген атқа ие болған [4]. Батыста отба-сының бұл формасы "орта таптың" жоғарғы жіктерінде кең таралған, ал біздің елімізде интеллигенцияның (зиялы қауымның) кейбір жіктері арасында таралған.

Бикарьералық отбасына жататын ерлі-зайыптылардың қандай да бір әдеттегіден тыс қабілеттерге ие емес екендіктерін, бірақ сонымен қатар олардың екеуі де үйдегі міндеткерліктерді өзара тең бөліс-етіндіктерін, бір бірінің кәсіби қызығушылықтарына құрметпен қарайтындықтарын, өзара төзімділік-ке ие екендіктерін көрсетіп отыр. Отбасының бұл типі құндылықтық бағыт-бағдарлардың интеграциялануының және бірлігінің жоғары деңгейімен сипатталады: ер адам әйелінің мүдделері мен қажеттіліктеріне түсіністікпен қарайды, ал әйелі болса, өз кезегінде күйеуінің тарапынан болатын қолдауға сүйенеді. Алайда отбасының аталмыш типі ерлі-зайыптылардың арасындағы дау-жанжалға, ажырасуға алып келетін шиеленістің қайнар көзі бола алады. Мұндай шиеленістің себептері ерлі-зайыптылардың физикалық және психикалық тұрғыдан қалжырауы, ерлі-зайыптылық рөлдерін әр түрлі түсінуі, кәсіби мүдделері мен отбасылық міндеттерінің арасындағы қарама-қайшылық болып табылады.

Қоғамдық өмірді демократияландыру үдерісі отбасылық қатынастардың дауына тікелей ықпал

етіп, ерлі-зайыптылық салада патриархалдық негіздердің тез бұзылуына алып келді. Қазіргі жағдай-ларда моногамия некеге қайта тұру (повторный брак) құқығымен ауысып, барған сайын өзінің өмір-лік сипатын жоғалтуда. Нәтижесінде некелік, сексуалдық және репродуктивтік мінез-құлықтың бірлі-гі мен тұтастығына нұқсан келуде. "Ерлі-зайыптылық-серіктестік-ата-аналық-туысқандық" деп атала-тын жүйенің бірлігі азаюда.

Сонымен қатар, отбасы онда үстемдік етіп тұрған ата-аналық принциптердің ескілігіне қарай тұл-ғалық реңдегі, әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан жақын адамдардың тікелей қарым-қатына-сының үлгісі ретінде балаларды әлеуметтендіруге ықпал етуін жалғастыруда. Сонымен қатар, сыр-ластық қатынасқа, өзара түсіністік пен өзара қолдау көрсетуге деген қажеттілікті де қанағаттандырып келеді. Отбасы қоғамда өзінің функцияларын орындап келеді, бірақ басқа әлеуметтік институттармен үнемі бәсекелестікке түсіп отырады, қоғамдық өзгерістердің күрделі үдерісіне тартылады, ал бұл өзгерістер отбасының өзінің ішкі құрылымында көрініс таппай қоймайды. Қазіргі заманғы қазақстан-дық үшін отбасының және отбасылық құндылықтардың маңыздылығы көптеген отандық эмпирика-лық зерттеулермен расталып отыр. Бұл, өз кезегінде халықтың барлық топтары мен жіктеріне тең дәрежеде қатысты.

Сөйтіп, фокус топпен жүргізген сұхбат бүгінгі таңдағы социомәдени жағдайларда қазіргі заманғы студент жастардың жеке құндылықтары иерархиясында негізгі іргелі құндылық ретінде отбасының маңызды екендігін дәлелдеді. Сонымен бірге, әр түрлі некелік-отбасылық салалардағы адамдардың социомәдени басымдықтары сияқты отбасылық құндылықтар да өзгеріске ұшырап отырғанын бай-қауға болады. Қазақстан қоғамында қазіргі заманда, ал Еуропа елдерінде XIX және XX ғасырлар шегінде, еуропалық мәдениетті тас талқан еткен жалпы дағдарыс кезінде орын алған трансформация-лық үдерістердің салдарлары барысында отбасының дағдарыстық жағдайларының белгілері де айқын байқалады.

*Кейбір жеке сұрақтар бойынша толық ақпарат алу мақсатында фокус топпен жүргізілген сұх-баттан кейін жеке студенттермен құрылымдық тереңдетілген сұхбат жүргізілді.*

\*Фокус топ 2012 жылдың 20 сәуір күні Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университе-тінің 3 курс (2 студент), аталған университеттің магистратура және PhD институнда оқитын 1 курс (2 магистрант), МЕББМ Қазақстан-Ресей медициналық университетінің 6 курс (4 студент), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 1 курс (3 магистрант), Қазақ Мемлекеттік қыздар педагоги-калық университетінің 2 курс (3 студент) студент жастардың қатысуымен өткізілді. Топ екіге: отба-сын құрғандар (6 адам) мен әлі некеге тұрмағандар (8 адам) болып бөлінді де, жеке-жеке екі сағаттық сұхбат алынды. Сұхбатқа барлығы 14 адам қатысты және пікірлер, көңіл-күй, талғамдар айырмашы-лығын қажетінше көрсету мақсатында фокус-топтар құрамы іріктеп (рекруттеу) алынды. Сонымен бірге, топтар ішінде жас айырмашылығы бойынша үлкен айырмашылыққа жол бермеу қадағаланды. Фокус-топтар пікірлері аудиопленкаға жазылды. Фокус топ құрылымдық емес сұхбаттың негізінде жүргізілді.

1. Солодников В.В. Семья: социологическая и социально-психологическая парадигмы // Социс. – 1994. – №6, – С. 130-138.

2. Отбасы – қоғамның іргетасы // Егемен Қазақстан, 2012 ж., 7 наурыз.

3. Сорокин П.А. К вопросу об эволюции семьи и брака у зырян // ИАОИРС. – 1911. – №5. – С. 356-361.

4. Турецкая Г.В. Деловая активность женщин и семья // Социс. – 2001. – №2, – С. 67-73.

### Түйін

Бұл мақалада студент жастардың отбасылық құндылықтарының қалыптасу ерекшеліктерін анықтау мақса-тында жүргізілген фокус топтың нәтижесі көрсетілген.

### Резюме

В статье отображаются результаты фокус группы, которую проводили с целью выявления особенностей формирования семейных ценностей среди студентов.

### Resume

The article shows the results of focus group that was held to define the peculiarities of formation of family values among students.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ  
ЕКІЖАҚТЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ**

**Ж.Тилемисова** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Халықаралық қатынастар» мамандығының 2-курс магистранты*

Елбасы Н.Назарбаев өзінің 2006 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының басты 30 бағытын атап көрсеткен. Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі алдыңғы қатарлы әлемдік және аймақтық алпауыт мемлекеттермен өзара тиімді қатынастарды дамыту қажеттілігін Президент баса айтқан. Көпвектрлы саясатты жүзеге асыра отырып «басымдықты бағыт болып табылатын Ресеймен және Қытаймен арадағы тату көршілік өзара қарым-қатынастарымызды, АҚШ-пен стратегиялық серіктестікті, Еуропа Одағы елдерімен көп тарап-ты ынтымақтастықты дамытуға» мүдделігімізді атап өткен болатын [1].

Америка Құрама Штаттарымен серіктестік қарым-қатынасты дамыту Қазақстан үшін маңызы зор. Қазақстан үшін әлемдік лидер АҚШ-пен өзара әрекеттесуді кеңейту Қазақстанның халықаралық беделін сақтау және нығайту үшін маңызды мәні бар екендігі, республиканың қауіпсіздігі мен еге-мендігін қамтамасыз етудің, халықаралық саяси және қаржы институттарында оның ұстанымын нығайтудың, алдыңғы қатарлы технологияларға қол жеткізудің сенімді кепілі болып табылатыны анық. Америка Құрама Штаттары – Қазақстанның сенімді әріптесі.

Америка Құрама Штаттары Қазақстанның тәуелсіздігін 1991 жылы 25 желтоқсанда алғашқылар қатарында таныған және біздің республикамыздың «табыстар тарихында елеулі рөл атқарған ел». АҚШ Қазақстанмен қатынастарды дамытуға қызығушылық білдіріп, алғашқылардың бірі болып дипломатиялық қатынастар орнатты. Алғаш күннен бастап ҚР мен АҚШ арасындағы қатынастар үлкен қарқын алып, жоғары деңгейде сақталынып келеді. 1992 жылы мамыр айында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың тұңғыш ресми сапары басталған еді, оның барысында кең көлемді екі жақты қаты-настарды дамытуға негіз қаланды [2].

Қазақстан 1992 жылы 22 мамырда Стратегиялық шабуыл қару жарактары туралы келісімнің (СШҚ-1) тең құқылы жақтарының бірі ретінде Лиссабон хаттамасына қол қойып, ядролық қарусыз мемлекет болуға міндеттеме алды. Сапар барысында сауда қатынастары туралы келісімге, Капитал салымдарын қолдау және өзара қорғау туралы келісім – шарттарға, ҚР Үкіметі мен АҚШ арасында өзара түсіністік туралы меморандумға, қос салық салудан құтылу туралы конвенция жасау жөнінде бірлескен мәлімдемеге қол қойылды. Тікелей байланыстардың әуел басынан екі жақ Қазақстанның қауіпсіздігі Азиядағы тұрақтылықтың аса маңызды шарттарының бірі болатынына негізделді [3].

1993жылғы 6 сәуірде Қазақстанмен аса ірі америкалық мұнай компаниясы «Шеврон Ойлмен» бір-лескен кәсіпорын «Теңізшевройл» құру туралы келісімге қол қойылды. Ол 40 жыл мерзімге жасалып, алынған пайданың 80 пайызы Қазақстанға, 20 пайызы «Шевронға» тиесілі болатынын көздеді.

Мұнан кейін түрлі деңгейлерде көптеген делегация алмасулар жүргізіліп, АҚШ-қа еліміздің түрлі министрлерінің, мекеме басшыларының сапарлары болып, сауда және экономикалық қатынастар жолға қойылды.

1993 жылы 15 қарашада Қазақстан өзінің ұлттық валютасын – теңгені енгізуге кіріскенде, АҚШ бұл шешімді жақтайтынын және халықаралық қаржы ұйымдары тарапынан кең көлемде қолдау ұйымдастыратындығын, ол үшін екі жыл ішінде екі миллиардтан астам доллар беретіндігін, ал таяу-дағы уақытта Қазақстан 400 миллион доллар алатынын хабарлады.

1993 жылы 24 қазанда АҚШ тың мемлекеттік хатшысы Уоррен Кристофер Қазақстанға келіп, Пре-зидент Назарбаевпен кездесуінде өз елінің Президенті Билл Клинтон әкімшілігінің Қазақстандағы саяси және экономикалық реформаларға, әсіресе, жекешелендіруге қолдау көрсетуге бағытталған ынтымақтастықты жалғастыру ниетін білдірді. АҚШ тың сыртқы саясат ведомстосының басшысы Қазақстанның аймақтағы бейбітшілік және қауіпсіздікті нығайтудағы оң да маңызды рөлін жоғары бағалады [4].

1994 жылы 14 ақпанда Президент Н.Назарбаевтың АҚШ-қа ресми сапармен болып, АҚШ Пре-зиден-ті Билл Клинтонмен бірге «Демократиялық ықпалдастық хартиясына» қол қойылды. Онда Қазақстан-ның дүниежүзілік қауіпсіздікті сақтауға сіңірген еңбегі атап көрсетілген. Хартияның он жеті бабында екі ел арасындағы қауіпсіздік, саясат, экономика, мәдениет, білім, қоршаған ортаны қорғау, ғылым, денсаулық сақтау тағы басқа мәселелер бойынша мақсаттар мен міндеттер көрсетілген. Келіссөзден кейін өткен баспасөз мәслихатында Билл Клинтон: «Екі ел ынтымақтастығының ең маңызды жақта-рының бірі ядролық қарудың таратылуына жол бермеу

жолында олар қолданып жатқан күш жігер. Тәуелсіздіктің екі жылы ішінде Қазақстан қару жараққа бақылау қою және «қырғи қабақ соғыстың» ең қауіпті мұрасын жою жөнінде өзіне қабылданған халықаралық міндеттемелерді орындауда өзінің жетекші ролін көрсетіп берді» деп мәлімдеді [5].

Біздің мемлекет Басшысының Америка Құрама Штаттарына жасаған ресми үшінші сапары 1997 ж. қарашада болып өтті. Сапар барысында 18 екі жақты құжатқа қол қойылды. Олардың ішінде Эконо-микалық серіктестік бойынша Іс әрекет бағдарламасын атап өткен жөн. Бұл құжаттың халықаралық қатынастар тәжірибесінде ұқсастығы жоқ және демократиялық серіктестік туралы қабылданған Хар-тияға недәуір қосымша болып табылады. Сонымен қатар, мұнай мен газ жөнінде коммерциялық құжаттарға 40 жылға есептелінген Қарашығанақ мұнай газ конденсаты кеніші жөніндегі келісімге және Каспий шельфтік жобасының өнімдерін бөлу жөніндегі келісімге қол қойылды.

1998 жылы 2-3 қарашада Алматыда өткен Қазақстан Американың бірлескен комиссиясының бесінші отырысында қорытынды баяндамаға, консулдық ынтымақтастық пен лаңкестік жөнінде екі бірлескен мәлімдемеге және ҚР мен АҚШ Қорғаныс министрліктері арасында 1999 ж. арналған ынтымақтастық жоспарына қол қойылды. «Көпшілік қауым өкілдері арасындағы байланыс» атты жаңа бірлескен бағ-дарлама туралы жария етілді. Комиссия жұмысы төрт топта: саясат пен қауіпсіздік, экономикалық реформа, қорғаныс ынтымақтастығы мен конверсия, сондай-ақ экология, ғылым мен технология бойынша өткізілді.

Қазақстан-Американың қатынастары үшін маңызды оқиға 1999 ж. 23-24 сәуір аралығында Вашингтон-да НАТО-ның мерейтойлық саммитінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуы болды. «Этника-лық жан жалдарды болдырмау, лаңкестікпен, бұқаралық қырып жою қаруының таралу қаупімен, есірткі заттармен және халықаралық қылмыспен күрес – біздің өзара әрекетіміздің толық емес тізімі міне осы», – деп атап өтті ҚР-ның Президенті Солтүстік атлантикалық кеңесінің отырысында сөйле-ген сөзінде.

2000 ж. 4 шілдеде Астанаға НАТО Бас хатшысы Джордж Робертсон келді. Н.Назарбаевпен болған кездесуде ынтымақтастық мәселелері мен оны келешекте нығайтудың жолдары қайтадан талқылан-ды. Қазақстан елдің ұлттық қауіпсіздігіне жауап беретін барлық салаларда НАТО-мен ынтымақтас-тықты кеңейтуге дайын екенін растады.

Соңғы жылдары Қазақстан Америка өзара ықпалдастығы сапалық жаңа деңгейге көтерілгенін айт-қан жөн. Вашингтон Қазақстанды Орталық Азиядағы өңірлік лидер және АҚШ-тың ең сенімді де болашағы зор әріптесі ретінде танып отыр.

Тағы да бір айта кетер жәйт, АҚШ Мемлекеттік хатшысының Орталық Азия істері жөніндегі орынбасары Фейгенбаумның 2006 жылы Алматыда «Өзгерген әлемдегі Қазақстан мен АҚШ» атты тақырыпта жасаған баяндамасында «осыдан жарты ғасыр бұрын теңіздерге шығатын жолы жоқ, жақын деген теңіз порттарының өзі мыңдаған шалғайда жатқан Каспий жағасындағы қайсы бір белгі-сіз елдің мұнайы мен газына Мальмеден Мадридке дейінгі жерлердің барлығы мұқтаж болады деп кім ойлаған еді», деген сөздері еске түседі. Табиғат тарту еткен мол қазына, сол дәулетті ел игілігі жолында игеруге ден қойған сындарлы сыртқы саясат уақыт сынынан өтті [6].

*В-четвертых,* так как одной из функций партии является политическая социализация личности, непосредственно она играет огромную роль в повышении уровня политической культуры общества. Кроме того, посредством партии граждане оказывают влияние на процесс принятия политических решений. Тем самым партии в современном мире выступают основным инструментом политического участия граждан и трансформируют стихийные формы политического поведения и политической активности масс в упорядоченные и организованные действия.

*В-пятых,* по мнению некоторых ученых, развитие ИКТ создает условия для возрождения прямой демократии. Но это может быть весьма неэффективным способом, так как может привести к охлократии. Прямая демократия возможна только в малых городах с небольшой численностью населения, как в полисах древней Греции. Даже при развитых ИКТ управление государством всем народом невозможно. В противовес партия обладает человеческим фактором общения, которое

отсутствует в коммуникативных системах.

*В-шестых*, партия охватывает широкий круг проблем, нежели НПО. НПО имеет узкий спектр функции непосредственно направлена на решение одной проблемы, и не играет такой роли на политическом арена, как партия.

И наконец, партии как часть гражданского общества призвана осуществлять контроль за государством, что работает на эффективность государственной политики.

Также и в научной среде превалирует мнение о несостоятельности вывода об окончательном провале партий в качестве носителя демократии. Большинство исследователей склоняются к мысли, что партийный кризис связан скорее с обновлением типа партии, а не с уходом его с политической арены. Например, С.Е. Заславский и В.Н. Данилов считают, что, несмотря на отнюдь не идеальный характер партийной демократии, «критики политических партий исходят из нереалистичных посылок, предполагающих возможность реализации некоей более совершенной модели», теоретически возможной но пока на выстроенной [1, с. 207].

Р.Ф. Матвеев рассматривает партии как организации, соединяющие социальное движение с определенным мировоззрением. По мнению Матвеева, острых кризисных явлений в развитии партий удастся избежать лишь в том случае, когда указанные выше компоненты являются достаточно эластичными, а связь партии с государственными структурами не имеет чрезмерно жесткого характера, что позволяет ей не брать на себя ответственность за конъюнктурные просчеты правительства [9].

Л.В. Сморгунов основную причину кризиса видит «в исчерпаемости тех форм демократии, в которые была включена традиционная демократия, построенная на массовом членстве, репрезентации социальных интересов и довольно жесткой организационной структуре и идеологической идентификации» [9]. Такого же мнения придерживается и О.В. Гаман-Голутвина «устарели не сами партии, а скорее традиционные представления об их функциональном и организационном назначении» [9].

Вслед за сторонниками позитивного отношения к партиям, нам представляется что, несмотря на имеющуюся в науке полемику об эффективности института политических партий на прогнозирование их скорого ухода с политической арены нет весомых оснований. Признавая возрастание роли и институционализации внепартийных социальных групп, принижать место и роль политической партии некорректно и неадекватно согласно существующей практике. Только партии на сегодняшний день выполняют сугубо политические функции в обществе, и остаются наиболее организованной и приспособленной к политической жизни силой.

Нам кажется, если уйдет потребность в избрании Президента, депутатов, т.е. исчезнет необходимость в представительной демократии, возможно тогда и не будет потребности в партиях. Но цивилизованное человечество пока не придумало наилучшей системы правления как представительная демократия. Именно в партиях выражаются основополагающие принципы демократии: политический плюрализм, представительство и выборность должностных лиц. Главной функцией партии в этой системе является представительство интересов широких масс во властных структурах. Хотя партии, может и не выполняют некоторые функции, которые выполняли раньше, но эта функция, по крайней мере, сегодня точно остается за ними.

Исходя из вышесказанного, можно констатировать, что у политических партий есть будущее. А вот какими будут эти партии, какими станут новые формы их существования – это неизвестно. Ведь партии эволюционируют с развитием общества. Сначала появились протопартии (аристократические кружки, политические клубы), затем массовые и универсальные партии. Сегодня заговорили о партиях «новой волны», которые подразделяются на картельные и проблемно-ориентированные.

Партии как новая политическая реальность возникают при достижении обществом определенного уровня зрелости, а возникнув, сами становятся доминирующим фактором политической жизни. Следовательно, партии являются одновременно результатом и фактором развития. С одной стороны, как отмечали Лапаломбара Дж. и Вейнер М., партии – это результат процесса развития, но с другой стороны, партии можно рассматривать как «независимую институциональную силу, порождающую само политическое развитие».

1. *Основы теории политических партий: Учебное пособие / под ред. Заславского С.Е. – М.: «Европа», 2007. – 464 с.*

2. *Шмиттер Ф. Неоконпартизм // Полис. – 1997. – №2.*

3. *Острогорский М.Я. Демократия и политические партии. – М.: РОССПЭН, 1997. – 640 с.*
4. *Выдрин Д. История, технология, экзистенция. – Киев, 2001. – 205 с.*
5. *Пиизова С.Н. Демократия и политический рынок в сравнительной перспективе // Полис. – 2000. – №2, 3. – С. 100-112.*
6. *Холодковский К.Г. Партии: кризис или закат? // Политические институты на рубеже тысячелетий. Дубна, 2001. – 480 с.*
7. *Муштук О.З. Политология: Учебное пособие. – М.: Маркет ДС, 2006. – 556 с.*
8. *Huntington S.P. Political Order in Changing Society. – New Haven, 1968.*
9. *Сморгунов Л.В. Партии и демократия <http://mgimofp.narod.ru/304.htm>*

### **Түйін**

Бұл мақалада автор саяси партиялардың қазіргі замандағы қоғамда алатын орны мен атқаратын ролін қарастырады.

### **Резюме**

В статье рассматриваются роль и место политических партий на современном этапе.

### **Summary**

In this article, the authors examine the values of the political parties and their place and role in modern society.

## **ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВ НАЦИОНАЛЬНЫХ МЕНЬШИНСТВ В КЫРГЫЗСТАНЕ**

*Э.Ж. Сыдыгалиева – преподаватель кафедры государственного и муниципального управления КНУ имени Ж.Баласагына*

Реализация прав национальных меньшинств является одной из основ гражданского согласия в обществе, она служит делу укрепления стабильности в государстве, межнационального согласия в обществе, сохранения ее государственности и территориальной целостности. В настоящее время на территории Кыргызской Республики проживают различные национальные меньшинства, основная часть этнической общности которых проживает за пределами Кыргызстана. Начавшиеся в конце 1980-х – начале 1990-х годов сложные и во многом противоречивые процессы распада СССР и возникновения новых независимых государств резко обозначили проблемы межнациональных отношений. Политика Советского Союза основывалась на сильной централизованной системе управления союзными республиками со стороны Москвы, однако, это не избавило СССР от локальных конфликтов. В указанный период эти явления были достаточно жестоко подавлены центральной властью, этническая проблема решалась силовыми методами, такими как депортация, переселение, этнические чистки и т.д. Эти меры дали временное облегчение межэтнического противостояния, однако, положили начало другим негативным явлениям, таким как; – обострение противоречий между неправящими этносами; – создание глубинных этнических обид и накопление глубинных противоречий между этносами в связи с невозможностью открыто демонстрировать этнические обиды.

В то же время, мелкие конфликты с этнической окраской подавлялись посредством системы органов безопасности и внутренних дел, глубинные противоречия не разрешались, объективная этническая нетерпимость подавлялась идеологическими методами. То есть, проблема не решалась, она лишь загонялась в глубины сознания и передавалась из поколения в поколение. О чем свидетельствуют трагические события конца 80-х годов прошлого столетия, которые произошли в г. Баку, Фергане, Нагорном Карабахе, Оше и других районах СССР. К сожалению, Кыргызстану не удалось избежать межэтнических столкновений. В течение двадцати лет произошло два серьезных кыргызско-узбекских конфликта, сопровождаемые человеческими жертвами.

Самый главный рычаг регулирования и защиты прав национальных меньшинств – это создание правовой базы. Отсутствие четких законов и правовых традиций регулирования прав национальных меньшинств – одна из причин конфликтов в данных сферах общества. Значительную роль по оптимизации механизма реализации прав национальных меньшинств, укреплению национальных отношений должны играть законодательные акты, определяющие экономические основы данного механизма.

Совершенствование процесса реализации прав национальных меньшинств в Кыргызской Респуб-лике напрямую зависит от эффективности реализации законодательства, регламентирующего права национальных меньшинств. Однако недостаточность материально-финансовой базы часто сводит на нет попытку воплотить в жизнь уже существующие юридические предписания, а отсутствие продуманных, сбалансированных финансово-экономических обоснований принимаемых законов, программ развития национальных меньшинств сильно влияет на эффективность их реализации.

В Указе Президента Кыргызской Республики «О неотложных мерах по укреплению общественной безопасности в Кыргызской Республике» от 1 февраля 2012 говорится, что «Анализ общественно-политической ситуации в республике показывает, что одной из главных угроз общественному порядку, стабильности и национальной безопасности страны является активизация деятельности экстремистских и организованных преступных групп. В последние годы этими деструктивными силами были предприняты действия и совершены особо тяжкие преступления, которые вызвали большой общественный резонанс как внутри страны, так и за ее пределами. Экстремистские элементы, объединившись с организованной преступностью, бросили вызов всему обществу и государству. Основой планов и тактики совместных действий деструктивных сил является создание внутривнутриполитической напряженности в стране с активным вовлечением в противоправную деятельность, в том числе в межэтнические столкновения, обманутых ими слоев населения, в первую очередь, молодежи. Особую тревогу и озабоченность вызывают конфликты апреля 2010 года в городе Токмок и селе Маевка Чуйской области, а также трагические события мая-июня 2010 года, имевшие место в городах Ош, Джалал-Абад, отдельных районах Ошской и Джалал-Абадской областей. Попытки деструктивных элементов перевести бытовые конфликты в межэтнические столкновения наблюдались в 2011 году и начале 2012 года в с. Ноокат Ноокатского района Ошской области, с. Андарак Лейлекского района Баткенской области и с. Жаны-Жер Сокулукского района Чуйской области /1/.

В настоящее время в системе регулирования прав национальных меньшинств Кыргызской Респуб-лики, можно выделить следующие основные группы проблем, на которых, прежде всего, сосредоточено внимание нашего парламента:

– это последовательное закрепление норм, устанавливающих общий запрет на дискриминацию человека и гражданина по признаку национальной или этнической принадлежности, отношения к языку, религии и других обстоятельств;

– обеспечение прав лиц, относящихся к национальным меньшинствам, в различных сферах: в области сохранения, развития и использования национального (родного) языка, сохранения и развития национальной культуры, традиций и обычаев, а также определение организационно-правовых форм их осуществления.

В свою очередь практическая реализация принятых обязательств по основным международным документам по защите прав национальных меньшинств предполагает выполнение Кыргызской респуб-ликой следующих задач:

- 1) Создание эффективного механизма по выполнению принятых обязательств Кыргызстана;
- 2) Представление национальных докладов на рассмотрение соответствующих органов ООН по выполнению обязательств по правам меньшинств;
- 3) Обеспечение информированности лиц принадлежащих к меньшинствам об их правах, вытекающих из ратифицированных Кыргызстаном международных договоров;
- 4) Трансформация международно-правовых норм в законодательства Кыргызстана, которая требует изменения законов, приведение их в соответствие с международными стандартами по правам меньшинств;
- 5) Активное сотрудничество с международными организациями, которые могут оказать содействие в выполнении Кыргызстаном возложенных на него обязательств.

Государственная политика этнического развития и консолидации общества в Кыргызской Респуб-лике основана на принципах:

- Принцип равенства и недискриминации, то есть – все люди рождаются свободными и равными в своем достоинстве и правах. Никто не должен быть ущемлен в правах на основании принадлежности к определенной расовой, религиозной, этнокультурной, языковой, гендерной или возрастной группе. Этот принцип предполагает соблюдение равных прав и создание возможностей, при которых каждый гражданин Кыргызской Республики может на практике пользоваться в полном объеме гражданскими, политическими, экономическими, социальными и

культурными правами.

• Принцип социальной сплоченности направлен на укрепление гражданского единства и принятие общих, выработанных веками ценностей и идеалов, которые объединяют всех граждан страны независимо от их этнического происхождения, социального положения. Консолидация народа Кыргызстана основывается на общей истории, территории и равной ответственности граждан за страну и ее будущее.

• Принцип сохранения самобытности этносов и развития культурного многообразия подразумевает создание условий для удовлетворения этнокультурных потребностей людей разных национальностей и развития межкультурного диалога. Общее культурное наследие народа Кыргызстана является ценностью общества и достоянием страны.

В нынешних условиях основными причинами напряжения в межэтнических отношениях стало отсутствие четкой национальной политики адаптированной к меняющимся условиям, регулирующей этнические процессы и определяющей выбор оптимального варианта их развития.

Таким образом, после трагических событий лета 2010 года Кыргызстан больше чем когда-либо нуждается в определении ясного политического курса в сфере управления межэтническими и межконфессиональными отношениями. Политика простого реагирования на события, принятие мер после свершившихся конфликтов создает высокие риски и угрозы обострения ситуации в политической, экономической и этнической сфере.

Для Кыргызской Республики, являющейся полиэтничным обществом, формирование и укрепление национального единства является одним из основных условий обеспечения стабильности, безопасности, территориальной целостности и суверенитета государства, реализации стратегических приоритетов его социально-экономического и политического развития.

1. Указ Президента Кыргызской Республики «О неотложных мерах по укреплению общественной безопасности в Кыргызской Республике» 01.02.2012 URL: <http://www.polit.kg/print/2/285>

### **Түйін**

Мақалада Кыргызстандағы аз ұлттардың құқықтарын жүзеге асырудың негізгі қағидалары, этникааралық қарым-қатынастар шиеленістерінің себептері қарастырылып талданған.

### **Резюме**

Рассматриваются причины напряжения в межэтнических отношениях, а также основные принципы реализации прав национальных меньшинств в Кыргызстане.

### **Summary**

Causes of tension in interethnic relations, as well as basic principles of the rights of national minorities in Kyrgyzstan are considered.

## **ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Г.С. Джуматаева** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және PhD докторантура институты, Саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасының 2-курс магистранты

Мәдениет – өте ауқымды, кең мағыналы ұғым. Мәдениет (лат. Cultura – өсіру, өңдеу) – қоғамның тарихи дамуда жеткен сатысын көрсететін, адамзаттың шығармашылық қызметінің үдерісінде жасалған және жасайтын рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы.

Мәдениет – адамның іс-әрекетінің даму формасы. Өйткені, адам табиғи заттар мен құбылыстарды өзінің мүддесіне, талап-тілегіне сай өзгертіп отырады. Мәдениет адам мен табиғаттың өзара тұтастығы, өзара қарым-қатынасы тарихи дамуының өзгеруінің өлшемі [1].

Рухани мәдениет – ғылым, философия, құқық, мораль, әдебиет пен өнер, білім беру істерін қамтиды. Сонымен қатар рухани мәдениет бұқараның саяси мәдениетін де қамтиды. Қоғамның ондағы таптардың, түрлі әлеуметтік топтардың, жеке адамның қызметінің сапасы, көзқарастары тұтастай қоғам мәдениетінің деңгейін көрсетеді.

Ұлттың тарихи тұрақтылығының факторы – ұлттық мәдениет. Ұлттық мәдениет, өзінің құрылымы бойынша ұлттың құрамына кіретін этностар мәдениеттерінің синтезін құрайды. Бұл

синтез белгілі бір мәдени негізде жүзеге асады. Мәдени негіз, көп жағдайда, осы ұлттың құрамындағы басым этностың мәдениеті болып табылады. Демек, ұлт пен ұлттық мәдениет ұғымдары өзара тығыз байланысты. Ұлттық мәдениет ұлттың ең айқын әрі ұлтты қалыптастырушы белгісі.

Ұлттық мәдениеттің жалпыға бірдей анықтамасы жоқ. Кейбір ғалымдардың анықтамасы бойынша ұлттық мәдениет дегеніміз – белгілі бір ұлт өкілдерінің күшімен жасалған мәдени-рухани мұралардың жиынтығы; келесі бір топ ғалымдар ұлттық мәдениетті «мемлекет» ұғымымен байланыстырады. Бұл көзқарас бойынша ұлттық мәдениет қазақ ұлтының және Қазақстан жерін мекендеген өзге ұлт-тық диаспора өкілдерінің қатысуымен жасалған материалдық және рухани игіліктердің жиынтығы.

Ұлттық құндылықтадың ұрпақтан ұрпаққа беріліп, сақталуы ұлттың тарихи процесте жойылып кетпей өмір сүруінде ұлттық мәдениет маңызды орын алады. Ұлттар бір-бірінен оқшау өмір сүрмей-ді, олар әрқашанда бір-бірімен өзара байланыста. Сондықтан, ұлттық мәдениеттер мен құндылықтар жүйесі де өзара байланыста бір-біріне әсер етеді.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, ұлттық мәдениеттердің өзара байланысында осы мәдениеттер мен оның құндылықтар жүйесінің біреуі басқаларынан басым түсіп, сыртқы ортаға бейім келеді, тіпті, басқа мәдениеттерге қатысты агрессивті болуы мүмкін. Осылайша, XVIII ғасырдан бастап Батыс елдерінің Шығыс елдерін отарлау барысында Батыс мәдениетінің әсер етуінің салдарынан Шығыс мәдениетінде батысану процесі жүрді және осы уақытқа дейін осы үрдіс жүруде.

Қазірде Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде дамудың күрделі кезеңін бастан өткеруде. Ал, Қазақстан-ның тұрақты дамуы, оның заман талабына сай жауап бере білуі ұлттық мәдениет саясатының страте-гиялық бағытын дұрыс негіздеуіне байланысты.

Бұл туралы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз елінің тари-хи тәжірибесіне жүгіну – бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс. Бұның соңында қоғамдық ой-сананы түлету, қалыптастыру, ұрпақтарды тәрбиелеу сияқты маңызды мәселелер тұр. Бұл мәселелерді қалпына келтіру экономиканың дамуымен жүзеге аспақ...», – деп айтып өткен болатын [2].

Қазақстанда мәдениеттің дамуының өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың бастыларының бірі – Қазақстан халықтары мәдениетінің көптілділік және көптүрлілік сипаты.

Қазақстанның мәдениетіне сипаттама беру өте қиын, себебі, біріншіден, ұлттық мәдениет негізгі ұлт қазақтардың ғана емес, республика жерін мекендеген түрлі ұлттық диаспоралардың мәдениетте-рінен тұрады. Екіншіден, қоғамның динамикалы даму жағдайында түрлі ұрпақ өкілдерінің мәдени идеалдары әр түрлі болып келеді; үшіншіден, Қазақстанның геосаяси жағдайының мәдениетке әсері. Қазақстанның Еуропа мен Азияның аралығында орналасуы түрлі мәдениеттердің тоғысу факторын ескеруді қажет етеді. Осыған орай, Қазақстанның мәдени құрамы, тілі, деңгейі жағынан күрделі болып келеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап осы күнге дейінгі ұлттық мәдениет саясатындағы жүргізген іс-шаралары қазақ халқын рухани қайта өркендетуге, қазақ ұлтының мәдени және ұлттық сабақтасты-ғын қамтамасыз етуге бағытталып келеді. Тәуелсіздікке қол жетісімен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни, адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту, бұрын тыйым салынып келген қазақ халқының тарихи өткенін толығы-мен жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, ұлттың санасын қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұрасын игеру мақсатында іс-шаралар атқарылуда.

Қазақстанда ұлттық-мәдени әралуандық пен бірлікті жаңғырту әрі дамытудың мемлекеттік саяса-ты жүзеге асырылады. Әлемдік қауымдастықта Қазақстан бейбітшілік пен этносаралық, дінаралық татулықтың, тұрақтылық принциптерін ұстанатындығымен танылған. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде Қазақстанда жаңа этнодемографиялық жағдай мен өркениетті қауым қалыптасты. Батыс пен Шығыс құндылықтары қоғам өміріне белсенді түрде ене бастады. Қазақстанның мәдениеті әлемдік мәдениетке ықпалдаса бастады.

Қазақстанның көпұлтты қоғамының қазіргі даму сатысында мәдениеттегі кейбір мәселелерді шешу ең бірінші кезекте тұр. Атап айтар болсақ, ұлт өмірін демократизациялау, қоғамды жаңарту, тіл мәселесінің осы уақытқа дейін шешімін таппауы, этнодіни қатынастардағы шиеленістер, сектаннизм-нің күшеюі, ақпараттық кеңістіктегі, бұқаралық мәдениеттегі батыстық үлгілердің қазақ ұлты мәде-ниетіне экспанциясы және т.б.

Қазірде қоғам өміріндегі діннің әсерінің күшеюі, жаңа діни конфессиялардың тууы, әсіресе, әр



түрлі жеке қозғалыстар түріндегі жаңа діндердің күшеюі, әр түрлі діни фундаментализм мен экстремизмнің пайда болуы байқалады. Қазақстан көп дінді мемлекет болғандықтан, бұл мәселені назардан тыс қалдыра алмайды. Тәуелсіздіктің 20 жыл ішінде Қазақстанның конфессияаралық және діни білім саласында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Мысалы, 1989 жылдың бірінші қаңтарында Қазақстан-да 30 конфессияға қарайтын 700-ден астам әр түрлі діни бірлестіктер болса, бұл көрсеткіш 2009 жыл-дың қаңтарында 46 конфессияға қарайтын 4000 астам діни бірлестікке жеткен [3]. Мұның барлығы еліміздегі мәдени жағдайдың өте күрделі екендігін көрсетеді.

Ұлттық мәдениет саласындағы тағы бір өзекті мәселелердің бірі жаһандану процесінің ұлттың мәдениетіне тигізетін кейбір кері әсерлерінің болуында. Глобалды информациялық төңкеріс барлық әлемнің ұлттық мәдениеті мен әлеуметтік құндылықтарына ықпалын тигізуде. Қазіргі әлемдегі жаһандану – өмірдің барлық саласын қамтып отырған күрделі процесс. Ол дүниежүзілік адамзат қоғамының даму заңдылықтарын айқындайтын факторлардың бірі ретінде қоғамдық тіл мен діліміз-ге, рухани кеңістігімізге әсер етіп келеді.

Жаһандану қазіргі кезеңдегі жер шары тұрғындарының экономикалық және мәдени интеграциясы-ның сипаты ретінде қарама-қайшылықты тенденцияға ие. Жаһандану, бір жағынан, қоғам дамуына себепші болса, екінші жағынан, шетелдік мәдениет біртұтас бір халықтың төл мәдениетін жоғалтуы-на мәжбүр етуі мүмкін. Қазіргі заманның жаһандануының теріс жағы экономикалық мүдделердің асыра дәріптеліп, әрбір халықтың ұлттық ерекшелігін есепке алмай, бұқаралық мәдениетті нағыз тарихи құндылықтардан басымдырақ етуге тырысады. Енді ғана ұлттық жаңғыру жолына түскен Қазақстанның ұлттық мәдениеттің жаһандану үдерісінің көлеңкесінде қалмауы жолында жүргізілетін іс-шараларды айқындау мәселесі бірінші кезекте тұр. Сондықтан, ол шетелдік мәдениетпен бірге өркендеуі үшін жергілікті халықтың мәдениеті мен ұлттық мәдениет қолдауды қажет етеді. Мұндағы ең басты назар аударатын мәселе, жаһанданудың объективті үрдістерінен ауытқымай қандай үлгімен дамуға болады деген мәселе, өзіміздің ұлттық егемендігімізді, ұлттық бірегейлігімізді, қазақ халқы-ның және Қазақстанның басқа этностарының төл және бірегей мәдениетін, дәстүрлі мәдениеттің ұлы құндылықтарын, ғасырлар бойы жинақталған мәдениетаралық сұхбаттар мен халықтың шығармашы-лығын сақтау мен қорғауда болып отыр.

Қазіргі кезде жаһандану үрдісімен қатар ұлттардың өзін-өзі сақтау сезімі де күшейе түсуде. Қазақстан-да да ұлттық мәдениет саласына бетбұрыс басталды. Сондықтан, ұлттың намысын оятатын, ұлттың рухын көтеріп, патриотизм сезімін тудыратын ұлттық идеология ауадай қажет. Себебі, көптеген жыл-дар бойы батыстық мәдениеттің санамызды баурап алуы ұлтымыз бен мәдениетімізге қауіп төндіреді.

Ұлттық мәдениетті сақтаудың бір жолы – әлеуметтік-рухани құндылықтарымызды сақтау. Жаһан-дануға жұтылып кетпеу үшін күрес – мемлекеттің ұлттық саясатының басты мақсаттарының бірі болып табылуы тиіс. Ұлттық мемлекеттің болашағы ғылымның, білім беру ісі мен ұлттық мәдениет-тің, қазақ халқы мен елді мекендейтін басқа этностардың дамуына, құндылықтардың қалыптасуына, әрбір этноұлттық ділдің сауығып, жаңғыруына байланысты. Бұл саладағы міндеттерді орындау мәсе-лелері Президент тарапынан осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды ұдайы арттыру және Қазақстан халқы мәдениетін одан әрі өркендету жолдары ашып көрсетілген: адамның өмір бойы білім алуы үшін жағдай туғызу; ұлттық басқару мектебін құру; мәдениеттің мем-лекеттілікті қалыптастыру үдерісіндегі рөлін нығайту және т.б.

Ұлт пен оның мәдениетінің тағдыры, көп жағдайларда, ұлттық идеяға, тілге және дінге байланыс-ты екендігі белгілі. Қазіргі Қазақстандағы этносаралық жағдай қоғамның басты идеологиясы мен сая-саты қазақ халқының мәдениетін негізгі тұғыр ретінде бекітіп, басқа этнос пен диаспора өкілдерінің оған сай бейімделу мәселесі болып отыр. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, өзгермелі заманға бейімделу адамдардың өз мәдениетін сақтай отырып, титулдық этностың мәдениетін жан-жақты меңгеру арқы-лы үйлесімділігін табу – тұрақты дамудың сәтті стратегиясы болып табылады.

Қазіргі таңдағы тәуелсіз Қазақстанның жүріп өткен 20 жылдық жолы оны қоныстанған ұлттардың этникалық, мәдени және дінаралық өзара әрекеттестігінің айрықша жағдайын танытады. Бұл жол этностың тұрмысы, дәстүрі, тілі, діни сенімі, менталитеті, ортақ шаруашылығы секілді адам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Қазақстандық менталитет окшаулану мен ұлтышылдықтың шектен тыс түрлерін қолдамайды. Әр түрлі этностардың арасындағы ұзақ мерзімді мәдени байланыс мемлекет тұрғындарына тән ортақ мәдени бағыт-бағдардың

қалыптасып, ұлтаралық татулық пен төзімділік ортасының орнығуына себеп болған.

Қазақстанда тұратын басқа этнос өкілдерінің мәдениетін жетілдіру – мемлекет құраушы қазақтың ұлттық мәдениетін қастерлеп, жаңа заманға сай оны жаңғырту, өркендету арқылы мүмкін болатынын ұмытуға болмайды. Және сонда ғана қазақ халқы еліміздегі 130-дан астам этнос өкілдерінің басын біріктірушілік, ұйытқылық ролін орындай алады.

1. Игінісова Н.Б., Ахметжанова К. Қазақтың ұлттық мәдениетін қалыптастырудағы құндылықтар // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, 2005, №2(37), – 56-59 б.

2. Назарбаев Н.Ә. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, келер ұрпаққа аманаттау – парыз // Түркістан, 2003 ж, 4 желтоқсан.

3. Сейдін Н.Б. Қазақстанның дінаралық келісім саласындағы тәжірибесі // Халықаралық ғылыми-тәжіри-белік конференция материалдары – Алматы: Президент жанындағы ҚСЗИ, 2009 – 136-142 б.

### Түйін

Бұл мақалада Қазақстанның ұлттық мәдениеті мен ондағы өзекті мәселелер қарастырылған.

### Резюме

В данной статье рассмотрены вопросы национальной культуры Казахстана и ее особенности.

### Summary

This article were looked over the issues of modern national culture in Kazakhstan, and its urgent problems.

## ҚАЗАҚСТАН МЕН АҚШ-ТЫҢ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІГІ

**С.К. Салихова** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Халықаралық қатынастар» мамандығының II курс магистранты

Қазақстан соңғы жиырма жылда әлемдік қауымдастықпен барлық салаларда өркеніетті байланыс-тар дамыта білген ашық қоғамға айналды. Сонымен қатар көптеген елдермен өзара тиімді және ұтым-ды қарым-қатынастар қалыптастыра да білді. Сыртқы саясатты орнықтырып, еліміздің халықаралық мәртебесін нығайтуға еліміз дипломатиясының зор үлесін қосты. Бүгінгі таңда біздің еліміз әлемнің көптеген елдерімен сыртқы қарым-қатынас орнатып, барлық беделді халықаралық ұйымдардың мүшесі атанды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы әртүрлі халықаралық құрылымдармен берік әрі тығыз байланысты дамыту және тереңдету Қазақстанның көпвекторлық сыртқы саясатына сәйкес келеді. КСРО күйреген соң ядролық қарудың жайылып кету қаупі туды. Бұл мәселе сол кезең-дегі басты мәселелердің біріне айналды. Ол кезде Қазақстан шет елдерде бірде бір дипломатиялық өкілдігі жоқ, сыртқы саясаттан бейхабар болатын.

Америка Құрама Штаттарымен қарым-қатынас – Қазақстан Республикасы сыртқы саясатындағы жетекші басымдықтардың бірі. АҚШ-тың жаһандық даму мен әлемдік экономикадағы ролін және жаһандық қауіпсіздікті орнықтыру жолындағы айрықша жауапкершілігін ескерер болсақ, осынау алып державамен достық және тұрақты қатынас республиканың ұлттық мүдделеріне сай келеді және біздің мемлекеттің сындарлы да болжамды арнада тұрлаулы дамуын қамтамасыз ете отырып, оның қауіпсіздігін, егемендігі мен экономикалық өркенділігін нығайтуға жағдай жасайды.

Екі жақты ынтымақтастықтың іргетасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев-тың 1992 жылдың мамырында АҚШ-қа алғашқы сапарының барысында, екі мемлекеттің басшылары “жаңа қатынастар” орнату туралы жариялаған кезден қаланған болатын. Кейіннен екі жақты қатынас-тарда жаңа факторлардың қалыптасуына орай олардың сапалық мазмұны айтарлықтай толыса түсті. 1994 жылғы ақпанда Вашингтонда екі мемлекеттің басшылары “Демократиялық әріптестік туралы хартияға” – ҚР мен АҚШ-тың әріптестік қатынастарын дамыту үшін негіз қалаған өзекті құжатқа қол қойды. Хартияда көзделген сауданы, саясатты, экономиканы, денсаулық сақтауды, мәдениетті қоса алғанда барлық салалардағы өзара ықпалдастықты дамыту ниеті кешенді түрде іске асырылуда [1].

Америка Құрама Штаттарымен ықпалдастықты дамыту Қазақстан Республикасы сыртқы саясаты-ның стратегиялық бағыттарының біріне жатады. Көптеген жылдар бойы Қазақстан

Республикасы АҚШ-тың стратегиялық әріптесі болып келеді. Қазақстан мен Америка Құрама Штаттарының қауіпсіздік жөніндегі көзқарастары мен ұстанымдары бір жақты болып келеді. Оның ішінде атап айтар болсақ, терроризмге және есірткі бизнесіне қарсы бірлесіп күресу.

Қазақстан мен АҚШ өңірлік және халықаралық қауіпсіздікті, ең алдымен жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы күрес мәселесі бойынша қауіпсіздікті нығайту ісіндегі жемісті диалогты ұста-нып келеді. Біздің еліміздің халықаралық қауіпсіздікті нығайтуды және ядролық салада өзіне алған халықаралық міндеттемелерді мүлтіксіз орындауды берік жақтаушылығы әлем жұртшылығы тарапынан мойындалып, халықаралық қоғамдастыққа Қазақстанның халықаралық бейбітшілік пен тұрақты-лықты қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге ұмтылатын мемлекет ретіндегі рөлін нығайтты. Қазақстанның ядролық қарусыз мемлекет ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуын және Құрама Штаттардың басқа да жетекші әлемдік державалармен бірге республикаға тәуелсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуге кепілдік беруін айрықша атап көрсеткен жөн.

Өзінің қорғаныс қабілеттілігін арттыру және аймақтық қауіпсіздікті нығайту мақсатында Қазақстан НАТО-мен тиімді ынтымақтастықты дамытуға мүдделі болып отыр.

Қазақстан мен Солтүстік Атлантикалық Одақ НАТО-ның әскери-саяси жүйедегі кең ауқымды бір-лескен әрекетін қамтитын «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы аясындағы серіктестер болып табылады. НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы Еуропалық және Атлантикалық кеңестік ауқымында саяси және әскери ынтымақтастықтың кеңеюіне және нығаюына, қауіпсіздік саласында тұрақтылық пен қарым-қатынастардың күшеюіне ықпал етеді [2].

Халықаралық жағдай жағынан Қазақстан бейбітшілік сүйгіш елдердің қатарында және өзінің бар-лық көршілерімен – Ресеймен және Қытаймен, Орталық Азия елдерімен, стратегиялық серіктесі – АҚШ-пен құқықты, әрі өзара тиімді қатынастарды дамытумен келеді.

Жалпы, АҚШ-тың Орталық Азиядағы саясаты әуел бастан ақ үш құрамдасқа ие: экономикалық, әскери және саяси. Америка Құрама Штаттарының саяси бағытының экономикалық құрамдасы бұл аймаққа Вашингтонға доступ қамтамасыз еткен белгілі бір деңгейде сәтті кіріспе болды. Орталық Азия елдері тәуелсіздікті алғаннан бері АҚШ-тың аймағы саясаты экономикалық және мемлекеттік институционалды реформаларға ықпалдасуға, әскери ынтымақтастықты жақсартуға, сонымен қатар әлеуметтік бағдарламаларды өткізудегі көмекке шоғырланды. 2001 жылдың 11 қыркүйегінен кейінгі оқиғадан кейін АҚШ-тың аймақтағы саясатының негізгі бағыттарының бірі халықаралық терроризм-мен күрес бойынша біріккен қимылдар жүргізу болды.

Женевадағы Біріккен Ұлттар Ұйымы бөлімшесінің Бас директоры, БҰҰ бас хатшысының орынба-сары Қасымжомарт Тоқаев бүкіл әлемді дүр сілкіндірген АҚШ-тағы лаңкестіктің он жылдығына арналған мақаласында қазіргі дәуір дүниежүзілік қауымдастықтағы барлық мемлекеттердің жаһан-дық өзара тәуелділігімен және дәстүрлі емес сынақтар мен қатерлердің пайда болуымен сипатталаты-ны жайлы жазған болатын. Жаһандану әлі зерттеліп болмаған жағымды нәтижелердің де, жағымсыз салдардың да туындауына себеп болуда. Оның аса қауіпті салдарының бірі – халықаралық лаңкесшіл-діктің ақпараттық және өзге де қазіргі заманғы технологияларға қол жеткізу есебінен әлемдік дүние тәртібіне ықпал ету қабілетінің арта түскендігі.

АҚШ территориясында террорлық әрекеттерді болдырмауға бағытталған ұлттық күштер ретінде анықталатын, американың тарихында алғаш рет «ұлттық қауіпсіздік» (national security) терминімен қатар арнайы түрде «ішкі қауіпсіздік» (homeland security) термині қолданыла бастады. Алғаш рет өзі-нің тарихында американдық заңгерлер «Халықаралық терроризм» және «Ішкі терроризм» түсінікте-рін ажырата бастады [3].

Анығын айтқанда, қазіргі кезде дүние жүзі халықаралық лаңкесшілдіктің құпия күштері осы заманғы өркениеттің негіздеріне қарсы ұйымдастырып отырған жаңа соғысты бастан кешуде. Бұл текетіректің принципті жағы тараптардың ешқайсысында айқын басымдықтың жоқтығы болып табы-лады. Халықаралық лаңкесшілдіктің жойқын күші үдеп бара жатқаны аландатпай қоймайды, жазық-сыз адамдар ғана емес, тіпті, бірқатар мемлекеттердің саяси жүйесі де оның шылауына айнала баста-ды. Әлемдік экономикаға да халықаралық лаңкесшілдіктің төндіріп отырған қатері аз емес. Оның үстіне біз қазіргі кезде "мемлекеттік лаңкестік" деп аталатын құбылысты байқап отырмыз. Ресми мемлекеттік саясатқа айналуы ықтимал бұл құбылыстың қатері айқын болып тұр.

Құрама Штаттарының қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтастыққа мүдделерінің кенет артуы аймақтағы америкалық белсенділіктің қаржы-экономикалық кеңеюімен нығайтылды.

АҚШ-тың Орталық Азия елдерімен өткен жылдардағы экономикалық қатынастарының анализі олардың дамуы біркелкі емес өтіп жатқандығын және елеулі қиындықтармен кездесіп жатқандығын көрсетеді [4].

2001 жылдың соңына қарай АҚШ талибтерге қарсы әскери операциясының негізгі бөлігін аяқтады, бұл елде халықаралық бақылау және ауыспалы үкімет орнатуға көмектесті және 2002 жылы қаңтардың басында-ақ Ауғанстанда тұрақтылықтың сақталуының кепілі мақсатымен Американың Орталық Азия аймағындағы әскери-саяси орналасуы туралы мәселе тұрды.

Орталық азиялық аймаққа қазіргі таңда аймақтық және одан географиялық тұрғыдан алыс мемлекеттер үлкен қызығушылықтарын танытуда. Бұл аймақта геосаяси қуаттылық, потенциалды ірі байлықтарға жету мүмкіндіктері, діни, ұлттық мақсаттар мен айрықшылықтардың алға жылжуы, сонымен бірге түрлі аспектілердегі қауіпсіздік « тәуекелге қойылған». Бұл мағынада Орталық Азия АҚШ-тың сыртқы саясатынан да тыс қалмайды. АҚШ-тың Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастығының басты аспектілерінің бірі қауіпсіздік сферасы болып табылады.

АҚШ-тың Орталық Азия елдерімен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығының негізгі бағытта-рына келетін болсақ, соңғы жылдары АҚШ-тың Орталық Азия елдеріне қатысты сыртқы саясатында аймақ елдерімен қауіпсіздік саласында ынтымақтастықты дамытуға үлкен қызығушылық көрінуде.

Соңғы уақытта қалыптасқан тенденциялар болашақта АҚШ-тың ғаламдық деңгейде, сондай-ақ Орталық Азиядағы қазіргі кезеңдегі заңды. Бүгінгі таңда Қазақстан дүние жүзінде болып жатқан үрдістерге қатысып, әлемнің көптеген елдерімен тұрақты саяси және экономикалық байланыс орнату арқылы халықаралық қоғамдық институттардың беделді мүшесіне айналды және күрделі экономикалық және саяси мәселелерді табысты шешуде басқа елдерге үлгі болатындай деңгейге көтерілді.

Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де мұнымен тоқтамай, АҚШ-пен Нанна-Лугара бағдарламасы аясында әріптестік танытып, ел шекарасындағы ядролық қарудың көзін жойды. Дүние жүзінде қуаты жағынан төртінші орынды алатын ядролық қаруға ие Қазақстан халықаралық аренада өзінің сыртқы саясаты стратегиясының өзегі саналатын көп векторлық, яғни, көпжақты әріптестікті негізге алған бағдарды ұстанды. Ондағы мақсат әлемнің алыс-жақын елдерімен өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, еліміздің тәуелсіздігі, оның аумақтық тұтастығы мен шекарасының бұзылмауы екені белгілі [5].

2010 жылдың сәуір айында Президент Назарбаев 47 мемлекет және халықаралық ұйым басшыларымен бірге Вашингтонда өткен ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитке қатысты. Мұнда ол ядролық қауіпсіздік және ядролық қарудан азат әлем құрудағы бірінші кезекте атқарылар шара-ларға қатысты Қазақстанның ұстанымын белгілеп берді.

Бұл игі іс Украина мен Беларусьтің де өз құзырындағы ядролық қарудан бас тартуына түрткі болды. Қазақстан аумағында ол таңда 1400 ядролық оқтұмсық болатын. Ал бұл Франция, Ұлыбритания және Қытайды қоса есептегендегіден де көп еді. Содан бері Қазақстан ядролық қару мен оның инфра-құрылымынан түгелдей тазаланды. АҚШ пен Ресеймен әріптестік орнатып, сонымен бірге МАГАТЭ ұйымымен орнаған тығыз байланыстың арқасында Қазақстан уранды байыту деңгейін төмендету және ядролық материалдар мен құрылғылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы шараларды жүзеге асыруда. Бұл жұмыстар жалғасын тауып, жаңа жобалардың жоспары әзірленуде. Бұл Қазақстанның ядролық қаруды таратпау бағытындағы жұмыстарға қосқан үлесі тоқтамағанын көрсетеді.

Қазақстан мұрагерлікке алған жаппай қырып-жоятын қарудан құтылып, қарусыздану мен қару тараптауды берік қолдаушыға айналды. Бұл ел өркениетті әлемнің мүшесі ретінде өзінің халықара-лық міндеттемелеріне жауапкершілікпен қарайды және лаңкестікпен күресте мүмкін болған көмектің бәрін көрсетеді. Жаһанның лайықты болашағын қамтамасыз ету жолында өзінің жауапкершілігін сезіне отырып, Қазақстан Азия үшін бұрын-соңды болмаған қауіпсіздік органын құру жөнінде идея ұсынды. Бүгінде Азиядағы өзара әрекет пен сенім шаралары жөніндегі Кеңес деп аталатын бұл процеске Жер шары халқының жартысынан көбі тұратын Еуразияның 16 мемлекеті қатысады.

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа жүйесін құру үрдісі аймаққа өте маңызды, себебі дәл ол перспективада аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмдеріне негіз болады. Сондықтан орталық азия мемлекеттеріне аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді және эффективті механизмдерді құру үрдісіне белсенді қосылу қажет.

Қазақстан Еуро-Атлантикалық серіктестік кеңесінің мүшесі және «Бейбітшілік жолындағы серік-тестік» бағдарламасының қатысушысы ретінде АҚШ пен Еуропалық одақтастарымен ынтымақтасып, тек ұлттық қауіпсіздікті ғана емес, сонымен қатар халықаралық қауіпсіздік саласындағы көпжақты ынтымақтастық ісіне де өз үлесін қоса алады.

Қорыта айтқанда, бейбіт өмірді сақтап тұрудағы оның сан алуан қырларын қарастырып, шынайы бағалау – бүгінгі күннің басты мақсаты. Әлемдік тәжірибеден белгілі болғандай, тұрақтылықты сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономиканы реформалау үшін, әлемдік бірлестіктің интеграциялануы үшін бірлесу қажет еді. Америка Құрама Штаттарымен ынтымақтастықты дамыту Қазақстанның ұлт-тық мүдделеріне сәйкес келеді. Қазақстанның халықаралық қатынастар жүйесіне әрі қарай интеграция-лану қарқыны мен сапасына жоғары деңгейдегі кездесулер мен келіссөздер өз ықпалын тигізуде.

1. Назарбаев Н. *Сындарлы он жыл.* – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 б.

2. Күзембаева Ә.Б. «Қазақстан және НАТО: ынтымақтастық даму үстінде» // *КазНУ Хабаршысы.* – 2010. №5-6. – 78-81 бб.

3. Скаковский Л.Р. *Понятие «национальная безопасность» в американской политической науке: теорети-ко-методологические аспекты: Казахстан – Спектр.* – 2009. №3. – 60-66 с.

4. Айтжанова Қ. «Өмір, тіршілік адамдардың ғана емес, мемлекеттердің де бір-бірімен етене араласуын, қарым-қатынас жасауын қажет етеді» // *Саясат.* – 2011. №4. – 65 б.

5. <http://news.nur.kz>

### **Түйін**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы мен АҚШ-тың арасындағы қауіпсіздік саласындағы серіктестіктің даму кезеңдері қарастырылады.

### **Резюме**

В статье рассматриваются развитие сотрудничества Казахстана и США, которое охватывает широкий спектр в сфере безопасности.

### **Resume**

The development of relationship between Kazakhstan and the USA on the sphere of security is considered in this article.

## **АФГАНСКИЙ ФАКТОР В ПОЛИТИКЕ ГОСУДАРСТВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

**И.Мусина** – магистрантка 2 курса Специальности «Международные отношения»  
ИМиД PhD КазНПУ им. Абая

Афганистан – страна с древней историей. Государство расположено на перекрестке торговых и миграционных путей, соединяющих Восток и Запад. Положение страны позволяет играть важную роль в отношениях с региональными соседями. По уровню экономического развития представляет собой крайне бедное государство, но в стране имеются залежи полезных ископаемых таких, как уран, молибден, цинк. Также этот регион располагает огромными топливно-энергетическими запасами, но их добыча и реализация затруднена из-за сложившихся обстоятельств. Афганистан граничит с Иран-ом на западе, Пакистаном – на юге и востоке, Туркменистаном, Узбекистаном и Таджикистаном – на севере, Китаем – в самой восточной части страны.

Война в Афганистане началась в 2001 году и представляет собой военный конфликт между Международными силами содействия безопасности (ISAF), поддерживаемыми сначала Северным альянсом, а затем новым правительством Афганистана, и исламистской организацией Талибан, контролировавшей до этого большую часть Афганистана. США проводят операцию в Афганистане в рамках операции «Несокрушимая свобода», начатой в ответ на террористический акт 11 сентября 2001. Международные силы содействия безопасности в Афганистане (ISAF) действуют в соответствии с резолюцией №1386 Совета Безопасности ООН от 20 декабря 2001 года. Важно отметить, что «Аль-Каида», борьба с которой стала главной причиной военной интервенции США в Афганистане, в основном покинула страну. Считается, что руководство организации находится в Пакистане, а свои операции она проводит с территориями других стран, например, Йемена. Хотя «Талибан» по-прежнему поддерживает контакты с «Аль-Каидой», он все же представляет собой афганское, а не транснациональное движение.

Афганский фактор – многозначительный для безопасности центрально-азиатского региона в целом и каждого государства в частности. Во-первых, абсолютное значение Центральной Азии заключается в том, что единственный регион мира, полностью окруженный ядерными державами, – имеют-ся в виду Индия, Китай, Россия, Пакистан, потенциально Иран, а также Турция, входящая в блок НАТО. Регион, где происходит подобная конвергенция экономических и геополитических сил, неизбежно приобретает особое значение [1]. Более того, подобный расклад закладывает широкий конфликтный потенциал не только в противостояние сверхдержав, но и между государствами региона.

Во-вторых, сегодня в регионе наблюдается широкая полоса дестабилизирующих факторов. Это и афганский наркотрафик, и нелегальная миграция, религиозный экстремизм, разветвленная коррупционная сеть и терроризм. Позиции стран в афганском вопросе обусловлены географическим расположением, протяженностью границ, схожестью этнического состава и интересами, лежащими в различных сферах. Среди основных арен взаимодействия государств следует отметить СВМДА, ОДКБ, ЕврАзЭС, ШОС, СНГ, НАТО, ООН и ряд организаций, занимающихся оказанием гуманитарной поддержки населения Афганистана. Большая медицинская помощь исходит от Международного движения Красного Креста и Красного Полумесяца, всемерная поддержка оказывается Организацией Объединенных Наций, также страны-соседи по региону поддерживают население Афганистана в продовольственном плане. Значение событий в Афганистане обусловили во многом создание Шанхайской Организации Сотрудничества и региональной антитеррористической структуры. Это шаг, несомненно, благотворный. Но об эффективности контртеррористических действий стран ШОС идут споры. Проблемами урегулирования ситуации в стране занят ряд организаций политического и экономического характера. После появления в Центральной Азии баз США и их союзников перед ШОС встала проблема сотрудничества с антитеррористической коалицией, ведущей боевые действия против талибов в Афганистане. Надо отдать должное: страны ШОС и НАТО активно взаимодействуют (за исключением КНР). Но проблема заключается в том, что, решая, казалось бы, одну задачу – обеспечение безопасности в регионе, фактически ШОС и НАТО преследуют противоположные цели, что чревато дальнейшим осложнением ситуации в регионе Центральной Азии. Присутствие США в регионе – дело практически решенное, но вопрос – ради решения какой задачи – остается открытым, несмотря на все официальные декларации американских представителей [2].

Известно, что ШОС занимается широким спектром задач, в число которых входит и экономическая интеграция. Участие ШОС в афганском урегулировании особенно потому, что единственным реальным шансом решения афганской проблемы является формирование здоровой экономической ситуации в стране. Анализ показывает, что и стабилизация в Афганистане – это вопрос не только военно-политический, но и экономический и культурный. От военных акций страдает и мирное население. Они – главные жертвы вооруженного конфликта.

Без учета афганского фактора невозможно построение безопасного пространства в центрально-азиатском регионе. Центральная Азия представляет собой регион, где концентрируются торговые и миграционные потоки.

Центральная Азия всегда занимала особое значение в геополитических идеях ведущих государств мира. Это обусловлено многими факторами. Обстановка в Афганистане существенно влияет на его соседей. Таджикистан, например, рассматривается сегодня в мире как некий плацдарм, через который на север проникают экстремистские элементы. Киргизия по этому поводу выражает сильное беспокойство, тем более обстановка в самой стране является нестабильной. Усугубление обстановки происходит и из-за проникающих из Таджикистана группировок. Таджикистан играет ключевую роль в борьбе с незаконным оборотом наркотиков из-за своего географического положения. С международной помощью страна недавно приступила к осуществлению более широких региональных программ сотрудничества, направленных на ограничение торговли, к примеру, Таджикистан активно работает над укреплением границы с Афганистаном. Таджикистан находится на передовой линии так называемого «Северного пути» наркотрафика. Таджикско-афганская граница считается самой слабой в плане контроля и проникновения наркотиков на территорию Евразии. После того, как в 2004 году Россия начала вывод пограничных войск, угроза стала нарастать. Если с подавлением террористических вылазок силовым структурам республики удастся справиться, то полностью закрыть коридоры транзита наркотиков пока не получается.

Военное положение Афганистана серьезно тормозят проблемы, связанные с энергетикой и транс-портом. Так в 2010 году Узбекистан достроил железнодорожную линию Хайратон – Мазари-Шариф, которая впервые открывает возможности для грузовых операций на территории Афганистана. Одна-ко, несмотря на завершение строительства, линия все еще не сдана в эксплуатацию и по ней не открыто регулярное движение. Важная для страны железнодорожная линия оказалась в подвешенном состоянии. В силу своего монопольного положения, Узбекистан часто устанавливает самые разно-образные ограничения на пропуск афганских грузов, ссылаясь на небольшую пропускную способ-ность станции Галаба. Слом узбекской монополии на доставку грузов в Афганистан по железной до-роге – не за горами. Казахстан и Туркменистан достраивают линию Узень (Казахстан) – Кызылкая – Берекет – Этрек (Туркмения) – Горган (Иран), которая соединяет железные дороги трех стран в обход Узбекистана. Это означает, что грузы на станцию Тургунди можно будет отправлять в обход узбек-ских железных дорог из России, Украины и Казахстана по удобному маршруту [3].

Что же касается Туркмении, то во внешнеполитической стратегии страна придает большое значе-ние развитию отношений с Афганистаном как с соседней страной. Высокая степень заинтересованно-сти Туркмении в скорейшем налаживании мирной жизни в Афганистане имеет не только аспект без-опасности, но и другой, не менее важный фактор – экономический. Идет разработка и внедрение про-ектов, способных вовлечь афганскую экономику в процесс региональной интеграции. Актуальным является проект газопровода ТАПИ.

Война экономически невыгодна и это мощный стимул и фактор, способный повлиять на ход собы-тий. Альтернативные источники дохода могут изменить ситуацию с производством наркотиков. Акторам центрально-азиатского региона необходимо приложить совместные усилия для создания успешных инфраструктурных проектов, которые смогли бы конкурировать и со временем вытеснить наркотический бизнес.

Инициативы стран региона в разрешении афганского кризиса, в частности Узбекистана представляют собой создание под эгидой ООН контактной группы «6+3», предложенной президентом Узбекистана И.Каримовым еще в 2008 году в Бухаресте. Смысл и суть этой инициативы исходят из того, что про-блемы своей страны должны решаться самими афганцами при содействии всех заинтересованных сторон. К их числу, прежде всего, необходимо отнести США, НАТО, Россию, имеющих конкретное отношение к миротворческой миссии, а также страны, непосредственно соседствующие с Афганистаном [4].

Для Республики Казахстан Афганистан всегда был и остается важным, в политическом отноше-нии, государством. Позиция миролюбивого государства, сильно помогает Казахстану в складываю-щейся ситуации в регионе. Вне зависимости от того, как будут развиваться события после вывода основного иностранного контингента из Афганистана в 2014 году, Казахстан и дальше намерен ока-зывать поддержку в гуманитарной и экономической сферах. На прошедшем в ноябре 2010 года Сам-мите НАТО в Лиссабоне Президент РК Н.Назарбаев определил основные направления политики рес-публики в отношении Афганистана. Основными моментами данной политики стали всесторонняя поддержка международной коалиции, борьба с наркоугрозой, социально-экономическая реабилита-ция Афганистана, использование всех форматов отношений для урегулирования конфликта. Прези-дент РК так обозначил ключевую позицию: «В качестве действующего председателя ОБСЕ мы пола-гаем, что необходимо изменить саму парадигму борьбы с вызовами современности – сместить акцент с военно-полицейских методов в сторону ликвидации источников этих вызовов. Помочь афганцам взять на себя ответственность за стабильность в стране, перевести общество с вооруженного противояния на созидательные рельсы – такой мы видим основную цель деятельности ОБСЕ и междуна-родной коалиции». Н.Назарбаев озвучил тезис, который призывает отказаться от силового воздей-ствия и навязывания решений в отношении Афганистана содействию в выработке приемлемого для афганцев и эффективного плана ликвидации источников возникновения конфликтов [5].

Таким образом, безопасность Афганистана и установление стабильности в регионе находится в зоне интересов самого Афганистана и центрально-азиатских государств. Установление порядка и ста-бильности в стране обеспечивается многими факторами. Это и политические интересы держав, и дея-тельность международных организаций и вовлечение Афганистана в региональный экономический процесс. Стоит отметить, что экономический фактор является важным элементом инициатив заинте-ресованных в стабилизации Афганистана стран. Безопасность региона можно обеспечить не только военным присутствием, но и путем вовлечения стран, и в первую очередь

Афганистана, в региональ-ную интеграцию.

1. Старр Ф. *Центральная Азия. Девять вопросов одному эксперту / Washington Profile. 2009. – 05 фев.*
2. Кадырбаев А. *Влияние афганского фактора на ведущие страны ШОС Информационный портал Афганистан. Ру., 2011. – URL: <http://afghanistan.ru>*
3. Казиева Р. *Туркменистан: Афганский вопрос, оценка перспектив и рисков 2011 / Казиева Р. // Exclusive – обзорно аналитический журнал. – 2011. – 19 июля.*
4. Алимов Р. *Геополитические интересы Узбекистана в условиях формирования новой среды безопасности в Центральной Азии: афганский фактор / Алимов Р. // Exclusive – обзорно аналитический журнал. – 2011. – 19 июля.*
5. Верхотуров Д. *Стратегия по Афганистану: казахстанская глава / Верхотуров Д. // Казахстанская правда. 2010. – 30 нояб.*

### Түйін

Мақалада афғанистан мәселесі Орталық Азия мемлекеттерінің дамытуын және гармониялық саясатын құрастыру үшін маңызды факторы ретінде қарастырылған.

### Summary

The problem of Afghanistan as an important factor in constructing development and harmony policy and in Central Asian region is shown in this article.

### Резюме

В этой статье изложена проблема Афганистана и ее значение для центрально-азиатского региона.

## ҰЛТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ

**Ж.Әбікенов** – *Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университетінің аға оқытушысы*

КСРО ыдыраған тұста ұлтаралық жанжалдардың алаңы болады деп болжанған Қазақстан – бүгінде ұлтаралық келісім мен тұрақтылықтың мекені. Қазақ халқының сыйластыққа негізделген тарихи тәжі-рибесі, мейірімділігі мен төзімділігі, осы құндылықтарға негізделген Президент Нұрсұлтан Назарбаев-тың саликалы ұлт саясаты еліміздің тұрақты дамуына негіз болып отыр.

Әлемдегі елдердің басым көпшілігі көпұлтты болғандықтан, әр түрлі этностардың басын қосу, мемлекеттің тұтастығын сақтау – оның мәдениеттілігінің басты белгісі. Бүгінде ұлтаралық қатынас-тарды біржақты түсіну жиі кездесіп, көбіне бұл саланы ұлттардың өзара ынтымақтастығы деп ойла-ғанмен, бұл мәселенің екінші жағы да бар. Әр түрлі этностар араласқан тұста олардың бір-бірімен шендесуі, бәсекелестігі, араздығы бірге жүреді. Олардың қарама-қарсы мүдделерін үйлестіру, ойла-рын бір жерге тоғыстыру үлкен саяси шеберлікті талап етеді.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары ел аумағында Қазақстан азаматтығына ие болған этнос өкілдерінің өзара тату-тәтті өмір сүріп, бейбіт өмір сүруінің алғышар-ты – ел этносаясатын тұрақтыландырып, экономикасын көтеріп, халықтың әлеуметтік жағдайын жақ-сарту, олардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, бағалау, талдап зерттеу бүгінгі және келешек Қазақстанның өзекті міндеттерінің біріне айналып отыр [1, 139 б.].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 2 тармағында «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық», – деп атап көрсетілуі де осы ойы-мызды нықтай түседі. Еліміз жаңа жиырма бірінші ғасырға, жаңа мыңжылдыққа адамзат үшін ең қымбат қазына – ұлтаралық татулықты, конфессияаралық келісімді, өзара түсіністік пен құрмет сезі-мін, жарастық пен келісімді, қастерлеп сақтай отырып, қадам басты.

Қандай да болмасын саяси жүйе халық мүддесінен шықпаса, ондағы тұрып жатқан түрлі ұлттар мен этникалық диаспоралардың мұң-мұқтажын ескермесе, олардың өзара келісіп жұмыс жасауына демократиялық негіз қаламаса, этникалық топтардың өзара тәртіпті де келісімді ұйымдастырылған азаматтық қоғамын жасап бере алмаса, әрине, ол мемлекеттің саяси пәрменсіздігі басым түсіп, өмір сүру қабілетінен айырылатындығы дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомаға айналды. Оның дәлелі ретін-де ХХ ғасырдың аяғында КСРО құрамындағы елдерде болған және посткеңестік кеңістіктегі елдерде орын алған (1986 жылы Алматыдағы қазақ жастарының, 1988-91 жылдары Әзірбайжандағы армян мен әжірбайжандардың, 1989 жылы Өзбекстандағы түріктер мен өзбектердің, Абхазиядағы грузиндер мен абхаздықтардың, грузиндер мен осетиндердің, 1990 жылы және 2010 жылы Қырғызстандағы қырғыздар мен өзбектердің және т.б.) этносаяси



жанжалдарды айтуға болады [2, 4 бб.].

Қазақстан тарихының бір бөлігі – оны мекендейтін халықтардың этностық және мәдени өзара іс-қимылдарының тарихы. Әлемдік тарихта әр түрлі ұлт өкілдерінің бір жерде, бір елде бірлесіп өмір сүруі тың құбылыс емес. Бұл ретте Қазақстанның көп ұлттылығы ғасырларға созылып, уақыттардан жалғасын тауып, сабақтасып келеді.

Қазақстанның полиэтникалық қоғамға айналу процесі ұзақ тарихи кезеңдерді қамтиды. Қазақстан тарихында ол кезеңдер үшке бөлінеді.

Бірінші кезең Қазақстанның Ресей империясы құрамына кіруімен байланысты. Нәтижесінде қазақтардың көшпенділіктен отырықшылыққа ауысуы арқылы өмір сүру стилі, құндылықты нормативтік жүйесі өзгереді.

Осы кезеңде Қазақстанның солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс өңірлерін отарлаудың әскери-әкімшілік билігінің нәтижесінде славяндтардың ареалы пайда болды. Олардың көшін казактар бас-тап келді. Жайық казак әскерінің құрамында славяндардан басқа башқұрт, түркімен, татар, қалмақ, қарақалпақтар да болды.

Екінші кезең Қазақстанның КСРО құрамына енуімен байланысты. Осы кезеңде Қазақстанның саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ғылыми салаларында жаңа бетбұрыстағы алғы-шарттар құрылып, жаңа интеллектуалдық мүмкіншіліктер пайда болып, полиэтникалық құрамы жыл-дам қалыптасты. Оның негізі ретінде КСРО Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің 1924 жылғы 17 қазанда-ғы «Отарлау мен көшірудің кезек күттірмес міндеттері туралы» қаулысын айтуға болады. Бұл құжат-тың отарлаушылық маңызы КСРО аумағынан Қазақстанға адамдарды көшіріп орналастыру арқылы өңделмеген жерлерді шаруашылық айналымға енгізу еді. Бұл процесс екі бағытта жүзеге асырылды: бірі – халықты ерікті жолмен көшіру, екіншісі – күштеп көшіру. Шын мәнінде, ерікті деген болмады, екі акция да күштеп көшіру арқылы атқарылды. 1940 жылға дейінгі уақытта Қазақстанға 65 мың шар-уа отбасы көшіп келді. Оның ішінде Украинадан – 6478, Белоруссиядан – 2031, Воронеж облысынан – 1142, Курск облысынан – 1415, Рязанск облысынан – 574, Татарстаннан – 917, Чуваш республикасынан – 876, Мордовадан – 591, өзге де өңірлерден – 1068 отбасы көшіп келді.

Үшінші кезең Қазақстанның тәуелсіздік алуымен және халықаралық қауымдастықтың субъектісі болуымен байланысты. Бұл кезеңде әрбір этникалық топтың еркін дамуына қол жеткізілді, этникалық ерекшеліктерін қайта түлетуге мүмкіндік туды.

Қазіргі таңда Қазақстанда жүз отыз алты этнос өмір сүреді. 2009 жылғы халық санағының қоры-тындысына сәйкес Қазақстан халқының саны 16402861 адамды құраса, оның ішінде қазақтардың саны – 10989916 (67%), өзге этникалық топтар мүшелері – 5412945 (33%) [3, 4 б.].

Өткенге мұқият қарасақ, Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығын, қоғамдық ішкі қауіп-сіздігі мен тыныштығын сақтауды саяси реттеудің басты тетігі ретіндегі елдің ынтымағы мен этнос-аралық келісімін қамтамасыз ету әрдайым өзекті мәселе. Саяси институттардың ең жоғарғы сатысынан орын алатын мемлекет өзінің бүкіл әкімшілік жұмысы барысында өз атауына сай төл азаматтарымен қатар басқа да этнос өкілдерінен құралған азаматтардың қамын күйттеп, олардың барлық конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қамтамасыз етуге, олардың өзара тыныш, келісімді де үйлесімді арақатынастарына тиімді әрі қауіпсіз жағдай жасауға, ынтымақты күйттеген этносаяси процестерді ұйымдастыруға қабілетті барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың, әсіресе Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін демократиялық әдіспен қамтамасыз етудің стратегиялық міндетін орындау қажеттілігін зор жауапкершілікпен мойындайды.

Ассамблеяны құру идеясы 1992 жылы өткізілген Қазақстанның тәуелсіздігіне арналған I этникалық форумда Елбасы Н.Ә. Назарбаевпен ұсынылған болатын. Форумда сөйлеген сөзінде Президентіміз «біздің басты байлығымыз – халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпағы қалыптас-тырды. Бұл байлықты талан-таражға салуға, дәстүрлерімізді жоғалтуға біздің құқымыз жоқ. Ол онда-ған жылдардың жемісі. Әр халықтың, әр ұлттың үні естіліп тұруы тиіс. Сондықтан форумды тұрақты негізге ауыстыру мақсатында жаңа қоғамдық институт құру қажет» деген болатын.

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы консультативтік кеңесші орган ретінде құрылды. Уақыт өте келе оның құқықтық мәртебесі кеңейіп, “Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы” Заң қабылданып, ұйымдық жағынан күшейді. Парламент Мәжілісіне тоғыз депутат сайлауға құқылы болды.

Өзінің 17 жылдық тарихында Ассамблея өзінің басым бағыттарын айқындай отырып,

Қазақстанда тұратын 130-дан астам ұлт пен ұлыстардың өзара тату-тәтті өмір сүруіне жағдай жасауда, елдегі тұрақтылықты сақтап, дамытуға зор үлес қосып келеді. 17 жылдың ішінде ҚХА елімізде 600-ден астам ұлттық-мәдени бірлестіктері бар, конституциялық мәртебеге айналған, басқа мемлекеттерге ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайтуда үлгі бола алатын қоғамдық институтқа айналды.

Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI-сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан халқының этностық және мәдени саналуандығы мен төлтумалығын сақтауға бай-ланысты жаңа қадамдар іздеген жөн», – деген ұйғарым жасаған еді [4].

Қазақстан бүгін әлемге белгілі дербес мемлекет. Дегенмен, қазақстандық келісімнің негізі – қазақ-стандық азаматтықты қабылдау әртүрлі жағдайларға байланысты, жеке бастың іштей таңдауымен қатар, амалсыздан тарихи отанына оралуға мүмкіндік болмағандықтан қазақстандық болғандар да бар. Сондықтан азаматтықты таңдау мен адамдардың ішкі көңілі үйлесе бермейді. Кеңестік ментали-теттен арылып, Қазақстан азаматына айналу терең психологиялық бетбұрыс, ол бүгіннен ертеңге өзгере қоятын қадам емес, сондықтан біздегі келісімнің әр түрлі деңгейлері бар.

1. Немқұрайлы, селқос келісім. Бұл келісім ұлттық мүдделерге парықсыздықпен қарауды, талғау-сыздықты, кеңестік идеологияның ұлтқа жоғарыдан, селқостықпен жүргізген саясатын жалғастыра-ды, өз ұлтының тағдырына бей-жай қарайды.

2. Мүсіркеушілік келісім. Ұлттық мүдделерге түсінікпен қараған болады, қолдаған сыңай танытады.

3. Көңгіш, жалтақтық келісім. Бұл жоғарыда айтылған ұлттық альтруизм, бір ұлтты екінші ұлтқа икемдеу.

4. Демократиялық келісім. Өзінді-өзің сыйлау, өзгеге де сыйлату, өзгені де сыйлау. Бұл қиындық-тары мол, бірақ ең әділ келісім. Қазақстан халқы бүгін осы келісімге бейімделуде. Қазақстандық моделді демократиялық келісім моделі деуге болады.

Ұлтаралық қатынастардың қазақстандық үлгісі бірнеше негізгі деңгейде жүзеге асырылады: тұжы-рымдамалық деңгей; саяси-құқықтық (конституциялық) деңгей; институционалдық деңгей және ғылыми-әдістемелік деңгей. Тұжырымдамалық деңгей еліміздің ұлтаралық қатынастарындағы тұрақ-тылықты қамтамасыз етеді және ол: әлеуметтік-экономикалық, мәдени, ожданлық, тұрмыстық және басқа да өзара тәуелді, толықтырушы факторларды есепке алу, Қазақстан ұлттарының өз мәдени дамуын еркін қамтамасыз ету және олардың мүдделерін қорғау мен жүзеге асыру принциптеріне сүйенеді. Саяси-құқықтық немесе конституциялық деңгей мемлекеттің ұлтаралық қатынастар сала-сын реттейтін заңнамалық актілер және ұлттық саясатты жүргізуге қатысты басқа да құжаттардың негізінде жүзеге асырылады. Ұлтаралық келісімнің құқықтық негізі ретінде Қазақстан Республикасы-ның Ата Заңы танылады. Тіпті Ата Заңның 39-шы Бабы: «ұлтаралық келісімді бұзатын кез-келген әрекет конституциялық емес деп танылады» деп көрсетілген. Сонымен қатар, Негізгі заңның 7 Бап («мемлекет Қазақстан халқының тілдерін дамыту мен оқуға жағдай жасайды») пен 19 Бап («әр азамат өз тілі мен мәдениетін пайдалануға құқылы») пен басқа да «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы», «ҚР тілдері туралы», «Мәдениет туралы», «Тарихи-мәдени мұралары объектілерін қорғау мен пайдалану туралы» заңдар Қазақстандық кез-келген азаматтың өз тілінде білім алу, дамыту мен мәдениетін уағыздауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Қазақстан ұлттары 2007 жылғы конститу-циялық реформаның нәтижесінде республиканың жоғарғы заң шығару органына өкілдер жіберу құқығына ие болды [5, 18 бб.].

Ұлтаралық, дінаралық бірлік мәселесіндегі қазақстандық тәжірибе қазір көптеген елдердің қызы-ғушылығын тудырып отыр. Біздің тәжірибемізбен Франция, Норвегия, Ұлыбритания, АҚШ, ГФР, Финляндия, Қытай, Испания, Австрия сияқты елдер танысып, зерттеуде. Бұл тек өз елдерінде бірлікті қамтамасыз етуге ерекше ұмтылып отырған мемлекеттердің ғана тізімі.

Қазіргі таңда, АҚШ, Ресей, Қытай, Франция, Ұлыбритания секілді өркениетті елдердің және өзге-лердің де Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты әлемде баламасы жоқ бірегей қоғамдық институттың жұмыс тәжірибесін зерттеуге ден қоюлары – ұлттық саяси бағытымыздың дұрыс, қолға алған істері-міздің шынайы өмірмен үйлесіп жатқандығының бір көрінісі.

Ел ішіндегі татулық пен ұлттар арасындағы достықты насихаттау, оны елге түсіндіру соның негі-зінде қоғамдық пікірді байсалды қалыптастыру Қазақстанның дамуының негізгі кепілі бола алады. Барлық қазақстандықтар ел ішіндегі тұрақтылық пен ұлттар арасындағы татулықты үзбей насихаттау керек. Қазақстан мемлекеттілігінің нығайуы осыған байланысты.

Қорытындылай келе, елімізге белгілі ғалым Р.Әбсаттаровтың сөзімен түйіндесем: ұлтаралық

келісім – адамның өнегелі тәрбиелілігінің, жоғары мәдениеттілігінің барлық ұлттар мен ұлыстардың ұлт-тық және этникалық топтардың мүддесімен ортақтастық деңгейінің көрсеткіші. Біздің республика-мыздағы ұлтаралық келісім- ең маңызды жетістіктердің бірі және ұлттық мәселелердің ғылыми шешімінің нәтижесі, қоғамның дамығандығының көрінісі.

1. Онушко М.Ю. *Государственно-конфессиональные отношения: мировой опыт и Казахстан.* – Алматы: Баспалар үйі, 2010 ж. – 139 б.

2. Алпысбаев Ж.Т. *Қазақстан Республикасында заманауи этносаяси процестердің қалыптасуы мен даму ерекшеліктері. Автореферат.* – Алматы, 2010 ж. – 4 б.

3. Алпысбаев Ж.Т. *Қазақстан Республикасында заманауи этносаяси процестердің қалыптасуы мен даму ерекшеліктері. Автореферат.* – 4 б. – Алматы, 2010 ж. – 12 б.

4. Назарбаев Н.А. *Тәуелсіз Қазақстан – біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз. Қазақстан Республика-сы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. 2010 ж., 21 қазан.*

5. Арзықұлов А. *Ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі және оның қалыптасуының алғышарттары. Қазақстан қоғамы дамуының өзекті мәселелері: мақалалар жинағы – Алматы: ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2010. – 18 б.*

### Резюме

Эта статья посвящена анализу особенностям формирования и развития национальное и межнационального согласие в Казахстан.

Для любого многонационального государства, в том числе и Казахстана, совместное проживание и равно-правное развитие людей разных национальностей и народностей является важной проблемой. Но Казахстанская модель межэтнического согласия доказала свою жизнеспособность и эффективность.

### Summary

It is article it is devoted to the analysis to features of formation and development national and international a consent to Kazakhstan.

For any multinational state including Kazakhstan, joint accommodation and development of people of different nationalities equal in rights and nationalities is an important problem. But the Kazakhstan model of an interethnic consent proved the viability and efficiency.

## ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ

### ГЕОСАЯСАТТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ

**Р.Б. Әбсаттаров** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистратура және Phd докторантура Институтының саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндерінің кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор*

Қазіргі саяси проблемаларды зерттеудің салыстырмалы түрдегі өз алдына жеке бағыттарының бірі – геосаясат. Геосаясатты талдаудың өзіндік ерекшелігі саясаттың кеңістік – географиялық факторларын қарастырумен, макросаяси үрдістерді зерттеумен, тұрақты және ұзақ мерзімді сипаттағы құбылыстар-ды ашатын ұғымдар мен категорияларды кеңінен қолданумен байланысты. Мұндай ғылыми амал әсі-ресе геосаяси проблемаларын қарастыру кезінде аса маңызды.

Соңғы уақыттары геосаясаттың, геосаяси білімнің маңыздылығы айтарлықтай артты. Қазіргі кез-де Қазақстанның геосаясаты туралы, геосаяси факторлары, геосаяси жағдайы жөнінде және т.б. тура-лы жиі естіледі. Алайда, осы тақырыпта сөйлейтін адамдардың бәрі бірдей геосаясат дегеннің не еке-нін және оның мәнінің неде екенін, пәніне не жататынын жете айыра алмайды. Соған қарамастан гео-саясат дүние жүзі тарихын пайымдаудың ерекше амалы ретінде қазіргі

Қазақстанның шынайы саяса-ты тұрғысынан өте үлкен пайдасы бар.

Геосаясат XIX-XX ғасырлар тоғысында дүниеге келді. Оны негіздеушілердің қатарына Фридрих Ратцел, Рудольф Челлен және Хэлфорд Джордж Маккиндер жатады. Ілім ретінде геосаясат біртұтас күйдегі әлем қарама-қарсы тұрған негізгі күштер орталықтары арасында талас алмаға айналған кезде келіп шықты. Бұл әлемде дау-дамай деңгейінің артуына әкеп соқты. Өз кезегінде бұл жағдай дүниені бөлу дәуіріндегі халықаралық қатынастардың нақты тарихи типін түсіндіруді қалыптастырып, ғылы-ми ізденіске итермеледі.

Содан бері жүз жыл өтті. Алайда ғылымда геосаясаттың мәнін, пәнін анықтауда жеткілікті түрде анықтық бар деп айтуға болмайды. Геосаясат ұғымы тарихи көп мағыналы болып қалыптасты, бұл оның әртүрлі мағынамен байланысты маңызының араласып кетуіне әкелді. XXI ғасырға аяқ басқаннан бастап, геосаясатты саяси ғылымдардың құрамдас бөлімі ретінде одан да әрі өзекжарды болатынын сеніммен атап айтуға болады. Бұған әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың көптеген жаңа жағдайлары мен факторлары себепші болып отыр, солардың арасында геосаясат алдыңғы қатарда тұр.

Осымен байланысты геосаясаттың аса маңызды ғылыми пәндердің бірі екенін атап көрсетуіміз қажет, өйткені онсыз қазіргі әлемнің шынайылығын толықтай және қайшылықсыз анық түсіну мүм-кін емес. Геосаясатты дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, оның пәнін айқындап, анықтама беру қажет.

### **1. Геосаясаттың пәні және анықтамасы**

Геосаясат – бұл саяси ғылымдар теориясының іргелі ұғымдарының бірі, ол мемлекеттердің немесе мемлекеттер блоктарының аумақтық-кеңістікте орналасу ерекшелікті жағдайының негізінде локаль-дық, аймақтық, құрылықтық және жаһандық халықаралық үрдістерге нақты тарихи ықпал етудің формасы мен орнын сипаттайды. Геосаясаттың тарихи қалыптасуы оның пәні мен анықтамасын зерт-теулерге байланысты.

Геосаясатқа арналған жарияланымдардың молдығына қарамастан, «геосаясат» ұғымына берілген анық анықтама бар деп айта алмаймыз. 1916 жылы Р.Челлен «Мемлекет өмір формасы ретінде» атты еңбегінде ғылыми айналымға енгізген « геосаясат» терминінің этимологиясы туралы сөз етейік.

Термин екі сөзден тұрады. «Геосаясат» терминіндегі префикс гео- (гректің де – Жер сөзінен шық-қан) ең басты болып табылады, ол кеңістікте тұрған жерін білдіреді. «Геосаясат» ұғымының екінші бөлігі – саясат сөзі (гректің politike – мемлекетті басқару өнері мағынасын береді).

Геосаясат мемлекеттің (мемлекет топтарының) саясатында сөзсіз зерттеудің негізіне жататын гео-графиялық, кеңістіктік-аумақтық аспектіні қарастырып қана қоймайды. Ол планетадағы өмірді (пла-нетааралық және аймақтық көлемде), даму үрдістерін зерттейді, өйткені оларға мемлекеттер, аймақ-тар және жалпы бүкіл әлем тартылған, олардың өмір сүру механизмдері, жалпы әлем қауымдастығы эволюциясының және әсіресе оның сегменттерінің (соның ішінде мемлекеттер) қозғаушы күштері, негізгі құрылымдары мен субъектілері, стратегиялық бағытта, заңдылықтары, қағидаттары, тенден-циялары қамтылған.

Геосаясат өтпелі әлемдік қауымдастықтың жаңа парадигмалары мен моделдерін жасайды. Соны-мен бірге, ол геосаясат саласында – халықаралық жүйенің әртүрлі деңгейлерінде (жаһандық, аймақ-тық және локальдық) акторлар (әрекет етуші адамдар) жүзеге асыратын саяси өмірдің халықаралық аренасында әрекет ететін стратегияны дайындау, қабылдау және оны іске асыру көзқарасы тұрғысы-нан алғанда мемлекеттердің және әлемдік қауымдастықтың проблемаларын қарастырады.

Осылайша, геосаясат – бұл мемлекеттің орналасқан жерінен шыға отырып жүргізетін саясаты, мемлекетті басқару өнері.

Географияның, саясаттанудың, тарихтың, әлеуметтанудың, демографияның, геоэкономиканың, этнологияның және адамзат білімінің басқада салаларының элементерін синтездеу – геосаясаттың ерекшелігі болып табылады. Бұл кездейсоқ нәрсе емес, өйткені геосаясат мемлекеттердің тарихи-гео-графиялық динамикасын кешенді зерттеуді өзіне мақсат етіп қойған. Сондықтан ол басқа да ғылым-дармен және ғылыми пәндермен тығыз байланысқан. Геосаясат басқа ғылымдардан әртүрлі әдістер мен амалдарды алады және оларды белсенді пайдаланады. Осылайша, геосаясат – шекаралық пән, әртүрлі ғылыми білімдерді өзіндік бір түсіндіру жолы [1].

Сонымен қатар, геосаясат – өз алдына жеке ғылыми пән. Оның өзінің жеке зерттеу объектісі және пәні, категориялық-ұғымдық аппараты, атқаратын функциялары, сонымен бірге зерттеу әдістері бар.

Ғылыми пән ретіндегі геосаясаттың объектісіне планетааралық кеңістік (құрғақ жер, теңіздер және мұхиттар, біздің үстіміздегі ауа мен ғарыш кеңістігі), сонымен бірге әлемдік қауымдастықта жүріп жатқан геосаяси үрдістер мен құбылыстар жатады.

Осымен байланысты геосаясаттың объектісі мен пәні туралы талас-пікірлердің жүргенін және де бүгінде жүріп отырғанын айтуымыз қажет. Көбінесе «геосаясат» ұғымы мейлінше кең көлемде түсін-діріледі. Бұл осы салыстырмалы түрдегі жаңа ғылыми пәннің өзіне тән белгілерін жояды, оның шека-расын шайып кетеді. Геосаясаттың пәні экономикалық, әскери-стратегиялық, табиғи-ресурстық, эко-логиялық және басқада сипаттағы, мынандай пәндермен: халықаралық қатынастар, сыртқы саясат және т.б. проблемаларына араласып, сіңіп кетеді.

Көптеген зерттеушілер геосаясаттың пәнін жеке ғылыми пән ретінде анықтамай-ақ, геосаясатты өзара ықпал ететін және мемлекеттің стратегиялық әлеуетіне үлкен ықпал жасайтын географиялық, тарихи, саяси және басқа да факторларды кешенді зерттейтін ғылым ретінде қарастырады.

Әрине, геосаясат ғылыми пән ретінде пәнаралық қоғамтану шеңберінде қалыптасты. Ол физика-лық және саяси география, саяси экономика және әскери география, статистика, саяси ғылым, этно-психология және басқа да гуманитарлық, техникалық және жаратылыстану ғылымдары негізінде пай-да болып, олардың синтезделуінің арқасында геосаясат сапалы жаңа қоғамдық білім ретінде көрінді.

Сондықтан бұл ғылыми пәннің өзіне тән ерекше объектісі, пәні, категориялық аппарат жүйесі бар. Геосаяси зерттеулерде қолданылатын негізгі ұғымдар мен категорияларға геостратегия, геостратегия-лық сызықтар, геостратегиялық аймақтар, геосаяси аймақтар, әлемдік геосаяси кеңістік және т.б. жат-қызуға болады. Геосаясаттың зерттеу методологиясының өзіндік ерекшелігі, оның мәні халықара-лық қатынастардың тәуелділігін, сонымен қатар қайсыбір елдердің және халықтардың өмір сүруі мен дамуын географиялық кеңістіктің жағдайына орай қарастырумен байланысқан.

Геосаясаттың саяси ғылыммен ең тығыз да тікелей байланысы бар, өйткені ол Жерге және саяси үрдістерге қатынас жөніндегі ғылым болып саналады. Шын мәнінде геосаясат кеңістіктегі саяси орга-низмдер және оның құрылымы туралы ғылым. Бұл тұрғыдан алғанда ол ең алдымен мемлекетті (сая-сатты) « үлкен кеңістік» көзқарасымен қарастыратын саяси географиямен тумалас.

Геосаясат саяси құбылыстарды олардың кеңістіктегі өзара қатынасын, олардың Жерге және этно-мәдени факторларға ықпалын зерттейді. Осы тұрғыдан алғанда ол, саясатқа барынша көңіл қояды, өзінің назарын саяси құбылыстарға географиялық түсініктеме беруге және географиялық аспектілері-не талдау жасауға тырысады.

Геосаясат саяси мақсаттарда физикалық орта факторларды ашып, зерттеу мүмкіндіктерін белсенді пайдалануға және оған мемлекеттің әскери-стратегиялық, экономикалық және экологиялық қауіпсіз-дігі мүддесінің ықпал ететіне баса көңіл аударатынын айтуымыз қажет. Геосаясат пәніне мемлекеттің аумағымен, оның шекарасымен, ресурстарды, адам ресурстарын қосқанда, ұтымды пайдалану және бөлумен байланысқан проблемалар да кіреді.

Сайып келгенде, жоғарыда айтылғандардан келіп, геосаясатқа келесі анықтаманы беруге болады.

Геосаясат – бұл саяси үрдістердің мемлекеттер орналасқан аумақтық-кеңістікке, олардың клима-тына, табиғи ресурстарына және т.б. тәуелділігін мойындаудан басталатын саяси тұжырымдамасы, білімдер жүйесі.

Геосаясат кеңістікті саясат (мемлекет) тұрғысынан қарастырады. Геосаясаттың тарихи қалыпта-суы, ең алдымен, географиялық детерменизм тұжырымдамаларымен байланысты. Қоғам өмірінің табиғи факторларының арасында, объективті өмір сүретін, детерменизм тұжырымдамасы өзендік коммуникацияны, теңізге шығу мүмкіндігінің бар-жоғын, елдің теңіз жағалауына немесе аралда орна-ласу жағдайына, көршілермен қатынасты дамыту үшін табиғи кедергілердің (таулар, батпақтар, шөл-дер немесе көлдер) бар-жоғына, мұндай қатынас мемлекеттердің әртүрлі көзқарасы бойынша ұзын-дығы, мемлекеттерге көрші елдерге қатысты оның кеңістіктегі жағдайы және олардың әрқайсысымен шекараның ұзындығы, халық саны, оның ел аумағындағы және шекаралас мемлекеттердегі этнодемо-графиялық көрсеткіштері, ел этностарының ел ішіндегі көршілеріне және шет елдік көршілеріне қатысты тарихи қалыптасқан мақсаттары және т.б. бөліп көрсетті [2].

Осымен қатар, XIX ғасырдағы ірі халықаралық қақтығыстардың және Бірінші дүниежүзілік

соғыс тәжірбиесі аса көп адамдарды, техниканы, азық-түлікті, қару-жаракты және т.б. күрделі географиялық, саяси және әскери жағдайды (жау, одақтас және бейтарап мемлекеттер шекарасының үйлесімділігі, бейбіт уақыттағы коммуникацияның қалпы мен өткізу, сіңу қабілеті) және жаудың әскери белсенділігін ( тексерулер, десанттар, артиллерияның алысқа атылуы және оның тиімділігі, су үсті және су асты флотының, авиацияның ықпалы және т.б.) үйлестіретін маневрдің теориялық моделін жасау қажеттігіне әкеп соқтырды.

Осымен байланысты белгілі географиялық кеңістіктегі саяси ұйымдарды түсінуге, пайымдауға талпыныс жасау ежелгі дүниеден (Геродот, Фукидид, Страбон, Полибий) басталғанын айтуымыз қажет. Жаңа заманда, ұлы географиялық ашулардан кейін, көптеген көрнекті ойшылдар халықтардың әлеуметтік-саяси өміріне географиялық және демографиялық факторлардың ықпалына байыпты көңіл аудара бастады. Екі дүние жүзілік соғыс аралығы кезеңіндегі геосаясат Германияда барынша күшті таратылды, сөйтіп ол фашизмнің ресми доктринасы деңгейіне дейін көтерілді. 20-шы жылдары Мюнхенде генерал К.Хаусхофер басшылығымен геосаясат институты құрылды, журнал шығарылды. Фашистік геосаясаткерлер мүдделеріне сәйкес аумақтар, халықтар және табиғи байлықтар туралы мәліметтер жинады, өздерінің әлемге үстемдік орнату мақсатын ақтады, Германия үшін «өмірлік кеңістікті» кеңейту қажеттігін дәлелдеді.

Англияда географ Х.Маккиндер геосаясатты насихаттады, оның пікірінше әлемдік саясаттың негізін Еуразия құрлығына («әлемдік аралда») үстемдік ету үшін күрес құрайды. Адмирал А.Мэхэн американың алғашқы геосаясаткерлерінің бірі болды. Ол американың жаһандық үстемдік орнатуын заңдылық деп есептеді, оның көзқарасы бойынша оны АҚШ-тың «аралдық» жағдайы айқындаған, өйткені оған бүкіл жер шарындағы теңіз жолдарына үстемдік ету қажеттілігі мәжбүр еткен. Американың геосаяси теориялары дәстүрлі географиялық критерилерге елдің ғылыми-техникалық даму деңгейі, ұлттық психологиясы және т.б. өлшем-бірліктерді қосты.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ФРГ, басқа да Батыс Еуропа елдерінде, әсіресе АҚШ-та геосаясат тұжырымдамаларын қарқынды дайындау жүргізілді. Геосаясатта басты орынды басқа құрлықтардағы халықтардан «Батыс Еуропа өркениетінің» климатының артықшылығын, сонымен қатар Ба-тыстың «теңіздік» және «мұхиттық» державалары мен Шығыстың «құрылықтық» державалары ара-сында, «алдыңғы қатарлы» индустриалды Солтүстік пен «артта қалған» аграрлы Оңтүстік арасында, яғни дамыған және дамушы елдер арасында географиялық себепші болған антагонизмді негіздеу алды.

КСРО-да ұзақ уақыт бойы геосаясат империалистік мемлекеттердің аумақтық экспансиясын ақтауға бағытталған буржуазиялық саяси тұжырымдама ретінде саналды.

Әрине, геосаяси доктриналар әртүрлі бағытта, соның ішінде экспансионистік бағытта да болуы мүмкін. Алайда, геосаясат мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатына жағымды қызмет ете алады және қызмет етуге тиісті. XX ғасырдың 80 жылдарында ғылыми ойдың осы бағытын қайта бағалау жүрді. Геосаясат қазіргі Қазақстанның сыртқы саясат басымдықтарын анықтауда, ішкі саясаттың міндеттерін қалыптастыруда бірден-бір құрастырушыға айналған. Осылайша, геосаясат Қазақстан мемлекетінің практикалық саясатының бірден-бір маңызды факторына айналды.

Геосаясат нақты мазмұнмен барынша толығыды және байытылады. Қазіргі әлемнің өзгеруіне мейлінше белсенді ықпал етеді. Ол әлемдік және аймақтық жағдайды өлшейтін шынайы құрал болумен қатар, жетекші елдер мен әскери-саяси блоктардың саясатын болжамдаудың кілті қызметін көбірек атқаруда. XXI ғасырда геосаясаттың жетекші қоғамтану ғылымдарының бірден-бір позициясын иеле-нетін ғылым болатынын айтуымыз керек.

Геосаясаттың пәні – планетааралық кеңістікте (немесе оның белгілі бір бөлігінде) әлемдік, аймақ-тық және мемлекеттік мәселелерді шешу барысындағы геосаясат субъектілерінің арасындағы өзара қарым-қатынас. Басқаша сөзбен айтқанда геосаясаттың пәні бұл планетааралық кеңістікке бақылау орнатуды зерттеу.

«Кеңістік» категориясы геосаясатта басты категория болып саналады, өйткені бірде-бір мемлекет-тік түзілім кеңістік өлшемінен тыс өмір сүре алмайды. Әдетте кеңістіктің бірнеше өлшемін бөліп көр-сетеді. Мысалы, кеңістіктің территориялық-географиялық өлшемі, кеңістіктің әуе-ғарыштық өлшемі (әуе шекаралары және оларды мемлекеттің игеру, пайдалану және бақылау қабілеті); кеңістіктің саяси өлшемі (саяси-әкімшілік шекаралары, мемлекеттің аумақты және халықты бақылау қабілеті); кеңістіктің экономикалық өлшемі (мемлекеттің аумақты экономикалық игеруі, шетелдер аумағына экономикалық ықпал жасау, соның ішінде ұлттық валюта және инвестиция, жылжымайтын мүлік сатып алу арқылы ықпал ету қабілеті); кеңістіктің ақпараттық-мәдени өлшемі (ұлттық мәдениет пен тілдің ықпал жасай алу қабілеті, соның ішінде

шетелдерге, басқа халықтар мен мәдениетке әсер ету қабілеті, әлемдік ақпараттық кеңістікке қатысуы, соның ішінде жаһандық коммуникативтік желілерде (ғаламтор) болуы).

Геосаясаттың дәстүрлі элементтеріне, мемлекеттің кеңістік-аумақтық сипаттамасына: география-лық жағдайы; ұзындығы; үйлесімдігі; жерқойнауы (табиғи ресурстар); ландшафт; климат; демографиялық сипаттама ( халықтың көлемі және құрылымы, оның сапасы ) және т.б. жатады.

Геосаясаттың дәстүрлі емес элементтеріне (соңғы жарты ғасырда қосылған және мемлекеттің күші туралы бұрынғы түсінікті өзгерткен және халықаралық саясатқа ықпал ететін көп түрлі факторлар-дың әсер ету басымдығы) мыналарды жатқызуға болады: жаппай қырып-жою қаруының пайда болу-ын және таралуын, бұл орайда ең алдымен зымыран-ядролық (сонымен қатар биологиялық) қарулар-дың таралуы, бұлар қолында бар мемлекеттер бір-бірінен қашықтығына, жағдайына, климатына және халқының санына қарамастан, бір-бірімен күшін теңестіреді; шекара дегенді білмейтін, адамдардың жаппай орын ауыстыруын арттырып отыру тән, миграциялық үрдістер; бүкіл планетааралық кеңістік-ті қамтыған және мәдени-ақпараттық кеңістіктегі дәстүрлі шекараны қиратуға соқтыратын жаһандық коммуникацияның кеңейтуімен, ақпарат және байланыс құралдарының дамуымен байланысқан гео-ақпараттық үрдістер ( әсіресе, ғаламтордың жаһандық желісі, ғарыштық және мобильді байланыс).

Геосаясат объективті шынайылықты қарастырып, мемлекеттегі және мемлекетаралық қатынастар-дағы көп түрлі байланыстарды, қарым-қатынастарды және үрдістерді зерттейді, сонымен қатар ол практикалық әрекет үшін ұсыныстарды қалыптастырады. Сөйтіп ол маңызды функцияларды атқара-ды, соңғылардың қатарына танымдық (гносеологиялық), болжамдық, басқарушылық (басқарушының ықпал ету міндетін), сонымен бірге идеологиялық функцияларды жатқызуға болады [3].

Геосаясаттың танымдық (гносеологиялық) функциясы ең алдымен мемлекеттердің, халықтардың, өркениеттердің геосаяси даму құбылыстарын, үрдістердің, бағыт-бағдарларын зерттеумен байланыс-ты. Бұл функция жалпы әлемдегі және оның жекелеген бөліктерінде жүріп жатқан негізгі бағыт-бағ-дарларды, бағыттарды, түсіну үшін қажетті геосаяси білімдердің маңызды қайнар көздік міндеттерін атқарады.

Геосаясаттың болжамдау функциясы. Ол танымдық функциядан келіп шығады, бұл табиғи нәрсе, өйткені барлық геосаяси зерттеулер (теориялық және эмпирикалық) әлемдегі, аймақтардағы, мемле-кеттегі, бұларға мемлекетаралық өзара әрекеттерді (ынтымақтастық пен қарсыластық), өркениетара-лық өзара әрекеттерді, алуан түрлі қактығыстарды, соның ішінде этносаралық, дінаралық және т.б. қосқанда, геосаяси жағдай дамуының сценарийлері мен нұсқаларына дұрыс болжам жасауға бағыт-талған. Болжамдау функциясының мақсаты – геосаяси жағдайдың, геосаяси құрылымның, жекелеген мемлекеттердің, күштер ара салмағының даму болашағын (таяудағы, орта мерзімдегі, алыстағы) анық-тау. Осыған орай кең көлемде талдау жұмыстары, мониторингтер, моделдеу және т.б. жүргізіледі.

Геосаясаттың басқарушылық функциясының мәні (басқаруға ықпал ету функциясы) басқару шешімдерін қабылдау үшін, практикалық ұсыныстар мен нақты қорытындылар дайындау үшін қажетті нақты эмпирикалық ақпараттарды жинауға, қорытындылауға және талдауға саяды.

Кез келген қызмет түрі басқаруда және басқарушылық шешімдер қабылдауда, әсіресе мемлекеттік деңгейде, біріншіден, үлкен мөлшерде ақпарат (пәндік және жан-жақты) жинау мен оны өңдеу талап етіледі; екіншіден, әртүрлі факторлардың (геосаясатта – саяси, географиялық – кеңістіктік, страте-гиялық, демографиялық, ресурсты – экономикалық, климаттық және т.б.) әрекетін есепке алу; үшін-шіден, жағдайға парасатты баға беру; төртіншіден, алда тұрған әрекеттердің түпкі ойын, ниетін айқындау ; бесіншіден, жағдайға сәйкес шешім қабылдау талап етіледі.

Талдаушылар мен геосаясаткерлердің қызметінің нәтижесінде қоғамдық қатынастарды басқаруды жетілдіру мақсатында, геосаяси үрдістер мен оқиғаларды басқару үшін, әрекет етудің геостратегия-сын дайындау үшін нақты қортындылар мен ұсыныстар қалыптасады.

Геосаясаттың идеологиялық функциясы билеуші элитаның мүдделерін білдіруден, өз мемлекеті-нің сыртқы саяси бағытын және практикалық әрекеттерін, өз өркениетін негіздеуден көрінеді. Ол мемлекеттің халықаралық имиджін, қоғамдық пікірді қалыптастыруға, адамдардың санасын айналды-руға, оларда қабылдау мен мінез-құлықтың белгілі бір стереотиптерін жасауға бағытталған. Мысалы, «екі стандартты» саясатқа әкелетін, күш көрсету әрекеттерін негіздеген, ешбір кінәсі жоқ адамдардың өлімін ақтаған (Югославия, Ирак) АҚШ геосаясатының апологеттік,

адвокаттық сипатын айтуға болады. Бұл көбінесе американың геосаясатының идеологиялық функциясынан «туындайды».

Осылайша, геосаясат қоғамда және мемлекетті басқару жүйесінде маңызды ғылыми-практикалық функция атқарады, оның білімі әлемде, аймақтарда және мемлекеттерде жүріп жатқан өтпелі өзгеріс-тер мен үрдістерге дұрыс бағыт-бағдар ұстауға, соған сәйкес практикалық әрекет етуге, қолайлы бас-қару шешімін қабылдауға мүмкіндік береді.

## **2. Геосаясаттың қағидаттары және геосаяси дамудың ерекшеліктері**

Геосаясаттық негізгі қағидаттарын ағылшын географы – саясаттанушысы Х.Маккиндер қалыптас-тырды. Оның зерттеулері одан кейінгі әлем тарихының геосаяси моделдерінің негізіне алынды. XX ғасырда Германияда, Англияда және АҚШ-та геосаяси ойдың әлемдік орталықтары қалыптасты. Гео-саяси ой-пікірлердің дамуына және Германияның геосаяси тұжырымдамасын негіздеуде айтарлықтай үлес қосқан генерал К.Хаусхофер болды. Ағылшын-америка геосаяси мектебінде, Х.Маккиндермен қатар, А.Т. Мэхэн және Н.Спикмен белсенді еңбек етті. Орыс геосаясаткерлерінің арасынан Еуразия теориясын жақтаушыларды айтуға болады, солардың ірісі – П.А. Савицкий, сонымен қатар көрнекті ғалым Л.Н. Гумилев.

Геосаясат ілім ретінде географиялық факторлардың дүние жүзі тарихындағы мемлекеттің роліне ықпал ету заңдылықтарын, әртүрлі халықтар мен елдерде саяси тенденциялардың және ұлттық-мем-лекеттік мүдделердің қалыптасу заңдылықтарын зерттейді. Мемлекеттік дамудың орнықты страте-гиясын дайындауда қысқа мерзімді және өзгермелі саяси немесе идеологиялық әуестік емес, керісін-ше, елдің кеңістік пен географиялық жағдайын анықтайтын тұрақты өлшемдер аса маңызды болуы тиіс деген бекітуі бұл ғылымның маңызды постулаты болып саналады.

Геосаяси талдау географиялық факторлардың әрекеттерімен байланысқан тұрақты және өзгермелі өлшемді зерттеу қағидатына сүйенеді. Геосаясат үшін тұрақтылық тәртібі бар сипаттың ғана бірінші қатарлық маңыздылығы бар: тек геосаяси тұрақты шамалар ғана жаһандағы жағдайды, қайсыбір елдердегі жағдайды, олардың әлеуетті мүмкіндіктерін бағалауда басты өлшем қызметін атқарады.

Геосаяси теория мемлекеттің жайғасуын (құрылықтық, аралдық немесе жағалаулық), оның аума-ғының көлемін, үстем етуші коммуникация типін (теңіздік немесе құрғақтағы), басым ландшафта-рын, шекараның ұзындығы мен үйлесімін, климатын және т.б. тұрақты факторлардың қатарына жат-қызған. Мемлекеттік өмірдің қалған барлық аспектілері, соның ішінде шаруашылық-экономикалық және саяси-идеологиялық, осы көзқарас тұрғысынан маңызды деп мойындалғанымен, бірақ олардың бәрі бірінші өлшемге бағынады. Тек басты «сүйенетін сипаттардың» тұрақтылығы, есептеу нүктесі ретінде таңдалған, геосаясатқа мемлекеттің, даму қауіпсіздік саласында, сыртқы саясат саласында, қорғаныс пен стратегиясын мейлінше тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді деп саналады. Геосая-саттың өзгермелі факторлары – бұл халық (демографиялық фактор), ресурстар (қаржы-экономика-лық, материалдық және т.б.), саяси мәдениет, қоғамның әлеуметтік-таптық құрылымы және т.б. Мұн-дай өзгермелі өлшемдер (әсіресе ел-жұрт-халық) мемлекеттің даму үрдісіне айтарлықтай ықпал етеді, бірақ олар өздерінің ықпалы мен маңыздылығы жағынан тұрақты факторларға жол береді.

Соңғы кезде тұрақты факторлар жүйесі туралы теориялық түсініктерге кейбір өзгерістер енгізілді. Мысалы, қазіргі геосаясатта ұзақ мерзімді тұрақтылық факторы ретінде өркениеттік фактордың ролі-не аса көп көңіл аударылуда. Америка ғалымы С.Хантингтонның пікірі бойынша, жүздеген жылдар бойы қалыптасқан өркениеттік өзгешеліктер, көз жетерлік болашақта жоғалмайды, өйткені олар сая-си идеологиялар мен саяси өлшемдер арасындағы өзгешеліктерге қарағанда әлдеқайда іргелі. Осымен байланысты геосаясаттың қазіргі теорияларында, адамзат қауымдастығының өзара әрекетінің өрке-ниеттік аспектілері, жаһандық геосаяси құрылыстың жалпы жүйесіне қосуға бағыт ұстағанын айтуы-мыз қажет.

Геосаясат елдің географиялық жағдайымен және сол қоғамға, халыққа, ұлтқа тән мәдени-өркени-еттік дамуы арасында белгілі бір өзара байланысты орнықтырады [4]. Геосаяси тұрғысынан алғанда өркениеттің локальды типін көп жағдайда ол орналасқан географиялық кеңістіктің сипаты анықтай-ды. Мысалы, өзінің индивидуализм культімен, ұтымдылығымен және жеке бастың табысымен нарық-тық шаруашылық механизміне қызмет ететін либеральдық идеология, мейлінше «теңіздік» сауда өркениетіне тән. Қуатты қауымдық тамырлары бар қоғамның дәстүрлі ынтымақтастық, ұжымдық, өзін-өзі ұйымдастырудың жиналыстық формаларына басымдық беру құрлықтық мәдениет пен өрке-ниеттің негізі болды.



Геосаясаттық талдаудың ең алғашқы тезисі елдің құрылықта және теңізде орналасуын тұрақты факторлардың ішіндегі ең маңыздысы деп есептейді. Осыдан шыға отырып барлық мемлекеттер құр-лықтық және теңіздік болып екі үлкен топқа бөлінеді. Құрлықтық державалар үшін аумағының көле-мі аса маңызды. Кеңістік олар үшін қуаттылық пен қауіпсіздіктің негізгі ресурсы болып саналады. Кең аумағы бар мемлекеттің артықшылығын осы негізде пайда болатын кемшіліктер мен әлсіздіктер басып кетеді: шекараның аса ұзақтығы, халықтың орналасу тығыздығының төмен болуы және т.б. Теңіздердегі (аралдардағы) державалар үшін айдын және онда орналасқан аралдар мен архипелагтар-мен қоршалған теңіз коммуникацияларының үстіне бақылау орнату салыстырмалы түрде маңызды.

Осыдан келіп елдің құрылықта және теңізде орналасуына қатысты мемлекеттің тарихын айқындайтын, оның экономикалық және мәдени дамуына, халықаралық жағдайына ықпал ететін, соған сәй-кес стратегия қабылдауға мәжбүр ететін геосаясаттың маңызды заңы келіп шығады. Мысалы, эконо-миканың даму тұрғысынан геосаяси жағдай өнеркәсіптің шикізат пен энергия көздері жанына орна-ласу ерекшелігін анықтайды. Бұл құрлықтағы, жағалаудағы елдер мен теңіз державалары үшін қай-сыбір транспорттың – теміржол немесе, теңіз кемелерін пайдалануды белгілейді, сонымен қатар құр-лықтағы елдер шаруашылығының базалық салалары үлесінің және теңіз елдері экономикасының экс-портқа бағытталуын анықтайды. Елдің географиялық жағдайы әскери-өнеркәсіп кешенімен байла-нысқан маңызды орталықтардың құрылуына айтарлықтай дәрежеде ықпал етеді, қорғаныс өнеркәсі-бін орналастыру қағидатын басшылыққа алуға мәжбүрлейді.

Геосаяси ғылымдарының қорытындыларына сәйкес, геосаяси фактор мемлекеттің саяси жүйесінің қалыптасу ерекшелігіне принципиалды ықпал етеді. Ш.Монтескье бірінші болып мемлекеттердің сая-си құрылысын бағалаудың, «геосаяси» критерийін қолданған. Ол «Зандар рухы туралы» трактатында, республиканың шағын полистерге, монархияны орташа көлемдегі мемлекеттерге, ал деспотияны «аса үлкен мемлекеттерге» сөзсіз тән болатындығын атап көрсетті.

Қазіргі геосаясат құрлықтағы мемлекеттер үшін әдетте биліктің орталықтануы, авторитарлы болуы тән десе, ал теңіздегі мемлекеттер үшін биліктің орталықсыздануы мен демократия болуы тән деп есептейді. Сонымен бірге геосаяси тұрақты шамалар, саяси курс түрінде мүмкін болатын белгілі бір шенберді орнатады. Сонымен қатар құрылықтағы елге әскери салада ең алдымен жердегі әскерге, ал теңіздегі елге – әскери-теңіз флотына арқа сүйеу тән, мысалға бұл КСРО (Ресей) және АҚШ қарулы күштерін құру қағидаттарынан толықтай көрінген және көрініп те отыр. Жердегі қуаттылық («теллурукратия») пен теңіз қуаттылығы («талассократии») бір-біріне қарама-қарсы қоятын геосая-саттың геосаяси дуализм қағидаты маңызды қағидат болып табылады, ол бүкіл адамзат қауымдасты-ғын кеңістік-географиялық жағдайына орай балама полюстерге бөледі. Халықтардың саяси тарихын-да мұндай қарама-қарсы қоюшылық, мысалы, біржағынан Спарта мен Римнің әскери авторитарлы жердегі өркениеттерінің арасындағы күрестен, екінші жағынан, Афина мен Карфагеннің теңіз сауда-сы өркениеттері арасындағы күрестерден нақты көрінеді.

XVI-XIX ғасырларда құрлықтағы Еуропа державалар блогіне қарсы тұра білген Британия империясы («теңіз иесі») жаңа заманда теңіздегі қуаттылықты бейнеледі. XX ғасырдың II жартысында Ұлыбританияның геосаяси мұрагеріне айналған АҚШ, құрылықтағы қуатты держава ретінде көрінген КСРО мен «суық соғыс» жағдайында болды. «Ортаңғы аумақ» деп аталатын, құрлықтың өзегін құрайтын кеңістікті иелену Еуразия құрылығына басымдық кілті болып табылатындығы геосаяси ғылымдардың маңызды да мазмұнды қорытындылары екенін айтуымыз керек. «Әлем жүрегі» («Хартленд») деп аталған «Тарихтың географиялық өсі» болған Еуразия құрылығының және оның орталығының ерекше маңыздылығы туралы қорытынды Х.Маккиндерге тиесілі. Осы тезиске орай, «ортаңғы аумақтағы» әскери-саяси тұрақтылық, географиясы Ресей аумағына сәйкес келетін, бүкіл Еуразия кеңістігіндегі стратегиялық тұрақтылықты айқындайды, осылайша ол әлемдік тәртіптің тұрақтылығын да белгілейді. Сонымен бірге планетааралық көзқарас тұрғысынан алғанда кім Шығыс Еуропаға бақылау орнатса, ол «Хартлендтен» басым болады, ал кімде-кім «Хартлендтен» басым болса, ол әлемде басым болады. Геосаясат ғылымдарының классигі Х.Маккиндердің бұл идеясы жалпы геосаясаттың бірден-бір постулаты болып отыр.

Геосаясат теорияларының ортақ қағидаттарын қарастыра отырып, геосаяси талдаудың методоло-гиялық маңызына көңіл аудару қажет. Біріншіден, геосаясат тұрғысынан саяси құбылыстарды зерттеу макроталдау мен ғылыми болжам үшін жаңа мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар геосаяси және мәдени-өркениетті амалдардың бірін-бірі толықтыруы ірі

масштаптағы тарихи үрдістер туралы білімнің анықтығын арттырады. Екіншіден, геосаясат саясаттың сыртқы және ішкі аспектілерін тұтас етіп байланыстыратындықтан геосаяси талдау, сыртқы саяси және ұлттық проблемаларды түйсінудегі белгілі бір біржақтылықты жоюға мүмкіндік береді. Үшіншіден, геосаясат аймақтардағы шиеленістер әлеуетін зерттеуге бағыт-бағдар береді, өйткені ол жер үстін игерудегі қарама-қарсы типтер мен амалдардың арасындағы қарама-қайшылықтарға көңілді баса аудартады [5].

Осымен байланысты, XX ғасырдың 80-90 жылдарында әлемде болған мәнді өзгерістер геосаяси жағдайды шұғыл өзгерткенін атап өту қажет. КСРО-ның ыдырауы және посткеңестік кеңістікте жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, Варшава келісім-шарты сияқты қуатты әскери-саяси блоктың жойылуы, НАТО-ның Шығысқа қарай кеңеюі соғыстан кейінгі халықаралық қауіпсіздіктің бүкіл жүйесін толықтай қиратты, бұл деген әлемдегі барлық геосаяси жағдайдың түбегейлі өзгергендігін білдіреді. «Теңіз» және «құрғақта» қарама қарсы тұрудың геосаяси дуализмін білдіретін, екі «ұлы держава» – АҚШ пен КСРО және екі аса ірі әскери-соғыс блоктардың классикалық текетірістігінде құрылған бұрынғы тұрақты геосаяси конструкцияның қирауының жүзеге асуы басты өзгеріс болып саналды.

Теорияда күштер орталықтары арасындағы ара салмақтың күрделі динамикалық тепе – теңдік жүйесінен көрінетіндігі, ал олардың арасындағы баланс, өзара әрекет жүйесінің жалпы қағидаты ретінде жүретін, өзгеріске түсуді иеленетіндігі дәлелденген. Сонымен қатар, уақытысы келгенде әлемдегі геосаяси күштердің ара салмағы айтарлықтай өзгерістерге түседі, бұл геосаяси тепе-теңдікті орнату үрдісінің қарама-қайшылықтарымен және күрделілігімен байланысты. Осы тепе-теңдіктің өзі уақыты келе бұзылуы мүмкін, бірақ оның жаңа негізде қалпына келетіні сөзсіз, бұл үрдіс принципін-де шексіз. Осыдан әлемдік саясаттағы проблемалар келіп шығады, ұлттық мүдделерді келістірудің күрделілігі пайда болады, халықаралық қатынастар жүйесіне қатысатын аса ірі мемлекеттер арасындағы күштердің ара салмағын есепке алу қиындығы тундайды.

Қазіргі әлемдік жағдай ең алдымен геосаяси тепе-теңдік бұзылуының болғандығымен сипаттала-ды: айтарлықтай тиімді болып қарама-қарсы тұрған екі әлемнің орнына бір «ұлы держава» – АҚШ басымдығына негізделген шектен тыс тұрақсыз геосаяси конструкция қалыптасты.

Дегенмен қазіргі халықаралық дамуда бұзылған тепе-теңдікті қалпына келтіру және бүгінгі таңда қалыптасқан бір полярлыққа қарсы тұратын күшті қалыптастыру тенденциясы анық байқалады. АҚШ-пен оның одақтастарының үстемдігіне қарсы тұратын жаңа полюстің сөзсіз пайда болуы үрдісін жалпылама түрде болжамдауға болады, өйткені жаңа стратегиялық тепе-теңдікті орнату болашақ-тың ісі. Зерттеушілер, ғалымдар, сонымен қатар, «көп полярлы әлем» деп аталатын дүниенің қалып-тасу ынтымақтастығын жоққа шығармайды, бірақ мұндай пішін үйлесімдігі, геосаясаттың іргелі заң-дары мен қағидаттарына жауап бермейді және геосаяси тұрғыда ол уақытша, өтпелі құбылыс ретінде қабылдануы мүмкін.

Өзінің ықпалы жағынан бұрынғы КСРО-ға тең келетін мұндай геосаяси субъектіні солтүстік Еуразия аумағында жандандыру геосаяси жағдайдың ықтимал бір нұсқасы болып табылады. Бұл болашақ-та Ресейдің экономикалық және әскери әлеуетін қалпына келтіру мен арттыру, посткеңестік кеңістік-те реинтеграциялық үрдістерін табысты жүзеге асыруды үйлестіру, оған қуатты геосаяси теңгергіш, ролін қайтару мүмкіндігін білдіреді.

Қытайдың одан әрі динамикалық өсуі және оның минимум АҚШ-пен тең ұлы күшке айналуы геосаяси дамудың басқа бір нұсқасы болып табылады. Егерде ҚХР экономикасы, соңғы екі ондық жыл-дар бойы болған сияқты, өзінің әлеуетін арттыратын болса, онда Қытай 20-25 жылдан кейін жалпы өндіріс көлемі жағынан Құрама Штаттарды басып озатыны және әлемдегі ең қуатты держава болаты-ны есептелген. Қытайдың зымыран-ядролық және ғарыш салаларындағы жетістіктерін есепке алатын болсақ, онда бұл елдің қазіргі әлемнің жаңа полюсіне айналу мүмкіндігі шындыққа жанасады.

Сонымен қатар, қазіргі геосаяси зерттеулерде мемлекеттер коалициясынан тұратын ерекше геосаяси күштер орталықтарының пайда болуын жоққа шығармайтын, геосаяси балансқа қалпына келтіру-дің осындай нұсқасы қарастырылуда. Мұндай «ұжымдық полюс» және «алтын миллиард» деп атала-тын топ, АҚШ пен теңелетін, «Ресей-Қытай-Индия» үшбұрышында қалыптасуы мүмкін. Осымен байланысты, В.И. Лениннің бірінші дүние жүзілік соғыс пен КСРО-дағы революциядан кейін халықара-лық жағдайдың дамуына берген болжамын еске алуға болады. Онда Ресей, Қытай және Индияның революцияшыл халықтарының одағы әлем тарихының барысын түбегейлі өзгертуге қабілеті бар шешуші фактор болуы мүмкін деген ой айтылған еді.

Әлемдік геосаяси текетіретінің негізгі бағыттарымен байланысқан өзгерістерге келсек, сондай-ақ бұл проблеманың талдаушылардың басты назарына іліккені байқалады. Мысалы, С.Хантингтонның пікірінше, Кеңес Одағының суық соғыста жеңілуі қазіргі әлемдегі күш пен шиеленіс бағыттарын өзгерткен. Хантингтон «Өркениеттер қақтығыстары» еңбегінде бүгінгі таңда қазіргі әлемнің басты қақтығыс бағыты – бұл Батысты «конфуциандық-исламдық» блоктан бөлетін бағыт. Десекте қазіргі саясатта барынша пассионарлы және көп санды мұсылман дүниесін провадания-славян халықтары-мен соқтырыстыруға бағытталған қарқынды күш-жігер жұмсалуда екенін байқауға болады. Бұған Босния мен Косово (бұрынғы Югославия аумағы) төңірегіндегі қақтығыс және Ресейдің Солтүстік Кавказдағы оқиғасы жарқын мысал болып табылады.

Болған өзгерістердің нәтижесінде Батыс тарапынан посткеңестік кеңістікте қалыптасқан елдерге қысым көрсетудің шұғыл артқанын атап көрсету қажет. Геосаясат тұрғысынан бұл қысым «ортаңғы аумаққа» бақылау жасау проблемасымен, яғни Еуразияның болашағымен байланысқан.

Американың саяси элитасының көрнекті өкілі З.Бжежинскийдің пікірі бойынша, XX ғасырдың 90 жылдарының басындағы Ресейдегі оқиға «Хартлендті» кім иеленеді және осы стратегиялық маңызды аумақты кім бақылауға алады деген сұрақтарды жаңаша қойған. Америка саясаттанушысының, сараптаушысының есептеуінше, Кеңес Одағының ыдырауы «Еуразия өзегін геосаяси вакуумға айналдырған», сондықтан осы бос орынды толтыруға тырысу әлемдік саясаттағы тенденцияны көбірек анықтайтын болады. З.Бжежинскийдің берген бағасында суық соғыста Кеңес Одағының жеңілісі және оның ыдырауы Құрама Штаттарға алғаш рет Қытай шекарасына дейін созылып жатқан жаңа постке-ңестік мемлекеттер ісіне араласуына, сондай-ақ Парсы шығанағы ауданында және Еуразияның оңтүс-тік шеткі аймақтарында үстемдік етуге мүмкіндік берген. Аталмыш тенденция, менің көзқарасым бойынша, бүкіл Еуразия құрылығының тұрақтылығына қауіп-қатер туғызады, ал оның одан әрі дамуы Ресейдің жаңа жағдайда Еуразия орталығында өзінің геосаяси позициясын қалпына келтіру қабілетіне көп байланысты.

Еуропадағы бірігу үрдісі геосаяси өзгерістердің тағы да бір мәнді факторы болып табылғанын айтуымыз қажет. Дүние жүзі картасында біріккен қуатты Германияның пайда болуы, ықпалдасқан Еуропа одағының құрылуы, Орталық Еуропаның бірқатар елдерінің жалпы Еуропа құрылымына қосылуы, көптеген қарама – қайшылықтардың түйіні болған Еуропа құрлығындағы жағдайды көп өзгертті [6].

Ықпалдасу негізінде Батыс пен Орталық Еуропа бейнесінде жаңа күштер орталығының қалыптасуы қазіргі геосаясат үшін мәнді құндылығы бар аса маңызды тенденцияны көрсетіп берді.

### **3. Қазіргі әлемнің геосаяси архитектурасы және оның проблемалары**

Қазіргі әлемнің геосаяси архитектурасы геосаясат субъектілерінің (әлем қауымдастығы субъекті-лерінің) жиынтығынан, өздерінің жеке және ортақ мүдделерін жүзеге асырудағы олардың стратегия-сынан, әрекетінен және өзара қатынасынан тұрады.

Ол әлемдік саясаттың, халықаралық қатынастардың мынандай субъектілерін – мемлекетті, үкімет-аралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдарды, сондай-ақ геосаяси орталықтарды өзіне қосқан.

Геосаяси орталықтардың негізгілеріне әлемдік саясаттағы ірі акторларды – Еуропаны (Еуропа одағы келбетіндегі), АҚШ-ты, Азия – Тынық мұхиты аймағын және Ресейді жатқызуға болады.

Еуропа Одағы (ЕО) – федеративті мемлекет элементтерінен тұратын мемлекетаралық, аймақтық масштабтағы конфедеративтік бірлестік. Халқы 500 млн. адамнан асады.

Еуроодақты құрудың бастамашысы – Франция мен Германия. ЕО 1992 жылы 12 еуропа мемлекеттері қол қойған Маастрих келісім-шарты негізінде 1993 жылы құрылды. Қазір оның құрамында 27 ел бар.

Еуроодаққа бірігудің мақсаты – саяси, экономикалық және валюта одағын құру, адамдардың, капиталдың, тауарлар мен қызмет көрсетудің еркін қозғалысы негізінде біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастыру.

Еуроодаққа тән белгілерге келесілерді жатқызуға болады: біріншіден, ЕО – біртұтас геосаяси, эконо-микалық және социомәдени кеңістік. Онда ортақ институттар, ортақ азаматтық, ортақ валюта – евро орнатылған. Ортақ саяси институттардың қатарына: Еуропа Соты; Орталық экономикалық инс-титуттарға: Еуропаның валюта институты, Еуропаның орталық банкі жатады. Екіншіден, Еуропа бір-тұтас өркениет іспетті, дәлірек айтқанда Батыс өркениетінің еуропалық субмәдениеті. Ол біртұтатас географиялық кеңістік қана емес, сонымен қатар, еуропа халықтарының ұзақ бірге өмір сүруі мен дамуының нәтижесі ретіндегі тарихи-мәдени

біртұтастық. Үшіншіден, ЕО Шығысқа қарай кеңейуі оның даму тенденциясы болып табылады. 2004 жылы Еуроодаққа қатысушы елдердің саны Орталық және Шығыс Еуропа және Балтика мемлекеттері есебінен 10 есе артты. Бұл Ресейдің есебінен Еуро-паның геосаяси позициясының күшейгендігін білдіреді. XX ғасырдың соңына дейін аталмыш елдер Ресейдің геосаяси ықпалында болып келген еді. Төртіншіден, әлемде Еуропаның позициясын сақтау мен нығайтуға арналған ортақ жалпыеуропалық нарықты қалыптастыру келесі бір тенденция болып көрінеді. Еуроодақ өз мемлекеттерінің Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) қатысуы жағдайына орай өз тауарларын табысты қорғайды. Аса экономикалық дамыған мемлекеттердің, мысалы, АҚШ ДСҰ қатысуы оған қатысушы басқа елдердің ұлттық нарықтарына кіруге және еркін бәсеке жағдайында өз тауарларымен оларды басып алуға мүмкіндік алатыны белгілі. Бесіншіден, Еуроодақтың болашақта әлемнің ықтимал биполярлы геосаяси моделі болатын екі геосаяси полюстің біріне айна-лары жоққа шығарылмайды. Қазіргі уақытта бұған Еуропа ықпалдастық үрдістерінің аяқталмауы, келіспеушілік пен талас-тартыстың болуы, АҚШ тарапынан тосқауылдардың қойылуы кедергі келтіріп отыр. Алтыншыдан, Еуропаның болашақ құрылысы екі формада болуы мүмкін: мемлекеттердің тең құқылы одақтастығын білдіретін конфедерация формасы немесе болашақта Еуропа державасын құруға мүмкіндік беретін федерация формасы. Жетіншіден, Еуроодақ елдерінің басым көпшілігі батыс өркениетінің "әскери-саяси құралы болып саналатын НАТО мүшесі, оны қалыптастыруда гео-саяси классиктері Х.Маккиндердің, К.Хаусхофердің, А.Мэкэннің, Н.Спайкменнің және Коэннің идея-лары жақсы қызмет етті.

Еуроодақ көшбасшыларына келетін болсақ, онда олардың саясатында айтарлықтай өзгешеліктер бар. Франция өзінің АҚШ-тан тәуелсіздігін көрсетті. Аймақтық көшбасшы болып дамуға тырысады. ЕО құрудың есебінен біріккеннен кейін құрылықта айтарлықтай нығайған Германияның позициясын әлсіретуге қарсы емес. Өз кезегінде Германия, АҚШ пен қатынасын өзгертпей-ақ, құрылықтағы өзінің ықпалын ең алдымен орталық Еуропа және Шығыс Еуропа, сонымен қатар балтық мемлекетер есебінен кеңейтуге тырысуда. Германия Еуропаның геосаяси осі болуы мүмкін. Англия толықтай АҚШ-тың қолтығының астында келеді.

Еуропа Одағының өзіне тән геосаяси тұжырымдамасы бар. Ол 1970 жылы «ЕО геосаяси тұжырым-дамасы» деген атпен дайындалған еді. Оның негізіне «азаматтық күштер» идеясы алынған, оған сәй-кес сыртқы саяси міндеттер әскери күш позициясы тұрғысынан (мұны АҚШ көбірек жасайды) шешілмеуі тиіс, керісінше ынтымақтасу арқылы, экономикалық тетіктердің әсерін қолдану арқылы (соның ішінде, қажет болған жағдайда экономикалық санкция жасау), әр жақ өзіне қайсыбір функ-циялар мен міндеттерді алып жалпы құрылымды қолдану арқылы шешілуі қажет [7]. Күш қолдану немесе қауіп-қатер жасаудан бас тарту идеясы Хельсинкиде өткен Еуропа қауіпсіздігі мен ынтымақ-тастығы кеңесінің жұмысының барысында пайда болған еді.

Еуроодақ елдері және АҚШ батыс өркениетінің ажырамас құрамдас бөлімі болып саналады. Алай-да, олардың арасындағы қатынаста бірқатар қарама-қайшылықтың, айталық, Иракқа басып кіру сияқ-ты орын алып отырғандығы сипаттады. Бұл қарама-қайшылықтар Еуропаның бірлігін бөліп жіберді және шоғырландырушы әлеуетін бұзды; Еуропа АҚШ-тың халықаралық институттарды мойындамауына қарсы (мысалы, Югославияға қарсы агрессия кезінде БҰҰ мұндай оқиғаға кезікті); Еуропа сон-дай-ақ Құрама Штаттардың Американың стратегиялық мүдделерін шешуде басқа елдердің мүдделерін жөкқа шығаруына қарсы, өйткені бұл антиамерикандық және антибатыстық көңіл-күйді және әлемнің өзге елдерінен АҚШ-тың және батыс елдерінің оқшаулану қаупін тудырады; Еуропа АҚШ-пен салыстырғанда әлемнің басқа аймақтарындағы орнықтылық пен тұрақтылықты қолдайды және аймақтық істерге араласпауды қолдайды.

Осымен байланысты жарты ғасыр әлемде орнықтылық пен тұрақтылықты қамтамасыз еткен гео-саяси биполярлы әлемдік құрылыс конструкциясы ыдырығаннан кейін «суық соғыстың» басты жеңімпазы ретінде әлемді бірполюстікке өткізуге барынша тырысқан екі ұлы державадан бір ғана –АҚШ қалғанын айтуымыз қажет. Сөйтіп, АҚШ биполярлы жүйе ыдырағаннан кейін қалыптасқан вакуумды толтырды.

АҚШ планетамыздағы бірден-бір негізгі геосаяси күштердің орталығы екені белгілі, оған келесі сипатты белгілер тән: біріншіден, әскери, экономикалық, технологиялық, ақпараттық қатынастарда және мәдени ойын-сауық салаларында әлемдегі ең қуатты держава. Сонымен бірге АҚШ-тың бас болу жағдайы оның халықаралық институттарда (ХВҚ, БСҰ, Бүкілдүниежүзілік Банк, Қайта құру және даму банкі), НАТО және т.б. басымдығымен түсіндіріледі. Екіншіден, әлемдегі жаһандану және жаңару үрдістері АҚШ-тың бақылауында. Үшіншіден, ол әлемде

бірполярлы конструкция құруға тырысуда. АҚШ-тың геосаяси ұмтылысы өзінің аумағын қорғаумен бітпейді, оны басқа мемлекеттердің аумақтарына таратады, ол жерлерде Америка азаматтарының, америка капиталының, американың сыртқы саяси курсының және жалпы батыс өркениетінің мүдделері қорғалады; төртіншіден, өзінің мақсаттарына жетуде күш көрсету саясатына тірек жасайды, ондағы басты құралы – НАТО – батыс мемлекеттерінің әскери-саяси блогі, мұнда да АҚШ бағыттаушы ел болып қалады. Олар НАТО-ны демократия мен тұрақтылықтың зонасы ретінде қарап, оны кеңейту тұжырымдамасын белсенді пайдаланады, осылайша өзінің геосаяси алаңын кеңейтеді. Бесіншіден, АҚШ-тың сыртқы саясатына тән белгілердің бірі – мессианизм, бұл дегеніміз бүкіл әлемге өзінің либеральді-демократиялық құндылықтарын тарату арқылы әлемді американдық етіп құруға тырысушылық [8].

Американың жаппай ықпал ету мақсаттарына жету үшін АҚШ Еуропадағы одақтастары мен Жапонияға және қалған өзге де елдерге қатысты «Бағдарламалы көшбасшы тұжырымдамасын» қолданатынын айтуымыз керек. Бұл тұжырымдаманы 1993-2000 жж. Клинтон әкімшілігі жасады. Тұжырым-даманың мәні – АҚШ саясатының шеңберінде одақтастарға белгілі бір әрекеттерге бағыттарын таңу.

Дегенмен соңғы уақыттарда Құрама Штаттар әлемдік аренадағы бәсекелестіктен қауіптенеді. Жаһандық көшбасшылық үшін күресте – Қытай, Индия, Еуроодақ оның басты бәсекелестері болып отыр.

Осымен байланысты әлемдік дамудың соңғы он жылдығы келесі бір геосаяси орталықтың – Азия-Тынық мұхиты аумағының (АТА) салмағының қарқынды артып отырғандығын барынша сеніммен айғақтайтынын атап өтуіміз қажет. Менің көзқарасым бойынша АТА-ға тән белгілерге: біріншіден, бірнеше күштер орталықтарының болуы жатады. Әдетте әлемнің көптеген аймақтарында бір ғана көшбасшы болады немесе, жақсы жағдайда, көшбасшылық үшін күштердің екі орталығы күреседі. АТА бірден кем дегенде 4 күштер орталықтарын өзіне қаратып алған. Мұнда аймақтық қана емес, әлемдік күштер балансын анықтайтын: АҚШ, Қытай, Ресей, Жапония сияқты әлемдік бірнеше ірі державалар орналасқан. Олардың бәрі геосаяси және геостратегиялық маңызды орын алады, аймақта және әлемде ауқымды мүдделері бар және оларды жүзеге асыру үшін қуатты әлеуетті иеленген. Екіншіден, экономикалық, саяси және әскери салмақты шапшаң арттырушы мемлекеттердің болуы жатады (Мысалы, Корея Республикасы, Сингапур, Малайзия, АСЕАН басқа да елдері), бұлардың мүдде-сін аймақтық күштер балансында есепке алуға тура келеді. Үшіншіден, АТА – халықтың аса көп қоныстанған жердегі ауданы. Аймақтық аумағында планета халқының шамамен 50% тұрады. Төртіншіден, АТА – жердегі динамикалық дамушы, қуатты экономикалық аудан. Жалпыәлемдік жалпы өнімнің жартысынан астамы, әлемдік сауданың жалпы көлемінің 50% астамы, инвестицияның 55% астамы, әлемдік порттың 40% астамы және электроқуатын 42% және т.б. оның үлесіне тиесілі. Бесіншіден, аймақтағы елдерді экономиканың аса жоғары қарқынмен артуы сипаттайды. Азия даму банкі-нің болжамына сәйкес, АТА елдерінің экономикасының өсу қарқыны таяу жылдары әлем елдерінің экономикасының өсу қарқынынан екі-үш есе артатын болады. Аймақ әлемнің негізгі қаржы және инвестиция орталығына нық айналуға. Алтыншыдан, АТА-ға тән геостратегиялық ерекшеліктерде оның сипатты белгілеріне жатады. Өйткені мұнда өте көп әскери әлеует, ең алдымен АҚШ, Ресей және Қытайдың зымыран-ядролық әлеуеті шоғырланған. КХДР-да ядролық әлеуеті бар болуы мүмкін. Бұған әскери әлеуетті арттыру тенденциясының да болуын қосамыз, ол жоғарыда аталған мемлекеттердің әлеуетінің есебінен іске асуда. Мысалы, АТА-ның Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі елдер, сарапшылардың мәліметі бойынша, бүгінде мемлекеттік бюджеттің 5-20% әскери шығынға жұмсайды. Осы аймақтағы қару-жарақ сауда-саттығы таяу шығыстың қару-жарақ және әскери техникаларынан кейін екінші орын алады, сөйтіп қару сатудың әлемдік айналымының шамамен үшінші бөлігін құрайды. Жетіншіден, АТА әлемнің жетекші мемлекеттерінің геосаяси мүдделерінің (АҚШ, Ресей, Қытай, Жапония) түйісетін, мемлекетаралық өткір қарама-қайшылықтардың тоғысатын, аймақтағы бірнеше мемлекеттің шамданушылығын арттыратын, өзара талаптар бар, соның ішінде аумақтық (мысалы, Жапонияның, Ресейдің Оңтүстік Куриль аралдарына) талаптарды айтуға болады.

Америка Құрама Штаттарының АТА-дағы геосаяси мәселелерді айқындауда айтарлықтай рол ойнайтынын атап көрсету қажет. Ол АТА-ны өзінің геосаяси мүдделерінің бірден-бір маңызды зона-сы ретінде қарастырады. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін мұнда қалыптасқан қауіпсіздік құрылымын нығайту мен жетілдіру бағыты Вашингтонның аймақтағы саясатының басымды бағыты болып табылады. Бұл құрылым АҚШ-тың көшбасшылық роліне, Жапониямен және

Кореямен әскери одаққа, Таиландпен, Филиппинмен, Австралиямен және Жаңа Зеландиямен отырған келісім-шарттарға, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерімен әріптестік қатынастарға негізделген.

Осы құрылым, АҚШ-қа Тынық мұхиты аймағында алдыңғы қатарлы күштерді орналастыруға мүмкіндік берген, басты әскери-стратегиялық аудандарға бақылауды қамтамасыз ететін және американың геосаяси көшбасшылығына негізгі механизм ролін атқарады. АҚШ-ты ең алдымен Қытайдың экономикалық және әскери әлеуетінің шапшаң артуы алаңдатады. АҚШ пен Жапония арасында қарама-қайшылық бар, дәлірек айтқанда, Америка-Жапонияның экономикалық қарсыластығы шиеленісуде. Экономикалық бәсекелестікке төтеп бере алмағандықтан, АҚШ Жапонияның үкіметіне қысым көрсетеді. Ресей-ге қатысты АҚШ бұрынғысынша Ресейді АТА нарығынан оқшаулауды тереңдету, оның ғылыми-техникалық және технологиялық әлеуетін, қорғаныс – өнеркәсіп кешенін және экономиканың басқа да жоғары технологиялық салаларын әлсірету сияқты стратегиялық ниетін сақтап отыр.

Бұрынғыдай АТА аймағында Корей жартыаралы дау-дамайлық жер болып қалуда. Мұнда Ресей шиеленісті бәсеңдету мен бейбітшілікті нығайту үшін, Корея Республикасы мен КХДР татуластыру үшін бірігіп күш жұмсауға шақырады. Сегізіншіден, АТА – бұл әртүрлі геосаяси мүдделердің тоғыса-тын жері, бір-бірінен тарихымен, салтымен, дінімен, дәстүрімен, тұрмысымен және т.б. ерекшеленетін әртүрлі мәдениет түрлері орныққан аймағы. Мұнда конфуций – будда, жапон, батыс, Ресей геоөркеніетін білдіретін, сондай-ақ Малайзия-Индонезия субөркеніетін, ислам өркениетін көрсететін мемлекеттер орналасқан. Бір жағынан, олардың арасындағы өзара әрекеттер өзара ықпал етумен және өзара толықтырумен сипатталады, бұл жалпы адамзат мәдениетін бай мазмұнмен толтырады, ал екінші жағынан – қақтығыс әлеуетін төмендетуге ықпал етпейтін қарсыластық, текетірістік және бәсеке-лестік шиеленісуде.

Осылайша Азия-Тынық мұхиты аймағы әлемнің геосаяси орталықтарының бірі ретінде жердегі экономикалық, демографиялық, технологиялық, геоақпараттық және геостратегиялық жағынан динамикалық дамудағы аудан. АТА маңызы және оның геосаяси ықпалы артуда. Осы ықпал етудің ішінде Ресей Федерациясы, әсіресе Қиыр Шығыс федеральді округі бар, бұл АТА елдері тарапынан болған шақыруларға оптимальді жауаптар іздестіру қажеттігіне мәжбүрлейді.

Осымен байланысты геосаяси тұрғыдан алғанда Ресей толық қанды аумақтық құрылым, өз алдына жеке құрылықтық күш болып табылатынын айтуымыз керек. Ол зор кеңістікті иеленген, оның халқының саны, мәдени-білімдік, индустриалды-техникалық және ғылыми әлеуеті мемлекеттің тәуелсіздігіне қажетті негізді және құрылықтық ықпалдастық үшін керекті базаны құрайды [9]. Қазіргі уақытта Ресей Федерациясы әлемдік үрдіске ықпал етудің айтарлықтай мүмкіндігін иемденген, қуатты ядро-лық күштері бар, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде тұрақты мүшелік орнын сақтап отыр, мұның өзі оның көптеген стратегиялық болашағының барлығын айғақтайды.

Ресей мемлекетінің еуразия құрылығында үш мұхит арасында орналасуы оның күш қуатының өзіндік қайнар көзі және сонымен қатар салмақты қарама-қайшылықтар мен қауіп-қатерлерді де тудырады. Ресейдің батыстан, шығыстан және оңтүстіктен болатын осалдығы мұндай масштабтағы ел үшін транспорт инфрақұрылымының жеткіліксіздігімен толыққан.

Орталық және Шығыс Еуропа елдерін, сонымен бірге бұрынғы КСРО республикаларын батыстың экономикалық және әскери-саяси құрылымға қосу, бір мезгілде Ресейді Еуропа кеңістігінен шеттету стратегиялық сипатта салмақты қауіп-қатер тудыруы мүмкін. Бұл ең алдымен Ресейдің геостратегиялық Жерорта теңізі мен Атлант мұхитына шығу мүмкіндігін шектейді, елдің батыс Еуропа нарығына қосылуын, жалпыеуропалық үрдістерге қатысуын тежейді және болашақта ислам әлемімен және Шығыстың басқа да динамикалық күштерімен бір өзі жеке қалмақшы.

Халықта әртүрлі діндерді – православия, ислам, буддизм және т.б. тұтынатын үлкен топтардың болуы Ресейдің ерекшелігі болып табылады. Өткен (кеңестік) кезеңде күшейген атеистік қызметтің нәтижесінде өзіндік вакуум пайда болған еді, осы бос орынды дәстүрлі емес діндермен толтыру, тоталитарлық секталардың күшею қатері және діни фундаментализмнің арту қаупі туындады. Бұның бәрі салмақты қайшылықтарды тудыруға қабілетті дін саласындағы шиеленістік потенциалды қайнар көзі болып табылады, ал олардың өзіндік этникалық аймақтарға таңған жағдайда – елдің бірлігіне және оның қауіпсіздігіне төнген үлкен қатер болып саналады.

Геосаяси үйлестіру жүйесіндегі Ресейдің күрделі және біржақты емес жағдайы қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы стратегиялық бағыттарды анықтауда тепе-тең амалды талап етеді.

Қазіргі кез-де Ресей федерациясының қауіпсіздігі елдің нақты геосаяси жағдайы мен шынайы мүмкіндіктерін ескере отырып оның өз мемлекеттілігін, рухани, саяси, экономикалық және қорғаныс әлеуетін нығайту қабілетіне байланысты. Тек осындай жағдайда ғана Ресей геосаяси кеңістікте өзіне тән орынды ала алады, ешкімге қауіп төндірмейтін, бейбітшілікті қорғаушы, тұрақтандырушы күшке айналады, сонымен қатар өзінің ұлттық қауіпсіздігін кез келген қол сұғудан қатаң және шешуші түрде қорғай алатын болады.

#### **4. Посткеңестік кеңістіктегі геосаясаттың өзекті мәселелері**

Соңғы уақытта саясаттанушылардың назары посткеңестік кеңістіктің геосаясатына да ауып отыр, оған деген қызығушылық артуда.

Посткеңестік кеңістік, ыдыраған КСРО орнында құрылған мемлекеттер жиынтығының кеңістігі болып табылады. Ол өзіне Ресей Федерациясы, Беларусь, Украина, Молдава, Латвия, Литва, Эстония, Грузия, Армения, Әзірбайжан, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан мемлекеттерінің геосаяси кеңістіктерін қосып алған.

Осымен байланысты, жаңа посткеңестік мемлекеттер өз ұлттық мүдделерін анықтауға, өздеріне одақтастарды, сауда – экономикалық әріптестерді және т.б. таңдауға мүмкіндік алған соң әлемдік саясаттың шын мәніндегі тең құқықтық акторларға айналғаны ешбір күмән тудырмайтын факт екенін айтуымыз керек. Бұрынғыға қарағанда олар үшін қазір экономика, саясат және қауіпсіздік саласында ынтымақтастықтың әлдеқайда кең перспективасы ашылды. Сондықтан олардың өз сыртқы байланыстарын жіктеуге ұмтылысы, Қытайдан, Оңтүстік Азиядан, ислам дүниесінен, Еуропа мен АҚШ-тан балама іздеуі таң қаларлық нәрсе емес.

Посткеңестік кеңістік аумағында жаңа мемлекетаралық қатынастар жүйесін қалыптастыру посткеңестік кеңістік геосаясатының негізгі міндеттері болып табылады. Осыған орай посткеңестік кеңістіктің негізгі сипаттарын қарастыру қажет.

Ең алдымен КСРО орнына құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бастапқыда Балтық республикалары оған кірмеді) саяси, экономикалық, әскери-саяси (мемлекет басшыларының кеңесі, премьер-министрліктер, қорғаныс министрліктері және т.б.) одақтық мемлекетаралық институттардың болуына қарамастан барынша формальді сипат алып отырғанын айтуымыз керек.

Осымен байланысты тұтас геосаяси кеңістік жоқ деуге болады, мұндай кеңістікке РФ және БР (Беларусь пен Ресейдің одақтас мемлекеттері), сондай-ақ, белгілі дәрежеде Қазақстан, Армения, Тәжікстан және Қырғызстан аумақтарын жатқызуға болатынын атап айтқан жөн. Посткеңестік кеңістіктегі қалған мемлекеттер өзге саяси күштер орталықтарына: АҚШ-қа (Украина, Грузия, Түркіменстан), Еуропаға (Украина, Молдава), Түркияға (Әзірбайжан), исламдық Азия мемлекеттеріне (Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркіменстан), Қытайға бағыт-бағдар ұстауда.

Сонымен қатар біртұтас экономикалық интеграциялану-ықпалдасу кеңістігінің жоқ екенін де айтуға тиіспіз. КСРО кезінде осы аумақтық-экономикалық кеңістіктер арасында қалыптасқан берік және өзара тәуелді шаруашылық байланыстар мен қатынастарға қарамастан оны құру мүмкін болмай қалды.

ТМД шеңберінде интеграциялық-ықпалдастық байланыстарды нығайтуға бағытталған 1993 жылғы қыркүйекте Экономикалық одақ құру туралы келісім-шартқа қол қойылса да, одан кейінгі жылдары шамамен 100 шақты нормативті құқықтық актілер қабылданса да (әртүрлі келісімдер, келісім-шарттар, шешімдер), біртұтас инфрақұрылым құру күткендей нәтиже бермеді.

Сонымен бірге, ТМД бірнеше локалді экономикалық блоктарға бөлініп кетті:

Бірінші блок ГУӨӨМ ( Грузия, Украина, Өзбекстан, Әзірбайжан, Молдава);

Екінші блок Орталық Азия экономикалық қауымдастығы (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан);

Үшінші блок Еуразия экономика қауымдастығы (Ресей, Беларусь, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан);

Төртінші блок Кеден Одағы ( Ресей, Беларусь, Қазақстан);

Бесінші блок Одақтас мемлекеттер (Беларусь және Ресей);

Алтыншы блок ТЭЖ ( Тұтас экономикалық Кеңістік): Ресей, Беларусь, Қазақстан, Украина.

Біртұтас геостратегиялық кеңістіктің де жоқ екенін айтуымыз жөн. Әскери-стратегиялық кеңістік-ті сақтап қалу мүмкін болмады. Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімді (ҰҚК), 1992 жылдың мамыр айында бастапқыда ТМД елдерінің бәрі дерлік қол қойған, одан кейінгі уақытта тек алты мемлекет – Ресей, Беларусь, Армения, Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстан пролонгациялады. Ал Грузия, Әзірбайжан және Өзбекстан ондағы өздерінің мүшеліктерін

тоқтатып, геосаясаттарын басқа стратегия-лық әріптестерге бұрды (НАТО-ға қатысушы мемлекеттерге, ГУӨӘМ). Сонымен қатар тұтас әуе қорға-нысы кеңістігі де құрылмай қалды, бұл жалпы ТМД елдерінің қауіпсіздігін айтарлықтай төмендетті. Дегенмен ГУӨӘМ елдері өздерінің әскери-стратегиялық кеңістіктерін жасауға тырысуда. Украина мен Грузия НАТО-ға сұрануда. Өзбекстан мен Қырғызстанның аумағында АҚШ әскери базасы орналасқан.

Осымен байланысты ХХІ ғасыр басында Ресейдің ТМД кеңістігін ықпалдастыруға жасаған талпы-нысының үлкен қаржы-экономикалық, бюджеттік салмаққа айналғанын айтуымыз керек. Мұны ТМД-ның көптеген елдерінің басқа мемлекеттерге – Еуроодаққа, АҚШ-қа, Түркияға, Қытайға бағыт-бағдар ұстауымен түсіндіруге болады. Бірінші кезекте бұл жағдай бай табиғи ресурстары бар Достас-тық елдеріне (Түркменстан, Өзбекстан, Украина, Қазақстан, Тәжікстан, Әзірбайжан) қатысты. Бұл елдер, Ресей сияқты, шикізат экспорты саясатын жүргізіп отырған, Ресейге бәсекелесте болып отыр.

Сондықтан Ресейдің экономикалық және әскери-стратегиялық тұтастықты сақтауға талпынысы қымбатқа түсуде, ол: миллиардтаған қарыздардың қайтарылмауынан; ұзартылған қарыздарды реқұ-рылымдау өтініштерінен және талаптарынан (азайту жағына қарай); ТМД-ның басқа елдерінің аума-ғынан өтетін (әсіресе Украина) Ресейдің газ-мұнай құбырларынан шикізатты рұқсатсыз «ағызып» алудан көрінеді.

Дезинтеграциялық үрдіске қарамастан, ресейдің өз төңірегіне ТМД елдерін кіріктендіру мүмкінді-гінің сақталып отырғанын айтуымыз қажет [10]. Ол үшін келесі объективтік негіздер бар: біріншіден, Ресейдің пайдалы геосаяси жағдайы, ең үлкен аумағы, транспорттық инфрақұрылымы; батыс және шығыс сауда орталықтары мен жолдарына, теңіз порттарына шығуы; тек Ресейдің ғана Тәуелсіз Мем-лекеттер Достастығы елдерінің бәрімен ортақ шекарасы бар; екіншіден, Ресей халқы ТМД елдері хал-қының жартысынан астамын құрайды; үшіншіден, Ресейдің ІЖӨ ТМД елдерінің ІЖӨ 75% астамын құрайды (мысалы, ол Украинадан 8 есе артық); төртіншіден, ТМД өндіріс-шаруашылық байланыста-ры кеңестік кезеңде орнығып, бүгінгі күнге шейін Ресей кәсіпорындарының төңірегінде бұл байланыс айтарлықтай ұштасқан, өнеркәсіп үрдістерінде комплекстерді дайындауда бірнеше посткеңестік елдердің кәсіпорындары бір мезетте қатысады; бесіншіден, посткеңестік кеңістіктің барлық елдерінің өнеркәсіп және ауылшаруашылығы тауарларымен саудасы, әдетте, ТМД нарығына бағыт-бағдар ұстаған, бұған олардың өнімдерінің төмендігі және әлем нарықтарында бәсекеге қабілетінің әлсіздігі себепші болып отыр. Бұл мүмкіндіктерді Ресей ең алдымен өз экономикасын инновациялық базада жаңғыртқан кезде, шикізаттық экономикасын жоғары технологиялық, бәсекеге қабілетті өнімдер өндіруге бағыт-бағдар ұстаған кезде ғана пайдалана алады.

Осылайша, менің көзқарасымша, ТМД шеңберінде толыққанды ықпалдастық бірлестігін құру іске аспады және жуық арада жүзеге асуы мүмкіндігі де аз. ТМД елдері өздерінің мүдделерінен және қол жеткізген халықаралық міндеттерінен шыға отырып, әрқайсысы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысу формасы мен дәрежесін анықтайды. Барған сайын ортақ мүдделер азайып, ТМД шеңберінде қабылданған ортақ шешімдер мен құжаттар сөз күйінде, формальді сипатта қалған жағдайда, екі жақ-ты мемлекетаралық қатынастарға басымдық берілуде. Бұның Ресейге де, Қазақстанға да және ТМД басқа елдеріне де қатысы бар.

Бұл жағдайда ең жақсы модель ықпалдастық мақсаттар мен үрдістерді және екі жақты форматтағы мемлекетаралық қатынастарды тепе-тең үйлестіру болып саналады. Алайда Ресейдің өзге де ТМД елдерімен екі жақты қатынасы қажетті деңгейден алыс тұр және қайшылықтармен ілескен. Егерде Ресей, АҚШ пен батыс әлемінің көзқарасы бойынша, өзінің геосаяси ықпал ету алаңын «таяу шетел-дері» есебінен кеңейтуге талпынған жағдайда, оның салдарлары қауіпті, «империялық амбициясын (шамдануды) қалпына келтіру» ретінде қабылданады. Аталмыш көзқарас З.Бжезинскийдің «Ұлы шахмат тақтасы» атты кітабында да кең қаралған.

Посткеңестік кеңістіктегі геосаясаттың және соның ішіндегі елдердің өзара қарым-қатынасы Ресей-дің бұрынғы Кеңес Одағы республикаларымен қарым-қатынас мысалынан жақсы байқалады [11].

Ресейдің Беларусьпен қатынасы. Беларусь Ресейдің батысында орналасқан. Ол сондай-ақ Литва, Украина және НАТО мен Еуроодақ мүшесі Польшамен шектескен. Беларусь – проваславиялық-сла-вяндық мәдениеттегі ел, конфедеративтік бірлестіктің бөлігі (1999 ж Беларусь және Ресей мемлекет-тер одағы құрылғанды), бірақ бұл бірлестік ресми түрде жарияланғанымен көбіне-көп формальді сипат алып отыр. Беларусь арқылы Ресей өзінің анклавасы – Калининград облысымен байланысты жүзеге асырады, өйткені мұны Литва арқылы



іске асыру әлдеқайда проблемалы. Беларусь – Ресейдің геостратегиялық одақтасы, НАТО әскери-стратегиясын батыста тоқтататын шебі. Беларусь арқылы Ресейдің Еуроодақпен сауда жолы өтеді (сауда айналымының жартысынан астамы).

Осымен байланысты екі мемлекеттің шын мәнінде бірігуіне олардың әртүрлі саяси жүйеде болуы, (Белоруссияға авторитарлық тән де, Ресейге демократиялы саяси жүйе тән), экономикалық жүйедегі айырмашылықтар (Белорусьтың экономикасы толық мағынадағы нарықтық емес, оны мемлекет рет-тейді және қатаң әкімшілікпен шектейді), салық және баға саясатындағы өзгешеліктер, сондай-ақ ортақ ақшаның болмауы кедергі болып отырғанын атап өтуіміз керек.

Ресейдің Украинамен қатынасы. Украина Ресей мен НАТО және Еуроодақ мүшесі Польшаның арасында геосаяси маңызды жерде орналасқан. Мемлекеттілігінің тарихы әлсіз ел, оны енді ғана қалыптастыруда. Мәдениеті екіге жарылған мемлекет, мұнда батыс-христиан өркениет мәдениеті (Батыс Украина) және шығыс-христиан православия мәдениеті (Украинаның шығысы мен оңтүстігі) ара-сында айырмашылыққа бөліну қалыптасқан. Осыдан келіп Украиндықтардың өзін-өзі тану айырма-шылығы шығып, бірі – Батысқа (Еуропаға), екіншісі – Шығысқа (Ресейге) бағыт-бағдар ұстап отыр.

Геосаяси тұрғыдан ресейдің Украинамен одағы пайдалы әрі қажет (Қара Теңізге, одан әрі Балқанға шығу, Еуропаға сауда жолы). Алайда соңғы кезде Украина Ресейге бағыт-бағдар ұстап отырған жоқ, керісінше Еуропа мен НАТО құрылымына жедел кіруге тырысып Еуроодақ пен АҚШ-қа бет бұрып отыр. Солай десекте ол бір мезетте Батыстан экономикалық көмек алуға және Ресей тарапынан экономикалық жеңілдіктер алуға тырысуда.

Ресейдің Украинамен геосаяси қатынасы Беларусьтағыдай тығыз емес, одақтастық та емес, тек әріп-тестік сипаттағы ғана қатынас. Сонымен бірге, көптеген қарама-қайшылықты және дау-дамайлы жағдайлар бар, мысалы, Қырым, Севастополь және Қара теңіз флоты мәселелері бойынша; Украинаның ГУӨӘМ-ге белсенді қатысуы ТМД біртұтас экономикалық кеңістік құруға ықпал етпейді; 2006 жыл-дың көктемінде Украинаның Приднестровьяға қарсы экономикалық (санкция) тосқауыл қоюы Ресейдің экономикасына және оның Приднестровьямен сауда қатынасына нұсқан келтірді; Ресей мен Украина арасындағы газ жөніндегі дау-дамайлық жағдай (мысалы 2005 ж. соңында «Газпроммен» болған); Украина АҚШ-тың Ирактағы әрекетін қолдады (Ресейге қарағанда) және оған әскерін жіберді.

Ресейдің Закавказьямен қарым-қатынасы. Закавказья геосаяси ауданы Ресейдің оңтүстік «құрсақ» деп аталатын ауданында жатады және оның аса геостратегиялық маңызы бар. Ол Грузияны, Арменияны және Әзірбайжанды қосқан. Закавказьядегі геосаяси жағдай мейлінше тұрақсыздығымен және орнықсыздығымен сипатталады.

Бұл аймақта Ресейдің дәстүрлі тарихи қалыптасқан геосаяси орналасуына қарамастан, бүгінгі Ресейдің оған геосаяси ықпалы шектеулі, бірқатар қиыншылықтар, жаңа биліктің түсінбеушілікке ұрынуы, дау-дамайлық жағдайлардың және қақтығыстардың жиі пайда болуы кері әсерін тигізіп отыр. Қан төгісті қақтығыстарға жол бермеу және шекараны күзету сияқты қиын миссияны атқара-тын Ресейдің, бейбітшілікті қорғау және шекара әскерлерінің бұл өңірде болуының өзі жағдайды нығайтуға септігін тигізе алмай отыр.

Закавказья аймағының негізгі проблемалары мен қайшылықтарына келесілерді жатқызуға болады: Ресейдің бұрынғы ықпалының жойылуына орай, аймақта көптеген күштер орталықтарының геосаяси, экономикалық және басқа да мүдделері шоғырланды (АҚШ, Еуроодақ, Түркия, Иран және т.б.); саяси жағдайдың орнықсыздығы (әсіресе Грузиядағы өткір); шешілмеген аумақтар таласы (ең алдымен Таулы Қарабах); қақтығыстар (саяси, аумақтық және діни-этникалық); этникалық және діни-мәдени жек көрушілік (әсересе Әзірбайжан мен Армения арасындағы); мұнда трансұлттық қылмыстың көп-теген жолдары өтеді (есірткілер, қару-жарақтар саудасы); экстремизм мен халықаралық лаңкестік орын алған жердің бірі; көптеген мәселені Ресейдің есебінен шешуге тырысушылық, (КСРО ыдыра-ғаннан бастап) оған экономикалық проблемалар үшін, саяси, аумақтық және діни-этникалық қақтығыстар үшін жауапкершілік жүктелген.

Ресеймен Грузия арасында аса қиын күрделі қатынас орнығуда. Грузия басшылары ашық түрде антиресейлік саясат жүргізуде. Геосаяси тұрғыдан Грузия, АҚШ-қа, атлантика саясатына бағыт-бағдар ұстанған. Сонымен қатар, Ресейді де өз экономикалық мақсаттарына сай (шикізат, жеңілдетілген тарифтер) пайдаланып қалуға тырысуда.

АҚШ Грузияның антиресейлік саясатын қолдайды. 2002 жылы желтоқсанда Грузия мен АҚШ үкі-меті арасында қорғаныс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды, соның

негізінде американың әскери жауынгерлері Грузия аумағында бола алатын болды. АҚШ басшылары ресми түрде Грузияның Ресейдің әскери базасын аумағынан мерзімінен бұрын шығару туралы талабын қол-дайды. АҚШ Грузияға жылына шамамен 150 млн. дол. қаржылай көмек көрсетеді (әсіресе, мемлекет-тік қызметкерлердің жалақысын қаржыландырады). Америка ақшасына Грузия әскери қызметкерлері білім де алады.

Ресейдің Армениямен және Әзірбайжанмен қатынасы, тіптен соңғының (Әзірбайжанның) басқа геосаяси күштер орталықтарына басым бағыт-бағдар ұстағанына қарамастан (Түркия, Иран, Ислам әлемі) жақсы қалыптасуда. Алайда бұл қатынастар Таулы Қарабах мәселесін шешуде қиындыққа тап болуда, бұл жерде Ресей екі жақты татуластырушылық миссияны атқаруға талпынуда.

Ресейдің Орта Азия елдерімен қатынасы. Геосаяси Орта Азия аймағы сондай-ақ Ресейдің оңтүстік «құрсақ» деп аталатын аймағына жатады, онда геосаяси жағдайдың асқан тұрақсыздығымен және орнықсыздығымен сипатталады. Орта Азия геосаяси аймағына бұрынғы КСРО одақтас республика-лары Өзбекстан, Қазақстан, Түркіменстан, Тәжікстан және Қырғызстан кіреді. Алайда тек Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстан ғана Ресеймен тығыз геосаяси және геостратегиялық ынтымақтастық алаңына енген. Ал қалғаны басқа геосаяси күштер орталықтарына бағыт-бағдар ұстаған.

Орта Азия елдері экономикалық қатынастар жүйесінде әртүрлі экономикалық одақтар мен блок-тарға, топтарға «бытырап» кеткен: Өзбекстан ГУӨӘМ-ге, Орталық Азия экономикалық қауымдастығына (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстанмен бірге); Қазақстан – Орталық Азия экономикалық қауым-дастығына (Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстанмен бірге), Еуразия экономикалық қауымдастығына (Тәжікстан және Қырғызстанмен бірге) және т.б. бөлшектенген.

Геостратегиялық қатынастар жүйесіндегі Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімді (ҰҚК) Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстан пролонгациялады. Өзбекстан оған қатысуды ұзартудан бас тартты, ал Түркіменстан бейтараптық мәртебесін жариялап, әуел бастан-ақ оның құрамына кірмеді. Соңғы уақытта ҰҚК қызметінің белсенділігінің артуы тенденциясы байқалады, мұны Өзбекстанның оның құрамына қайта оралуы дәлелдейді.

Аймақтағы геосаяси қатынастарды бірқатар проблема мен қайшылықтардың болуы сипаттайды, атап айтқанда: біріншіден, дау-дамайлық жағдайлардың болуы (экономикалық, саяси, аумақтық, эт-никалық); екіншіден, этникалық және діни-мәдени жек көру элементтерінің болуы (әсіресе Өзбекстан мен Тәжікстан арасында, Өзбекстан мен Қырғызстан арасында); үшіншіден, тұрақсыздық пен дау-дамайдың, есірткі, заңсыз қару-жарақ сатудың жері болуы; төртіншіден, радикалды ислам идеяларын тарататын зона болуы; бесіншіден, КСРО ыдырағаннан кейін экономикалық проблемаларға, саяси, аумақтық және діни-этникалық дау-дамайлардың жауапкершілігі жүктелген Ресейдің есебінен көптеген мәселелерді шешуге тырысудың болуы сипаттайды.

Ресейдің Каспий өңіріндегі мемлекеттерінде – Қазақстанмен, Түркіменстанмен (сондай-ақ Әзірбайжанмен, Иранмен) Каспий теңізінің заңдық мәртебесі мәселесі бойынша, энергоресурстарға бақлау орнату мәселесі жөнінде келіспеушілігі бар.

Ресейдің Балтық елдерімен қатынасы. КСРО ыдырағаннан кейін және Балтық жағалауындағы Ке-ңестік Одақтас республикаларының орнына Балтық елдері – Литва, Латвия және Эстония құрылды – бұл аймақ Ресейдің геосаяси ықпал ету зонасынан шығып, АҚШ пен Еуроодақтың (әсіресе инвестиция мен сауда айналымы бойынша көшбасшы болған Германияның) геосаяси ықпал ету және мүдделері зонасына өтті.

Осыған орай Ресейдің бұл аймақта геосаяси мүддесінің бар екенінде атап айтуымыз қажет: өзінің анклавасы – Калининград облысымен байланысты қамтамасыз ету; орыс тілді халықтардың мүдделерін қорғау; аймақта геосаяси және геостратегиялық жағдайдың тұрақтылығына қол жеткізу, НАТО-ның Шығысқа қарай кеңейген жағдайында Ресейдің әскери-стратегиялық қорғаныс мүдделеріне нұқсан келтіруге жол бермеу; Балтық теңізіне шығу. КСРО ыдыраған соң жағалау шекарасы 2000 км-ден 600 км. шейін қысқарды. Тек екі ғана ірі теңіз порты – Санкт-Петербург және Калининград, сондай-ақ Ресейдің тауарлары үшін транзиттік жол болып Балтық әскери-теңіз порты қалды.

Алайда бұл аймақта Ресейдің геосаяси мүддесін жүзеге асыру мейлінше қиындаған.

Егерде Батыс елдері үшін Балтықтағы геосаяси жағдай бұрын болмаған қолайлылық танытса, мұны Ресейге қатысты айта алмаймыз. Бұл салада ықтимал стратегиялық одақ туралы немесе жай ғана әріптестік орнату жөнінде әңгіме жоқ. Сонымен қатар, әзірге экономика, саяси-дипломатиялық және мәдени салада нормальді әріптестік қатынастарға қол жеткізу мүмкін болмай

тұр. Балтық елдерінің экономикасы Ресейдің шикізаттарына, әсіресе энергетикасына тәуелділігіне қарамастан, олардың аумағы арқылы транзит жүктерін өткізген Ресей жылына 1 млрд. доллардан астам ақы төлейді. Ресейге территориялық-аумақтықта шағым, қоятын талаптары бар. Геосаяси жағдай барлық салада қатынастарды жақсартқаннан гөрі, лаң тудыруға жақын.

Ортағасырлық будда монағы Нитирэн «Өзіне тыныштық тілесен, айналаңның бейбітшілігі үшін дұға қыл» деп жазған екен. Бұл ереже посткеңестік кеңістігінің елдері үшін ерекше өзекті, өйткені оларға саяси тұрақты және экономикасы гүлденген аймақтармен араласу әлдеқайда жеңіл әрі пайдалы.

ТМД мүшелері өздерінің бүкіл шекаралары бойында достас және бейбітшілік сүйгіш мемлекеттердің белдеуін құруға, таяу шетелдердің аумақтық, ұлттаралық, дін аралық және басқа да қақтығыстар жеріне айналуына жол бермеуге мүдделі. Қазіргі әлемде кез келген аймақтық интеграциялануды-ықпалдасуды белгілі бір географиялық, тарихи-мәдени, саяси идеялар немесе мемлекеттері сәйкес келетін халықтардың басқаша жақындасуы ынтыландырады. Экономикалық мүдделерінің және т.б. сәйкестенуі посткеңестік кеңістіктегі аймақтың табысты интеграциялануының, ықпалдасуының бас-ты алғышарты болып табылады [12].

Қорыта айтқанда, бүгінгі күндері посткеңестік кеңістіктің тек қана ішкі геосаяси құрылымы және сыртқы шекарасы өзгерумен қатар, бұл аймақтың жалпы әлемдегі ролі де өзгерді. Посткеңестік кеңістіктің қазіргі геосаяси міндеті осы аймақтағы елдердің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін негіздеуден тұрады, оның мазмұнына әлеуметтік және мәдени тұтастық ретіндегі қоғамның биологиялық, саяси, экономикалық тіршілік қажеттіліктері қосылған.

Геосаяси проблемалар посткеңестік кеңістіктегі барлық мемлекеттер үшін аса маңызды болып саналады және алға қарай табысты қозғалу үшін оларды дер кезінде шешу керек. Бұл жерде посткеңестік кеңістіктің көптеген елдерінің және әлемнің проблемаларын шешуде Қазақстанның геосаяси жағдайы аса маңызды.

Жоғарыда баяндалғандарды түйіндей келіп, геосаясаттың маңызды ғылыми пәннің бірі екенін, онсыз толық және қайшылықты қазіргі әлемнің шынайылығын анық түсіну мүмкін еместігін айтуы-мыз қажет. Геосаясат – саяси, қоғамдық және кәсіби институттар мен ұйымдар үшін және өкілдеріне қажетті таразыға тартылған және негізделген басқару шешімдерін қабылдау үшін практикалық мәні зор геосаяси білімнің теориялық қайнар көзі. Жетекші геосаясаткерлердің доктриналарына жан-жақ-ты талдау жасау әлемнің жетекші державаларының сыртқы саяси қызметін жақсы түсінуге және бол-жамдауға жеткізеді. Соңғы кезде Қазақстанда өзінің бірегей геосаяси амалдары, тұжырымдамалары пайда болды, олар сыртқы және ішкі саясатты жүзеге асыруда айтарлықтай көмек көрсетіп отыр.

1. Котляров И. *Международные отношения.* – Минск, 2005. – С. 160-161.
2. Тавадов Г.Ж. *Основные положения геополитики. Геополитика: проблемы и суждения.* – М., 2003. – С. 20-23
3. Пагадин И.П. *Геополитика США.* – СПб., 2010. – С. 150-151.
4. *Большая актуальная политическая энциклопедия.* – М., 2009. – С. 52-54.
5. Макеев А.В. *Геополитика и современный мир // Политика и общество.* – Казань, 2005. – С. 120-125.
6. Гаджиев К.С. *Геополитика.* – М., 2012. – С. 268-281.
7. Арын Е.М., Айтмухамедов Т.К., Иренов Г.Н., Аскаров Б.Б. *Казахстан и Евросоюз в современных геополитических координатах.* – Павлодар, 2010. – С. 102-179.
8. Гаджиев К.С. *Геополитика.* – М., 2012. – С. 253-266.
9. Папов А.С. *Геополитика России.* – Ростов-на-Дону, 2011. – С. 115.
10. Козьменко В.М. *Россия в системе СНГ: формы сотрудничества // Ежегодник СНГ: проблемы, поиск, решения.* – М., 2012. – С. 49-59.
11. Гурьева А.Н. *Интеграционные процессы на постсоветском пространстве и роль России // Ежегодник СНГ: поиск, проблемы, решения.* – М., 2011. – С. 96-108.
12. Гурова И.П. *Экономическая модель региональной торговли СНГ // Ежегодник СНГ: поиск, проблемы, решения.* – М., 2010. – С. 97-104.

#### Резюме

В статье рассматриваются особенности и проблемы геополитики в современном мире. Вместе с тем уделено внимание и дискуссионным, недостаточно изученным вопросам.

## Resume

This article deals with the characteristics and problems of geopolitics in the modern world. However, we have paid great attention for the discussional and under-researched issues.

### ҚҰНДЫЛЫҚ ӨЛШЕМІНДЕГІ САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ: ҚАЗАҚСТАН ҮШІН САБАҚ

**Н.Б. Сейсенова** – *Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының саяси ғылымдарының кандидаты, доцент*

Қазіргі заманғы қоғамды жаңғыртуды және реформалауды іске асыру процесінде, біздің көзқарасымыз бойынша, жүйелілік, біртіндеп жүргізушілік, өз уақытында жүргізушілік, сәйкестік (бара-барлық), дәстүрлі құндылықтар, саяси мәдениеттің деңгейі және т.б. сияқты шарттарды сақтау қажет. Дәстүрлі құндылықтарды болдырмау әрдайым тиімді шешім болып табыла бермейтіндігін тәжірибе айғақтап отыр. Дәстүрлі қоғамның көптеген құндылықтары жаңғырту процестерін тек нығайта түседі.

Жаңғырту көбіне нақты мемлекетке байланысты болатындығын ұмытпаған жөн. Өйткені, жаңғыр-туды жүргізу үшін қажетті әлеует (потенциал) пен ресурстар нақ осы негізгі саяси институттың шең-берінде шоғырланған.

Саяси жаңғыртуды табысты іске асыру үшін түбірлі өзгерістерді жүргізудің саясаты мен стратегиясы болуы маңызды екендігін біз сенімділікпен айта аламыз. Қандай мемлекетте болмасын, жаң-ғырту процесі ауыртпалықсыз жүрмейтін процесс екендігін түсінген жөн. Бұл процесс қоғамдық өмірдің барлық салаларына дерлік таралатын белгілі бір қиындықтарымен қатар жүреді. Өз кезегінде, реформалауға қатысты процестердің аталмыш тұсы дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өтуде заңды (табиғи) нәрсе болып табылады.

Демек, жаңғырту процестерінің міндетті шарттарына жүйелілікті, біртіндеп жүргізушілікті, бара-барлықты, сондай-ақ тұрақтылықты, келісім мен топтасуды да жатқызуға болады.

Өз кезегінде, қазіргі заманғы егеменді мемлекет құру бағытындағы саяси жүйенің эволюциясы, мем-лекеттің ролінің күшеюі; заң шығару аясының әрекет ету салаларының кеңеюі мен ролінің күшеюі; аза-маттардың (саяси және азаматтық құқығы бар адамдардың) санының өсуі; саяси өмірге әлеуметтік топ-тар мен индивидтердің тартылуының кеңеюі; саяси бюрократияның пайда болуы мен өсуі, ұтымды деперсоналданған бюрократиялық ұйымның басқару мен бақылаудың үстемдік етуші жүйесіне айна-луы; дәстүрлі элитаның және оның легитимділігінің әлсіреуі; жаңғыртушы элитаның күшеюі, осының бәрі және басқа да көптеген белгілер саяси жаңғыртудың, соның ішінде өтпелі қоғамдардың және сәй-кесінше – қоғамдық өмір құндылықтарыны бір мезгілде өзгеруінің факторларын анықтайды.

Сондықтан, батыстық құндылықтарды жасанды түрде әкеп таңу қоғамның жоғалуына алып келуі де мүмкін екендігін есте ұстаған жөн. Осылайша, дәстүрлі құндылықтар мен нормалар жаңғырту про-цесінде өте жағымды (оң) роль атқара алады. Бұл жөнінде протестанттық, католиктік, буддалық елдердің жаңғырту тәжірибесі айғақтап отыр [1].

XIX ғасырдың аяғында ғалымдар мәдениетті зерттеуде ерекше тәсілді ұсынды, яғни, ол қазіргі мағынасында алғанда құндылық өлшеміндегі жаңғыртушылық сипаты бар мәдениеттің өтпелі үлгісі еді. Мәселен, неоканттық (жаңа канттық) философияның өкілдері В.Виндельбанд пен Г.Риккерт «мәдениет жөніндегі ғылымның» «табиғат жөніндегі ғылымнан» айырмашылығы бар екендігін анық-тады. Риккерттің пікірі бойынша, мәдениет құндылықтық сипатқа ие және оған өзінің бірегейлігінің «маңыздылығы», «қызықтылығы», «мәнділігі» тән. Мәдениет құбылыстары белгілі бір құндылықтар-мен – моральдық, эстетикалық, діни, саяси және т.б. құндылықтармен ара қатынаста болады [2].

Ғалымдардың пікірі бойынша, құндылықтар проблемасы қоғамда әлеуметтік парадигмалардың ауысуы, мәдени дәстүрлердің құнсыздануы немесе идеологиялық бастаулардың (дағдылардың) беде-лінің түсуі процесінде туындайды. XX-XXI ғасырлар кезеңі дүниежүзінің барлық өңірлеріндегі әлеу-меттік-мәдени, саяси және этно-мәдени проблемалардың арта түсуімен

сипатталады, бұл лаңкестік пен қылмыстың өсуіне себепші болды. Адамзат өмірінің қауіпсіздігі, өмір сүруге деген ажырамас құқықты жүзеге асыру барынша өзекті міндеттер мен құндылықтар қатарына қосылды және жалпы адамзаттық мәртебеге ие болды [3].

Жағымсыз себептерге кейбір зерттеушілер «аномия» түсінігімен сипаттаған қоғамның жай-күйін жатқызуға болады, оның негізгі үш мағынасы бар: 1) әлеуметтік топтың немесе тұтас алғанда қоғамның бүлінушілікке, шеттетілуге алып келетін мақсаттары мен құндылықтарының болмауы немесе жеткіліксіздігі; 2) адамдардың мінез-құлқын басқаратын және қоғамдық тәртіпті қамтамсыз ететін нормалардың өзгеруімен сипатталатын әлеуметтік жағдайлар; 3) мақсаттар мен мұраттардың жеткіліксіздігінен болатын индивидтердегі алаңдаушылық, шеттетілу және белгісіздік сезімі. Батыс ғалымы Э.Дюркгейм аномия феноменін «Еңбек бөлінісі» (1893) атты ғылыми жұмысында қарастырды. Осы жерде ұйымдық немесе топтық аномия өздігінен өмір сүрмейтіндігін, оның қоғамда жүріп жатқан осы тәріздес процестерге сәйкес дамитындығын айта кеткен жөн.

Өз кезегінде, қарапайым мағынасындағы құндылық ұғымы ежелгі дәуірден бастап қолданылды, алайда философиялық категория ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Бұған мүмкіндік жасаған Герман Лотценің еңбектері болды. Содан соң XIX-XX ғасырлар шегінде бұл ұғым жеке ғылыми, философиялық пән – аксиология ретінде қалыптасты. Оған себеп болған әлеуметтік және рухани құбылыстар еді. Соның ішінде адамның шеттетілуі сияқты құбылыс XIX ғасырда «құндылықтарды қайта бағалаудың» шынайы проблемасын қойды. Интернационалдық сипатты қабылдаған нигилизм пайда болды [4].

Сонымен қатар, көптеген елдердің тарихында атеизм дами бастады. Нәтижесінде құндылықтардың дәстүрлі жүйесі бұзылды. Моральдың «неғұрлым прогрессивті», «жаңа» жүйесі, соның ішінде Маркстың пролетарлық-таптық моралы пайда болды, бұл рухани-өнегелік болмыс пен оны қорғауды ұғынудың жаңа тәсілдерін талап етті.

Трансценденттік және трансцендентальдық принциптер туралы Канттың ілімінің пайда болуымен бірге біртіндеп құндылықтар теориясы қалыптаса бастады. Баден мектебі деп аталатын жаңа кант-шылдар, В. Винделбанд, Г. Риккерт және басқа да ғалымдар құндылықтар туралы жүйелі ілімді жасаған алғашқы философтардың бірі болды. Сөйтіп, құндылықтар ұғымы маңызды философиялық кате-горияға айналды [5].

Бадендік ғалымдардың іліміне сәйкес, құндылықтар маңызды дүниетанымдық және гнесеологиялық қағидалардың негізі болып табылады. Құндылық ұғымын философиялық категория ретінде қарастыра отырып, жаңа кантшылдар оның қиын анықталатындығын тұжырымдады. «Біз бұны болмыс тәрізді нәрсені білдіретін, ары қарай ешқандай да анықтауға жол берілмейтін ұғым ретінде қолданамыз» [6].

Жаңа кантшылдардың пікірі бойынша, құндылықтар бірлік және жалғыз-жарымдылық сияқты белгілі бір қасиеттерге ие. Олар трансцендентті және трансцендентальды, яғни, барлық адамдарға арналған. Олардың пікірі бойынша, бұл субъекті үшін объектінің мәнін анықтайтын «бүкіл жеке дара ерік-жігерден тәуелсіз», белгілі бір идеалды-субъективтік феномендер, трансцендентальды формалар, принциптер. Алайда жаңа кантшылдардың аксиологиясының кемшілігі олардың құндылықтардың трансцендентальдылығын және субъективтілігін тым абсолюттендіріп жіберетіндігінде және оларды тек қатынастармен байланыстыратындығында.

Ары қарай аксиологиямен тығыз байланысты болған Макс Шелердің персоналистік-феноменоло-гиялық құндылықтар теориясы болды. Ғалымдардың пайымдауынша, құндылықтар заттың ерекше сапасы емес, бұл игіліктер болып есептеледі. Игіліктің өзі «құндылықтық сапалардың бірлігіне ұқсас заттар және алғашқы затпен бірдей шындықты көрсетеді. Құндылықтардың мысалы болып табыла-тындар, ғалымның көзқарасы бойынша, «мейірімді, жақсы, ашулы және т.б. сияқты сөздер арқылы берілетіндей» [7].

Сонымен бірге, құндылықтардың тұлғадан тәуелсіздігі біршама, өйткені құндылықтар тұлғаның төңірегіне шоғырланады және оның биологиялық, әлеуметтік, рухани табиғатымен байланысты. Тұлғаның, оның белгілі бір өмір салтының, жағдайының және тұлғаның нақты типі үшін бірлікте өмір сүретін қандай да бір құндылықтың арасында ішкі байланыс бар. Сөйтіп, құндылық әрқашан интен-ционалды болып келеді. М.Шелердің құндылықтың интенционалдығы туралы аксиологиялық заңының мәнісі де осында жатыр [8].

Аксиологияның дамуына мүмкіндік жасаған еңбектердің бірі батыстық зерттеуші Н.Гартманның «сыни онтологиясы» болады. Оның пікірі бойынша, құндылықтар – бұл белгілі бір объективті идеал-дық (өте оңды, мінсіз) мәндер. Олар идеалды, бірақ олардың материясын жүзеге

асыруға қол жеткізу-ге болады. Гартманның айтуы бойынша, құндылықтар интуитивті, эмоционалды жолмен танылады, ал олар жөніндегі білім ұтымды, теориялық сипатқа ие болуы мүмкін. Ғалым, сондай-ақ болмыстың өзінің онтологиялық жіктеріндегі иерархияға негізделген құндылықтардың классификациясын және «құндылықтарды негіздеу» заңын да ұсынды. Көбіне, «жоғары тұрған құндылықтар тек төмен тұрғандарымен негізделеді». Екінші жағынан, олар құндылықтық автономияға ие және олар басқаларына таңылмайды [9]. Алайда Н.Гартманның іліміне аса схемалылық (үстірттік), метафизикалық тән. Өйткені, идеалдылық пен материалдықтың арақатынасы сияқты идеализмнің проблемасын ғалым ақыры шеше алмады.

Құндылықтар проблемасына зерттеуші Н.О. Лосскийдің еңбектерінде, мысалы оның «Құндылық және болмыс», «Құдай және әлемдік зұлымдық» атты еңбектерінде де айтарлық көңіл бөлінген. Көбіне құндылықтар жөніндегі ілімді зерттеушінің өзі идеалдық-реалистік ілім ретінде айқындайды. Құндылықтар – бұл объективті және субъективті, абсолютті және салыстырмалы, оң және теріс болуы мүмкін, ерекше идеалдық трансценденттік феномендер. Ғалым құндылықтардың объективтілігін және жалпылығын (жалпыға бірдей екендігін) мойындайды. Құндылықтардың «субъектілік қайрат-керлерге арналған мән» ретінде анықталуы оның ілімінің кемшілігі болып табылады және де бұл құндылықтарды тым «субъективтендіріп жібереді», «өзіндік құндылық» проблемасын тиісті деңгейде шешуге мүмкіндік бермейді [10].

Зерттеуші В.П. Тугаринов құндылықтарды «белгілі бір қоғамның адамдарына немесе таптарға неме-се жеке тұлғаларға олардың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандырудың құралы ретінде қажет (керек, пайдалы, жағымды және басқасы) заттар, құбылыстар және олардың қасиеттері, сондай-ақ нор-малар, мақсаттар мен мұраттар ретіндегі идеялар мен талап-ниеттер ретінде» анықтады [10].

Сөйтіп құндылықтар объектілі-субъектілі табиғатымен ерекшеленеді. Ғалымның пікірі бойынша, құндылықтардың әлеуметтік табиғатына ерекше назар аудару қажет, құндылықтық қатынастардың объектісі мен субъектісі әлеуметтік-тарихи процестің өнімі ретінде қарастырылуы тиіс.

Ғалым В.П. Тугариновтың атап көрсеткеніндей, құндылықтық тәсіл тек тәжірибеде ғана емес, сондай-ақ теорияда да маңызды роль атқарады, өйткені қандайда бір құндылықтардың негізінде қалыпта-сатын бағалау «тек тәжірибеде болып өткен жағдай ғана емес, сондай-ақ оның өзі де тәжірибенің құра-мына кіреді. Соынмен қатар, бағалай ғылымда да өндіріледі. Қандай да бір ғылымның тәжірибелік сал-дарлары мен оны пайдаланудың болашағын есте ұстай отырып, ғылым осы көзқарастар тұрғысынан алғанда оның нәтижелерін сынға ұшыратады» [11]. Тағы бір зерттеуші О.Г. Дробницкий құндылықтарға субекті үшін объектінің белгілі бір маңыздылығына объектілі-субъектілі қатынас ретіндегідей көзқа-рас тұрғысынан келеді. Онда құндылықтарға субъектілі феномен ретінде назар аударылады [12].

Осы ғалымның көзқарасы бойынша, құндылықтар бұл «тек қоғамдық заттың қасиеті», оның өрісі үлкен емес, ол дихотомиялық табиғатымен ерекшеленеді. Сондай-ақ «құндылықтар» ұғымы эмоция-лармен, субъективті жоғары бағалаулармен байланысты күнделікті сана деңгейінде пайдаланылуы мүмкін, «теориялық сана үшін – бұл барынша сондай жұтаң абстракция», «суррогат білім» [12]. Жал-пы, О.Г. Дробницкий Д.Юм мен неопозитивистердің пікірін қолдай отырып, құндылықтық пайым-даулар тек ғылыми маңыздылық танылатын прескриптивті пайымдаулар болып табылатындығын мойындады.

Өткен ғасырдың 60-70-жылдарында КСРО-да құндылықтар проблемасына мұқият назар аударыл-ды. Құндылықтардың тарихи, таптық, әлеуметтік субъективтілік сияқты қасиеттері маркстік филосо-фияда көбірек зерттелді. Бұл проблемаларға тұтас бір жинақтар, аксиологиялық тақырып бойынша монографиялар арналды. Алайда, оның идеалдық, жалғыз-жарымдылық, бірлік, трансценденттік сияқты қасиеттері қозғаусыз қалды. Қоғамдық болмыстың көптеген салалары ғалымдар үшін «құнсыз нәрсеге» айналды.

Сол кезеңде философтар материализмге негізделген сана, мораль жөніндегі ілім проблемаларын белсене шешіп жатты. Әсіресе, үлгі-өнегеліліктің мәнін анықтау проблемасы ерекше басымдыққа ие болды. Дегенмен, кеңестік этикада құндылықтық тәсілді пайдалануға өзінше бір тыйым салынды, өйткені «моральдар теориясына нормативтік-құндылықтық концептілерді енгізу (әсіресе, үлгі-өнеге-лілікті айқындау процесінде) елеулі әдіснамалық қателік болып табылады» деп есептелді [13].

Осылармен қатар, кеңестік этикада жекелеген құндылықтарға арналған еңбектер пайда бола баста-ды, әлеуметтанулық-этикалық зерттеулер жүргізілді. Бірақ, бұл еңбектердің жүйелік сипаты

болмады және олар объективті-субъективті маңыздылық сияқты, құндылықтарға деген маркстік философия-ның дәстүрлі көзқарастарына сүйенді. Моральдық құндылықтар «қызықсыз» болып қалды, ал бол-мыстың табиғатпен, эконмикамен, құқықпен, дінмен байланысты бүтіндей бір салалары этикалық талдаудан тыс қалды. Моральды зерттеу моральдық-ерекше, үлгі-өнегелік зерттеумен түйістірілді. Адам мен қоғамдық жүйенің, адам мен табиғаттың қатынастарының шынайы моральдық проблемала-ры қарастырылмады.

Құндылықтарға деген неғұрлым «кең», «объективті» тәсіл (көзқарас) қажет болды және мұндай тәсіл біртіндеп кеңестік философияда да қалыптаса бастады. Біздің көзқарасымыз бойынша, құнды-лықты дәл (барабар) айқындау мүмкін емес. Объектілермен және субъектілермен байланысты ерек-ше, объективті феномен ретінде құндылықтарға шынайы анықтама беруге болады және ол жалпыға бірдей өзара байланыстағы осы объектілер мен субъектілердің орнымен анықталады. Қазіргі заманғы батыстық философияда құндылықтарды және аксиологияны зерттеу барған сайын дамып келеді. Эти-када нақты моральдық феномендерді талдаумен айналысатын теориялық зерттеулер де, сондай-ақ нормативтік зерттеулер де кеңінен дамуда.

Айталық, мысалы, американдық ғалым Дж.Ролз өзінің еңбектерінде «құндылық» ұғымын «маңыз-дылық» ретінде «тар» мағынада қарастырады. Бұл зерттеушінің тұжырымдамасының құндылығы оның ізгіліктілігі, ұтымдылығы, мазмұндылығы және маңызды мәселелерге талдау жасауы болып табылады. Ғалым қазіргі заманғы қоғамның базистік құрылымына кіретін экономикаға, саясатқа, құқыққа, тәрбие жүйесіне мазмұнды талдау жасауды іске асыра білген [14].

XX ғасырда философиялық бағыт құндылықтар проблемасын бірінші кезекке шығарды. Мәселен, белгілі неміс философы Ганс Ленктің пікірі бойынша, құндылық – бұл интерпретациялық конструкт, бұл субъект өзінің жоғары бағалауларын, артық көрушіліктерін білдіретін интерпретация. Құндылық-тар тек адам бірнәрсеге бейжай қарап, ақиқат пен адасудың, әдемілік пен түрсіздіктің, жақсылық пен жамандықтың айырмашылықтарына қызығушылық танытпаған жерде ғана болмайды. Осылайша, келтірілген барлық мәліметтерге сүйене отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады. Өткен XX ғасыр қазіргі саяси процестерде де өзіндік көрініс тапқан, жаһандық өзгерістер ғасыры болды. Басқарудың негізгі тоталитарлық жүйесінің құлауы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасуын қам-тамасыз етті. Коммунистік идеологияның күйреуі қазіргі заманғы батыстық қоғамның құндылықта-рының таралуына әкеліп соқтырды. Сөйтпін, бұрынғы он бес кеңестік республиканың орнына басқару-дың мүлдем жаңа жүйесі келді [1].

Осылайша, қазіргі уақытта аксиология тек Батыста ғана емес, сондай-ақ посткеңестік дәстүрде де білімнің ерекше саласы ретінде орнықты. Сонымен қатар, қазіргі заманғы аксиология өзінің дамуын-да жаңа кезеңге аяқ басты (постмодернизмнің құндылықтық релятивизмі, компаративистік филосо-фия, герменевтикалық теориялар, философия және білім әлеуметтануы, философия және білім беру әлеуметтануы және т.б.) бұл көбіне мыналармен байланысты болды: философияны мәдениеттің сана-сезімі ретінде, оның шекаралас негіздерінің рефлексиясы ретінде (мәндәк және құндылықтық), «адамзаттың жаңа ықтимал әлемін» (өнермен, дінмен, ғылыммен арақатынастағы) құру мен игерудің құралы ретінде, тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ дүние мен адамзатқа қатысты алғанда-ғы (бұл тұрғыдан алғанда этикамен, құқықпен және ғылыммен арақатынастағы) соның ішінде «құн-дылықтық себептер» негізіндегі тәжірибелік-рухани қатынас ретінде берілетін түсіндірмелермен бай-ланысты. Аксиология тұлға мен индивидуалдылық, «адамдағы адамдық» феномендерін талдауға, адамзат болмысының мәніне және оны ақтауға, оның мұраттары мен императивтеріне деген филосо-фиялық және әлеуметтік-гуманитарлық танымды өзгертеді. Қазіргі уақытта аксиология теория ретін-де феноменологиялық құндылықтармен толығуда (тарих құндылықтарды генетикалық «ықшамдау» ретінде, әлеуметтану құндылықтық жүйелердің типтері мен иерархияларының репрезентациясы ретінде, мәдениеттану дербес мәдени құрылымдарға нақты тұтас анализ жасау ретінде).

Адамның тіршілік-қызметінің кез келген саласындағы, соның ішінде саяси саладағы этикалық құндылықтардың мәнін асыра бағалау мүмкін емес. Адамның этикалық және мәдени құндылықтары қандай болса, тұрмысы да сондай. Индивидуалдық және әлеуметтік. Тұтас, қоғамға қатысты алғанда да аталмыш пайымдау дұрыс, дәл пайымдау бола алады. Азаматтық қоғамның құндылықтары қандай болса, демократиясы да сондай деп сенімділікпен пайымдауға болады.

Саяси жаңғыртуды, жалпы алғанда мемлекеттік саясатты, үкіметтің қызметі мен шешімдерін, қоғам азаматтарының өмірі мен тіршілігін түбірінен және реформистік тұрғыдан өзгертудегі

билікті жүзеге асыру шеңберіндегі құндылықтардың алатын орны мен ролін зерттей отырып, бір-біріне қарама-қарсы екі аспектіні бөліп көрсетуге болады:

- Біріншіден, қоғамда өмір сүріп тұрған саяси, адамгершіліктік (үлгі өнегелік), дәстүрлі құндылықтар және мұраттар (идеалдар) жүйе мен институттарды саяси трансформациялау шеңберінде эко-номикада, әлеуметтік салада мемлекеттің, үкіметтің, биліктің шешімдері мен жобаларына мүмкіндік жасап, күш бере алады;

- Екіншіден, қоғамда өмір сүріп тұрған адамгершіліктік, әлеуметтік-мәдени дәстүрлі құндылықтар мен мұраттар саяси реформаларға, саяси жаңғыртуға, экономиканы, әлеуметтік саланы, саяси жүйені трансформациялау жобалары мен бағдарламаларын жүзеге асыруға кедергі келтіруі мүмкін.

Ресейлік саясаттанулық энциклопедия қоғамдағы негізгі мұраттар мен дәстүрлер саяси, әлеуметтік-мәдени, экономикалық жаңғыртуды жүзеге асыру мен іске асыруға екі жақты ықпал ететіндігін дәлелдейді. Сонымен бірге, қоғамдық құндылықтар мен дәстүрлер өмір сүріп тұрған саяси жүйені, режимді, басқару жүйесі мен мемлекеттік құрылымды жаңғырту және түбегейлі өзгерту жөніндегі биліктің, үкіметтің саяси шешімдерінің қабылдануы мен іске асырылуын одақтастырудың ішкі меха-низмі мен құралы бола алады. Сонымен қатар, қоғамдық құндылықтар халықты біріктірудің, азаматтарды билікті іске асыру төңірегіне топтастырудың, үкіметтің ауқымды саяси, экономикалық реформаларды, елеулі өзгерістерді іске асыруының негізі мен механизмі бола алады. Халықтың басым бөлігіне қозғау салатын елеулі саяси өзгерістер мен трансформация қоғамда өмір сүріп тұрған мұраттар мен құндылықтардың көмегі мен қолдауына негізделуі тиіс екендігі дәлелденіп отыр. «Саяси құндылықтар – неғұрлым кең әлеуметтік тұтастықтың бір бөлігі ретіндегі әлеуметтік топтың бірігуіне жәр-демдесуге; саяси қызметті негіздеуге... иерархияны саясаттың мақсаты ретінде анықтауға, сондай-ақ тиімді мақсаттар мен әдістерді таңдай отырып, тиімді еместерін тоқтату арқылы оған жетудің әдісте-рін таңдауға... (тым болмағанда аталмыш жағдайда) қабілетті» [15].

Қазақстандық саясаттанушылар да саяси, әлеуметтік-мәдени, экономикалық жаңғыртуды, саяси реформаларды жүзеге асыруда құндылықтар екіжақты функция атқарады деген көзқарасты ұстанады. Нақ осы екі бағыт шеңберінде қоғамдық, жалпыадамзаттық құндылықтардың, нормалар мен дәстүрлердің ықпалы мен ролі көрінеді. Айталық, бірқатар қазақстандық ғалымдардың пікіріне сәйкес, құндылықтар «саяси қызметке себепкер болады және әлеуметтік мақсаттар саясат субъектілерінің тіке-лей мотивтеріне айналатындай жағдай жасайды; әрбір нақты әрекет пен оның салдарларын бағалаудың стандарттарын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды; саясаттың мақсаттары мен оған жетудің әдістерінің иерархиясын анықтайды; саяси процестің басқа қатысушыларына қатысты алғанда әрбір саясат субъектісін бағыттайды» [16].

Мемлекеттік басқару жүйесіндегі техникалық, институционалдық реформалар, экономикалық жүйелі өзгерістер арқылы жүргізілген жаңғыртудың нәтижелілігі мен табыстылығын негіздеген тұрақты, институционалды, функционалды тұжырымдамалар бұрынғыда да болған, қазіргі кезде де бар. Жаңғыртудың табыстылығы мен тиімділігінің механизмдерін түсіндірудің негізгі және жалпы бағыттары болып табылатын екі тұжырымдама бар.

**Бірінші тұжырымдама** – либералдық тұжырымдама. Либералдық бағыттың белгілі өкілдері амери-кандық ғалымдар: Р.Дал, Г.Алмонд және Л.Пай болып табылады. Олардың көзқарастарына сәйкес, мемлекеттің аталмыш процесті реттеуге ықпалы аз болғанда ғана жаңғырту мүмкін болады. Сондай-ақ, керісінше, бұл процесте белсенді халықтың, азаматтық қоғамның ролі мен ықпалы зор болуы ке-рек. Сонымен бірге, олар саясаттағы, экономикадағы, әлеуметтік қатынастардағы жаңғыртудың бары-сын қоғамда өмір сүріп тұрған құндылықтардың, дәстүрлер мен мұраттардың, жалпыәлемдік құндылықтардың, діни наным-сенімдердің өздері реттеп, бақылауға қабілетті деп топшылады. Бұл үрдісте экономикалық, саяси процестер мен шешімдердің негізгі субъектісі ретіндегі орта тапқа үлкен жауап-кершілік жүктелді. Саяси режим мен басқару жүйесін, биліктік шешімдер қабылдаудың алатын орны мен ролін зерттей келе олар тек демократиялық саяси режим ғана, шешімдер қабылдаудың либерал-дық механизмдері ғана қоғамдағы жаңғыртудың нәтижелілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге қабілетті деген қорытындыға келді. Керісінше, авторитаризм мен тоталитаризм жаңғыртудың нәти-желі, табысты және тұрақты болуына жағдай жасай алмайды деп тұжырымдады. Авторитаризмнің саяси, экономикалық жетістіктері тұрақты және орнықты бола алмайды, өйткені онда негізгі субъектілер – халықтың, элитаның жаңғыртуды енгізу, жасау процесіне қатысуға мүмкіндіктері жоқ.

Жаңғырту процесін іске асырудың либералдық тәсілінде ерекше назар аударатыны полиархия



теориясы. Аталмыш тұжырымдаманың негізін салушы белгілі саясаттанушы Р.Даль болып табылады.

Дамыған мемлекеттердің тарапынан айтарлықтай елеулі көмектің көрсетілуі де полиархияға өту процесін іске асыру жөніндегі маңызды шаралардың бірі болып табылады. Сондықтан, зерттеуші дамыған елдер тек көмек көрсетіп қана қоймай, өзгеріс реформаларына халықаралық бақылау жасау-ды да іске асыруы тиіс деген пікірге келді. Аталмыш жағдайда ұлт үстінен жоғары әр түрлі құрылым-дар мен бірлестіктер, барлық халықаралық келісімдер мен т.б. үлкен роль атқарады. Р.Дальдың тұжырымдамасына сәйкес, («Полиархия» еңбегіндегі) полиархия – бұл демократияның реалистік нұсқасы. «Қатысу үшін ашық бақталастық» ретінде түсінілетін полиархия бір-бірімен өзара байланысты екі өлшем – саяси қатысу мен саяси бәсекелестік арқылы сипатталады. Дальдың пайымдауы қысқа да әдемі. Бірақ, конституциялық-құқықтық демократия мен ақаулы (дефектілі) демократияның арасын-дағы айырмашылықты теңдестіру үшін бұл жеткіліксіз екендігі рас. Олай болса, ол толықтыруды қажет етеді. Біз ақаулы демократияның ауытқыған типтік үш тармағын келтіріп отырған негізгі кон-цепт либералдық конституциялық-құқықтық демократия болып табылады. Сонымен бірге, біз қарас-тырып отырған демократияның концептісі либералдық конституционализмнің элементтері мен құқықтық мемлекеттің анықтамасын қосып алатындығын атап көрсетеміз, өйткені, демократия өзінің осы легитимдендіруші негіздерінсіз толыққанды өмір сүре алмайды. «Демократия» термині, осылай-ша, либералды демократияның синониміне айналады. Ақаулы демократия негізгі концептінің кейбір басты өлшемдеріне жауап беретін саяси режимдер болып табылады, бірақ бәріне емес [17].

Ол полиархия деп шынайы өмір сүріп тұрған демократиялық елдерді атауды ұсынды. Егер поли-архияны нашар дамыған елдерге қолданатын болса, онда ол көшбасшылар мен элиталардың ашық саяси бәсекелестігін қамтамасыз етеді және сонымен бірмезгілде халықтың жоғары азаматтық бел-сенділігіне мүмкіндік береді. Бұл жағдайларды жинақтай келгенде бұлар дәстүрлі қоғамдарда өзгеріс реформаларын тиімді іске асырудың нақты алғышарттарына айналады.

Американдық саясаттанушы Р.Дальдың көзқарасы тұрғысынан алғанда демократияның қазіргі кездегі дамуы негізгі жеті институтқа сүйенеді. Олар мыналар:

1) Халықтың егемендігі және жоғары лауазымды тұлғалардың сайланбалылығы – яғни халық биліктің жоғары қайнар көзі ретінде саяси басшыларды сайлайды және оларды белгілі бір мерзім сайын ауыстыра алады;

2) Еркін және ашық түрде өтетін сайлаулар – шынайы бәсекелестікпен және үміткерлердің мүм-кіндіктерінің теңдігімен сипатталатын сайлаулар;

3) Жалпыға бірдей дауыс беру, яғни еңбекке жарамды бүкіл ересек азаматтардың сайлауларда дауыс беру құқығының болуы жағдайы;

4) Сайланбалы қызмет орындарынан үміткерліктің болу құқығы, мұндай құқыққа еңбекке қабілет-ті барлық ересек азаматтар ие болуы тиіс;

5) Сөз бостандығы – яғни азаматтар маңызды саяси және қоғамдық мәселелер бойынша өздерінің пікірлерін еркін білдіруге, саяси билікке сын айтуға, оның саясаты мен үстемдік етуші идеологияны сынауға құқықтары болуы тиіс;

6) Баламалы ақпарат – яғни демократиялық мемлекетте ресми ақпарат көздерінен басқа, азаматтар тұрақты түрде жүгіне алатын, баламалы ақпарат көздері де болуы тиіс;

7) Ұйымдардың тәуелсіздігі – азаматтар өздерінің мүдделерін қорғау мақсатында мемлекеттен тәуелсіз бірлестіктер – ассоциациялар, саяси партиялар, қысым топтарын және т.б. құруға құқықтары болуы тиіс. Осының бәрі топтастыра келгенде шынайы демократияның мәнін ашып көрсетететін оның құрамдас бөліктері болып есептеледі [17].

Сөйтіп, Р.Дальдың пікірі бойынша полиархия – бұл нақты демократиялық сайлауларда халық сай-лаған азшылықтың басқаруы. Ғалым артта қалған елдердің полиархиялық басқаруға қарай жылжу процесіне маңызды ықпал ететін негізгі жеті шартты бөліп көрсетті. Ол келесі кезеңдерді нақты бел-гіледі. Дәстүрлі қоғамдарды саяси реформалаудағы жүйелілік. Бұл жағдай қоғам мен мемлекетті жанарту процесінің одан ары қарай қолайлы дамуын қамтамасыз етеді. Саяси реформалар мұқият ойластырылған болуы тиіс және олардың іске асырылуы уақыт пен бақылауды талап етеді.

Сонымен бірге, американдық саясаттанушы полиархияға өтудің ажырамас шарты күшті атқарушы билік құру деп есептейді. Биліктің күшті атқарушы тармағының қалыптасуы мен қызмет етуі дәстүрлі қоғамдарды әлеуметтік-экономикалық жағынан өзгертудің табыстылығының көзі бола алады. Өйткені ол тұрақтылықты қамтамасыз етеді және реформалауды жемісті іске

асыру үшін онда белгілі бір ресурстар да бар. Полиархияны іске асырудың, яғни дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өту процесін табысты түрде жүзеге асырудың тағы бір шарты теңдіктің-теңсіздіктің белгілі бір қатынас-тарын орнату болып саналады.

Жаңғыртылушы қоғамда индивидтің, тұлғаның, әр түрлі субмәдениеттердің мүдделері мен қажет-тіліктерінің жіктелуі де дәстүрлі қоғамдардағы полиархиялық басқаруға өтуді іске асырудың шарты болып табылады.

Тек қоғам мен мемлекетті реформалау процесін жүйелі іске асыру, бәсекелесуші элиталардың қауіпсіздігін сақтау, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытумен бізмезгілде күшті атқарушы билікті қалыптастыру – міне, осының бәрі дәстүрлі қоғамдардағы ұлы өзгерістерді ойдағыдай іске асырудың шарттарының жартылай тізімі. Р.Дальдың пікірі бойынша, демократияның пайдалы нәтижелері мен артықшылықтарына мыналар жатады: «1. Тираниядан құтылу. 2. Негізгі құқықтар мен бостандықтар-ды сақтау. 3. Тұлғаның еркіндігі. 4. Өзін-өзі басқару. 5. Моральдық дербестік. 6. Тұлғаның даму мүмкіндігі. 7. Тұлғаның негізгі мүдделерін қорғау. 8. Саяси теңдік. 9. Бейбітшілікке ұмтылу. 10. Гүлдену» [17]. Осы жоғарыда аталғандардың бәрі жаңғыртудың жолдары мен нұсқаларын таңдаудың либерал-дық бағыты деп аталатын бағытқа жатады.

Екінші тұжырымдама – консервативтік тұжырымдама. Оның өкілдері саясаттағы, экономикадағы, әлеуметтік-мәдени саладағы жаңғыртуды жүзеге асыру мен іске асыру процесіндегі қоғамдық, жал-пыадамзаттық құндылықтар мен дәстүрлердің алатын орны мен роліне қатысты қарама-қарсы көзқарасты ұстанады. Консервативтік көзқарастың басты өкілдері С.Хантингтон мен Х.Линдз болып табы-лады. Консерватизмнің негізгі идеясы – жаңғырту мемлекеттің, билік институттарының, үкіметтің басқаруы мен жауапкершілігінде болуы тиіс деген пайымдау болып табылады. Жаңғыртудың негізгі қайнар көзі ретінде саяси мүдделердің арасындағы шиеленіс, халықтың қажеттіліктерінің және олар-дың биліктің шешімдер қабылдау процесіне қатысуы проблемасы түсініледі. Сонымен бірге, халық-тың мүдделерін білдіру мен қорғаудағы саяси институттардың әрекетсіздігі де саяси жүйені жаңғыр-туға деген қажеттіліктің артуына мүмкіндік жасайды.

Мемлекет, мемлекеттік институттар шеңберінде саяси жаңғыртуды іске асырудың қажеттілігі қазіргі заманғы мемлекет халықтың өмірін реттеу мен айқындаудың негізгі институты ретінде құлды-раудың, дағдарыстың, әрекетсіздіктің ұзақ уақытқа созылуына жол бере алмайтындығы жөніндегі идеямен негізделеді. Егер, экономикада кәсіпорын банкроттық, уақытша жабылу, әрекетсіздік про-цестеріне жол берсе, ал мемлекет өзінің қызметін тұрақтылық пен орнықтылық принциптеріне негіз-деуі тиіс. Белгілі американ ғалымы С.Хантингтон ұйымшылдыққа, тәртіпке, басқарудың авторитар-лық әдістеріне ерекше көңіл аударады. Өзгеріліп жатқан жағдайға саяси режимнің бейімделуінің нақ осы тәсілдері құзыретті саяси басшылықты, күшті мемлекеттік бюрократияны, реформалардың кезең-кезеңімен құрылымдануының мүмкіндігін, өзгерістердің дер кезінде басталуын және жаңғыртудың оң нәтижелеріне алып келетін басқа да қажетті құралдар мен әрекеттерді айқындайды» [18]. Консер-вативтік саяси ой тек демократияда ғана саяси өзгерістер мен жаңғыртулар мүмкін болады деген либерализмнің идеясын жоққа шығарады. Американдық ғалым Х.Линдз авторитаризм жағдайында да саяси жаңғыртулар орын алады деп тұжырымдайды. Оның көзқарасына сәйкес, авторитарлық саяси режим шеңберінде саяси жаңғыртудың кейбір принциптері мен міндеттері орын алуы мүмкін және орындалуы мүмкін. Бұл басқарудың нарықтық механизмдерін енгізу мен дамыту, бәсекелестік, еркін жеке кәсіпкерлік, жеке меншік бойынша экономикалық өзгерістер мәселелеріне қатысты. Экономика-лық еркіндік орта тапты құрудың, авторитарлық режимді қолдайтын көпшілікті қалыптастырудың негізі бола алады. Сонымен қатар, биліктік және мемлекеттік жауапкершілікті қайта бөлудің қажетті-лігі авторитарлық режимнің оппозиция институттарын, жеке бұқаралық ақпарат құралдарын мемле-кеттің функцияларын және қоғамдық қатынастарды бақылау мен реттеуге тартуына мүмкіндік береді. Аталмыш жағдайларда консервативтік тұжырымдама жаңғыртуды, саяси реформаларды іске асыру ауқымында қоғамдық, жалпыадамзаттық құндылықтардың алатын орны мен ролін өзіндік анықтауды ұсынады.

Консервативтік бағыттың өкілдері дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өту процесінің негіз-гі қайнар көзі халықтың жұмылдырылуы, оның саяси процеске тартылуы мен институционалдануы арасындағы шиеленіс, азаматтардың мүдделерін білдіру мен үйлестіруді қамтамасыз ететін қажетті құрылымдар мен механизмдердің болуы болып табылады. Мүдделерді білдіру мен үйлестіруді қамта-масыз ететін тиісті деңгейде қызмет етуші институттардың болмауы реформалау процесі үшін елеулі кедергіге айналады.

Осылармен бірге халықтың басқару процесіне әзірлігінің болмауы, нақты мақсаттарды іске іске асыру үшін билік институттарын пайдалана білмеуі сияқты факторлар да саяси процеске тартылу деңгейін айтарлықтай төмендетеді. Бұл, өз кезегінде, шиеленісті жағдайдың қалыптасуы мен басқару режимінің тұрақсыздануы үшін қолайлы негізге айналады.

Аталмыш жағдайда халықтың белсенділігі билік элитасына қатысты алғанда басып озушы жағдайға айналады. С.Хантингтонның атап көрсеткеніндей, жаңғырту «саяси дамуды емес, саяси құлдырау-ды» туындатады [18]. Ол саяси институттардың жаңғыртылуы олардың демократиялық деңгейімен емес, олардың беріктігімен және ұйымшылдығымен байланысты деп есептейді. Бұл әлеуметтік орта-ның үнемі өзгеріліп жатқан жағдайларына, оның мақсаттары мен міндеттеріне бейімделудің өзгеше бір кепілі болмақ. Бұл ғалымның пікірі бойынша, тәртіп пен тұрақтылықты іске асыратын қатаң авто-ритарлық режим ғана ұлттық бірлік пен нарықтық экономикаға өтуді қамтамасыз ете алады. Сөйтіп, либералдық бағыт өкілдеріне қарағанда консерваторлар дәстүрлі қоғамның қазіргі заманғы қоғамға өтуінде реформалаудың табысты болуын қамтамасыз етуге қабілетті режим ретіндегі авторитарлық режимді жақтайтын нақты дәлелдерді келтіреді. Өздерінің зерттеулерінде консервативтік бағыттың теоретиктері авторитарлық саяси биліктің бастамасымен жүйелі жаңғыртуды іске асыру үшін қажетті нақты жағдайларды бөліп көрсетеді.

Егер де әлеуметтік жүйенің экономикалық саласындағы өзгерістерді жүргізудің айқындаушы шар-ты қарқынды экономикалық өрлеу болып табылатын болса, ал саяси сала үшін тұрақтылықты қамта-масыз ету басты шарт болып табылады. Нақ сондықтан да өтпелі жүйелер үшін легитимді басқарушы партия жетекшілік ететін, күшті саяси режимді құру барынша маңызды. Бұл саяси партия ұлы өзге-рістер кезеңінде тұрақтылық үдерістерін сақтай алады.

Осылайша, егер либералдар мәдениет, білім, дін, философияның негізінде қоғамды біріктіруге назар аударса, консервативтік бағыттың өкілдері авторитарлық билікті құруға ерекше көңіл аударды. Олардың терең сенімдері бойынша, авторитарлық басқарудың негіздері ретіндегі тұрақтылық, ұйым-шылдық, тәртіп дәстүрлі қоғамдарды қазіргі заманғы қоғамға реформалау процесінің ойдағыдай іске асуын қамтамасыз ете алады.

Консервативтік бағыт жаңғырту процесінің табысты болуы саяси басшылықтың құзыреттілігіне тәуелді деген көзқарастан тартынады. Кәсіби әрі күшті үкімет дәстүрлі қоғамды реформалауды сәтті жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ете алады.

Осыған дейін де атап көрсетілгеніндей, дәстүрлі қоғамды жаңарту процесінің жүйелілігіне, нақты кезеңдерден қисынды түрде өту мәселелеріне ерекше мән беріледі. Консерваторлар жаңғырту проце-сінің нақты кезеңдерін бөліп көрсету реформаларды жүйелі жүзеге асыру есебінен реформалаудың жалпы мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді деп есептейді. Жүйелі тәртіппен алға қойылған мақсаттардың шешілуі тиімді жаңғыртуды қамтамасыз етудің және қалаған нәтижелерге жетудің кепілі болып табылады.

Сонымен бірге, өзгеріс реформаларының өзі жаңғыртудың жалпы процесінде дер кезінде, өз уақы-тында жүргізілуі тиіс. Әлеуметтік жүйенің нақты саласын реформалау уақытынан не кешігіп, не бол-маса тым ерте басталмай, заман талабына жауап бере алуы тиіс. Бұл да дәстүрлі қоғамның қазіргі заманғы қоғамға ойдағыдай өтуінің маңызды шарттарының бірі.

Консервативтік бағыттың өкілдері жаңғырту процесінің алуан түрлі нұсқаларының болу мүмкінді-гін көрсетеді, өйткені басқарудың авторитарлық жүйесі тіпті де біртектес емес. Нақты авторитарлық режимдердің арасындағы айырмашылық шынымен де елеулі болуы мүмкін. Посткеңестік республи-калардың саяси тәжірибесі, көбіне басқарудың авторитарлық жүйелерінің кең қатарын тым айқын көрсетеді: тиімді формаларынан бастап ашық диктаторлық формаларына дейін.

Консерваторлар авторитарлық режимдерді либералдандырудың (ымыраландырудың) бірнеше нұс-қаларын ұсынды. Мысалы, соның бірі басқарушы элитаның қолында басқарудың негізгі тетіктерін сақтай отырып, сонымен бірмезгілде оппозицияның пайдасына қарай, билікті қайта бөлу есебінен либералдандыру болып табылады. Бұл аса шиеленісті және тұрақсыздық жағдайын болдырмауға мүмкіндік береді.

Жағдайдың дамуының ең нашар нұсқаларының бірі – авторитарлық режимді диктатураға айнал-дыру, бұл жаңғыртудың дағдарысты нұсқасына алып келеді. Аталмыш нұсқа, өз кезегінде азаматтық соғысқа ұласуы мүмкін, оқиғаның революциялық дамуына негіз бола алады. Осы және басқа да жағ-дайларды қатаң қадағалап, ескерген жөн. Авторитарлық режимнің мақсатқа сәйкестілігіне қарамастан демократияландыру процестерін терістеу немесе оған қарсы әрекет ету оның артында аса қауіпті жайттардың тұрғандығын көрсетеді.

Сөйтіп, либералдық және консервативтік бағыттардың негізгі белгілерін қарастыра отырып, біз белгілі бір қорытынды жасаймыз. Консервативтік бағыттың өкілдері орталықтандырылған билік инс-титуттарын құруға назар аударады, ал бұл дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өту процесінде жағымды нәтижелерге жетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Либералдық бағыттың теоретиктері биліктік шешімдерді қабылдайтын субъектілерге халықтың тарапынан ықпал ету мүмкіндіктерінің болуына бас ты назар аударады.

Жаңғырту жолдарын таңдаудың аталмыш бағыттарындағы айырмашылықтардан тәуелсіз, олар артта қалған қоғамдарды реформалық жолмен өзгертуді іске асырудың ұтымды және егжей-тегжейлі зерттелген механизмдерін шынайы түрде ұсынады. Ұсынылған бағыттардың әрқайсысында ең ұтымды деген элементтер бар, осы элементтерді басшылыққа алу және ескеру табысты түрдегі жаңғыртуға жетуге мүмкіндік жасайды. Десек те, бұлардың орта тұсын ұстанған дұрыс болар еді. Объективті және субъективті факторларға байланысты либералдық және консервативтік бағыт ұсынған жаңғырту процесінің факторларының қайсыбірін қолдануға болады.

Жаңғыртуды жүргізудің қажетті алғышарттарының болуын түсіндірудің өзі де тым өзгеріп кетті. Кейбір ғалымдар технологиялық аспектілердің алдыңғы орында тұруы жөніндегі идеяны ұсынды, екіншілері демократия институттарын енгізуге назар аударды, үшіншілері нарықтық экономиканың айқындаушы ролін жақтады және т.б. Жаңғыртуды іске асырудағы әлеуметтік-мәдени алғышарттар, сондай-ақ дәстүрлі қоғамдарды жаңарту кезінде оларды ескеру жаңаша түсіндіріле бастады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, жаңғырту процесінің аталған алғышарттарының бәрін біріктіру және есепке алу барынша тиімді нұсқа болып табылады. Егер өзгерістерді жүргізу процесінде қажетті аспектілердің бәрі есепке алынатын болса, онда қажетті нәтижеге де қол жеткізуге болады. Сонымен бірге, бұл, дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өтудің әлемдік тәжірибесінің негізінде жаңғыр-тудың өзіндік рецептісін алуды қамтамасыз етеді.

Бұл тұрғыдан алғанда, қазіргі заманғы демократиялық қоғамның енгізіліп жатқан әмбебап құндылықтарының басымдығын сақтау маңызды. Демократиялық жаңғыртулардан ауытқу нақты елдің ешқандай да ерекшеліктерімен түсіндіріле алмайды. Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, орта тап, нарықтық экономика, бәсекелестік, плюрализм, көппартиялық, үкіметтік емес сала және тағы да бас-қа жалпыға бірдей мойындалған әмбебап құндылықтар демократиялық жаңғырту жолына түскен бар-лық елдер үшін өзекті болып табылады. Ал, өзгеріс реформаларын жүзеге асыру процесіндегі жүйелі-лікке, біртіндеп жүргізушілікке, уақтылы іске асыруға, сәйкестікке, өмір сүріп тұрған құндылықтар мен саяси мәдениеттің деңгейіне міндетті түрде назар аудару, бұл басқа мәселе. Кейбір елдердегі жаңғыртудың нақты тәжірибесі дәстүрлі құндылықтарды жою әрдайым тиімді де ұтымды шешім бола алмайтындығын дәлелдеп отыр. Дәстүрлі қоғамның кейбір құндылықтары мен басымдықтарының өте мықты екендігі соншалықты, тіпті олардан бас тартудың өзі мүмкін емес, сондай-ақ олар өзінше жағымды болып келеді. Сондықтан жаңғыртуды іске асыру барысында осы дәстүрлі құнды-лықтардың өзі оның табысты жүзеге асуына мүмкіндік беруі маңызды болып саналады.

Басталған бүкіл жаңғырту процестері және олардың тікелей нәтижелері көбіне жаңғыртудың субъектісіне байланысты болып, сол арқылы айқындалғандығын атап көрсеткен жөн. Бұл тұрғыдан алған-да мемлекеттің ролі бірінші кезекте тұратындығы сөзсіз. Өйткені, белгілі болғанындай, реформалау-ды жүргізу үшін қажетті ресурстардың бәрі дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өту жағдайын-да дәл осы елдің негізгі саяси институтының қолына шоғырланған.

Жаңғырту процесін іске асыру стратегиясының болуы, яғни қандай реформалар жүргізілетіндігі, олар қандай тәсілдермен іске асырылатындығы көбіне мемлекеттің тағдырын және қайта өзгерту процесінің негізгі нәтижелерін айқындайды. Жүргізілетін жаңғырту қоғамда бар алғышарттарға сүйене-тін бола ма, оның нәтижелері де соған байланысты болады. Жаңғырту және оның іске асырылуы бар-лық қатынастарда да тым қолайлы бола бермейтін процесс екендігі анық. Бұл қиындықтарымен және ерекшеліктерімен қатар жүретін, ауырталықты процесс. Соған қарамастан, қазіргі заманғы қоғам-ның басымдықтарына ұмтылатындар бұл жолдан қашып құтыла алмайды. Сонымен қатар, жүргізіліп жатқан реформалар қанша табысты болса да, қандай да бір жағымсыз сәттердің болатындығын әрда-йым есте ұстаған жөн. Бұл дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өту процесінің объективті себептерімен айқындалған.

Дегенмен, қазіргі заманғы қоғамның көпшілік мақұлдаған құндылықтық бағдарларын жасау, өзге-рістердің бірыңғай стратегиясын сақтау жаңғырту процесінің оң нәтижелерінің жоғары ықтималды-лығын қамтамасыз ете алады. Жаңғыртудың субъектісі жаңғыртудың нақты

реформаларын жүргізу процесін созбауы тиіс екендігін есте ұстау маңызды. Сонымен бірмезгілде реформаларды асығыс жүргізу, өз уақытында жүргізбеу де оң нәтижелерге әкелмейді. Бұл жағдайлардың екеуінде де халық жаңғыртудың субъектісін де, сондай-ақ бүкіл өзгеріс стратегиясын да қолдамайтын болады. Атал-мыш жағдайда оқиға күшпен қарсыласуға ұласатын шиеленісті сипатқа ие болуы мүмкін. Сондықтан да ештеңеге қарамастан, жаңғыртудың мынандай қажетті элементтерін нақты анықтап алуға болады: жүйелілікті, біртіндеп іске асыруды, қисындылықты, өз уақытында жүргізуді, сәйкестікті қамтама-сыз ету, тұрақтылық пен келісім жағдайын жасау, саяси топтасу мен басқа да факторлар – бұлар демократия жолына түскен қандай ел болмасын, сол елдердің барлығы үшін өзекті болып табылады.

Белгілі болғанындай, саяси жаңғырту теориясы «даму әлеуметтануы» деген атқа ие болған жалпы-әлеуметтанулық дамудың шеңберіне кіреді. Саяси жаңғырту теориясының негізі өркениеттің жаһан-дық дамуын, қазіргі саяси дамудың ажырамас үрдісі ретіндегі дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өтуді негіздеу болып табылады. Саяси жаңғырту теориясы дәстүрлі қоғамдарды қазіргі заманғы қоғамға жаңғырту процесіне терең талдау жасап, оның элементтерін ашып көрсетеді. Жаңғыртудың алғышарттары барынша егжей-тегжейіне дейін сипатталады және оның нақты үлгілері көрсетіледі.

Жалпы алғанда, саяси жаңғырту теориясының дамуының негізгі екі кезеңін бөліп көрсетуге бола-ды. Жоғарыда атап көрсетілгеніндей, жиырмасыншы жүзжылдықтың 50-60-жылдарында жаңғырту батыстандыру (вестернизация) ретінде түсінілді. Бұл жаңғырту теориясының дамуының бірінші кезе-ні. Батыстандырудың маңызды сипаттамасын саяси дамудың өлшемі ретінде қабылданған, қазіргі заманғы батыстық қоғамның негізгі құндылықтарын көзсіз көшіріп алу ретінде анықтауға болады. Сонымен бірге, бұл көшіріп алу тіршілік-қызметінің барлық салаларында шеттен алып пайдалануды көрсетеді.

Бұл кезеңге бір бағытты даму деп аталатын идея жатады, оның мәнісі мынада. Бір елдер өзінің дамуында екінші бір елдерді басып озады, демек, екіншілері олардан артта қалып отырады. Бірақ, жалпы алғанда әлемнің барлық елдері де жаңғыртудың бірыңғай жолымен жүріп келеді. Сондықтан, көптеген негізгі сипаттамалар бойынша дамыған елдерден артта қалып келе жатқан нақты ел ерте ме, кеш пе, жоғары деңгейге қол жеткізеді, өйткені ол жаңғыртудың жолын айқын таңдап алған. Батыс-тандыру саяси жаңғыртудың алдына мынандай мақсаттар мен міндеттерді қойды: Біріншіден, қазіргі заманғы қоғамға өту процесінде барлық дәстүрлі қоғамдар тек қана батыстық үлгі бойынша демокра-тияландырылуы тиіс. Екіншіден, саяси жаңғырту елдің ойдағыдай әлеуметтік-экономикалық өсуінен күш алып, жылжыды. Тиімді әлеуметтік және экономикалық даму саяси реформалауға түрткі бола алады. Үшіншіден, егер дәстүрлі қоғамдар өздерінің саясатын Батыс Еуропаның және АҚШ-тың дамыған елдерімен ынтымақтастықта белсенді түрде дамытатын болса, онда саяси жаңғырту да нәти-желі болады. Сөйтіп, бұл тұрғыдан алғанда ынтымақтастықтан қашып құтылу мүмкін емес.

Әрине, мұнда белгілі бір логика бар, бірақ бұның негізінде долбар жатқан жоқ, ол аксиома болып табылмайды. Өзгеріс процесі басталған кезде жаңғыртудың аталмыш әдісінің өмір сүруі барынша қисынды болды. Әлемдік саяси процесс жағдайларының өзі аталмыш көзқарастың таралуына толық мүмкіндік берді. Өйткені көптеген дәстүрлі қоғамдар жаңғырту жолына түскен болатын, яғни өмір сүру мен тіршілік құрылымының батыстық құндылықтары тән, қазіргі заманғы қоғам құру жолына түсті.

Алайда, батыстандыру үлкен кедергіге тап болды. Өзіндік ерекшеліктерді, әсіресе мәдени-рухани құндылықтарды есепке алмай, көзсіз көшіріп алу жаңғырту процесінің күйреуіне алып келді. Бұл, өз кезегінде, саяси жаңғырту теориясының дамуындағы келесі кезеңнің пайда болуына әкелген болатын.

XX жүзжылдықтың 70-90-жылдарында батыстандыру ретінде қабылданған, саяси жаңғыртудың өмір сүріп тұрған бұрынғы принциптерін ауыстыру және қайта қарастыру орын алды. Жаңғыртудың өзі дамудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырыла бастады. Сөйтіп, жаңғыртуды жүргізу батыстық демократиялық үлгіден тыс та іске асырыла алатындығы мойындала бастады. Жаңғырту процесінде дәстүрлі қоғамның тарихи және ұлттық ерекшеліктеріне, мәдени өзгешеліктеріне ерекше орын беріле бастады.

Саяси жаңғырту теориясының дамуының аталмыш кезеңі осыған дейін болған батыстандыру жөнінде белгілі бір қорытындылар жасалынғаннан кейін, практикалық жаңғыртудың алынған тәжіри-белерін есепке ала отырып пайда болды. Жаңғырту процесінің мәніндегі өзгерістер тым прогрессивті болды және ол дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өту процесін неғұрлым

ұтымды жүргізуге мүмкіндік берді. Бұнымен қоса, саяси ғылымда «ішнара жаңғырту», «тұйыққа тірелген жаңғырту», «жаңғыртудың дағдарыстық синдромы» тұжырымдамалары және т.б. тұжырымдамалар пайда болды.

Қазіргі кездегі саясаттануда жаңғыртудың негізгі екі типі бөліп көрсетіледі: бастапқы және екінші қайтара (екінші) жаңғырту. Бұлардың әрқайсысының өзіндік ерекше қасиеттері мен сипаттамалары бар. Жаңғыртудың бұл типтерін бөліп көрсетудің негізі Батыс Еуропа, АҚШ, ТМД елдерін, Азия, Африка, Латын Америкасы елдерін дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өткізудің іс жүзіндегі тәжірибесінде қаланған болатын. Жаңғыртудың нақты типтерінің әрқайсысының өзіндік жеке логика-сы және жүргізілу құрылымы бар екендігі белгілі.

Бастапқы жаңғырту Батыс Еуропа, АҚШ, Канада елдерінде іске асырылды және өнеркәсіптік революция басталған уақыттан бастап қазіргі заманғы батыстық қоғамның құндылықтары жария бол-ғанға дейінгі тарихи кезеңді қамтыды. Бастапқы жаңғыртудың логикасы оның дамуының жүйелілігі-нен, эволюциялылығынан, кезең-кезеңімен жүргізілуінен тұрды. Жаңғыртудың аталмыш типі Қайта өрлеу, Реформалау және Ағарту дәуірлеріндегі рухани-идеологиялық құндылықтарды жаңғыртудан бастау алады. Батыс қоғамының негізгі әлеуметтік-мәдени құндылықтарын идеялық тұрғыдан жете зерттеу жаңғыртудың бастапқы типінің негіздерінің өзегіне айналды.

Бұдан соң іле-шала әлеуметтік жүйенің экономикалық саласын терең өзгерту орын алды. Бұл өзге-рістер жаңғыртудың бастапқы типінің рухани-идеологиялық негіздерін жүзеге асыру және тарату арқылы мүмкін болды. Экономикалық бум жеке мүдделер мен қажеттіліктердің жіктелуіне себеп бол-ды, ал бұл азаматтық қоғамның туындауына негіз жасады. Осы және басқа да факторлар саяси жүйе-лердің жүйелі түрде өзгеруін, қоғам мен мемлекеттің саяси өмір құрылымдарының демократиялық принциптерінің қалыптасуын қамтамасыз етті.

Егер жаңғыртудың басқа типі, нақтырақ айтқанда «екінші қайтара жаңғырту» немесе «бейнелен-ген» жаңғырту деп аталатын типі жөнінде айтар болсақ, онда мыналарды атап көрсеткен жөн. Жаң-ғыртудың аталмыш типі «іле-шала» жаңғырту ретінде сипатталады. Жаңғыртудың бұл типі Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде, бұрынғы социалистік лагерь елдерінде жүзеге асырылды. Өмір сүріп тұрған индустриалдық мәдениеті бар артта қалған елдердің әлеуметтік-мәдени өзара әре-кеті екінші қайтара жаңғыртудың негізгі факторына айналды.

«Екінші қайтара» жаңғыртудың логикасы қоғамның бір элементтері дамыған елдер деңгейінде тұрғандығын, екінші бір элементтері мүлдем жоқ не болмаса жаңадан пайда болу мен өмір сүру саты-сында тұрғандығын ұйғарады. Дамудың дәстүрлі құндылықтар жүйесі мен басымдықтары бар елдер-ге қазіргі заманғы қоғамның әрекет етіп тұрған элементтерін сақтау мен дамытуды қамтамасыз етуге және де жеткіліксіз факторларды енгізу мен таратуына тура келеді.

Жаңғыртудың негізін салушылардың маңызды теориялық қортыныдыларының бірі жаңғыртудың екі типін: бастапқы және екінші қайтара (қуып жетуші) жаңғыртуды айқындау болып табылады. Жаң-ғыртудың аталған типтерінің әрқайсысының өзіндік маңызды және барынша дәлелденген сипаттама-лары болды.

Соған қарамастан, кейбір Батыс ғалымдары саяси жаңғырту жөнінде айтқан кезде, жас мемлекет-тердегі саяси жаңғыртудың «олқылықтарының» негізгі себептері мен табиғатын атап көрсетеді. Мәселен, американдық және израильдік әлеуметтанушы Шмуэль Эйзенштад өтпелі қоғамдардағы саяси жаңғыртудың дамуындағы пессимизмді талдай келе «Жас мемлекеттердің көпшілігі саяси және әлеуметтік институттарды жаңартудың негізін қалай алды, алайда, мұның барысында жаңғырту про-цесі баяулады, ал жаңа конституциялық режимдер басқарудың авторитарлық формаларына орын бере бастады» деп тұжырымдады [19]. Сонымен қатар, ол дәл осы кезеңде нашар дамыған өңірлер мен ондағы жас ұлттарға арналған ғылыми зерттеулердің де біраз уақыт бойы «саябырсып» қалатынды-ғын атап көрсетеді. Мұндай пессимизмнің себебі – бұл жаңадан пайда болған елдердің баяу әрі оқта-текте болса да, толыққанды жаңғырту мен тұрақты даму жолына қарай жылжып келе жатқандығы туралы пікір болып табылды. Көңіл-күйдің бұлай өзгеруінің қайнар көзі саясатты қоса алғанда, әр түрлі иснтитуционалдық салаларды жаңарту үшін алғашқыда-ақ негіздер қалай алған көптеген жаңа-дан пайда болған елдердегі жаңғырту процесінің баяулағандығымен, тіпті кейбіреулерінде мүлдем тоқтағандығы жағдайы болды. Оларда қалыптасқан конституциялық режимдер басқарудың алуан түрлі авторитарлық және жартылай авторитарлық формаларына біртіндеп орын бере отырып, әуел бастан-ақ әлсірей бастаған болатын [19].

Ш.Эйзенштадтың көзқарасы бойынша: «Бұл елдердің әрқайсысында дерлік қазіргі заманғы саяси және әлеуметтік институттар құруға ұмтылыс жасалды, көбіне – конституциялық құрылыс, қазіргі заманғы демократияны, саяси партияларды немесе жаңа экономикалық акторларды жасақтау сияқты көп нәрсені жасаудың сәті түсті. Бұлардан басқа, жас социумдарда жаңғырту процесі жөнінде айғақ-тайтын әлеуметтік-экономикалық индекстердің өзгерісі анықталды. Олар: урбанизация, сауаттылық көрсеткіштері, бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы, жұмыспен қамтудың диверсификациясы. Осы бағытта дәстүрлі қоғамдық байланыстардың әлсіреуі, әлеуметтік жіктелудің күшеюі, саяси ұйымдардың қазіргі заманғы кейбір формаларының қалыптасуы жөнінде айғақтайтын құрылымдық индекстер де өзгерді» [19].

Сөйтіп, саяси жаңғыртуда кері процесс немесе елдегі өмір сүріп тұрған қандай да бір басқару режиміне байланысты жаңғыртушылық процестердің тежелуі де орын алады. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда жас ұлттардың даму жолы бұл жолды бұрынырақ өтіп қойған кейбір қазіргі заманғы қоғамдардың жолынан – өз уақытында ғалымдар арасында айтарлықтай қызығушылық тудырған, бірақ, қазіргі таңда көбіне ұмытылып қалған даму жолдарынан аса көп ерекшеленбейді.

Осыған байланысты, әдетте Жапонияның жағымды (оң) тәжірибесіне қарама-қарсы қойылып салыстырылатын, Қытайдағы бастапқы жаңғыртудың сәтсіз үлгісі бірден еске түседі. Кейбір латын-америкалық мемлекеттердің ұзаққа созылған оқиғалары да саяси көріністі толықтыра түседі. Десек те бұлардың көпшілігінде ұзақ уақыт бойы құрылымдық немесе әлеуметтік-демографиялық жаңғырту-дың алғашқы белгілері ғана пайда болса да, Чили немесе Аргентина (Генерал Перон келгенге дейінгі) сияқты елдерде жаңғыртудың жетістіктері жасанды түрде тоқтатылып, тіпті кері қайтарылған сәттері де болды [20].

Осы жерде аса жоғары деңгейде дамыған жаңғыртудың кедергіге тап болуының мысалы ретіндегі 1920-шы және 1930-шы жылдардағы жапон милитаризмінің, италяндық фашизм және неміс фашизмінің бой көтеруі туралы айтпай кетуге болмайды [20].

Атап көрсетілген жағдайлардың бәрінде біз бөлшектенген және қазіргі заманға икемделген инсти-туционалдық негіздердің күйрегендігін, оның жабайы институттармен ауыстырылғанын немесе елдің институционалданған тұралау (стагнация) мен тұрақсыздыққа әкелетін сәтсіздіктер мен кедергілердің кері ортасына енгендігін, сондай-ақ жаңа бағытты өзіне қабылдау қабілетін толықтай жоғалтатындығын көреміз. Мұндай оқиғалар жаңғырту процесінің шеңберінде орын алып, оның құрамдас бөлігі болып қалады. Бұларды жаңғыртудың патологиялық кедергілері деп есептеуге болады немесе нацизм жағдайындағыдай, тіпті жаңғыртудың сәтсіз әрекеттері деп есептеуге болады, бірақ жаңғыртушылық-тың итермелеуші күштерінің болмауының немесе кешігуінің көрінісі деп атауға болмайды.

Осыған сәйкес, «саяси жаңғырту» категориясының кейбір ерекшеліктерін неғұрлым нақты айқын-дап алған жөн. Әрқашан іс жүзінде әлемдік қоғамдастықтың барлық елдері имманенті түрде жаңғыр-тылады. Бұл қоғам өмірінің бір немесе бірнеше салаларына қатысты болуы мүмкін.

Қазіргі әлемдегі жаңғыртудың негізгі бағыттары болып табылатындар мыналар:

- қоғамның индустриалдандырылуы және ақпараттандырылуы;
- табиғатты қорғаушы технологияларды енгізуге негізделген экологиялық қоғамның қалыптасуы;
- демократияландыру, халықтың қоғамдық істерді басқаруға қатысуының кеңеюі, саяси биліктің бақылануы және оның қоғам алдындағы жауапкершілігі;
- әлеуметтік жүйе өлшемдерінің негізгі бұқара халықтың әл-ауқатын арттыру үшін түбегейлі өзгеруі, байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықтың жойылуы;
- білімнің қол жетімділігі мен білім алушылар үшін оның жоғары сапалылығына кепілдік беруді, өзгеріп жатқан, жаңа әлеуметтік қатынастар жүйесінде белсенді қызмет пен өмірдің жетістіктерінің мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- адам еркіндігі салаларының кеңеюі, таңдау мүмкіндігінің және дәстүрлерінің, ортасының, тұра-тын жерінің қысымынан тәуелсіздіктің артуы [18].

- Жаңғыртудың барлық теориялары мен үлгілері қоғамдық дамудың бір қалыпты емес екендігін мойындауға, мемлекеттің дамуының қазіргі заманға дейінгі кезеңінің болуына, сондай-ақ артта қал-ған елдерді индустриалды (постиндустриалды) елдерге айналдырудың қажеттілігін түсіндіруге негіз-деледі. Осылайша, «жаңғырту» термині бірмезгілде қоғамдық өзгерістердің жай-күйін және қазіргі заманғы қоғамға өту процесін білдіреді.

Бұл теориялар «модернге» өтудің нормативтілігін, берілгендігін көрсете отырып, жеткілікті дамы-мамаған елдер өздеріндегі реформалау процесі кезінде ескеруі қажет, қазіргі заманғы

қоғамның өлшемдерін айқындап беруге мәжбүр болды. Мұнда дамудың жоғары деңгейіне табиғи жолмен жеткен елдер «спонтанды жаңғыртудың» алып жүрушілері ретінде қарастырылады, ал бұл жолды әлі жүріп өтпегендері – «бейнеленген жаңғыртудың» мемлекеті ретінде қарастырылады.

Осыған дейін жүргізілген зертеулеріміздегі «жаңғырту» ұғымының үлгілері мен мазмұнына сүйене отырып, біз оның мынандай типтерін бөліп көрсеткен болатынбыз:

- Біріншіден, негізгі (табиғи) жаңғыртудың классикалық үлгісі;
- Екіншіден, жаңғыртудың кешігуші немесе негізгі емес (табиғи емес) үлгісі;
- Үшіншіден, кешіккен жаңғырту;
- Төртіншіден жаңғыртудың жылдамдатылған үлгісі.

Алайда, тек жақын уақыттардан бері ғана жаңғыртудың жетістіктері мен нәтижелері қоғамда өмір сүріп тұрған құндылықтармен және дәстүрлермен байланыстырыла бастады.

Дегенмен, диссертация тақырыбына сүйене отырып және ондағы алға қойған мақсаттарымыз бен міндеттерімізге қайта орала отырып, құндылықтық бағдарлар мен оның мазмұны тұрғысынан жаңғыртудың теориялары мен типологиясын талдау маңызды екендігін айта кеткен жөн.

Қазіргі заманғы Ресей ғалымы В.М. Раков жаңғыртудың қоғамдағы құндылықтық және дәстүрлі элементтермен арақатынасы мен байланыстары мәселесін зерттей отырып, өзінің көзқарасын барынша айқын білдірді. Оның пікірі бойынша, құндылық өлшеміндегі саяси жаңғырту, бәрінен бұрын бір саяси жүйеден екіншісіне өтіп жатқан дамушы мемлекеттердің өтпелі типі үшін қызықты әрі өзекті. Ол қоғамдағы құндылықтарды, дәстүрлерді нығайтудың қаупі мен механизмі ретінде жаңғырту тоталитаризмнен демократияға саяси өтуді басынан кешіріп жатқан өтпелі қоғамдардағы ғалымдардың назарын аударып отырған нысан болып табылатындығын мойындайды. Сонымен бірге, белсенді саты (фаза) немесе «күштеп» мәжбүрлеу орын алып отырған елдер мен қоғамдар үшін жаңғыртудың құндылықтық, дәстүрлі факторларға ықпалын бағалау өзекті болып табылады. «Дәстүрлілік (дәстүршілдік) дегеніміз жаңғырту жағдайында дәстүрлі қоғамның құндылықтарын қорғау. Дәстүр дәстүрлі дәуірдің шекарасынан алыстаған кезде ғана проблемаға айналады, өйткені тарихи жаңарулардың күшеюі салдарынан оны түсіну және қабылдау оңай болмайды» [21].

Қазіргі заманғы Қазақстанның объективті жағдайларына байланысты зерттеудің тақырыбы саяси талдау жасау үшін өзекті тақырып болып табылатындығын атап көрсетеміз. Саяси, экономикалық, идеологиялық салалардағы жаңғырту процесі Қазақстан қоғамының құндылықтық және дәстүрлі мұраттарына (идеалдарын) қозғау салмай қоймайды.

Қазақстан қоғамы ашықтық жағдайында дамыған сайын, халықаралық қоғамдастықпен байланысы одан әрі күшейген сайын құндылық өлшеміндегі жаңғырту көкейтесті нысанға (объектіге) айналып отырғандығы ақиқат. Қазақстан қоғамының құндылықтары мен дәстүрлері тек назар аудару нысанына ғана айналып қоймай, сондай-ақ батыстық мәдениеттің дәстүрлерімен, құндылықтарымен пен мұраттарымен салыстырғанда қысым нысанына да айналып отыр. Жаңғырту объективті және болмай қалмайтын процесс ретінде Қазақстан қоғамының саяси, мәдени құндылықтарының күрделі әрі көлемді салаларына, саяси элитасына, билікке қозғау салмай қоймайды. Беделді саясаттанушы В.А. Ачкасов былай деп пайымдайды: «қоғам өзінің дәстүрлері мен құндылықтарының ерекшелігін оны басқалармен салыстыру арқылы ғана ашып көрсете алады. Яғни, қоғам өзінің «басқалардан» ерекшелігін білмейінше дәстүрлілік мүмкін емес» [22]. Аталмыш жағдайда мәдениеттер мен дәстүрлердің өзара ықпалда-суын түсінуге мүмкіндік беретін, жаңғыртудың ықпалының бағыттары мен негізгі белгілерінің бірі көрініс береді. Жаңғырту қоғамның дәстүрлері мен құндылықтарының одан әрі дамуының және өзгеруінің құралына айналады, алайда оның өзі қоғамдық мәдени, идеологиялық, символикалық даму мен прогрестің құндылықтары мен мақсаттарының элементтеріне ие болады.

Құндылық өлшеміндегі жаңғыртуды зерттеулер ауқымында жаңғыртудың типологиясының факторларының бірі көрініс береді. Жаңғыртудың бір типінің екіншісінен айырмашылығының өзгеше-лікті белгісі мен себебі қоғам мен элитаның құндылықтық және дәстүрлі мұраттарына оның сәйкес келуі мәселесі болып табылады. Билікті сақтап қалу және халықтың мүдделерін жүзеге асыру мақсатында билік органдары жаңғыртуды барынша тиімді және шапшаң тәсілдермен жүргізуге ұмтылады. Дегенмен, саяси жүйенің, экономикалық режимнің жаңғыртылуын жүзеге асыруды шектеудің негізі факторларының бірі оның қоғамдағы тамырын тереңге жайған құндылықтар мен дәстүрлерге сәйкес-тігі болып табылады. Биліктің жаңғыртылу жобаларына дәстүрлердің, құндылықтардың, саяси элита мен қоғам мүдделерінің сәйкес келмеуі



идеялар мен құндылықтардың қақтығысының қауіпті жағдай-ларын, шиеленістерді туындатады.

Реформалардың тиянақсыздығы (аумалы-төкпелілігі), шынайы өзгерістердің олардың боямалануымен (имитациясымен) ауыстырылуы қуып жетуші жаңғырту жағдайында саяси элитаның жағдайының өзі ішкі қарама-қайшылықта болатындығын айқындайды. Қазақстандағы, Ресейдегі жаңғырту мәселелерін зерттеп жүрген, қазіргі заманғы зерттеуші Г.И. Мусихин саясат субъектілерінің, халық-тың, биліктің құндылықтық бағдарларының қарама-қайшылықтары саяси жаңғыртуды жүргізудің, жүзеге асырудың жекелеген типтерінің және формаларының пайда болуы мен қалыптасуына ықпал етеді деп пайымдайды. «Бір жағынан, билік өмір сүріп тұрған құрылымды түбегейлі өзгертуді көз-дейтін, радикалды элементтер өзінің ролін тартып әкетпеуі үшін өзін-өзі сақтау мақсатында «даму-дың локомотиві» болуы тиіс, екінші жағынан – ол көбіне биліктің жаңғыртушылық қызметінің өзінің, яғни өзін-өзі сақтау мақсатында билік институттары іске асырған қызметтің нәтижесіне айналған, қоғамдық-саяси өмірдің құбылыстарына сенімсіздікпен қарайды және тіпті дұшпандық көзқараста болады» [23].

Сөйтіп, саяси жаңғыртудың типологиясы, саяси, экономикалық әлеуметтік-мәдени жаңғыртуды іске асырушы, бір-біріне қарама-қарсы мемлекеттің кем дегенде екі типінің өмір сүруінің объективті жағдайларында ғана мүмкін болады деген қорытынды жасауға болады. Саяси жаңғыртудың дәстүрлі-құндылықтық, рухани аспектілерінің ролі мен ықпалын зерттеп жүрген қазіргі заманғы саясаттану-шылардың бірі ресейлік ғалым Л.Гудков болып табылады. Құндылық өлшеміндегі жаңғыртуды баға-лау позициясы тұрғысындағы оның көзқарастарына сәйкес, мемлекеттік және қоғамдық дамудың мақсаттары мен стратегиялары ретінде барынша маңызды екі типті бөліп көрсетуге болады.

Бірінші типке дамудың және эволюциялық өзгерістердің ішкі қажеттіліктері мен міндеттері шеңберінде жаңғырту мен саяси реформалар, өзгерістер орын алып жатқан елдер мен қоғамдар жатады. Саяси жаңғыртудың бірінші типі – либерализацияға жататын елдер мен қоғамдар үшін саяси реформалар, сайлау еркіндігі мен БАҚ еркіндігін енгізу мен кеңейту индивидуализм принциптері одан әрі өркендеудің ішкі қажеттілігі және қоғамдық қажеттілік болып табылады. Саяси жаңғыртудың дәл осы бірінші типін зерттеу шеңберінде ғалымдар жаңғырту халықтың мүдделерін, қажеттіліктерін жүзеге асырудың механизмі мен құралы, мемлекет пен ұлттың өмір сүруі мен әл-ауқатын қолдаудың тәсілі міндетін және қызметін атқарады деген қорытындыға келді. Сөйтіп, қоғам, саяси элита, саяси белсенді халық пен адамдар тобы оның негізгі субъектісіне айналады.

Саяси жаңғыртудың екінші типіне жататын елдер мен қоғамдарды «қуып жетуші жаңғырту» ұғымының төңірегінде біріктіруге болады. Жаңғыртудың екінші типінің барынша маңызды, айрықша элементі саяси жаңғыртудың негізгі субъектілері болып табылатын мемлекеттің, биліктің алатын орны мен ролі болып саналады. Ғалымның пікірі бойынша, құндылық механизмі мен құралы ретінде-гі саяси жаңғырту билікті қолдау үшін, мемлекеттің тұрақтылығын, өзінің негізгі жағдайын сақтау үшін пайдаланылады. «Жаңғыртудың қуып жетуші» типі өзінің аты айтып тұрғандай, елдің, қоғам-ның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың құралы ретіндегі, көшбасшылармен салыстырғанда саяси, экономикалық дамудың қарама-қайшылығын азайту мүмкіндігінің құралы ретіндегі жаңғыртудың ролін айқындайды. Саяси жаңғыртуды құндылықтық мазмұнда іске асырудағы мемлекеттің мақсаттары мен міндеттерін бөліп көрсете отырып, ғалым билік «...бірқатар әлеуметтік феномендерді өзінің негіздеріне «жапсыруға», қажетті әлеуметтік формаларды шеттен алу жолымен соған ұқсас жетістік-терге жетуге ұмтылады... Бұл процесс әлеуметтік қатынастардың басқа салалары мен жүйелерін сақтау барысында биліктің бақылауымен орын алады. Сонымен бірге, жаңғыртудың бірінші типі – либерализацияның құрамдас бөлігі болып табылатын еркіндік, индивидуализм сияқтылар бұл жерде өмір сүріп тұрған тәртіпке және оны қамтамасыз ететін құрылымдар мен институттарға төнетін қауіп ретінде қарастырылады» [24].

Жоғарыда аты аталған ғалым Г.И.Мусихин жаңғыртудың қуып жетуші типінде қоғамның дәстүр-лері мен құндылықтары барынша белсенді қолданылатындығы туралы Л.Гудковтың пікірімен келісе-ді. Алайда биліктің халықтың қалың бұқарасының саяси дәстүрлері мен құндылықтарына назар аударудағы басты мақсаты – үстемдік етіп тұрған сол биліктің өзін сақтау болып табылады. Құндылық өлшемінде жаңғырту биліктің беделін, саяси жағдайын нығайтудың құралы мен механизміне айнала-ды. Саяси жаңғыртудың ролі мен қызметін бағыттаушы құндылықтар жөніндегі ойды дамыта отырып, Г.И. Мусихин мынандай қорытындыға келеді: «мұның барысында жеткілікті жағдайда өмір сүру құқығы дәстүр ретінде мойындалмады, ол тек

саяси биліктің беделін нығайтудың құралы ретінде қолдау тапты. Сонымен бірге, егер қандай да бір дәстүрлер билік жүйесінің беделімен қарама-қайшылыққа түссе, онда бұл дәстүрлер әдеттегідей бұлардың соңғысының құрбанына айналды... Басқаша айтқанда, егер дәстүрлер биліктің қолында... қандай да бір күшке ие болса, онда тек идеологиялық ықпал етудің құралы ретінде ғана сол күшке ие болады» [23].

«Көшбасшылар мен «артта қалғандарға» бөлінетін қоғамдардағы мұндай типологияны қазіргі заманғы ресейлік саясаттанушы С.С. Малетин де мақұлдайды. Оның бағалауы бойынша, «түпнұсқа жаңғырту деп аталатын бірінші тип ұзақ уақыт бойғы дамудың нәтижесінде ұтымды қоғамдық құрылысқа өтуді іске асырған АҚШ және Батыс Еуропа елдеріне тән» [25]. Сонымен бірге, жаңғыртудың типологизациясы, жалпы алғанда саяси, экономикалық, әлеуметтік реформаларды іске асыру барысында даму мен өзгерістерді жүзеге асырудың жоғары деңгейін көрсете алған көшбасшы-елдер мен қоғамдар болғанда ғана мүмкін болады. Сәйкесінше, саяси, экономикалық реформаларды жүзеге асырудың келесі деңгейін ауқымды өзгерістерге, жаңғыртудың жобаларына енді ғана бет алған елдер мен қоғамдардың басқа типі көрсетеді.

С.С. Малетиннің пікірі бойынша, жаңғырту кезеңдерін басынан өткеруші елдердің екінші типі көшбасшы-елдердің жүріп өткен жолы мен бағыттарына бағдар ұстанады. Осындай қоғамдар мен елдерді топтастыра отырып, ғалым оларды «екінші қайтара» жаңғырту деп аталатын жалпы терминнің төңірегіне біріктіреді. Түрлі елдер мен өңірлердегі жаңғырту процестерін салыстыра отырып, ғалым олардың өздерінің саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуында көшбасшы-елдерден артта қалуының жалпы сипаттамасын атап көрсетті. Биліктің, қоғамның ортақ күш жұмсауымен көш-басшы-елдердің тәжірибесін пайдаланудың шапшаң тәсілдері арқылы олардың дамуын алдыңғы қатарлы елдер мен қоғамдарға жақындастыру міндет болып табылады. Зерттеушінің атап көрсеткеніндей, «әдетте бұл топқа отаршылдық тәуелділігінен азат етілген дамушы елдер жатады. Қазіргі уақытта Шығыс Еуропа, Қытай, ТМД елдеріндегі саяси процестер зерттеушілердің басты назарында болып отыр. Саяси жаңғыртудың қазіргі кездегі зерттеушілері көбіне саяси дамудың, дағдарыс құбылыстарының қиындықтарына өздерінің назарын аударуда. Нәтижесінде «ішкі жаңғырту», «тұйық-қа тірелген жаңғырту», «жаңғыртудың дағдарыстық синдромы» деп аталатын тұжырымдамалар пай-да болды [23].

Қоғамның, көпшілік халықтың құндылықтық бағдарлары мен дәстүрлерінің алатын орнын және ролін зерттей келе, С.С. Малетин саяси, экономикалық реформаларды жүзеге асыруда халықтың саяси мәдениеті, тарихи тәжірибесі маңызды функцияларды орындайтындығы туралы тұжырым жасай-ды. Өзінің зерттеулерінде ғалым «жаңғырту тек қоғамның қалың әлеуметтік жіктерінің құндылықтық бағдарларын өзгерту барысында ғана іске асырыла алады» деп атап көрсетеді [23]. Оның көзқарастарына сәйкес, егер де ауқымды өзгерістер мен реформаларды жүзеге асырудың тарихи тәжірибесі, оған деген құндылықтық әзірлік, идеологиялық, рухани қажеттілік пен тілек-қалау тек мемлекетте ғана емес, сондай-ақ қоғамның өзінде де болса, онда саяси жаңғыртудың табыстары мен нәтижелері де жоғары болады. Осылайша, ол саяси реформалардың табыстары мен нәтижелерін халықтың оны іске асыруға деген және жаңғыртуды өзінің басынан өткеруге деген тілек-қалауымен, құндылықтық әзірлігімен айқын байланыстырады.

Саяси жаңғырту ретінде С.С. Малетин тек мемлекеттің, биліктің ауқымды саяси, экономикалық өзгерістер мен реформаларды жүргізуге деген әзірлігі мен батылдығын ғана түсіндіріп қоймайды. Сонымен қатар, ең алдымен халықтың, азаматтық қоғамның әлеуметтік қатынастардың, әлеуметтік бөлінуінің, азаматтық жауапкершілік пен саяси белсенділіктің жаңа үлгілері мен жағдайларына бейім-делу қабілеті мен оған деген тілек-қалауы ретінде де түсіндіреді. Сонымен бірге, халық, жұртшылық, саяси элита саяси, әлеуметтік жүйенің дамуын қамтамасыз ететін саяси, азаматтық институттардың жаңа түрлеріне бағынуға идеологиялық, құндылықтық жағынан да әзір болуы тиіс.

Халықтың, биліктің жаңғыртуды жүргізудегі құндылықтық әзірлігі мәселесі ауқымында жаңғыртудың факторларын зерттеуде мынандай типтер айқындалды.

Біріншіден, жаңғырту процестері мен қоғамның, халықтың құндылықтық бағдарларының, тәжірибесінің байланыстары объективті факторлар арқылы байланысқан. Соның ішінде ең негізгі және айқын факторлар мыналар болды:

- қоғамдық қатынастардың өзгеруінің әлеуметтік қажеттіліктері, табысты, байлықты қайта бөлу, халықтың басым бөлігінің өмір сүру деңгейінің өсуінің, әл-ауқатының үйлесімсіздігін төмендету және басқалары;
- реформаларды жүргізудің экономикалық міндеттері, азаматтардың өмір сүру деңгейін, әл-

ауқа-тын арттыру үшін жаңа жағдайлар қалыптастыру;

- халықтың белсенділігінің өсуінің мәдени-идеологиялық міндеттері, азаматтық қоғам қалыптас-тыру, білім деңгейін көтеру, реформаларды жүргізудің әсерлері мен нәтижелерін шектейтін ескі дәс-түрлерді өзгерту.

Алайда, жаңғыртуды жүргізудің құндылықтық негіздері, оның табыстылығы мәселесінде бәрінен бұрын «саяси басшылықтың саяси жүйені біршама тиімді өзгертуге деген қабілеті» сияқты субъективті факторлар да атап көрсетілді [25]. С.С. Малетиннің берген бағасына сәйкес, егер объективті факторлар айқын болса және де мемлекеттің, экономикалық конъюнктураның дамуының табиғи жағ-дайларымен, қоғамның әл-ауқатының деңгейімен, мемлекеттің халықаралық сауда-саттығымен бай-ланысты болып табылса, субъективті факторлар рухани, құндылықтық, идеологиялық әзірлікпен, халықтың жаңғыртуды басынан өткеруге және іске асыруға деген тілек-қалауымен байланысты. Жаң-ғыртудың құндылықтық мазмұнына айрықша назар аудара отырып, ғалым қоғамның саяси, экономи-калық, әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі терең реформалар жасау кезеңдері мүдделердің, құнды-лықтардың шиеленісінің артуына және де ең бастысы азаматтардың құндылықтарының дағдарысы қаупінің өсуіне сөзсіз ықпал ететіндігін пайымдайды. Бұрынғы құндылықтар жүйесі өзгеріссіз қал-майды, бұл халықтың көңіл күйіне, пікіріне, мінез-құлқына теріс әсер етеді. Сонымен қатар, саяси жаңғырту жүзеге асырудың ұзақ уақыты мен кезеңдерін талап ете отырып, адамдар арасындағы құн-дылықтардың шиеленісі мен дағдарысының қаупін де арттыра түседі. «Саяси жаңғырту ұзақ уақыт бойы іске асырылады, халық оның ауқымында тұрақсыздықпен және дағдарыстармен ерекшеленетін айрықша сапалық жағдайды басынан өткереді. Қазіргі кездегі зерттеулерде саяси жаңғырту процесі-мен қатар жүретін негізгі бес дағдарыс (ұқсастыру (идентичность), легитимділік, қатысу, ену, бөлу) бөліп көрсетіледі» [25]. Ұқсастыру дағдарысының, мүдделердің шиеленісінің, жаңғырту кезінде, қоғамның, мемлекеттің жаңғыртудың бір типінен екіншісіне өтуі кезінде қоғамда әлеуметтік шиеле-ністің өсуінің себептері жөнінде ойлана келе С.С. Малетин құндылықтардың күрделілігі, оны халық-тың қабылдауы проблемаларын айрықша бөліп көрсетеді. Жалпы алғанда, жаңғырту мемлекет пен қоғамның өтпелі жағдайының кезеңі және этапы ретінде қоғам мен мемлекет үшін бірінші кезекке халықтың ішкі құндылықтық элементтері шығатын қауіпті әрі тұрақсыз уақыт болып табылады.

Өтпелі кезең мен жаңғырту кезіндегі қоғамдағы құндылықтардың шиеленісінің, ұқсастыру дағдарысының басты себептері ретінде ғалым төмендегілерді бөліп көрсетеді:

- Біріншіден, «жаңа әмбебап стандарттар мен ескі дәстүрлі құндылықтардың арасындағы қарама-қайшылық». Зерттеуші аталмыш жағдайда жаңғырту азаматтарға жаңа құндылықтар мен дәстүрлерді ұсынатындығын тұжырымдайды. Бұлар, өз кезегінде қоғамдық, экономикалық, мәдени-идеологиялық қатынастардың бұрынғы дәстүрлері мен бастауларына мүлдем қарама-қайшы болады. Мұнда әсіресе қоғамдық дамудың басты бағдарларын өзгертетін мемлекеттік идеология маңызды роль атқаратын-дығы ақиқат. Мұның мысалы, Кеңес Одағының күйреуі, егеменді Қазақстанның саяси, экономика-лық, мәдени дамуының өтпелі кезеңі бола алады. Кеңестік құрылымға, коммунистік идеологияға, мемлекеттік экономикаға қызмет етудің бұрынғы құндылықтық бағдарлары тәуелсіз және егеменді демократиялық Қазақстанды құрудың, экономиканың нарықтық заңдылықтарын қалыптастырудың жаңа құндылықтарына, бәсекелестікке, жеке құқықтарға, кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, БАҚ пен қоғамдық пікірге қарама-қайшы бола бастады. Жалпы, Қазақстанда жекелеген жағдайларда әлі де болса орын алып отырған өтпелі кезең азаматтардың алдына өздерінің құндылықтарын, сәйкестікте-рін өзгертудің күрделі міндеттерін қояды.

- Екіншіден, «жаңа саяси демократиялық институттардың бұрынғыларымен қатар өмір сүруі» [25]. Біз осы жерде Қазақстанның саяси, экономикалық салаларындағы өтпелі кезең тоталитарлық режимнің бұрынғы саяси, қоғамдық институттары мен жаңа демократиялық режимнің институттары-ның қатар өмір сүруі жағдайымен сипатталатындығы туралы пікірмен келісеміз. Еркін БАҚ, саяси партиялар, оппозиция, азаматтық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, шетелдік гуманитарлық, құқық-тық ұйымдардың өкілдігісияқты жаңа демократиялық институттар ескі саяси институттардың қызме-тімен, мүдделерімен қақтығысуда.

Үшіншіден, өтпелі кезең жағдайларындағы қоғамдағы мүдделердің, құндылықтардың шиеленісі-нің өсуінің объективті себебі халықтың әлеуметтік, экономикалық қанағаттанбауы болып табылады. Қазақстанда тоталитаризмнің күйреп, демократияның қалыптасуы экономикадағы түбегейлі өзгеріс-термен қатар жүргендігі белгілі. Экономикалық жүйенің тез

ауысуының нәтижесі халықтың әл-ауқа-тының төмендеуі, мемлекеттік кәсіпорындардың жабылуы және көптеген азаматтардың жұмыс орын-дарын жоғалтуы, инфляция және басқа да жағымсыз құбылыстар азаматтардың өздерінің экономика-лық амандығына деген сенімдерін төмендетті. Сонымен қатар, көпшілік халықтың кедейленуі мен ауқатты адамдардың санының біршама өсуінің байқалуы жағдайында әлеуметтік қатынастар да үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұл халықтың наразылығын, әлеуметтік шиеленістер мен экономикалық қауіп-ті туындатпай қоймады.

Бұрынғы кеңестік мемлекеттер кеңістігіндегі саяси, экономикалық жағдайларды талдай келе зерт-теуші С.С. Малетин халықтың идентификациясының (теңестірілуінің), құндылықтарының өзгеруі тұрғысынан алғандағы жаңғыртудың жағымсыз нәтижелеріне баса назар аударды. Оның зерттеулері-не сәйкес, шапшаң жүргізілген жаңғырту, саяси, экономикалық реформалар әсіресе халықтың өзін-өзі ұқсастыруы (самоидентификация) саласында жағымсыз көрініс берді. Біртұтас мемлекеттің, біртұтас қоғамдық құрылымның азаматтары бұрынғы императивтік және құндылықтық бастауларын жоғал-тып, өздерінің өмірлік, саяси, экономикалық құндылықтарын қайта бағалаудың қажеттілігі алдында тұрды. Экономикалық, әлеуметтік факторларды бөліп көрсете отырып, бұл ғалым экономикалық, әлеуметтік себептермен күшейе түскен ұқсастыру дағдарысының типін анықтады, бұл тип «айқын әлеуметтік-таптық айырмашылықтар ұлттық бірлесуге кедергі келтіретін қоғамдағы әлеуметтік жіктелумен сипатталады. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық жүйесінің жаңғыртылуы халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарының әлеуметтік мәртебелерінің сапалық өзгерісіне алып келеді. Көптеген бұ-рынғы топтар жойылып, қоғамның маргинал жіктерінің саны күрт көбейеді. Бұл адамдардың өздері-нің бұрынғы әлеуметтік мәртебесінен айрылуына алып келеді, сөйтіп олар өздерінің қандай әлеумет-тік жікке жататынын білмейді, өздерінің мүдделерін саналы түрде ұғына алмайды, саяси ойынның жаңа ережелері туралы айқын түсініктері де болмайды» [25]. Ғалымның пікірі бойынша, бұрынғы са-яси құрылыстың, экономикалық жүйенің мұраттары мен жаңа құндылықтардың сәйкес келмеуі ре-формалардың табыстылығы мен нәтижесінің төмен болуының себептерінің біріне айналды. Сонымен қатар, ұқсастыру мен құндылықтардың дағдарысы қоғамның өз ішіндегі ашық шиеленістер мен қара-ма-қарсылықтардың пайда болуына қолайлы негіз жасайды. Жаңа қоғамда, мемлекетте адамдардың бірлесіп бейбіт өмір сүруі үшін жаңа құндылықтардың болмауының және ұқсастыру дағдарысының барынша жағымсыз нәтижелері ұлтшылдықтың, төзімсіздіктің, этникалық шиеленістердің көбеюі бо-лып табылады. Мұндай «тип этникалық пен субнационалдыққа тиістіліктің арасындағы шиеленіспен сипатталады... Ұқсастыру дағдарысының көріністерінің бірі национализмнің (ұлтшылық) өсуі болып табылады. Бұрынғы әлеуметтік байланыстардың бұзылуы әлеуметтік ұқсастырудың маңызды арнасы ретінде ұлттың (национальность) ролінің өсуін күшейтеді. Ұлтшылдық үдерістер мен көңіл-күйлердің күшеюі, сондай-ақ қоғамның маргинал жіктері үшін оқшылықтарды жасырумен және оны жеңумен де байланысты. Саясаткерлер мұндай көңіл-күйді бұқара халықты тарту үшін жиі пайдала-нады. Ұқсастыру дағдарысы әлеуметтік патронажбен де сипатталады. Саяси көшбасшылар өркениет-ті қоғамның арналары үшін дәстүрлі болған нәрселерге тоқталмай, халыққа тікелей жүгінеді» [25].

Жаңғыртудың типологизациясының себептері мен бұл процестегі құндылықтық және идентифика-циялық элементтердің ролін зерттеуге ресейлік ғалым А.Дегтяревтің еңбектері үлкен теориялық ықпалын тигізді. Белгілі ғалым жаңғыртудың қандай да бір типін бөліп көрсетудің себептеріне және онымен байланысты қоғамда белгілі бір идеологиялық құндылықтардың, саяси дәстүрлердің болуы немесе болмауы жағдайларына өзінің ерекше назарын аударды. Оның ізденістеріне сәйкес, саяси жаңғыртудың теориясы мен тұжырымдамасы жаңғырту процесінің қажеттілігін, баламасыз екендігін дәлелдеген батыстық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижесі болып табылады. Алайда, егер жаңғырту теориясы Батыс елдерінің, Еуропа елдерінің және қоғамдарының саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуының ішкі және сыртқы қажеттіліктерімен түсіндірілетін болса, онда дамушы елдер мен қоғамдар үшін жаңғыртудың қажеттілігі мен оны жүзеге асыру мәселесі айрықша мәселе болып табылады. Жаңғыртуды жүзеге асыру мен жүргізудегі батыстық, еуропалық елдердің қажетті саяси дәстүрлерді, тәжірибелерді, құқықтық негіздерді және де ең алдымен идеология мен индиви-дуализмнің құндылықтар дәстүрі негізінде әзірленген халықтың болуын, азаматтықты, жеке құқықтар мен еркіндікті, жеке меншікті, кәсіпкерлікті, саяси белсенділікті топшылайтындығы ғалымның зерт-теу нысаны болып табылады.

Дамушы, перифериялық елдер мен қоғамдарда саяси, экономикалық жаңғыртуларды жүзеге асыру мен жүргізуде халқының әзірліксіздігі байқалады, өйткені бұл елдердің халқы көбіне ортақ

идеология, этатизм, бірлестіктік ауқымында өзіндік жеке дәстүрлерімен дамыған. Ғалым «қуып жетуші жаңғырту», «кешіккен жаңғырту», «жылдамдатылған жаңғырту» сияқты жаңғыртудың типологиясы өтпелі экономикалық, саяси жүйесі бар дамушы елдерді ғылыми зерттеудің нәтижелері болып табылатындығын, сондай-ақ экономикада, саяси жүйеде іс жүзінде ауқымды реформаларды жүргізудің де нәтижесі болып саналатындығын растайды. Зерттеуші былайша түйіндейді: «саяси дамудың тұжырымдамасын жасау баламалы тәсілдерді (көзқарастарды), соның ішінде «тәуелділік», «артта қалушылық», немесе «субдаму» (субразвития) теорияларын да туындатты. Соңғысы көбіне батыстық «даму» және «жаңғырту» идеяларының этноцентризміне берілген сыни реакция (жауап) болып табылды. Шындығында, «артта қалушылық» (немесе «субдаму», «толық дамымағандық» – ағылшын тілінен аударғанда «underdevelopment») – бір кездері жаңғыртуды өзінің басынан өткерген, дамыған демо-кратиялық елдердің тарихынан бастау алмайды, ол ең алдымен дамушы елдердің өзіндік жеке тәжірибесінен, Капитализмнің Перифериясы ретіндегі оның батыстағы Орталығына қатынасынан басталады. Біз жаңғыртудың типологиясы мемлекеттер мен қоғамдардағы саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени реформаларды жүргізудің практикалық тәжірибесі мен оған ғылыми талдау жасаудың объективті нәтижесі болып табылатындығымен келісеміз. «Қуып жетуші жаңғырту», «кешіккен жаңғырту», «жылдамдатылған жаңғырту» сияқты жаңғыртудың типтері, ең алдымен саяси жүйесі, шаруашылықтың экономикалық формасы даму үстіндегі, жаңа қоғамдық қатынастардың құндылықтық және идеологиялық негіздері қалыптасып келе жатқан мемлекет пен қоғамның өтпелі типтеріне қатысты.

Белгілі ресейлік ғалым А.Дегтярев жаңғыртудың қайсыбір типтерінің көрініс беруінің себептеріне айрықша назар аударды. Оның көзқарасына сәйкес, «қуып жетуші жаңғырту», «кешіккен жаңғырту», немесе «жылдамдатылған жаңғырту» мемлекеттегі, мемлекеттік басқару жүйесіндегі саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, идеологиялық реформалар мен өзгерістердің болмауының немесе оны жүргізудің күрделілігінің объективті нәтижесі болып табылады. Өзінің ізденістерін қорытындылай келе, зерттеуші экономикалық жүйе, халықтың өмір сүру деңгейі, тұрмыс деңгейі үлкен ықпал етеді деп тұжырым жасайды. Халықтың өз материалдық жағдайын, әл-ауқатын жақсартуға, кәсіпорын құру мүмкіндігіне, меншігін қорғауы мен оны көбейтуге, экономикалық жүйені өзгертуге деген қажеттіліктері жаңғыртуды жүргізу мен оны жеделдету процестеріне үлкен ықпал етеді. Өз кезегінде, жекелеген елдердің экономикалық даму деңгейлеріндегі елеулі айырмашылықтар барынша дамыған елдердің саясатының, тікелей ықпалының нәтижесі болып табылады. Ғалымның пікірі бойынша, артта қалған елдердің өмір сүру жағдайы батыстық дамыған елдер мен қоғамдардың мүдделеріне орай шикізаттық база болып саналады. Шектеулі ресурстар, материалдық байлық үшін экономикалық, саяси, әскери бәсекелестіктің байқалуы осымен байланысты. Сонымен қатар, бұл, экономикалық және сауда келісімдері дамушы елдердің экономикасының дамуын, бәсекеге қабілеттілігін тежейтін жаһандық саясаттың да нәтижесі болып табылады. «...Үшінші әлем елдерінің экономикасының толық дамымауы жаһандық факторлардың, соның ішінде өнеркәсіп тауарларын импорттаушы және шикізатты экспорттаушы дамыған елдердің сауда басқыншылығының ықпалымен қалыптасты, бұл өз кезегінде, дамушы елдердің ескі, дәстүрлі формаларды сақтай отырып, оны қазіргі заманғы капита-листік тәртіпті енгізумен үйлестіруші дамушы елдердің «гибридті», «дуалистік» құрылымдарының қалыптасуына алып келді» [26].

А.Дегтяревтің үлкен ғылыми жетістігі болып оның өзінің зерттеулері ауқымында жаңғыртуды жүргізу нәтижелері мен қорытындыларының халықтың либерализмнің жаңа дәстүрлері мен мұраттары, сөз бостандығын, жаңа саяси, қоғамдық институттарды қабылдауға құндылықтық, идеологиялық әзірлігі жағдайларымен байланысының болуатындығын және олардың өзара тәуелділігін дәлелдеп берді. Сонымен қатар, ғалым жаңғыртудың нәтижелері халықтың саяси белсенділігімен, халықтың саяси процестерге қатысуы мен ол үшін өзіне жауапкершілік пен міндеткерлік алуға әзірлігімен, азаматтық қоғамның қалыптасуымен, құқықтарды, бостандықтарды қорғаумен байланысты екендігін атап көрсеткен болатын. Аталмыш мәселе ауқымында ғалым халықтың құндылықтық, идентификациялық негіздеріне жаңғыртудың талаптарының сәйкес келмеуінің басты үш себепін бөліп көрсетті.

– Біріншіден, «орталықтағы «метрополияның» дамуы мен перифериядағы «сателлитердің» даму сипаты арасындағы байланыс» [26]. Біз осы жерде дамушы мемлекеттердің саяси, экономикалық жаңғыртылуының үлгіге алынған талаптары мен элементтерінің либерализмнің, индивидуализмнің, азаматтылықтың, азаматтардың жеке құқықтары мен бостандықтарының

идеологиясының құндылық-тары мен дәстүрлерін тиімді үлгі етіп алуға қабілетсіз екендігімен келісеміз;

– екіншіден, ««бай» және «кедей» мемлекеттердің дамуының теңсіздік жағдайлары» [26]. Мұнда экономикалық фактор жаңғыртудың элементтерін жүзеге асыру мен енгізу процесіндегі негізгі факторлардың бірі болып табылады. Экономикалық факторды саяси, экономикалық реформаларды жүргізудің қажеттігі мен оның қажеттіліктерінің ең мықты себептерінің бірі ретінде мойындауға болады. Халық экономикалық реформаларды жүргізуден, либералдандырудан, еркін нарық механизмдерін енгізуден, кәсіпкерліктен, жеке меншік иелерін, отандық өндірушілерді қалыптастырудан нені күтсе, сол жағдай халықтың құндылықтық негіздеріне де ықпал етуі мүмкін. Сонымен бірге, халықтың өмір сүру деңгейінің төмен болуы да адамдардың қазіргі заманға сай білім алу мүмкіндігінің төмен болуының, ақпарат алу мүмкіндігінің шектелуінің, олардың ғылыми-техникалық, коммуникациялық техно-логияларға, БАҚ-қа қол жеткізу мүмкіндіктері болмауының объективті себебі болуы мүмкін, өйткені бұлардың бәрі жаңғыртуды жүргізудің маңызды элементтері болып табылады. Сөйтіп, экономикалық фактор халықтың құндылықтық, идентификациялық негіздеріне жаңғыртудың талаптарының сәйкес келмеуінің салмақты себептерінің бірі болып табылады.

– үшіншіден, «әр түрлі елдердегі экономикалық өсу мен институционалдық өзгерістердің қарқынының әркелкілігі» [26]. Қоғамды демократияландырудың, либералдандырудың қажетті саяси, экономикалық, азаматтық, әлеуметтік институттарының болмауы халықтың құндылықтық, идентификациялық негіздеріне жаңғыртудың талаптарының сәйкес келмеуінің маңызды себебі бірі болып табылатындығы ақиқат. Көппартиялықтың, оппозициялық қозғалыстардың, еркін БАҚ-тың, ҰЕҰ-дың шетелдік ұйымдар өкілдіктерінің, азаматтық қоғамның, жеке кәсіпкерлік институттарының, жеке меншік иелерінің, мәдени-гуманитарлық ұйымдар мен бірлестіктердің болмауы қоғамда либералдық, индивидуалистік, азаматтық құндылықтар мен мұраттардың қажетті деңгейін қалыптастыру мен тәрбиелеуге кері әсерін тигізеді.

Осылайша, жоғарыда баяндалғандарды түйіндей келе, біз қарастырған жаңғыртудың типологизациясы көптеген факторлар мен жағдайлардың объективті әрі субъективті нәтижелері болып табылады деген қорытынды жасаймыз. Ғалымдардың пікірлерін, халықаралық қатынастар мен әлемдік саясат-тың объективті жағдайларын, «жаңғырту» ұғымының ғылыми үлгілері мен ізденістерін зерттеу типологизацияның қоғамдағы, мемлекеттегі саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, идеологиялық реформалар мен өзгерістердің, нәтижелері мен қорытындыларының деңгейі және жай-күйі болып саналатындығын көрсетеді.

1. Қараңыз: *Теория политики: Учебное пособие / По дед. Исаева Б.А. – СПб., 2010. – тақырып. Политическое развитие и модернизация. – 285 б.*

2. Риккерт Г. *Границы естественнонаучного образования понятий. – СПб., 1904. – 125 с.*

3. Төмендегі еңбектер бойынша тиісті идеологиялық, әлеуметтік-саяси көзқарастарға шолу жасалынды.

4. Полищук В.И. *Культурология: Учеб.пос. – М.: Гардарики, 2008. – С. 105.*

5. Риккерт Г. *Границы естественнонаучного образования понятий. – СПб., 1904. – 125 с.; Полищук В.И. Культурология: Учебное пособие. – М.: Гардарики, 1998. – С. 105.; Виндельбанд В. Прелюдии. Философские статьи и речи // В.Виндельбанд Избранное. Дух и история. – М., 1995. – 256 с.*

6. Риккерт Г. *Два пути познания // Новые идеи в философии. – 1913. – №7. – С. 46.*

7. Scheler M. *Der Formalism in der Ethic und die material Wertethic, 1921. – P. 48.*

8. Scheler M. *Der Formalism in der Ethic und die material Wertethic, 1921. – P. 48.*

9. Хайдеггер М. *Европейский нигилизм. Проблема человека в западной философии. – М.: Знание, 1988. – 275 с.*

10. Тугаринов В.П. *Теория ценностей в марксизме. – М.: Знание, 1989. – С. 115-117.*

11. Крадин Н.Н. *Проблемы периодизации исторических макропроцессов. Раздел «Теории модернизации». – Второе издание. – М., 2009. – 243 с.*

12. Дробницкий О.Г. *Мир оживших предметов. – М., 1982. – 344 с.*

13. Тарасов А.Н. *Теория модернизации, вид оружия идеологической борьбы. – М., 2006. – 127 с. – С. 34-38.*

14. Гавров С.н *Модернизация России: постимперский транзит. – М.: МГУДТ, 2010. – С. 167-169. ISBN 978-5-87055-116-6.*

15. *Политология: Энциклопедический словарь. / Общ. ред. И сост.: Аверьянов Ю.И. – М.: Изд.-во Москва. Коммун. унив., 1993. – 431 с. – С. 391.*

16. *Казахстанская политологическая энциклопедия / Под ред. Мустафина Т.Т. – Алматы: қазақстан*

даму институты, 1998. – 448 с.

17. Даль Р. О демократии / Пер. с англ. Богдановского А.С. Под ред. Алякринского О.А. – М.: Аспект Пресс, 2000. – 208 с. – С. 85-86, 48.

18. Хантингтон П. Самюэль. Неуправляемость демократии? // Демократия 1990-х. – №6. – С. 25-27.

19. Эйзенштадт Ш. Скрыты модернизации // Полит. ру. Февраль. 2011. – С. 12-13.

20. Об Аргентине 1920-1930 годов қараңыз.: Pendle G. Argentina. London.

21. Раков В.М. Особенности российского традиционализма // Консерватизм: История и современность: Матер. Межд. Науч. Конф. – Пермь: Новая книга, 1995. – С. 69-75.

22. Ачкасов В.А. Трансформация традиций и политическая модернизация: Феномен российского традиционализма – философия и социально-политические ценности консерватизма в общественном сознании России (от истоков к современности). Сборник статей. Выпуск 1. – По дер. Солонина Ю.Н. – СПб.: Издательство Санкт-Петербургского государственного университета, 2004. – С. 173-175.

23. Мухомин Г.И. Власть перед вызовом современности: Сравнительный анализ российского и немецкого опыта конца XVIII-начала XX веков. – СПб.: Проспект, 2004. – С. 9-11.

24. Гудков Л. Негативная идентичность. Статьи 1997-2002 годов. – М.: Век, 2004. – С. 571-572.

25. Малетин С.С. Политология. Авторизованное учебное пособие для студентов заочного отделения. – Новосибирск: Сибирский университет потребительской кооперации, 1998. – С. 45-110.

26. Дегтярев А.А. Основы политической теории. – М.: Высшая школа, 2002. – С. 213-237.

### **Түйін**

Бұл мақалада өзекті мәселе құндылық өлшеміндегі саяси модернизацияның негізгі түрлері сипатталып, Қазақстан үшін ерекше сабақ екені көрсетіледі.

### **Резюме**

В статье рассматриваются политическая модернизация в ценностном измерении как уроки для Казахстана. Автор анализирует особенности политической модернизации в ценностном измерении.

### **Summary**

The article rasmatrivaetyutsya political modernization in the value dimension as lessons for kazakhstan. Avtor analyzes peculiarities of political modernization in the value dimension.